Мақтаарал ауданының білім бөлімінің
«Ерке-Сұлу» бөбекжай-балабақшасыЖШС

Бекітемін:
б/б меңгерушісі:
Каржаулова Г.С.

# Қазақ тілі
# Ұйымдастырылған іс әрекеттері
# Ересек «Солнышко» тобы
# 2024-2025 оқу жылы

## 1. Ұйымдастырылған іс әрекет ҚАЗАҚ ТІЛІ

## Тақырыбы: «Мен және менің балабақшам. Ойыншықтар»

### Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты

Балаларға сәлемдесу мен қоштасу ережелері туралы түсінік беру, ересектертер және құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасаудың негізгі қағидаларымен таныстыру; өздері жайлы жалпы мәлімет беруді меңгерту; дауысты дыбыстар туралы түсініктерін қалыптастыру, ойыншықтар мен балабақша туралы білімдерін бекіту. Балаларды қазақ тілінде сөйлеуге ынталандыру, ересектердің сәлемдесу мен қоштасу үлгісін білдіретін сөздерді түсінуді және сөйлеуде белсенді қолдануды; зат есімнің лексикалық мағынасын түрлендіріп, оған түрлі реңк мәнін қосатын жұрнақтар арқылы туыстық атауларды және басқа зат есімдерді еркелету мағынасында айтуды үйрету, өз есімдерін атауды үйрету; сөздегі дауысты дыбыстарды дұрыс дыбыстауға жаттықтыру.

**Сөздік жұмыс**

Балалардың сөздік қорына: «Сәлеметсіз бе!», «Сәлеметсің бе!», «Сау бол!», «Менің атым - ...», «Менде ... бар», «Сенде не бар?» сөздері мен сөз тіркестерін енгізу; ойыншық атауларын дыбыстау, оларды еркелету мәнерінде атау арқылы сөздік қорларын молайту. Зат есімнің лексикалық мағынасын түрлендіріп, оған түрлі реңк мәнін қосатын жұрнақтарды қолдану: -тай, - жан, - й, -шақ, - қан, - ақан, - ш, - жан, -ша, -ше, - ша, - шық, -шік. Лексикалық мағынаны жұрнақтар арқылы түрлендіруді үйрету. Сөздер: Ардақжан, Құрмашжан, Төлеш, Ақаш,
Дақаш, Айнаш, Армантай, Асылжан. Апатай, әкетай, шешей. Құлыншақ, бұзауқан, құлыншақ, ботақан, кітапша, көлшік және тағы басқа сөздерді белсенді сөздік қорға енгізу.

**Әдіс-тәсілдер**

Аудиотаспа тыңдау, таңғажайып сәт, сөздік жаттығу, лексикалық жаттығу, топтау мен жалпылау бойынша әңгімелесу тапсырмасы, көркемсөз, фонетикалық ырғақ, сөзді түрлендіруге арналған сөздік жаттығу, жаттауға арналған тапсырма, материалды бекіту, қорытындылау.

**Құрал-жабдықтар**

**1. Көрнекілік материалдар.**

Көрнекіліктерге арналған тақта, көрсеткіш.
Көрнекілік сурет: Еркежан әже мен Дана.
Сәлемдесу жаттығуына арналған суретті карточкалар: қарт адамның бет-әлпеті; бірнеше баланың бет-әлпеті; бір баланың бет-әлпеті; белгісіз адамның бет-әлпеті, ер адам немесе әйел адам.
Көрнекілік сурет: балабақша.
Заттық суреттер: текше, доп, қуыршақ, мәшине, пирамида, смартфон, қолсағат, аю, қоян.
Көрнекілік сурет: «Ойыншықтар» (құлын, бота, қозы, бұзау).

**2. Үлестірмелі материалдар.**

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысы**

**1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

**Сәлемдесу.**

**Таңғажайып сәт.**

Қонаққа Еркежан әже мен Дана келеді.
Педагог:
- Сәлеметсіңдер ме, балалар! Балалар, бізге қонаққа Еркежан әже мен Дана келді. Еркежан әже мен Дана:
- Сәлеметсіңдер ме, балалар! Педагог:
- Қане біз де олармен амандасайық:
- Сәлеметсіздер ме!
- Жарайсыңдар!



**Сөздік жаттығу. «Амандасайық!»**

Педагог:
- Балалар, бір емес, бірнеше адам болғанда «Сәлеметсіңдер ме!» сөзін, ал жасы үлкенге «Сәлеметсіз бе!» сөзін айтып сәлемдесеміз.
- Еркежан әжеге: «Сәлеметсіз бе!» - дейміз.
- Ал, Данаға: «Сәлеметсің бе!» - дейміз.
Педагог әже мен Дананың суреттерін кезектестіріп көрсетеді.
- Ал, енді өздерің амандасып көріңдер.
- Айжан, сен Еркежан әжемен қалай амандасасың? (Сәлеметсіз бе!) Жақсы. Ал, Данамен қалай амандасасың? (Сәлеметсің бе!) Жарайсыңдар, балалар!
- Міне, біз қонақтармен амандастық.

Қарт адамға: «Сәлеметсіз бе!» - дейміз.
Көп адамға: «Сәлеметсіңдер ме!» - дейміз.
Көршің мен досыңа: «Сәлеметсің бе!» - дейміз.
Бейтаныс адамға: «Сәлеметсіз бе!» - дейміз.
Педагог карточка-суреттерді атап көрсетеді:
Қарт адамға: «Сәлеметсіз бе!» - дейміз.

Көп адамға: «Сәлеметсіңдер ме!» - дейміз.
Көршің мен досыңа: «Сәлеметсің бе!» - дейміз.
Бейтаныс адамға: «Сәлеметсіз бе!» - дейміз.

Педагог әр балаға жақындап, кезекті сөзді не жолды айтқызады.
Қарт адамға: «Сәлеметсіз бе!» - дейміз.

Көп адамға: «Сәлеметсіңдер ме!» - дейміз.

Көршің мен досыңа: «Сәлеметсің бе!» - дейміз.

Бейтаныс адамға: «Сәлеметсіз бе!» - дейміз.

- Жарайсыңдар, балалар! Адамдармен қалай амандасу керектігін білесіңдер.

**2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**
**Лексикалық жаттығу.**
**«Менің атым - ...».**
– Балалар, Еркежан әже мен Дана сендермен танысқысы келеді. Әже:
– Мен Еркежан әжемін. Ал, сенің атың кім? – дейді. Дана:
– Менің атым - Дана. Сенің атың кім? – дейді.
Педагог балаларға үлгіні көрсетіп, алақанын кеудесіне қояды. Педагог шетте тұрған балалардың бірінен сұрайды:
– Сенің атың кім? Менің атым - ... (Жадыра). Жарайсың! Көршіңе тағы да қайталап айтшы. «Менің ... (атым Жадыра)» Көршіңнің атын қайталап сұрашы. «Сенің атың ...?» (Сенің атың кім?)
Тізбек жалғасады.
Егер бала сұрақ қоя алмаса, педагог келесі балаға сөйлемді бастап береді немесе өзі сұрақ қояды. Әр бала өз есімін айту керек.
Балалар сұрақты да, жауапты да естулері керек. Осы арқылы оларда монолог сөйлеу ғана емес, диалог құру дағдылары да қалыптасады.
– Жарайсыңдар! Міне, бір-біріңмен таныстыңдар.

– Балалар, Еркежан әже мен Дана сендердің ойнайтын жерлеріңді көргілері келеді. Оларға көрсетіңдерші. Орнымызға оралайық, балалар! Бізде қонақтарға арналған талай қызықтар бар.
**Топтау мен жалпылау бойынша әңгімелесу тапсырмасы.**
**«Ойыншықтар».**
Педагог балалардың алдына балабақша бейнеленген суретті іледі.

– Балалар, мынау не? Кім біледі? (Мынау балабақша). Жарайсың, Арман! Бәріміз бірге айтайық. Балабақша.
Педагог бірнеше балаға сұрақ қояды:
– Мынау не?
– Балабақша. Жарайсыңдар!
– Балабақшада не бар?
– Балалар, мен суреттерді көрсетейін, сендер бар ма, әлде жоқ па екенін айтасыңдар.
Педагог тақтаға бірнеше суреттерді қояды: текше, доп, қуыршақ, мәшине, пирамида, смартфон, қолсағат, аю, қоян (суреттердің арасында ойыншықтарға жататын және ойыншықтарға жатпайтындары бар).

Ойыншықтар мен заттарды қояды, атауларын атайды. Балалар хормен қайталайды.
– Жарайсыңдар! Балалар, мынау ойыншықтар (көрсеткішпен қоршайды). Ринат, мыналардың барлығын бір сөзбен қалай айтамыз? Мынаның барлығы ойыншықтар.
Педагог бірнеше балаға жеке және хормен қайталауға мүмкіндік береді.

– Қараңдаршы, балалар! Мыналардың барлығы ойыншықтар ма?
– Қане, тағы бір рет қайталайықшы.
– Алма, текше ойыншық па? Айта ғой. Ия, текше ойыншық. Жарайсың!
– Роллан, доп ойыншық па? Ия, доп ойыншық. Жарайсың!
Балалар педагогпен бірге әр ойыншықтың атауын айтып, жалпы атауын бекітеді. Педагог смартфон мен қолсағатты әдейі өткізіп жібереді.
Барлық ойыншықтар аталып, жалпыланғаннан кейін, педагог ол суреттерге қайта оралады.

– Балалар, смартфон мен қолсағат ойыншықтарға жата ма?
– Біз олармен ойнаймыз ба? Дұрыс, ойнамаймыз. Олар ойыншықтар емес! (Басын шайқайды.) Педагог бірнеше баладан қайталауды сұрайды.
– Жоқ. Ойнамаймыз, олар ойыншық емес!
– Мейіржан, смартфон мен қолсағатты алып тасташы. Олар ересектерге арналған заттар. Жарайсың



– Балалар, мыналар ойыншықтар ма? Қане тексерейік, Зарина, айта ғой ...
Педагог әр ойыншықты көрсеткішпен нұсқайды, бала ойыншықтың атауын атайды.
– Текше, доп, қуыршақ, машина, пирамида, аю, қоян. Барлығы да ойыншықтар. Жарайсыңдар!
Бұл тапсырманы балалар хормен қайталап орындайды.
– Жарайсыңдар! Міне, бұлар балабақшадағы ойыншықтар.
**Фонетикалық ырғақ.**
**«Ойыншықтар билейді».**
– Балалар, ойыншықтар сендермен бірге билегілері келеді.
– Алдымен, сөздерін қайталап алайық, артынан бірге билейміз. Жарай ма?
Педагог өлеңдегі әр сөзді, сөздегі әр дыбыстың артикуляциялық ерекшелігін айқындап оқиды.

Біздерде бар қуыршақ,
Бұзау, қозы, құлыншақ.
Ойыншықтар
тыңдайды, Әмір беріп
бұйырсақ. (Н.
Әлімқұлов)
Балаларға сөздерді дыбыстап айтқызып, кейін әуен ырғағына еркін билеуге мүмкіндік беруге болады.
Жаттығу бірнеше рет қайталанады.
Әр ойыншықты дыбыстаған кезде, педагог сәйкес суретті көрсеткішпен нұсқай алады. – Тамаша! Жарайсыңдар, балалар!
**Сөзді түрлендіруге арналған сөздік жаттығу.**
**«Еркелет».**

Педагог:
– Байқадыңдар ма, балалар, біз біреуді жақсы көрген кезде оны еркелетіп атаймыз.
– Апа - апатай, аға - ағатай, шеше - шешей, әке - әкей.
Педагог дауыс ырғағымен сөз тудырушы -тай, - жан, - й, -шақ, -қан, - ақан, - ш, - жан, -ша, - ше, - ша, - шық, -шік жұрнақтарын анықтап дыбыстайды.
– Қане, балалар, сүйікті ойыншықтарымызды еркелетіп атайықшы. Біз оларды жақсы көреміз ғой.
– Құлын - құлыншақ, қозы - қошақан, бота - ботақан, бұзау - бұзауқан.
– Балалар, есімдерімізді еркелетіп айтып көрейікші.
– Ардақ - Ардақжан, Құрмаш - Құрмашжан, Төлеген - Төлеш, Ақан - Ақаш, Дарқан - Дақаш, Айна - Айнаш, Арман - Армантай, Асыл - Асылжан.
Балалар жұп сөздерді хормен қайталайды.
– Жарайсыңдар!
– Балалар, заттардың атауларын кішірейтіп айтайықшы.
– Кітап - кітапша, қап - қапшық, көл - көлшік. Тамаша!

Педагог әрқайсына бір сурет немесе ойыншық алуды ұсынады.
– Барлықтарыңда ойыншықтардың суреттері бар. Мен жақындап келгенде, сендер ойыншықтарды еркелетіп атайсыңдар. Мысалы: «Менде ботақан бар. Мен ботақанды жақсы көремін».
Бала бірден қолында не бар екенін айта алмаса, онда педагог оған өзі сұрақ қояды: «Сенде не бар? Сен ботақанды жақсы көресің бе?»
Педагог балаларды үнемі мақтап, қолдап отырады.
**Жаттауға арналған тапсырма.**
**«Ойыншықтар».**
Педагог:
– Балалар, Еркежан әже мен Дана біздің балабақша мен ондағы ойыншықтарды көрді. Жарайсыңдар! Енді, олар сендермен бірге ойнағылары келеді.
Қуыршақтар ұйықтайды, (екі алақанды қосып бастарына қою)
Айтқаныңнан шықпайды (қол шапалақтау)
Ал, қозы мен құлыншақ (екі қолдың сұқ саусақтарын самайға
қою) Ұйықта десең ұқпайды. (екі қолды екі жаққа сермеу)
Тыңдамайды ұрысса
Осылары дұрыс па? (екі қолды белге қою)
Тентектігін тыймаса,
Тұрғызамын бұрышқа! (оң қолдарының сұқ саусағын
көрсету) (Н. Әлімқұлов)
– Балалар, бүгін ойыншықтармен көңілді ойын ойнадық. Тамаша! Жарайсыңдар, балалар!
**3. ҚОРЫТЫНДЫ**
**Материалды бекіту және қорытындылау**
Педагог:

– Балалар, бүгін бізге қонаққа кім келді? (Еркежан әже мен Дана) Дұрыс, жарайсыңдар!
– Біз әжемен қалай амандастық? (Сәлеметсіз бе!) Иә. Еркежан әже қарт адам.
– Данамен қалай амандастыңдар? (Сәлеметсің бе!) Жарайсындар! Дана сендер сияқты бала.
– Біз қайда ойнаймыз? Ол жер қалай аталады? (Балабақша.) Жарайсыңдар!
– Балабақшада не бар? (Балабақшада ойыншықтар бар.) Дұрыс. Жарайсыңдар!
– Қандай ойыншықтарды білесіңдер? (Құлын, қозы, бота, бұзау.) Жарайсыңдар!
– Біз ойыншықты жақсы көрсек, оны еркелетіп қалай атаймыз? (Құлыншақ, қошақан, ботақан, бұзауқан.) Жарайсыңдар!
– Еркежан әже мен Дана сендермен танысқандарына өте қуанышты. Олар алғыстарын білдіріп, сендерге: «Рақмет! Сау болыңдар, балалар!» – дейді.
– Балалар, бүгін өте ұйымшыл, тату болдыңдар. Жарайсыңдар! Сау болыңдар!

## 2. Ұйымдастырылған іс әрекет Қазақ тілі

**Тақырыбы: «Менің жанұям мен туыстарым»**

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты:**

Балаларға отбасы мүшелері туралы түсінік беру; туыстық жақындықты білдіретін «аға», «әпке» сөздері, отбасы, туыстық қатынас туралы түсініктерін дамыту; дене мүшелері жайлы білімдерін кеңейту. Балаларға сөзді тыңдауды, түсінуді, отбасы мүшелері мен туыстық атауларды білдіретін барлық сөздерді дұрыс дыбыстауды, мнемокесте бойынша сөз тіркестерін құрастыруды үйрету.

**Сөздік жұмыс**

Балалардың сөздік қорына: отбасы, туыс, аға, әпке сөздерін енгізу; "ата - бата, әже - көже", шұлық тоқиды, газет оқиды, мысықпен ойнайды, ас әзірлейді, мәшине жүргізеді, боксқа барады, гитара шертеді сөз тіркестері және «Менің отбасым - менің байлығым» мақалы арқылы сөздік қорларын арттыру.

**Әдіс-тәсілдер**

Таңғажайып сәт, сурет көрсету, көркемсөз, лексикалық жаттығу, сергіту сәті, тіл ұстарту жаттығуы негізінде сөздік жұмыс, мнемокестеге негізделген лексикалық жаттығу, еске сақтауға арналған сөздік жаттығу, материалды бекіту, қортындылау.

**Құрал-жабдықтар**

1. **Көрнекілік материалдар.**

   Көрнекіліктерге арналған тақта, көрсеткіш.
   Аланның суреті.
   Суретті карточкалар: балабақша, отбасы, ата, әже, әке, ана, аға, бауыр, іні, қарындас, сіңлі.
   Мнемокарточкалар: әке, ана, ата, әже, аға, апай (әпке), отбасы.
   Көрнекілік сурет: спорттық киім киген отбасы мүшелерінің суреті (қолдары белде, аяқтың арасы алшақ қойылған, бастары бір жағына қарай бұрылған).
   Сергіту сәтіне арналған ырғақты әуеннің аудиотаспасы.

**2. Үлестірмелі материалдар.**
Үлестірмелі мнемокарточка жиынтықтары: әке, ана, ата, әже, аға, әпке.
Мнемокестелер: «шұлық тоқиды», «газет оқиды», «мысықпен ойнайды», «ас әзірлейді», «мәшине жүргізеді», «боксқа барады», «гитара шертеді»; бос торкөзден тұратын мнемокестелер.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысы**

**1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

**Сәлемдесу.**

**Аудиотаспа тыңдау.**
Көңілді әуен қосылады.

**Таңғажайып сәт.**
Қонаққа Алан келеді.

Педагог:
– Балалар, бізге қонаққа кім келді? Ия. Бізге қонаққа Алан келді.
– Қане, балалар, Аланмен амандасайықшы. Онымен қалай амандасамыз? Кім біледі? Дұрыс. Ол әлі ересек адам емес. Алан сендер сияқты кішкентай бала. Біз оған: «Сәлеметсің бе,
Алан!» - дейміз. Қайталаңдар, балалар!
– Балалар, Алан Дананың ағасы. Еркежан әженің немересі. Олар естеріңде ме?

**Сюжеттік сурет көрсету.**
**«Отбасы».**
**1.3.1.**
Педагог балаларға Аланның отбасы бейнеленген суретті көрсетеді.

- Балалар, Алан сендерге не істей алатынын көрсеткісі келеді. Көрейік.

**1.3.2. Көркемсөз**
**«Менің жанұям».**
Ең жақын адамдар,
Әкем мен анам бар.
Әкемнің әкесі,
Ақ басты атам
бар.
Әкемнің шешесі.
Ақ шашты әжем
бар.
Ұлдардың үлкені.
Ерлан деген ағам
бар.
Қыздардың кішісі.
Дана деген қарындасым бар.
Ұлдардың кішісі.
Әлижан деген інім бар.
- Балалар, суреттегі кімдер? Олар бір отбасы. Қайталаймыз, балалар! Бұл отбасы.
Педагог көрсеткіштің көмегімен отбасының барлық мүшелерін атап, үлкен дөңгелекпен қоршайды.

**2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

**Лексикалық жаттығу.**
**«Отбасында кімдер бар?».**
**2.1.1.**
Педагог:
- Балалар, Аланның отбасында кімдер бар екені сендердің естеріңде ме? Педагог отбасы мүшелерін көрсету үшін сақинаны қолданады.

- Балалар, Аланның сөзін барлығымыз бірге қайталаймыз. Мына «сиқырлы сақинаға» қараңдаршы.
Қызыл түсті сақина арқылы бір адамның бет-әлпетінен келесі адамға жылжитын бейнежазбаны көрсетуге болады. Ал, «осы менің отбасым» немесе «осы менің туысым» сөздерінде сақина әр жолы барлық отбасы мүшелерін бірден қоршай алатындай, көлемі үлкейіп отырады.
Ең жақын адамдар,
Әкем мен анам бар.

Әкемнің әкесі,

Ақ басты атам
бар.
Әкемнің шешесі.
Ақ шашты әжем
бар.
Ұлдардың үлкені.
Ерлан деген ағам
бар.
Қыздардың кішісі.
Дана деген қарындасым бар.
Ұлдардың кішісі.
Алижан деген інім бар.
- Тақпақты жақсылап қайталадық. Жарайсыңдар!

**2.1.2.**
Педагог:
- Балалар, Алан балабақша туралы айтты ма?

- Алан ойыншықтар жайлы айтты ма?

- Алан не жайлы айтты? Дұрыс айтасың, Алмас! Алан отбасы жайлы айтты. Жарайсың! Қане, қайталайық. «Алан отбасы туралы айтты». Жарайсыңдар!

- Отбасында кімдер бар? Кім айтады?
Баланың айтқандару бойынша педагог оны отбасылық фотосуреттен көрсетуге тырысады.
- Кайрат, суреттегі отбасында кім бар? (Отбасында ата бар.) Көрсетші, ол қайда? Мынау ата. (Ата.) Жарайсың! Раушан, Кайрат кімді тапты? Бұл кім? (Бұл ата.) Жарайсың! Отыра ғой, Қайрат.
Педагог «ата» бейнесінің суретті карточкасын қояды.

- Ермек, отбасында кім бар? (Отбасында әже бар.) Әже қайда, көрсетші? (Әже.) Жарайсың! Мақпал, Ермек кімді тапты? Бұл кім? (Бұл әже) Жарайсың!
Педагог сол жаққа «әже» бейнесінің суретті карточкасын қояды.

- Малика, отбасында кім бар? (Отбасында әке бар.) Әке қайда, көрсетші? (Әке.) Жарайсың! Рауан, Малика кімді тапты? Бұл кім? (Бұл әке.) Жарайсың!
Педагог сол жаққа «әке» бейнесінің суретті карточкасын қояды.

- Асхат, отбасыңда кім бар? (Отбасымда анам бар.) Көрсетші, ана қайда? (Ана.) Жарайсың! Сәбирә, Асхат кімді тапты? Бұл кім? (Бұл ана) Жарайсың!
Педагог сол жаққа «ана» бейнесінің суретті карточкасын қояды.

- Тимур, отбасында кім бар? (Отбасында аға бар.) Көрсетші, аға қайда? (Аға.) Жарайсың! Асанәли, Тимур кімді тапты? Бұл кім? (Бұл аға.) Жарайсың!
Педагог сол жаққа «аға» бейнесінің суретті карточкасын қояды.

- Сәния, отбасында кім бар? (Отбасында іні бар.) Көрсетші, іні қайда? (Іні.) Жарайсың! Олжас, Сәния кімді тапты? Бұл кім? (Бұл іні.) Жарайсың!
Педагог сол жаққа «іні» бейнесінің суретті карточкасын қояды.

- Балалар, кім қалды? Дұрыс, Альмира. Дана қалды. Дана Аланның қарындасы. Қайталайық. Жарайсыңдар!
- Дария, Аланның қарындасы қайда? Жарайсың. Бұл кім? (Бұл Аланның қарындасы.) Парасат, Дария кімді тапты? Бұл кім? (Бұл қарындас.) Жарайсың!
Педагог сол жаққа «қарындас» бейнесінің суретті карточкасын қояды.

- Балалар, Алан кім? Алан «ортаншы аға» немесе «бауыр». Қайталайықшы.

Педагог сол жаққа «ортаншы аға» бейнесінің суретті карточкасын қояды.

- Міне, бұл отбасы. Сендер барлық отбасы мүшелерін таптыңдар. Отбасындағы туыстық атауларын атадыңдар. Жарайсыңдар!
Балалар сөз тіркестері мен сөйлемдерді айтып, отбасындағы туыстық атауларды қайталайды.
- Отбасында әке бар (ана, аға, іні, қарындас).
- Бұл әке (ана, аға, іні, қарындас).
- Бұл ана (ана, аға, іні, қарындас).

**Сергіту сәті**
**«Бой жазу».**
Педагог:
- Балалар, біз Аланның отбасымен бірге жаттығулар

жасайық. Педагог ырғақты әуенді қосады.

Сағаттың тіліндей,
Иіліп оңға бір,
Сағаттың тіліндей
Иіліп солға бір.
Оң аяқ, сол аяқ,
Жаттығу оңай-
ақ.

**Тіл ұстарту негізінде сөздік жаттығу.**
**«Отбасы».**
Педагог отбасы мүшелері бейнеленген заттық фотосуреттерді араластырып қояды.
Заттық суреттер немесе көк маркермен сызылған портрет болады. Әке, ана, ата, әже, аға, әпке.
- Балалар, тіл ұстарту жаттығуларын бастаймыз! Сендер мұқият тыңдаңдар. Егер таныс сөздерді естісеңдер, оларды атайсыңдар. Суреттерін тауып көрсетесіңдер.
1. Ата - бата,
   Әже -
   көже
- Мағжан, қандай сөздерді білесің? Айта ғой. (Мен «әже», «ата» сөздерін білемін)
Жарайсың! Суреттерін көрсетші.

- Балалар, Мағжан қандай сөздерді естіді? Жарайсыңдар!

2. Әке -
   өлке, Ана
   - пана.
- Нұржан, қандай сөздерді білесің? (Мен «әке», «ана» сөздерін білемін.)
Жарайсың! Суреттерін көрсете ғой.

- Балалар, Нұржан қандай сөздерді естіді? Жарайсыңдар!

3. Әпке -
   ерке, Аға -
   жаға.
- Алия, сен қандай сөздерді білесің? (Мен «аға», «әпке» сөздерін білемін.)
Жарайсың! Суреттерін көрсетші.

- Балалар, Алия қандай сөздерді естіді? Жарайсыңдар!

4.Туыс - сыйластыққа
  бату. Отбасы - тату.
- Балалар, қандай сөздерді естідіңдер? (Мен «отбасы», «туыс» сөздерін естідім.)

Жарайсың! Суреттерін көрсетші.

- Балалар, бір отбасындағы жақын адамдар бір-біріне әке, ана, аға, әпке, ата, әже болады. Кімнің есінде қалды? Қайталап көріңдер Жарайсыңдар!

**Лексикалық жаттығу.**
**«Менің отбасым туралы ...».**
**2.4.1.**
Педагог көрнекілік жиынтықтарын іліп қояды және оларды әр баланың алдына дайындайды. Отбасы мүшелерінің карточкалары: әже, ата, әке, ана, аға, әпке.

- Балалар, сендердің әрқайсыңда отбасы бар ғой? Әрине. Барлықтарыңда отбасы бар.
- Қазір отбасы жайлы айтамыз.
- Алдымен, балалар, мынадай сөздер мен сөз тіркестерін қайталайық.
- Шұлық тоқиды.

Педагог оны тақтаның сол жағына орналастырады.
- Балалар, «шұлық тоқиды» деп аталатын сурет қайда? Көрсетейік. (Шұлық тоқиды.) Айтыңдаршы, балалар, не істейді? (Шұлық тоқиды.) Жарайсыңдар!
- Газет оқиды.

Педагог суретті орналастырады.
- Көрсетіңдерші, «газет оқиды» суреті қайда? (Газет оқиды.) Не істейді? (Газет оқиды.) Жарайсыңдар, балалар!
- Мысықпен ойнайды.

Педагог суретті орналастырады.
- Көрсетіңдерші, «мысықпен ойнайды» суреті қайда? (Мысықпен ойнайды.) Айтыңдаршы, балалар, не істейді? (Мысықпен ойнайды.) Жарайсыңдар!
- Ас әзірлейді.

Педагог суретті орналастырады.
- Көрсетіңдерші, «Ас әзірлейді» суреті қайда? (Ас әзірлейді.) Айтыңдаршы, балалар, не істейді? (Ас әзірлейді.) Жарайсыңдар!
- Мәшине жүргізеді.

Педагог суретті орналастырады.
- Көрсетіңдерші, балалар, «мәшине жүргізеді» суреті қайда? (Мәшине жүргізеді.) Не істейді? (Мәшине жүргізеді.) Жарайсыңдар!
- Боксқа барады.

Педагог суретті орналастырады.
- Көрсетіңдерші, «боксқа барады» суреті қайда? (Боксқа барады.) Не істейді? (Боксқа барады.) Жарайсыңдар!
- Гитара шертеді.

Педагог суретті орналастырады.
- Көрсетіңдерші, «гитара шертеді» суреті қайда? (Гитара шертеді.) Не істейді? (Гитара шертеді.) Жарайсыңдар!
Педагог мнемокарточкаларды орналастырғанда, балалар сөзбен әрекетті сәйкестендіре алатындай дұрыс атап, естеріне сақтау оңай болуын ескереді.
Осы тапсырма бойынша берілген жеке жауаптар да қабылданады.
**2.4.2.**
Педагог:
- Балалар, өз кестелеріңе қараңдаршы.

- Сол жаққа өз отбасыларыңдағы барлық адамдарды орналастырыңдар. Балалар отбасы мүшелерін мөлшерлі сызбаға орналастырады.

- Жарайсыңдар! Ал, оң жаққа кімнің суретін қоямыз? Отбасындағы қай адамның айналысатын іс-әрекеті туралы суретті орналастырамыз?
Педагог әр баланың үстеліне жақындап, іс-әрекеттерін бақылайды және кім не істейтінін сұрайды.
Жауаптар мынадай болуы мүмкін:
- Әже шұлық тоқиды.

- Ата газет оқиды.

- Әке мәшине жүргізеді.

- Ана ас әзірлейді.

- Аға боксқа барады.

- Әпке мысықпен ойнайды.

Балалар өз орындарында отырып тапсырманы орындайды және педагогтің үлгісімен салыстыра алады.
Ал тапсырманы орындай алмағандар, үлгіге қарап сызбаға орналастырады, өздігінен атап отырады.
Педагог жасалған сызба мен берген жауаптары үшін балаларды мақтап отырады.
Педагогке барлық мнемокестені пайдалану шарт емес. Барлығы педагогтің дайындық деңгейіне, балалардың материалды меңгеру сапасының дәрежесіне, ұйымдастырылған іс-әрекеттің жылдамдығына байланысты.

**Еске сақтауға арналған сөздік жаттығу.**
**«Еске сақта».**
- Балалар, «Менің отбасым - менің байлығым» мақалын еске сақтап, үйге барғанда ата-анамызға айтып берейік.

## 3. ҚОРЫТЫНДЫ

**Материалды бекіту және қорытындылау**
Педагог:
- Балалар бүгін кімдер жайлы айттық, немен ойнадық? Қонаққа кімдер келді? (Әже, ата, әке, ана, аға, әпке.)
- Бұлардың барлығы кімдер? Ойыншықтар ма? (Жоқ. Бұл отбасы) Отбасын басқаша қалай айтамыз? (Туыстар.) Жарайсыңдар!
- Отбасыларыңда кімдер бар? Кім айтқысы келеді? Бірнеше бала өз отбасы мүшелерін атайды.
- Отбасы туралы қандай мақал білеміз? (Менің отбасым - менің байлығым.)
Дұрыс. Жарайсыңдар!
- Алан бізге қонаққа келгеніне өте қуанышты. Ол сендердің өте тату, отбасыларың мен туыстарыңды жақсы көретіңдеріңді көрді. Ол сендерге алғысын айтып жатыр. Қане, балалар, біз де Аланмен қоштасайық.
- Рақмет! Сау болыңдар, балалар!
- Сау бол, Алан!

## 3. Ұйымдастырылған іс әрекет ҚАЗАҚ ТІЛІ

**Тақырыбы: «Уақыт. Тәулік бөліктері.» Күн тәртібі.**

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты**

Балалардың ұғымындағы тәулік бөліктері туралы білімдерін, уақыт туралы түсініктерін қалыптастыру, күн тәртібін құру қағидасын түсіндіру; «ереже», «күн тәртібі» туралы түсініктерін дамытуға ықпал ету.

**Сөздік жұмыс**

Балалардың сөздік қорына: уақыт, тәулік бөліктері, таңертең, күндіз, кеш, түн сөздерін енгізу; күн тәртібі бойынша істелетін әрекеттерді білдіретін сөздер мен сөз тіркестерін, «Уақыт - керуен көші» мақалы арқылы сөздік қорларын молайту.

**Әдіс-тәсілдер**

Аудиотаспа тыңдау, таңғажайып сәт, сурет бөлімдерін көрсету, суреттер, көркемсөз, фонемо-ырғақты санамақ, іс-әрекетті білдіретін суреттер негізінде лексикалық жаттығу, дидактикалық ойын, есте сақтауға арналған сөздік жаттығу, материалды бекіту, қорытындылау.

**Құрал-жабдықтар**

**1. Көрнекілік материалдар.**
Ырғақты, көңілді әуендер аудиотаспасы.
Демонстрациялық сурет: анасы мен Дана. Біреуінде кейіпкерлер көңілді, екіншісінде көңілсіз.
Дананың күн тәртібін ұстанбайтыны туралы суреттер:
1. Дана төсекте ұйықтап жатыр, далада жарқыраған күн сәулесін шашып тұр.
2. Дана көжеден бас тартып, конфет сұрайды.
3. Дана компьютер қарап отыр. Кеш батты.
4. Дана ойнап жүр. Түн.
5. Анасы Дананы тәртіпке шақырып тұр.
6. Тәулік бөліктеріндегі уақыттың жылжуы туралы бейнеролик.
Суретті-карточкалар тәулік бөліктері: таңертең, күндіз, кеш, түн.
Іс-әрекеттер бейнеленген суреттер:
- бала ұйқыдан оянды;
- бала тісін тазалайды;
- бала қол жуады;
- бала балабақшаға келді;
- бала жаттығу жасайды;
- бала таңғы асын ішіп отыр (ботқа жеп отыр);
- бала үстел басында сурет салып отыр;
- бала серуенде ойнап жүр;
- бала көже ішіп отыр, үстелде екінші аспен, нәрсу (компот) тұр;
- бала төсекте ұйықтап жатыр;
- бала легомен ойнап отыр;
- бала ата-анасымен кешкі ас ішіп отыр;

- бала тіс тазалайды;
- бала ертегі тыңдайды;
- бала ұйықтап жатыр.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысы**

**1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

**«Кел, сәлемдесейік!» жаттығуы.**

**Таңғажайып сәт.**

Педагог Дана мен анасын көрсетеді.

- Балалар, бүгін бізге қонақтар келді. Бізге Дана мен оның анасы келіпті. Қане, амандасайық.
- Біз олармен қалай амандасамыз? Дұрыс айтасыңдар.
- Сәлеметсіздер ме!
- Жарайсыңдар!
- Балалар, біздің қонақтар көңілсіз сияқты. Неге көңілсіз екен? Қане, олардан сұрайықшы. Сіздер көңілсізсіздер?

**Көркемсөз.**
Дана көп сөзді ұқпас.
Таңертең ерте тұрмас,
Конфет жеуден жалықпас,
Тамаққа бір қарамас,
Түнде ойын ойнайды.
Ұйқыға бір жатпайды.
(А. Кокенова)
Педагог тақпақты мәнерлеп оқиды.
Суреттер бөлімін көрсету.
Педагог тақпақты оқыған кезде Дананың күн тәртібін сақтамайтын тұстары бейнеленген суреттерді көрсетеді.
Дана көп сөзді ұқпас,
Таңертең ерте тұрмас.
1. Дана төсекте ұйықтап жатыр, далада жарқыраған күн сәулесін шашып тұр.

Конфет жеуден жалықпас,
Тамаққа бір қарамас,
2. Дана көжеден бас тартып, конфет сұрайды.

Компьютерден бас алмас,
3. Дана компьютер қарап отыр, далада кеш батты.

Түнде ойын ойнайды.
4. Дана ойнап жүр, далада
түн. Ұйқыға бір жатпайды.
5. Анасы Дананы тәртіпке шақырып тұр.

- Балалар, Дана неге көңілсіз?
- Дана күн тәртібін білмейді. Қане, балалар, қайталайық! Күн тәртібі. Жарайсыңдар!
- Ал күн тәртібін сақтау үшін, тәулік бөліктерін білу керек. Бүгін біз сол жайлы айтамыз. Балалар, мұқият тыңдап отырыңдар.

**2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

**Көркемсөз.**
**«Уақыт».**
Уақыт тұрмай,
жылжиды Топ-топ, топ-
топ,
Сағат тілімен
сырғиды, Тик-так, тик-
так.
Таңертең, күндіз, кеш, түн.
Таңертең, күндіз, кеш, түн.
Уақыт тұрмай, жылжиды:
Таңертең, күндіз, кеш, түн.
- Балалар, қандай сөздерді бірнеше рет қайталадық? Дұрыс. Таңертең, күндіз, кеш, түн. Жарайсыңдар!
- Балалар, таңертең, күндіз, кеш, түн - тәулік бөліктері. Қане, қайталайықшы. Жарайсыңдар!
Педагог әр суретті кезекпен көрсетеді. Тәулік бөлігін атайды. Тәулік бөліктері бейнеленген төрт суретті-карточкаларды қояды.
- таңертең;

- күндіз;

- кеш;

- түн.

Педагог балаларға әр сөзді жеке дыбыстап айтуға мүмкіндік береді.
- Қане, тағы бір рет қайталап шығайық. Таңертең, күндіз, кеш, түн - тәулік бөліктері. Жарайсыңдар!

**Фонемалық-ырғақты санамақ.**
**«Таңертең, күндіз, кеш, түн».**
**2.2.1.**
Педагог сергіту сәтін кең жерге өткізуді ұсынады.

Уақыт тұрмай, жылжиды (сұқ саусақтарын қозғалту, бір орында тұрып адымдау). Топ-топ, топ-топ,
Сағат тілімен сырғиды (қол белде, басты оңға және солға еңкейту), Тик-так, тик-так.
Таңертең, күндіз, кеш, түн (шапалақтау),
Таңертең, күндіз, кеш, түн.
Уақыт тұрмай, жылжиды (бір орында айналу):
Таңертең, күндіз, кеш, түн.

**2.2.2.** Санамақты айтып болғаннан кейін, педагог тәулік бөліктерінің реттілігін іс-қимылмен бейнелеуді ұсынады.
Педагог:
- Балалар, тәулік бөліктерін еске сақтап алайық. Қимылмен көрсетейік.
- Таң атса, біз денемізді керіп-созамыз, былай (аяқты алшақ қою, қолды екі жаққа созу, керілу).
- Күндіз болса, біз қолымызды сермейміз (қолды жоғары көтеру, екі жаққа сермеу).
- Кеш батса, біз тынышталамыз (денені екі жаққа тербеу, салмақты бір аяқтан екінші аяққа көшіру).
- Түн батса, бәріміз ұйықтаймыз (екі қолдың алақандарын біріктіреміз, денені тербеу, бір аяқтан екінші аққа тербелу, аяқты түзу қою).
- Тәуліктің қандай бөліктері бар (Таңертең, күндіз, кеш, түн?) Жарайсыңдар, балалар!

**Іс-әрекеттер бейнеленген суреттер негізінде лексикалық жаттығу.**
**«Күн тәртібін құрау».**
Педагогтің күн тәртібіндегі әрекеттерді білдіретін бір немесе бірнеше суретті пайдалануы, балалардың тапсырмаларды орындау кезіндегі белсенділік деңгейіне байланысты болады.
Педагог.
- Балалар, Данаға көмек керек. Қане, өзіміз ұстанатын күн тәртібін құрайық.
- Мен не істейтінімізді айтамын, сендер қайталап тұрыңдар.
1. Таңертең (суретті-карточка + сары карточка).
- Таңертең ұйқыдан оянамыз.

- Таңертең тіс тазалаймыз.

- Таңертең қол жуамыз.

- Таңертең балалар балабақшаға барады.

- Таңертең жаттығу жасаймыз.

- Таңертең таңғы ас ішеміз.

2. Күндіз (суретті-карточка + жасыл карточка).
- Күндіз сабақ оқимыз.

- Күндіз серуенге шығамыз.

- Күндіз түскі ас ішеміз.

- Күндіз ұйықтаймыз.

3. Кеш (суретті-карточка + қызыл карточка).
- Кешке тыныш ойнаймыз.

- Кешке әке-шешемізбен кешкі ас ішеміз.

- Кешке тіс тазалаймыз.

- Кешке ертегі тыңдаймыз.

4. Түн (суретті-карточка + көк карточка).
- Түнде ұйықтаймыз.

- Дана ғана ұйықтай ма? (Анамыз ұйықтайды. Әкеміз ұйықтайды.) Жарайсыңдар!

**Дидактикалық ойын. «Күн тәртібі».**
Мақсаты: күн тәртібі мен тәулік бөліктеріндегі іс-әрекеттерді дұрыс сәйкестендіру дағдыларын дамыту.
Шарты: әр топтың балалары суреттеріндегі тәулік бөліктеріне сәйкес келетін әрекеттер бейнеленген суреттерді жинайды. Балалар күн тәртібі мен тәулік бөліктерінде орындалатын дұрыс әрекеттерді анықтап, оған сай келмейтін әрекетті ажырату керек.
Керекті құралдар: бала санына қарай төрт түсті карточка-таңбалауыштар, күн тәртібінде жасалатын әрекеттердің және Дананың күні бойы айналысатын істерінің суреттері.
Барысы.
1. Педагог үстелдің үстінде түрлі түсті карточкалардың төрт бағанын қояды: сары, жасыл, қызыл, көк.
Педагог:
- Балалар, өздеріңе бір карточкадан таңдап аласыңдар. Карточкаларын бірдей болса, бірге жиналасыңдар.
Педагог осылайша төрт топ жинайды.
- "Сарылар" - таңертеңсіңдер. "Жасылдар" - күндізсіңдер. "Қызылдар" - кешсіңдер. "Көктер" - түнсіңдер.
2. Педагог топтың төрт жерінде төрт тақта немесе төрт үстел ұйымдастырады, онда тәулік бөліктері мен күн тәртібінің суреттері бойынша топталып жиналады.
3. Ол орындарға Дананың күн тәртібіне сәйкес келмейтін әрекеті бейнеленген бір суреттен орналастырады.
4. Бір орынға орналастырады (үстел, кілем, үлкен тақта) балалардың күнделікті өміріндегі күн тәртібі бойынша әрекеттерінің суреттері.
Педагог:
- Балалар, Дана қайда? Дана бір іспен айналысып жатыр ма?
- Сендердің міндеттерін өздеріңнің күн тәртіптеріңе сәйкес суреттерді жинау.
- Таңертең не істейміз? (Таңертең ұйқыдан оянамыз, тіс тазалаймыз, беті-қолымызды жуамыз, балабақшаға келеміз, жаттығу жасаймыз, таңғы ас ішеміз.)
- Күндіз не істейміз? (Күндіз сабақ оқимыз, ойнаймыз, серуенге шығамыз, түскі ас ішеміз, ұйықтаймыз.)
- Ал, кешке не істейміз? (Кешке ойнаймыз, бесін ас ішеміз, үйге қайтамыз).
- Түнде не істейміз? (Түнде ұйықтаймыз.)
Күн тәртібі бойынша суреттердің орналасуының мөлшерлі үлгісі:
1. Таңертең (сары карточка).

2. Күндіз (жасыл карточка).

3. Кеш (қызыл карточка).

4. Түн (көк карточка).

Педагог тапсырманы тексеру барысында топ мүшелерін бәріне көрінетіндей етіп тұрғызады. Барлық топтарға: «Біз таңертең не істеміз? (күндіз, кешке, түнде)?» - деген сұрақтар қояды. Жеке, топтық және өзге топтардың жауаптары қабылданады.

**Еске сақтауға арналған сөздік жаттығу. «Еске сақта».**
Педагог:
- Балалар, «Уақыт - көшкен керуен» деген мақал бар. Қане, жаттап алайық. Үйлеріңе барғанда айтып бересіңдер.

**3. ҚОРЫТЫНДЫ**

**Материалды бекіту және қорытындылау.**
Педагог:
- Балалар, біз не жайлы айттық? (Таңертең, күндіз кеш, түн). Дұрыс. Бұлардың барлығын бір сөзбен қалай айтамыз? (Тәулік бөліктері). Жарайсыңдар!
- Күн тәртібі дегеніміз не? Иә. Ол біздің тәулік бөліктерінде дұрыс жоспарланған әрекетіміз.
- Дананың анасы неге көңілсіз? Иә, дұрыс. Себебі, Дана күн тәртібін сақтамайды.

- Дана мен анасы өте қуанышты. Дана енді күн тәртібін біледі. Анасы мен Дана сендерге көп рақмет айтып жатыр. Дана мен анасы:
- Балалар, көп рақмет! Сау
болыңдар! Балалар:
- Сау болыңыздар!
- Балалар, енді сендер уақыттың бір орында тұрмай жылжи беретінін білдіңдер. Уақыт туралы қандай мақал білеміз? (Уақыт - көшкен керуен.) Жарайсыңдар!
- Балалар бүгін сендер ұйымшыл, белсенді болдыңдар. Жарайсыңдар! Сау болыңдар.

## 4. Ұйымдастырылған іс әрекет ҚАЗАҚ ТІЛІ

**Тақырыбы: «Қазақстан - менің Отаным. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері.»**

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздері туралы балалардың білімдерін қалыптастыру; Отан, туған жер туралы түсініктерін дамыту; Қазақстан туралы өлеңмен таныстыру; кіші отан, туған өлке туралы түсініктерінің қалыптасуына ықпал ету.

**Сөздік жұмыс**

Елтаңба, әнұран, жазық дала, биік таулар, көк теңіз, ыстық шөл, шуақты күн, орман, тоғай сөздері мен сөз тіркестері арқылы сөздік қорларын арттыру.

**Әдіс-тәсілдер**

Аудиотаспа тыңдау, таңғажайып сәт, бейнеролик көрсету, көркемсөз, сурет бойынша әңгімелесу, мнемокарточкалар негізінде сөздік жұмыс, өлеңді мәнерлеп оқу, өлеңді мәнерлеп оқуға арналған сөзді-ырғақты жаттығу, еске сақтауға арналған сөздік жаттығу, материалды бекіту, қортындылау.

**Құрал-жабдықтар**

**1. Көрнекілік материалдар.**
Аудиотаспа Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны.
Ырғақты, көңілді әуендер аудиотаспасы.
Демонстрациялық сурет: «Алан достарымен».
Қазақстан және оның рәміздері, ландшафт туралы бейнеролик.
Демонстрациялық суреттер: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы.
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туындағы бейнелер бойынша мнемокарточкалар:
- күн;
- бүркіт;
- ою-өрнектер.
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасындағы бейнелер
бойынша мнемокарточкалар:
- пырақ;
- шаңырақ;
- таңба тектес аю;
- таңба тектес садақ пен жебе;
- таңба тектес теңіздегі шағала;
- таңба тектес түйе.
Қазақстанның табиғи ландшафты бойынша суреттер бөлімі: жазық дала, шыңын қар басқан таулар, биік жағалы өзендер, толқынды теңіз, шөл дала, аспандағы күн, орман мен тоғай, үлкен жүрек төсбелгісі.

**2. Үлестірмелі материалдар.**
Таратпалы мнемокарточкалар: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туындағы күн, бүркіт, ою-өрнектер; Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасындағы пырақ, шаңырақ, таңба тектес аю, таңба тектес садақ пен жебе, таңба тектес теңіздегі шағала, таңба тектес түйе.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысы**

**1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

**«Кел, сәлемдесейік!» жаттығуы.**

**Аудиотаспа тыңдау.**
Аудиотаспадан Қазақстан Республикасының Меклекеттік Әнұраны қосылады.

Педагог пен балалар оң қолдарын жүрек тұсына қояды. Әнұранды тыңдайды. Бірінші шумағын айтады.
Педагог:
- Балалар, біз нені орындадық? Иә. Біз Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын орындадық.
- Балалар, сөздерін тағы да қайталап көрейікші.
- Балалар, біз әнұранды не үшін орындадық? Әнұран - мемлекеттің рәмізі ретінде қабылданған салтанатты ән. Біздің Отанымыз - Қазақстан.
Педагог бірнеше балаға осы сұрақты қояды. «Біздің Отанымыз - Қазақстан» сөйлемін қайталауды сұрайды.

**Таңғажайып сәт.**

Педагог Алан мен достары қонаққа келгенін көрсетеді.

- Балалар, бізге қонақтар келді. Қонақтар бізбен танысу үшін басқа елден келген сияқты. Қонақтармен амандасайық.
Балалар қонақтарға қарап, сәлемдесу сөздерін айтады.
Педагог:
- Алан, біз қонақтарды бірінші рет көріп тұрмыз. Бір-бірімізбен танысайық.
Алан:
- Бұл (Боби) мен (Марк).
- Балалар, енді сендер өз есімдеріңді айтыңдар.
Балалар өз есімдерін кезекпен айтады.
- Менің атым ....
- Балалар, Боби мен Марк Қазақстанда тұрмайды. Олар басқа мемлекеттен келді. Олар біз туралы ешнәрсе білмейді. Оларға біздің елімізді таныстыруға көмектесейікші.
- Балалар, қонақтарды Қазақстанмен таныстыруға келісесіңдер ме? Олай болса, балалар, бастайық!

**2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

**Көркемсөз.**
Д. Әбілев «Қазақстан - Республикам менің».
Әйнегі - күн, шатыры - аспан,
Кең дала ...
Төсі толған егін.
Көлдері күміс шашқан,
Қазақстан - Республикам менің!
Педагог:
- Балалар, Мемлекеттік Әнұраннан басқа бізде сендер білу керек тағы екі рәміз бар. Ол қандай рәміздер?

**Сурет бойынша әңгімелесу.**

- Балалар, бұл Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы. Бұл Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы.

- Бұл Қазақстанның Мемлекеттік Елтаңбасы.
Қайталаймыз. Бірнеше баламен пысықтау.
- Қарандаршы, балалар, Елтаңбада не бар? (Күн, пырақ.) Жарайсыңдар! Дұрыс. Күн неге ұқсайды? Дұрыс, ол шаңыраққа ұқсайды.
- Шаңырақтың күн сияқты алтын түстес сәулелері бар.
- Пырақтар қанаты бар сиқырлы сәйгүліктер сияқты.
- Олар жарық шашып, біздің жерімізді қорғайды.
- Елтаңбада не бар? Олар неге ұқсайды? Олар не үшін керек? Жарайсыңдар!

- Бұл Қазақстанның Туы. Қайталаймыз.
Бірнеше баламен пысықтау.
- Тудың түсі қандай? (Ту көгілдір түсті.) Дұрыс. Көгілдір түсті.
- Қараңдаршы, балалар, Туымызда не бар? (Туда күн, бүркіт, ою-өрнек бар.) Жарайсыңдар, балалар! Дұрыс.
- Күн ортасында орналасқан. Күн дөңгелек пішінді, алтын түстес.
- Күннің жоғарғы жағында бүркіт қалықтап барады. Бүркіттің қанаты үлкен.
- Күннің сол жағында не бар? Бұл ұлттық ою-өрнектер.
- Алтын күн біздің көгілдір аспанымызды нұрландырып тұр.
- Бүркіт биікте самғап барады, үлкен қанаттарымен жерімізді қорғап тұр.

**Мнемокарточкалар негізінде сөздік жұмыс «Қазақстан жайында...»**
Тапсырманы ұйымдастыру үшін педагог мнемокарточка бөлімдерін әзірлейді. (Мемлекеттік рәміздердің элементтері мен өзге елдердің таңбасының элементтерімен қоса.)
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туындағы бейнелер бойынша мнемокарточкалар:
- күн;
- бүркіт;
- ою-өрнектер;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасындағы бейнелер бойынша мнемокарточкалар:
- шаңырақ;
- таңба тектес аю;
- таңба тектес садақ пен жебе;
- таңба тектес теңіздегі шағала;
- таңба тектес түйе.

- Балалар қандай сөздерді естеріңе сақтадыңдар?
- Балалар, үстелге жақындап бір мнемокарточкадан алыңдар. Оның суретін қарап аламыз да, қайта орнына қоямыз.
Балалар орындарына барып суретте көрген заттарды атайды.
Педагог барлық балаларға жеткілікті суреттер дайындайды.
Балалар естерінде қалған заттарды атайды. Егер бала қиналса, педагог оған дұрыс жауап беруге көмектеседі.
Балалар айтуы мүмкін сөздер: алтын күн, сәулелі шаңырақ, қанаты бар пырақтар, қанаты үлкен бүркіт, қазақтың ою-өрнектері, Қазақстанның Туы, Қазақстанның Елтаңбасы.
Педагог әр дұрыс жауап үшін балаларды мақтап отырады.
Мнемокарточкалар арасында Қазақстанға тән емес таңбалар да болады, педагог тапсырма соңында соған назар аударуды ұсынады.
- Балалар, сендер мына таңбаларды алмадыңдар ғой. Бұлар Қазақстанның таңбасы емес. Жарайсыңдар!
- Балалар, Боби мен Марктың айтуынша бұл олар тұратын елдің таңбасы екен. Керемет!

**Мәтінді мәнерлеп оқу «Көрікті Қазақстан».**
Педагог:
- Балалар, біздің Отанымыз - Қазақстан. Біздің Отанымыз өте көрікті. Біздің Отанымыздың табиғаты қандай?
Педагог аудиотаспадан орташа ырғақты әуенді қосады.
Біздің даламыз - жазық.

- Біздің таулар - биік.
- Біздің өзендер - ағысты.
- Теңіздеріміз - балықты.
- Шөлдеріміз - ыстық.
- Күніміз - нұрлы.
- Орман-тоғайларымыз жап-жасыл.
- Міне, Қазақстан осындай тамаша ел!

Педагог суреттерді көрсете отырып, балаларға керекті жолдарды бірге айтуды ұсынады.
**Мәнерлеп оқуға арналған сөзді-ырғақты жаттығу. «Көрікті Қазақстан».**
Педагог:
- Балалар, біздің Отанымыз - Қазақстан. Біздің Отанымыз өте көрікті. Біздің Отанымыздың табиғаты қандай?
Педагог аудиотаспадан орташа ырғақты әуенді қосады. Біздің даламыз - жазық, (қолды екі жаққа сермеу) Біздің тауларымыз - биік, (қолды жоғары көтеру) Біздің өзендеріміз - ағысты, (қолдармен толқын жасау) Теңіздеріміз - балықты. (қолмен жүзу)
Шөлдеріміз - ыстық (қолды жоғары көтеру)
Күніміз - нұрлы, (қолмен дөңгелек жасау)
Орман мен тоғайларымыз жап-жасыл, (орнында айналу)
Міне, Қазақстан осындай тамаша ел! (қол шапалақтау)

**Еске сақтауға арналған сөздік жаттығу «Еске сақта».**
Педагог:
- Балалар «Өз елің - алтын бесігің» деген мақал бар.
- Қане, жаттап алайық. Үйлеріңе барғанда айтып бересіңдер.

**3. ҚОРЫТЫНДЫ**

**Материалды бекіту және қорытындылау.**
Педагог:
- Балалар, біз не жайлы айттық? (Отан туралы айттық.)
- Біздің Отанымыз қалай аталады? (Біздің Отанымыз - Қазақстан.) Жарайсыңдар!
- Еліміздің қандай рәміздері бар? (Әнұран, Ту және Елтаңба). Тамаша!
- Қазақстанның қандай көрікті жерлері бар? Өлеңде жерімізді қалай сипаттайды? Балалар Отан жайлы білетіндерін айтады.
- Балалар, Аланмен бірге келген қонақтар Қазақстанмен танысқандарына өте қуанышты! Олар сендерге көп рақмет айтып, келесі кездесуімізді асыға күтеді.
- Балалар, Отан жайлы қандай мақал білесіңдер? (Өз елің - алтын бесігің.) Жарайсыңдар!
- Балалар, сендер қай жерге, қай елге бармасаңдар да, туған жерге жететін жер жоқ! Әр адам өз туған жерін жақсы көреді. Отаннан алыс кету мүмкін емес. Бүгін сендер Отанымызды қаншалықты жақсы көретіндеріңді көрсеттіңдер. Жарайсыңдар, балалар! Сау болыңдар.

## 5. Ұйымдастырылған іс әрекет ҚАЗАҚ ТІЛІ

## Тақырыбы: «Күз мезгілі. Алтын күз.»

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты**

Балалардың ұғымындағы күз мезгілі жайлы түсініктерін дамыту; алтын күз ұғымының мағынасын түсіндіру. «Кім? Не?» сұрақтарына жауап беретін зат есімдер, «Не істейді?» сұрақтарына жауап беретін етістіктер жайлы негізгі түсініктерін қалыптастыру, күз мезгіліндегі табиғи құбылыстар туралы білімдерін кеңейту.

**Сөздік жұмыс**

Жапырақтардың түсуі, алтын күз, күртешелерін киді, етіктерін киді, қолшатырлар алды, бұлтты күн, жаңбыр себелеп тұр, саңырауқұлақтар жинау, көлшіктерден секіру сияқты сөздік тіркестері арқылы сөздік қорларын арттыру.

**Әдіс-тәсілдер**

Аудиотаспа тыңдау, көркемсөз, сурет көрсету, мнемокарточкалар негізінде сөздік жұмыс, сурет бойынша мнемокестемен әңгіме құрау, фонемо-ырғақты жаттығу, өлеңді мәнерлеп оқу, материалды бекіту, қортындылау.

**Құрал-жабдықтар**

**1. Көрнекілік материалдар.**
Күз туралы әңгіме құрастыру үшін мнемокарточкалар: балалар, күртеше, етік, жапырақ, қолшатыр, бұлт, жаңбыр, көлшік, саңырауқұлақ; киеді (1), киеді (2), алады, себелейді, жинайды, секіреді, түседі.
Демонстрациялық сурет: «Күз келді».
Күз мезгілі бейнеленген демонстрациялық сурет: балалар орман ішінде серуендеп келеді; көлшіктерді резеңке етікпен кешіп жүр, күртеше киіп алған, қолдарында қолшатыр және саңырауқұлақтар салынған себет; бұлтты аспан, жаңбыр себелеп тұр; жапырақтар түсіп жатыр, орман сап-сары.
Мнемокестелер:
- балалар күртеше киеді;
- балалар етік киеді;
- балалар қолшатыр алады;
- жаңбыр себелейді;
- балалар саңырауқұлақ жинайды;
- балалар көлшіктерде секіреді;
- жапырақтар жерге түседі.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысы**

**1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

**Жаттығу «Кел, сәлемдесейік!».**

**Аудиотаспа тыңдау.**
Педагог баяу қарқынды әуенді қосады.

Педагог:
- Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырайын. Сендер мұқият ойланып, жұмбақтың шешуін табыңдар.

**Жұмбақ.**
**«Күз».**
Өрік алма,
Жидек жүзім піседі.
Қауын қарбыз,
Қияр, сәбіз дүкендерге
түседі. Астық пісіп, орақ
түсіп,
Қырман дәнге толады.
- Бұл жылдың қай мезгілі? Иә, күз мезгілі. Қане, балалар, қайталайықшы. Қазір күз мезгілі. Жарайсыңдар!
- Ал, балалар, енді тексеріп көрейік. Жауабын дұрыс таптыңдар ма?

**Сурет көрсету.**
Педагог суретті көрсетеді. «Күз келді.»

Педагог суретті анықтап қарауға уақыт береді.

**2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

**Мнемокарточкаларға негізделген сөздік жұмыс.**
**2.1.1.**
Педагог:
- Балалар, күз жайлы айту үшін, алдымен, «Бұл не?» деген сұраққа жауап беретін сөздерді еске сақтап алайық.
- Бұл не?
Педагог күз мезгіліндегі табиғи құбылыстар мен нысандар бейнеленген мнемокарточкалар дайындайды.

- «Жапырақ».
- «Жапырақтардың түсуі».
- «Жаңбыр».
- «Саңырауқұлақ».
- «Жел».
- «Қолшатыр».
- «Күртеше».
- «Етік».

- «Көлшік».
- «Бұлтты».
- Жарайсыңдар!
2.1.2.
- Ал енді, балалар, «Не істейді?» деген сұраққа жауап беретін сөздерді естерімізге сақтап алайық.
- Не істейді?
- «Тамады».
- «Түседі».
- «Соғады».
- «Алады».

- «Киеді» (1).

- «Киеді» (2).
- «Секіреді».
- «Жинайды».
- Жарайсыңдар!

**«Күз» тақырыбына мнемокесте бойынша әңгіме құрау.**
Педагог күз мезгілі бейнеленген суретті көрсетеді. Суретте балалар орман ішінде серуендеп келеді; көлшіктермен резеңке етікте, күртеше киіп алған, қолдарында қолшатыр мен саңырауқұлақтар салынған себет; бұлтты аспан, жаңбыр себелеп тұр; жапырақтар түсіп жатыр, орман сап-сары.

\



Педагог балаларға суретке асықпай қарап алуға мүмкіндік береді.
Педагог:
- Балалар, суретте қандай жыл мезгілі бейнеленген? (Күз мезгілі.) Жарайсыңдар!
- Күз жайлы әңгімелеу үшін мына мнемокарточкаларды қолданайық. Педагог «Балалар» тақырыбындағы мнемокарточканы көрсетеді.

Педагог балалардың назарын өздері талқылаған барлық мнемокарточкаларға аудартады.
- Суретте кімдер бейнеленген? (Суретте балалар бейнеленген.) Олар не істеп жатыр? Педагог көрсеткішпен балалардың күртешесін нұсқайды
- Зарина, мына жерден екі карточка алшы.
Бала «Күртеше» және «Киеді (1)» мнемокарточкаларын таңдайды.

- Балалар не істеді? (Балалар күртешелерін киді.)
Жарайсың! Педагог етікке нұсқайды.
- Балалар не істейді?
- Бағлан, енді сен екі карточка таңдашы.
Бала «Етік» және «Киеді (2)» мнемокарточкаларын таңдайды.

- Суреттегі балалар тағы не істеді? (Балалар етіктерін киді.)
Жарайсың! Педагог қолшатырды көрсетеді.
- Балалар, не істеп жатыр?
- Абылай, екі карточка таңдашы.
Бала «Алады» және «Қолшатырлар» атты мнемокарточкаларын алады.

- Балалар тағы не істеп жатыр? (Балалар қолшатырларын алды.)
Жарайсың! Педагог аспандағы бұлтқа нұсқайды.

- Күн райы қандай? Күн қандай?
- Надия, келе ғой. Екі карточка таңдашы.
Бала «Бұлтты» мнемокарточкасын таңдайды.

- Айта ғой, күн райы қандай? (Ауа райы бұлтты. Бұлтты күн.)
Жарайсың! Педагог жауып тұрған жаңбырға көрсетеді.
- Мынау не? Ол не істеп тұр?
- Лаура, екі карточканы таңдашы.

- Айтшы, мынау не? Не істеп тұр? (Бұл жаңбыр. Жаңбыр жауып тұр).
Жарайсың! Педагог саңырауқұлақ салынған себетті көрсетеді.
- Балалар не істеп жатыр?
- Сабыр, ортаға келіп карточкаларды тауып берші.

- Енді айтшы, суреттегі балалар не істеп жатыр? (Балалар саңырауқұлақ жинап жүр).
Жарайсың!
Педагог жол бойындағы көлшіктерді көрсетеді.
- Мынау не? Олар не істеп жатыр?
- Ринат, келіп карточкаларды таңдашы.

- Мына балалар не істеп жатыр? (Балалар көлшіктерде секіріп жүр). Дұрыс.
Жарайсың! Педагог жауған жапырақтарға нұсқайды.
- Мынау не? Олар не істеп жатыр?
- Темірлан, келе ғой. Екі карточка таңдашы.

- Енді айтшы, бұл не? Олар не істеп жатыр? (Бұл жапырақтар. Жапырақтар түсіп жатыр.) Жақсы!
- Балалар, жапырақтардың түсі қандай? (Жапырақтар сары түсті.) Дұрыс. Жапырақтарға күн сәулесі түскенде, олар алтын сияқты жылтырайды, сондықтан, осы мезгілді алтын күз деп айтады. Жапырақтар алтын түстес. Алтын күз. Қайталаңдаршы, балалар!.
Балалар күзді сипаттайтын сөз тіркестерді естеріне сақтап алады.

**Фонемо-ырғақты жаттығу «Бұлтқа».**
Педагог:
- Балалар, қазір жаңбырдың қалай жауатынын, желдің қалай соғатынын, көлшіктерді қалай атайтынымызды іс-қимылмен көрсетеміз.
Сұрамақ.
- Ақсың, сұрсың,
қарасың, Қайда қалқып
барасың?
- Жерге нөсер төгемін,
Өссін гүлдер, көп
егін!
- Гүл-гүл жайнап өсер
көк, Нөсерлетсең,
нөсерлет! (Ауыз
әдебиетінен.)
Тақпақты айтқызған кезде педагог баяу ырғақты әуеннің аудиотаспасын қосады. Тақпақты әуен ырғағымен қайталату балалардың іс-қимылдарды қызығушылықпен орындауына ықпал етеді.

- Тамаша, жарайсыңдар!

**Өлеңді мәнерлеп оқу «Алтын күз».**
Педагог:
- Балалар, бүгін сендер өздеріңді жақсы көрсеттіңдер. Сол үшін мен сендерге күз туралы

керемет өлең оқып бергім келіп тұр.
- Мұқият тыңдандар. Егер таныс сөздер кездессе, артынан айтасыңдар.

Берекесін сыйлауға,
Өлкемізге күз келді.
Жемістерін жинауға
Шақырады біздерді.

Құстар қайтты ән салып,
Бұлт шарлады аспанды.
Қыс келеді жар салып,
Күз суығы басталды.
(Н.Әлімқұлов)

Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында қолданған сөздерді балалар қайталайды: бұлттар, жапырақ, алтын күз.

Педагог балаларды мақтап отырады.

## 3. ҚОРЫТЫНДЫ

**Материалды бекіту, қорытындылау**

Педагог:
- Балалар, бүгін қай жыл мезгілі жайлы айттық? (Күз мезгілі жайлы).
- Күздің қандай ерекшеліктері бар?

Балалар әңгімеде, тақпақта айтылған сөз тіркестерін мысал ретінде келтіреді.
- Балалар, алтын күз деп айтуымыз неліктен? Кімнің есінде? (Күн сары жапырақтарға түседі).

Иә. Сары жапырақтар күн сәулесіне алтын сияқты жылтырайды. Жарайсыңдар! Сау болыңдар.

## 6. Ұйымдастырылған іс әрекет ҚАЗАҚ ТІЛІ

## Тақырыбы: «Көкөністер мен жемістерді жинаймыз. Геометриялық пішіндер.»

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты**

Балалардың ұғымында күзгі астық, қысқа дайындық туралы түсініктерін қалыптастыру; жемістер мен көгөністердің ерекшеліктері бойынша топтастыру туралы білімдерін пысықтау; геометриялық пішіндер мен олардың қасиеттері туралы білімдерін бекіту.

**Сөздік жұмыс**

Көгөністер, жемістер, астық сөздерін сөздік қорға енгізу. Шеңбер - дөңгелек, сопақша - сопақ, үшбұрыш- үшбұрышты, көгөністер бақшада өседі, жемістер бақта өседі сөз тіркестері мен сөйлемдері арқылы сөздік қорларын кеңейту.

**Әдіс-тәсілдер**

Аудиотаспа тыңдау, көркемсөз, сурет көрсету, эстафета ойыны, зияткерлік картаға негізделген сөздік жұмыс, қабылдауға арналған жаттығу, грамматикалық тұрғыда дұрыс сөйлеуге арналған зерттеушілік негізде сөздік жаттығу, материалды бекіту, қортындылау.

**Құрал-жабдықтар**

**1. Көрнекілік материалдар.**
Гүріл мен мотор дыбысының аудиотаспасы.
Көкөністер мен жемістер тиелген ойыншық жүк көлігі немесе оның суреті.
Көрнекіліктерге арналған тақта, көрсеткіш.
Көкөністер мен жемістердің нақ пішіндері (муляж) салынған үлкен мескей.
Қызыл және көк түсті көлемі бірдей екі мескей.
Зияткерлік картаның сызбасы «Жемістер мен көгөністер»:
- таңбалы-карточкаларсыз шеңбердің картасы;
- карта: бақша мен бақтың таңбалануы ортада, қалған дөңгелек сәулелер бос;
- карта: бақша мен бақтың таңбалануы ортада, көгөністердің карточкаларына арналған толық дөңгелек, ал жемістердің карточкаларына арналған дөңгелек бос;
- карта: бақша мен бақтың таңбалануы ортада, көгөністер мен жемістердің карточкаларына арналған дөңгелек толып тұр.
Таңбалы-карточкалар «бақша» мен «бақ» зияткерлік картаға орналастыру үшін.
Демонстрациялық сурет: «бақша», «бақ».
Лого-ырғаққа арналған суретті-карточкалар: картоп; сәбіз; қызанақпен пияз; бұрыш пен сарымсақ; алма мен өрік; банан мен киви; апельсин мен алмұрт.
Ырғақты, орташа қарқынды әуендердің аудиотаспасы.
Геометриялық пішіндер: шеңбер, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш.
Суреттер мен пішіндер жұптарының сызбасы:
- алманың бетіндегі шеңбер;
- картоптың бетіндегі шеңбер;
- апельсиннің бетіндегі шеңбер;
- қиярдың бетіндегі сопақша;
- бананның бетіндегі сопақша;
- сарымсақтың бетіндегі үшбұрыш;
- бұрыштың бетіндегі үшбұрыш;

- алмұрттың бетіндегі сопақша;
- кивидің бетіндегі сопақша;
- қызанақтың бетіндегі шеңбер;
- пияздың бетіндегі шеңбер.

**2. Үлестірмелі материалдар.**
Геометриялық пішіндерге ұқсайтын жемістер мен көкөністердің таратуға арналған заттық суреттері. Таратпалы жиынтықтар. Геометриялық пішіндердің моделі: шеңбер, шаршы, үшбұрыш, сопақша, тіктөртбұрыш.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысы**

**1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

**Жаттығу «Кел, сәлемдесейік!»**

**Аудитаспа тыңдау.**
Көліктердің жүргені мен мотор дыбысы естіледі.

**Көркемсөз.**
**«Көңілді көлік».**
Қандай үлкен жүк көлік!
Күзгі астық тиеліп!
Үйге қарай жақында!
Қораптарда жеміс бар,
Дәруменді азықтар.
Көгөністі ғажаптар.
Тағы қандай қызық бар?
(А. Кокенова)

**Суретті көрсету (немесе затты көрсету).**
Көгөністер мен жемістер тиелген жүк көлігінің суреті (немесе ойыншық) көрсетіледі.



- Балалар, біз бау мен бақшада жинаған астығымызды жүк көлігі алып келіпті.
- Енді барлығын реттестіріп, қысқыға жинап қою керек.
- Қане, балалар, жүк көлігі нақты не алып келгенін көріп, барлық жүкті жерге түсірейік.

**2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

**Сөздік жұмысқа арналған зияткерлік карта. «Жемістер мен көгөністер».**
**2.1.1**
Педагог тапсырманы орындаудан бұрын, бірінші зияткерлік картаны әзірлейді.



Педагог эстафета ойынында қолданған жемістер мен көгөністердің таратпалы карточкаларын дайындайды.
Педагог орталық екі шеңберге арналған көгөністерді, «бақша» және «бақ» атты жемістерді білдіретін карточкаларын дайындайды.



Педагог балаларға бақ пен бақшаның екі суретін көрсетеді.





- Балалар, бұл не? Иә. Мынау бақша, ал мынау бақ. Қане, балалар, қайталайықшы. Жарайсыңдар!
- Балалар, бақшада не өседі? (Бақшада көгөністер өседі). Жақсы!
- Ал, бақта не өседі? (Бақта жемістер өседі). Дұрыс.

Балалар бірден жауап бере алмаса, педагог оларға жеке және топпен жауап беруге мүмкіндік береді.
- Жарайсыңдар!

Педагог «бақша» мен «бақ» карточкаларын зияткерлік картаның ортаңғы шеңберіне орналастырады.

**2.1.2.**

Педагог топтағы әр балаға өз топтамасы бойынша нысандарды атауға тапсырма береді. Балалар өз қалауларына қарай шығып айтады. Балаларға қиындық тудырса, педагог өзге топтың басқа балаларына көмектесуді ұсынады немесе өзі көмектеседі.
- Қане, балалар, бақшадан қандай көгөністерді жинағандарыңды көрейік?
- Мынау картоп. Мынау сәбіз. Мынау пияз. Мынау қызанақ. Мынау қияр. Мынау сарымсақ. Мынау бұрыш.
- Жарайсыңдар! Қараңдаршы, балалар, көгөністерден қандай өрнек шықты.
- Балалар, бақтан қандай жемістер жинадыңдар?
- Мынау алма. Мынау алмұрт. Мынау апельсин. Мынау өрік. Мынау киви. Мынау шабдалы. Мынау банан.
- Жарайсыңдар! Жемістерден қандай өрнек шықты.
- Жарайсыңдар. Тапсырманы дұрыс орындадыңдар. Бұл біздің қысқы азығымыз. Керемет!

**Суретті-карточкалардың қолданылуымен лого-ырғақ. «Жемістер-көгөністер».**
**2.2.1.**
Педагог балаларды ортаға шақырады.
Педагог:
- Балалар, біз қысқыға азық дайындадық.
- Қазір мен сендерге жинаған азық-түліткің атауларын ұйқас түрінде айтып берейін.
- Мен бір жолын айтамын, сендер қайталайсыңдар.
Педагог сөздерді айта отырып, аталған көгөністер мен жемістердің жұп суреттерін көрсетеді: картоп пен сәбіз; қызанақ пен бұрыш; сарымсақ пен бұрыш; алма мен өрік; банан мен киви; апельсин мен алмұрт.
Картоптарды қазып ап,

(топпен қайталау)
Сәбіздер де қызық-ақ,

(топпен қайталау)
Пиязбен қызанақ,

(топпен қайталау)
Ащы бұрыш, сарымсақ,

(топпен қайталау)
Піскен алма, өрік бар,

(топпен қайталау)
Банан мен киви
бар,

(топпен қайталау)
Апельсин мен алмұрттар,

(топпен қайталау)
Бізде бәрі, бәрі бар.
(топпен қайталау)
- Жарайсыңдар!
- Біз нелер жайлы айттық?
- Ия, жемістер мен көгөністер туралы айттық.

**2.2.2.**
Педагог:
- Ал, енді жинаған астығымыз туралы тағы да айтып
көрейік. Ырғақты әуеннің аудиожазбасы қосылады.

Педагог:
- Жарайсыңдар! Міне, дәруменге бай қысқы азығымыз дайын.

**Сөздік жаттығу.**
**«Не жасырылған? Бұл не?»**
**2.3.1.**
Педагог:
- Балалар, көгөністер мен жемістерді жинадық, бірақ, қойманың іші қараңғы. Қайсы,
қай жерде жиналып тұрғаны белгісіз.
Педагог шаршы және тіктөртбұрышты пішінді қораптарды көрсетеді.
Суреттер: сол жақта - шаршы, оң жақта - көк түсті тіктөртбұрыш.
- Балалар, қане пішіндерді атайықшы.

Педагог сол жақтағы пішінді көрсеткішпен көрсетеді.
- Балалар, мынау қандай пішін? (Бұл шаршы.) Жарайсыңдар!

- Мынау не? Иә. Мынау қорап. Бұл шаршы болса, онда қорап қандай болады? (Төртбұрышты қорап). Жарайсыңдар! Қайталаңдаршы. Жақсы!
Педагог оң жақтағы пішінді нұсқап көрсетеді.
- Балалар, мынау қандай пішін? (Бұл тіктөртбұрыш.) Жарайсыңдар!

- Мынау не? Иә. Мынау қорап. Егер қораптың пішіні тіктөртбұрышты болса, қорап қандай? (Қорап тіктөртбұрышты). Жарайсың! Қайталайықшы. Жақсы!

**2.3.2.**
Педагог:
- Балалар, қорапта жемістер мен көгөністер жасырылған. Қане, балалар, оларды тауып көрейік.
- Балалар, сол жақтағы қорапта көгөністер жасырылған.

- Таптыңдар ма? Бұл жерде қандай көгөністер жасырылған? Атаңдаршы. (Қызанақ, қияр, картоп, сәбіз, пияз.) Жарайсыңдар!

- Төртбұрышты қорапта дөңгелек пішінді көгөністер ме? Оларды ата. (Картоп, қызанақ, пияз.)
- Көгөністер шеңбер пішінді болса, олар қандай? (Картоп дөңгелек, қызанақ дөңгелек, пияз дөңгелек). Жарайсыңдар!
- Сопақша пішінді көгөністерді атаңдар. (Қияр, сәбіз.) Заттар сопақша пішінді болса, олар қандай? (Қияр сопақ, сәбіз сопақ.)
- Көгөністер қандай түсті? (Қызанақ қызыл, қияр жасыл, сәбіз тоқсары, картоп қоңыр, пияз сары.) Жарайсыңдар!

**2.3.3.**
Педагог:
- Ал, оң жақтағы қорапта не жасырылуы мүмкін? Иә, жемістер!

- Таптыңдар ма? Қандай жемістер жасырылған? Атаңдаршы. (Алма, шабдалы, банан, өрік, апельсин). Жарайсыңдар!

- Тіктөртбұрышты қораптың ішінде дөңгелек пішінді жемістер бар. Оларды атаңдаршы. (Апельсин, шабдалы, алма.)
- Олар шеңберге ұқсаса, пішіндері қандай болады? (Апельсин дөңгелек, шабдалы дөңгелек, пияз дөңгелек.) Жарайсыңдар!
- Сопақша пішінді жемістер қандай? (Өрік, банан.) Ол жемістерді пішіні бойынша қалай атаймыз? (Өріктің пішіні сопақ, банан сопақ). Жарайсыңдар!
- Ал, жемістердің барлығы қандай түсті? (Алма қызыл, банан сары, апельсин тоқсары, өрік күлгін, шабдалы қызғылт.) Жарайсыңдар!
- Міне, балалар, барлық жемістер мен көгөністерді таптық. Біз қысқа мол азық жинадық.

**Грамматикалық тұрғыдан дұрыс сөйлеуге арналған зерттеушілік негіздегі сөздік жаттығу. «Айналамыздағы геометриялық пішіндер».**
Жаттығуды өткізу үшін педагог геометриялық пішіндерді дайындайды: шеңбер, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш.

Педагог:
- Балалар, қандай геометриялық пішіндер туралы айттық? Кімнің есінде? (Шеңбер, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш). Жарайсыңдар!
Балалар геометриялық пішіндерді естеріне түсіре алмаса, педагог тақтаға геометриялық

пішіндерді орналастырады.( Шеңбер, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш.)
Әр баланың алдында бір-екі көгөніс пен жемістердің суреті және пішіндердің жиынтығы жатады.
- Балалар, пішіндер мен суреттерге қараңдаршы.
- Суреттегі көгөніс пен жемістің үстін оған ұқсас геометриялық пішінмен бастырып қойыңдар.
Пішін мен сурет жұптарының нұсқасы:
- алманың бетінде шеңбер жатады;
- картоптың бетінде шеңбер жатады;
- апельсиннің бетінде шеңбер жатады;
- қиярдың бетінде сопақша жатады;
- бананның бетінде сопақша жатады;
- сарымсақтың бетінде үшбұрыш жатады;
- бұрыштың бетінде үшбұрыш жатады;
- алмұрттың бетінде сопақша жатады;
- кивидің бетінде сопақша жатады;
- қызанақтың бетінде шеңбер жатады;
- пияздың бетінде шеңбер жатады.

Педагог балалардың жұмысын тексереді, жауаптарын тыңдайды, мақтайды.

**3. ҚОРЫТЫНДЫ**

**Материалды бекіту, қорытындылау.**
Педагог:
- Балалар, бүгін не жайлы айттық? (Жемістер мен көгөністер туралы.) Жарайсыңдар!
- Адамдар оларды не үшін жинайды? (Қысқыға азық дайындайды.) Дұрыс.
- Көгөністер қайда өседі? (Көгөністер бақшада өседі.) Ал, жемістер қайда өседі? (Жемістер бақта өседі).
- Балалар, сендер қайсын сүйіп жейсіңдер? Бірнеше баланың жауаптары.
- Балалар, пайдалы жемістер мен көгөністерді жеу үшін көп жұмыс істеп, адал еңбек ету керек. Бүгін сендер еңбексүйгіштіктерің мен байқампаздықтарыңды көрсеттіңдер. Жарайсыңдар! Сау болыңдар.

## 7. Ұйымдастырылған іс әрекет ҚАЗАҚ ТІЛІ

## Тақырыбы: «Сиқырлы бауырсақтар». Ыдыстар.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты**
Балаларды «Сиқырлы бауырсақтар» әңгімесі, бауырсақтың дайындалу реттілігімен таныстыру; нан туралы түсініктерін дамыту; ыдыстың жаңа түрлері мен оларды қолдану туралы түсіндіру; халық ауыз әдебиеті үлгілерімен таныстыруды жалғастыру.
**Сөздік жұмыс**
Диірмен, ұн, бидай, комбайн, дән сөздерін енгізу. Дәнді жерге егу, астық жинау, ұнды тарту, қант сауыты, нан сауыты, сүт құйғыш, май сауыты, конфет сауыты сөз тіркестері арқылы сөздік қорларын арттыру.
**Әдіс-тәсілдер**
Аудиотаспа тыңдау, таңғажайып сәт, көркемсөз, сурет көрсету, сюжетті суреттерге негізделе отырып мәнерлеп әңгімелеу, сергіту сәті, көлеңкелі көрнекіліктер бойынша әңгіме құрастыру, дидактикалық ойын, еске сақтауға арналған сөздік жаттығу, материалды бекіту, қортындылау. **Құрал-жабдықтар**

1. **Көрнекілік материалдар.**
   Баяу ырғақты әуеннің аудиотаспасы.

Еркежан әже.
Алан мен Дана Еркежан әженің алдында тұр. Үстелде бос ыдыс тұр.
Алан мен Дана нан тағамдарын сатушысының алдында.
Алан мен Дана элеватордағы инженердің алдында тұр.
Алан мен Дана егістіктегі комбайн мен комбайншының алдында тұр.
Алан мен Дананың алақандарында бір-бір бидай дәні бар, қастарында тұрған орта қапта бидай салынған.
Алан мен Дана Еркежан әженің алдында тұр. Үстелде піскен бауырсақтар.
Орташа қарқынды әуен қосылып тұр.
Әңгіме бойынша көлеңкелі иллюстрация модельдері «Сиқырлы бауырсақтар».
Ыдыста ыстық бауырсақтар.
Әже, Алан, Дана.
Аузы ашылған қапта бидай.
Алан мен Дана дүкен сөресінің алдында тұр.
Алан, Дана, диірмен.
Алан, Дана, бидай масақтары.
Бидай масақтары, комбайн.
Бидай дәні мен бидай салынған қап.
Дидактикалық ойынға арналған суретті-карточкалар. «Дастарқан әзірлеу»: қант сауыты, нан сауыты, сүт құйғыш, май сауыты, конфет сауыты, шәйнек, бауырсақ салынған ыдыс.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысы**
**1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**
**Жаттығу «Кел, танысайық!»**

**Аудиотаспа тыңдау.** Баяу
қарқынды әуен естіледі.
**Таңғажайып сәт.**
Педагог Еркежан әжені көрсетеді.

Педагог:
- Балалар, бізге қонаққа кім келді? Иә, бізге қонаққа Еркежан әже келді.
- Балалар, әжемен қалай амандасамыз? (Сәлеметсіз бе, Еркежан әже!) Жарайсыңдар!
**Көркемсөз.**
Нандай жоқ қой асыл зат.
Жеп үйренген жасыңнан.
Дастарқаннан нан кетсе,
Береке кетер асыңнан.
Ей, балалар, балалар!
Болмаңдар, сірә, нанға зар
Өмірдің алтын арқауы.
Бар қасиет нанда бар!

- Балалар, Еркежан әже бізге бауырсақ пісіріп бергісі келеді. Қап, әттеген-ай! Үйде ұн бітіп қалыпты. Не істейміз? Ұнды қайдан аламыз?
**2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**
**Сюжетті тірек суреттер бойынша мәнерлеп әңгімелеу. «Сиқырлы бауырсақтар».**
Педагог:
- Балалар, Алан мен Дананың бауырсақ жегілері келіп тұр.

Әже оларға былай деді:
- Ұн бітті... Дүкенге барып келіңдер.
- Дүкен деген не? - деп сұрады Дана.
- Дүкенде ұн сатады.

Алан мен Дана сатушыдан сұрайды:
- Ұн қайда?
- Дүкенде ұн бітті ... Диірменге барыңдар.
- Ал, диірмен деген не? - деп сұрады Алан.
- Диірменде ұнды тартады.

Алан мен Дана инженерден сұрайды:
- Ұн қайда?
- Ұнды әлі тартпады, өйткені, егін әлі жиналған жоқ. Егістікке барыңдар.
- Егістік деген не? - деп сұрайды балалар.
- Егістікте комбайндар астық жинап жатыр.



Алан мен Дана комбайыншыдан сұрайды:
- Ал, бидай қайда?
- Бидай егістікте. Мен егістіктегі егінді комбайынмен шабамын. Мына көп астық бір қап бидайдан өсті.

Алан мен Дана Еркежан әжеге келіп, былай деді:
- Еркежан әже, бізді кешіріңізші. Ыстық, дәмді бауырсақ жеу үшін, дәнді жерге егу керек. Астықты өсіру керек, егінді комбайнмен шабу керек, бидайды диірменге тарту керек, ұнды дүкенде сату керек, ұннан қамыр илеу керек, бауырсақты жасау керек, оны ыстық майға қуыру керек. Сол кезде ғана дәмді бауырсақтар дайын болады.

**Сергіту сәті. «Астық егемін».**
Педагог балаларды ашық, кең жерге шақырады.
- Балалар, қазір біз іс-қимылмен көрсетеміз. Бір дәннен бидайдың шығуы, егіннің жайқалуы, ұнның пайда болуы, бауырсақтың пісуі.
Педагог өзі бастайды. Балалар сөздерін айтады, қимылмен көрсетеді.
Бидай бітік өсіпті, (тізерлеп отыру, қол белде)
Жайқалып желмен есіпті. (орындарынан тұру, қолды жоғары көтеру)
Мол астыққа кенеліп, (қолды көтеріп сермеу)
Ақ бидайды жесіпті. (қолды белге қойып, екі жаққа кезек-кезек бұрылу)
Қуанышқа келген жұрт:
- Құтты болсын! - десіпті. (қол шапалақтау)
- Кел, күшіңді біріктір,
Диірменді түйіп көр. (жұдырық түю, алақанды ашу)
Қамба есігін ашайық, (қолды екі жаққа жаю)
Ұннан қамыр басайық. (алақанның сыртқы жағымен ысқылау)
«Алтын астық» тойына,
Ақ бауырсақ жасайық. (екі алақанмен дөңгелек жасау)
Қамырды бірге жаяйық. (екі алақанды ашу)
Әжемізге көмектесейік (екі алақанмен дөңгелек жасау)
Ыстық бауырсақ пісірейік (екі алақанмен дөңгелек жасау, үрлеу)
- Жарайсыңдар! Барлығыңның қолыңнан келеді екен. Қазір әуен ырғағына қосыла ойнап көрейік.
Педагог ырғағы орташа әуенді қосады.
- Міне, бауырсақты қалай дайындайтынын көрсеттік.

**Көлеңкелі көрнекіліктер бойынша әңгіме құрастыру.**
Педагог балаларды отырғызады.
- Балалар, әңгімеде не жайлы айтылған? (Бауырсақ жайлы.) Жарайсыңдар!

- Әңгімеде қандай кейіпкерлер болды? (Еркежан әже, Алан, Дана.)

- Әңгіме қалай басталды? (Алан мен Дананың бауырсақ жегісі келді. Үйде ұн бітіп қалды.)

- Алан мен Дана қайда барды? (Алан мен Дана дүкенге барды.)

- Дүкенде ұн болды ма? (Дүкенде ұн бітіп қалды.)

- Алан мен Дана қайда барады? (Алан мен Дана диірменге барды.)

- Диірменде ұн болды ма? (Ұн болған жоқ.)

- Алан мен Дана қайда барды? (Алан мен Дана егістікке барды.)

- Егістікте не болды? (Егістікте комбайн болды. Егістікте бидай болды.)

- Астық қайдан пайда болды? (Астық бір қап бидайдан өсті.)

- Тамаша! Жарайсыңдар, балалар!
**Дидактикалық ойын. «Дастарқан әзірлеу».** Мақсаты.
Ыдыстар жайлы білімдерін бекіту, жаңа ыдыстармен таныстыру, ыдыстардың атауларын дұрыс айтуға жаттықтыру.
Шарты. Ыдыстарды бір-бірінен ажырату, дұрыс атау, қолданылуын түсіндіру.
Барысы.
Педагог ойын алдында ойыншық ыдыстардың түрлерін немесе заттық суреттер дайындайды; дөңгелек үстел, қант сауыты, нан сауыты, сүт құйғыш, май сауыты, конфет сауыты.
- Балалар, Еркежан әже баурсақтарды суытқанша, біз дастарқан жайып жіберейік.
Педагог әр ыдысты қоя отырып, нақты атайды, әр дыбысты дұрыс артикуляциялайды.
Жеке және топтық жауаптар қабылданады.

- Мынау не? (Бұл қант сауыты.) Жарайсыңдар! Қант сауытында не бар? (Қант сауытында қант бар.) Жарайсыңдар!

- Мынау нан сауыты ма? Мынау не? (Мынау нан сауыты.) Жарайсыңдар! Нан сауытта не бар? (Нан сауытта нан бар.) Жарайсыңдар!

- Мынау сүт сауыты ма? Мынау не? (Мынау сүт құйғыш.) Жарайсыңдар! Сүт құйғышта не бар? (Сүт құйғышта сүт бар.) Жарайсыңдар!

- Мынау май сауыты ма? Мынау не? (Мынау май сауыты.) Жарайсыңдар! Май сауытта не бар? (Май сауытта май бар.)

- Мынау қант сауыты ма? Мынау не? (Мынау конфет салғыш). Жарайсыңдар! Конфет

салғышта не бар? (Конфет салғышта конфет бар.) Жарайсыңдар!

- Мынау шәйнек пе? Мынау не? (Мынау шайнек). Жарайсыңдар! Шайнекте не бар? (Шайнекте шай бар.) Жарайсыңдар!

- Жарайсыңдар! Балалар, ортаға дәмді бауырсақтар келді.
- Балалар, біз не істедік? Біз дастарқан жайдық. Жарайсыңдар!

**Еске сақтауға арналған сөздік жаттығу. «Еске сақта».**

- Нан - дастарқандағы ең басты тағам.
- «Ас атасы - нан» деген мақал бар.
- Қане, балалар, есімізге сақтап алайық. Үйге барғанда айтып бересіңдер.

**3. ҚОРЫТЫНДЫ**

**Материалды бекіту, қорытындылау.**

Педагог:

- Балалар, бүгін біз не жайлы білдік? (Бауырсақ, бидай, ұн жайлы.) Дұрыс, сендер бүгін әңгіме тыңдадыңдар. Әңгіме қалай аталады? («Сиқырлы бауырсақтар».)
- Бауырсақтардың сиқырлы екені рас па? Рас? Әрине, бауырсақ әзірлеу үшін көп еңбектену керек?
- Ұнды қайдан алады? (Бидайды жерге егеді, піскен астықты жинайды, ұнды тартады). Жарайсыңдар, балалар! Дұрыс айтасыңдар.
- Дастарқанды не үшін жайдық? Қандай ыдыстар қойдық? Балалардың жауаптары.
- Нан туралы қандай мақал білесіңдер? (Ас атасы - нан.) Жарайсыңдар! Нан қадірін түсініп, оны қастерлегендерің үшін Еркежан әже сендерге риза болды. Ол алғысын айтып, үйіне қайтып кетті.
- Балалар, бүгін сендер нанның дастарқанға қандай еңбекпен келетінін білдіңдер. Нанды жерге тастамаңдар. Жерде нан жатқанын көрсеңдер, аяққа баспаңдар. Нанды жоғарыға қойыңдар.
- Жарайсыңдар, балалар! Бүгін сендер өте ұқыпты болдыңдар! Үлкенге құрмет көрсете білдіңдер. Жарайсыңдар! Сау болыңдар.

## 8. Ұйымдастырылған іс әрекет ҚАЗАҚ ТІЛІ

## Тақырыбы: «Үй құстары. Жыл құстары»

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты**

Балалардың құстар, жыл мезгілдері жайлы түсініктерін кеңейту, үй құстары мен жыл құстары деп аталуының себептерін түсіндіру; олардың ерекшеліктері жайлы түсінік беру; дауыстарын ажыратуды үйрету.

**Сөздік жұмыс**

Сөздік қорға күркетауық, үй құстары, жыл құстары, тырна, аққу, қарлығаш, көкек, қытқылдайды, қаңқылдайды, күркілдейді, барқылдайды сөздерін енгізу. «Құртақандай торғай да өз ұясын қорғайды», «адамның жанында өмір сүреді», «жылы жаққа ұшып кетеді» сөйлемдері арқылы сөйлеу тілін байыту.

**Әдіс-тәсілдер**

Аудиотаспа тыңдау, көркемсөз, аудиотаспа мен көрнекіліктерге сүйенген сөздік жұмыс, драматизация негізінде логоырғақ, тақпақты мәнерлеп оқу, есту, көру зейініне арналған жаттығу, көрнекіліктер көрсету, еске сақтауға арналған сөздік жаттығу, материалды бекіту, қортындылау.

**Құрал-жабдықтар**

**1. Көрнекілік материалдар.**
Вальс әуендерінің аудиотаспасы.
Жыл құстары дауыстарының аудиотаспасы: тырналар.
Үй құстары дауыстарының аудиотаспасы: тауық, әтеш, күркетауық, қаз, үйрек.
Үй құстарының демонстрациялық заттық суреттері: тауық, әтеш,
Үй құстарының демонстрациялық сюжетті суреттері: тауық, қаз, үйрек, күркетауық, әтеш.
Интербелсенді тақта, көрнекіліктерге арналған тақта, көрсеткіш.
Жылы жаққа ұшып бара жатқан тырналар бейнеленген демонстрациялық сурет.
Жыл құстарының заттық суреттері: тырна, аққу, қарлығаш, көкек.
Құстардың орналасуы өзгертілген көрнекі нұсқасы7
1. Тырна, аққу, қарлығаш, көкек.
2. Қарлығаш, тырна, көкек, аққу.
3. Аққу, қарлығаш, көкек, тырна.
4. Көкек, қарлығаш, аққу, тырна.

**2. Үлестірмелі материалдар.**
Үй құстарының бетпердесі жиынтығы: қаз, тауық, үйрек, күркетауық, әтеш.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысы**

**1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

**Жаттығу «Кел, танысайық!»**

**Аудиотаспа тыңдау.**
Әдемі вальс әуені естіледі.

Педагог:
- Балалар, далада қандай жыл мезгілі? (Күз мезгілі.)
Дұрыс. Педагог тырналардың тыраулаған дыбысын қосады.

- Бұл не? Иә. Бұл құстар жылы жаққа ұшып барады. Қане, балалар, қайталайықшы. Құстар ұшып кетті.
- Балалар, жыл құстары жылы жаққа кетуге жиналып жатыр.
- Мен сендерге жұмбақ жасырайын. Сендер мұқият тыңдап алып, жұмбақтың шешімін табыңдар.

**Жұмбақ.** Аулада
жүреді, Қыт-
қыттай береді?
Суда жүзіп қаңқылдайды
Ерте тұрып шақырады. (Үй құстары.)
- Ку-ка- ре- ку!
- Балалар, бұлар нелер? Үй құстарының дауыстары.
- Қандай үй құстары екенін білу үшін, олардың дауыстарын естіп көрейік.

## 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Аудиотаспа мен суреттерге сүйене отырып сөздік жұмыс.

- Балалар, таныдыңдар ма? Мынау не? Мынау тауық па?



- Балалар, айтыңдаршы мынау не? (Мынау тауық.) Жарайсыңдар!
- Тауық қыт-қыттайды. Қайталаңдаршы. (Жеке және топпен қайталау.) Жарайсыңдар!

- Балалар, таныдыңдар ма? Мынау не? Мынау қаз ба?



- Мынау не? (Мынау қаз.) Жарайсыңдар!
- Қаз қаңқылдайды. Қайталаңдаршы. (Жеке және топпен қайталау.) Жарайсыңдар!

- Балалар, таныдыңдар ма? Мынау не? Мынау үйрек пе?

- Мынау үйрек пе? (Мынау үйрек.) Жарайсыңдар!
- Үйрек барқылдайды. Қайталаңдаршы. (Жеке және топпен қайталау.) Жарайсыңдар

- Балалар, таныдыңдар ма? Мынау не? Мынау күрке тауық па?



- Мынау күрке тауық па? (Мынау күркетауық.) Жарайсыңдар!
- Күрке тауық күркілдейді. Қайталаңдаршы. (Жеке және топпен қайталау.) Жарайсыңдар!

- Балалар, таныдыңдар ма? Мынау не? Мынау әтеш пе?



- Балалар, мынау не? (Мынау әтеш.) Жарайсыңдар!
- Әтеш шақырады. Қайталаңдаршы. (Жеке және топпен қайталау.)
Жарайсыңдар! Педагог барлық құстарды нұсқап, көрсеткішпен дөңгелетіп қоршап тұрып:
- Балалар, тауық, қаз, үйрек, күркетауық, әтеш. Бұлардың барлығын бірге үй құстары дейміз. Қане, балалар, қайталайық. (Тауық, қаз, үйрек, күркетауық, әтеш - үй құстары). Жарайсыңдар!

**Драматизация негізінде лого-ырғақ. «Не қалай дыбыстайды?»**
Мақсаты. Құстарды дыбыстарына қарай ажыратуды үйрету.

Педагог балаларды кең, ашық алаңға шақырады.
Алдымен, педагог өзі артикуляция бойынша дыбыстап, балаларға өлеңді оқиды.
Қаз қаңқылдайды: «қаңқ-қаңқ- қаңқ».
Тауық қытқыттайды: «қыт-қыт-қыт».
Үйрек барқылдайды: «барқ-барқ-барқ».
Күркетауық күркілдейді: «күрк-күрк-күрк».
Ал әтеш шақырады: «ку-ка-ре-ку».

Әуен ырғағымен әнді айтпас бұрын, педагог балалармен ойын-жарыс өткізеді.
Педагог саны бойынша бірдей үй құстарының басқа киілетін тақия маскаларын дайындайды.
Балалар қалауы бойынша тақия масканы таңдайды да, бастарына киеді.
Топтардың жұмыстарының бастамасының белгісі ретінде педагог үй құстарының бірінің суретін көтеріп көрсетуіне болады.
Топтық жаттығу үшін балалардың бастарына тақия-маскалар кажет: қаз, тауық, үйрек, күркетауық, әтеш.

- Балалар, біз бес топқа бөлінеміз, өздеріңе бір тақия-маскадан таңдап киіңдер. Тақия-маскалары бірдейлер бірге жиналыңдар.
- Жарайсыңдар!
- Біздің қаздар (үйректер, тауықтар, әтештер, күркетауықтар) қайда? Қайдасыңдар? (Біз мындамыз!) Жарайсыңдар!
- Мен суретті көрсетемін, ал топтағы балалар: «Мен істей аламын» деп, дауыстап айтасыңдар. Мен сендерге көмектесемін.
- Олай болса, бастайық!
1.

Қаздар:
Қаз қаңқылдайды: «Қаңқ-қаңқ-қаңқ!»
2.
Тауықтар: Тауық қытқылдайды: «Қыт-қыт-қыт!»
3.
Үйректер:
Үйрек барқылдайды: «Барқ-барқ-барқ!»
4.
Күркетауықтар.
Күркетауық күркілдейді: «Күрк-күрк-күрк!»
5.
Әтештер: «Ку-ка-ре-ку!»
Барлығы бірге:
- Айталмайды ол: «Көк-көк!»
- Жарайсыңдар!

Педагог:
- Ал енді, барлығымыз бірге көңілді әуен ырғағымен айтып
көрейік. Педагог вальс ырғағындағы әуенді қосады.

- Жарайсыңдар!
- Балалар, тауық та, әтеш те, үйрек те, қаз да, барлығы бір сөзбен қалай аталады? (Үй құстары.) Оларды үй құстары деп неге атаймыз? Иә. Олар адамның жанында, үйде өмір сүреді. Ешқайда ұшып кетпейді.
Уақыт мүмкіндік берсе, рөлдерге бөлінбей, барлығына бірге әнді айтқызуға болады.
Педагог балаларды орындарына шақырып, тақия-маскаларға арналған қорапты дайындайды.
Әрқайсы басындағы тақия-масканы шешіп, қорапқа салады да, өз орнына отырады.

**Есту зейініне арналған жаттығу. «Жыл құстары».**
Мақсаты. Есту зейінін, еске сақтауды дамыту.
Педагог:
- Балалар, сендердің естеріңде ме, ұйымдастырылған іс-әрекеттің басында нелердің дауысын естідіңдер?
Педагог жылы жаққа ұшып бара жатқан тырналардың дауысының аудиотаспасын тағы да қосады.

**Көркемсөз.**
Ұшасыңдар қалықтап,
Барар жерді анықтап,
Тырау, тырау,
тырналар. Көкті бүркеп
күзгі бұлт, Ысқырады
ызғырық,
Тырау, тырау, тырналар.
Қуаңданып атырап,
Сарғыш тартты атырап.
(А.Асылбек)
- Қалай ойлайсыңдар, балалар, өлең не туралы? Адам туралы ма? Жануарлар туралы ма? Ойыншықтар жайлы ма? (Құстар туралы ма?) Жарайсыңдар!
- Балалар, өлең үй құстары жайлы ма? Дұрыс. Қандай құстар туралы?
- Бұл өлең жыл құстары туралы. Бұл жыл құстары. Қайталаңдар.
Жарайсыңдар! Демонстрациялық сурет көрсету.

- Балалар, қазір мен тақпақты қайта оқимын, сендер мұқият тыңдаңдар.

Өлеңді мәнерлеп қайталайды.
- Балалар, өлеңдегі жыл құстары қалай аталады? (Тырна.) Дұрыс.
- Құстар жылы жаққа неге ұшып кетеді? (Себебі, қыс жақындап келеді). Жақсы. Олар қашан оралады? (Көктемде қайтып оралады.) Жарайсыңдар!
- Құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Құстар алысқа кетеді. Қайталаңдаршы. Жарайсыңдар!

**Көру зейініне арналған жаттығу. «Не бірінші? Не соңғы?»**
Мақсаты. Көру зейінін, еске сақтауды дамыту.
Суретті көрсету.
Педагог суреттерді орналастырады: тырна, қарлығаш, көкек, аққу.



- Балалар, мына суреттегі жыл құстарын есімізге сақтап алайықшы. Тырна, қарлығаш, көкек, аққу.
Балалар жеке-жеке және топпен қайталайды.
Педагог құстарды орналастыру ретін бірнеше рет ауыстырып, балаларға сұрақтар қояды:
- Не бірінші болды? Не соңғы болды?
Құстардың орналасу реттілігі өзгертілген нұсқалардың үлгісі.
1. Тырна, аққу, қарлығаш, көкек.
2. Қарлығаш, тырна, көкек, аққу.
3. Аққу, қарлығаш, көкек, тырна.
4. Көкек, қарлығаш, аққу, тырна.

**Еске сақтауға арналған сөздік жаттығу. «Еске сақта».**
Педагог:
- Балалар, жыл құстары да адамдар сияқты өз Отанын жақсы көреді, олар көктемде туған жерлеріне қайтып оралады. «Құртақандай торғай да, өз ұясын қорғайды» мақалы осыны білдіреді.
- Ұя - құстың үйі. Қане, есімізге сақтап алып, үйге барғанда айтып берейік.

**3. ҚОРЫТЫНДЫ**

**Материалды бекіту, қорытындылау.**
Педагог:
- Балалар, бүгін біз не жайлы айттық? (Құстар жайлы.) Жарайсыңдар!
- Құстар нешеге бөлінеді? (Үй құстары, жыл құстары.) Дұрыс.
- Үй құстары қайда өмір сүреді? (Олар үйде, адамның жанында өмір сүреді.) Ал, жыл құстары қайда ұшып кетеді? (Жылы жаққа ұшып кетеді.) Жарайсыңдар!
- Жыл құстары көктемде не үшін қайта оралады? Иә. Олар туған жерлерін сағынады. Біздің жеріміз - құстардың Отаны.
- Ал, Отан туралы қандай мақал білесіңдер? (Құртақандай торғай да, өз ұясын қорғайды.) Құстар да өз Отандарын жақсы көреді. Отанымыз - Қазақстанды сүйіңдер!
- Бүгін сендер өте зейінді, тату болдыңдар. Жарайсыңдар! Сау болыңдар.

## 9. Ұйымдастырылған іс әрекет ҚАЗАҚ ТІЛІ

## Тақырыбы: «Не қалай дыбыстайды? Үй жануарлары мен төлдері. Ақырын - қатты.»

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты**
Балалардың ұғымындағы үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейту, үй жануарлары төлдерінің атауларымен таныстыру; «қатты - ақырын» қимыл-әрекетінің белгілері жайлы түсініктерін қалыптастыру; жыл мезгілдері туралы білімдерін пысықтау.
**Сөздік жұмыс**
Сөздікке: жылқы, бұзау, торай, қозы, лақ сөздерін енгізу; кісінейді, мөңірейді, маңырайды, қорсылдайды, адамның жанында өмір сүреді, сүт береді, жүн береді сөздері мен сөз тіркестері арқылы сөздік қорларын арттыру.
**Әдіс-тәсілдер**
Бейнеролик көрсету, кіріспе әңгіме, көркемсөз, есту мен көру зейініне арналған сөздік жаттығу, драматизация негізінде лого-ырғақ, сәйкестендіруге арналған сөздік-логикалық жаттығу, фонемо-түзетушілік жаттығу, сөйлем модельдеу бойынша тізбекті суреттер тірегі негізінде сөздік жаттығу, материалды бекіту, қортындылау.
**Құрал-жабдықтар**
**1. Көрнекілік материалдар.**
Үй жануарларының демонстрациялық заттық суреттері: сиыр, жылқы, қой, шошқа, ешкі.
Үй жануарлары төлдерінің демонстрациялық заттық суреттері: бұзау, құлын, торай, қозы, лақ.
Демонстрациялық суреттер:
- сиыр, қаз, жылқы, шошқа, қой, тиін, лақ;
- сиыр, жылқы, шошқа, қой, лақ.

Үй жануарлары мен төлдерінің жұпта тұрған суреттер:
- сиыр - бұзау;
- жылқы - құлын;
- шошқа- торай;
- қой - қозы;
- ешкі - лақ.

Сөйлем құрастыруға суретті-нұсқалар:
«Сиыр сүт береді.»
«Ешкі жүн мен сүт береді.»
«Қой жүн мен ет береді.»
«Жылқы қымыз бен ет береді.»
«Жылқы арбамен жүк тасиды.»
«Адамдар жылқыға мінеді.»
**2. Үлестірмелі материалдар.**
Үй жануарлары төлдерінің тақия-маскаларының таратпалы жиынтықтары: құлын, лақ, бұзау, торай, қозы.
**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысы**
**1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**
**Жаттығу. «Кел, сәлемдесейік!»**
**Бейнеролик көрсету.**
Педагог үй жануарлары туралы бейнеролик көрсетеді.
**«Қайырлы таң!» Bilimland Kids.**

Педагог:
– Балалар, бұлар нелер? Бұлар үй жануарлары. Қане, балалар, қайталайықшы. Жарайсыңдар!
– Оларды үй жануарлары деп неге атаймыз? Иә. Олар адамның жанында өмір сүреді.
Қане, балалар, қайталайықшы. Жарайсыңдар!
**Көркемсөз.**
Қозы бар,
Құлын бар.
Желпілдеген тұлым бар.
Бұзау бар,
Лақ бар.
Сылдырар бұлақ бар ...
(Қ. Мырзалиев)
– Тақпақ не туралы?
– Үй жануарлары туралы.
**2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**
**Көру мен есту зейініне арналған сөздік жаттығу.**
**«Үй жануарларын ата, есіңе сақта».**
Педагог үй жануарларының көрнекі (заттық) суреттерін дайындайды: сиыр, жылқы, шошқа, қой, ешкі.
Жаттығуға үй жануарлары төлдерінің суреттері қажет: бұзау, құлын, торай, қозы, лақ.
Педагог үй жануарларын және оларға жататын кейбір нысандарды еркін тәртіпте орналастырады.

– Балалар, сендер тақпақты мұқият тыңдадыңдар ма? Өздерің естіген үй жануарларын ғана атап, орналастыру керек.
Педагог балаларға үй жануарларын атап, еркін жүйеде орналастыруға мүмкіндік береді.
Жаттығудың соңында тиін мен қаз үй жануарлары емес екендігі анықталады.

Балалардың жауаптары:
– Мынау сиыр. Мынау жылқы. Мынау шошқа. Мынау қой. Мынау ешкі.
– Жарайсыңдар! Қане, балалар, қайталайық! Сиыр, жылқы, шошқа, қой, ешкі - үй жануарлары.

Педагог балаларды ашық алаңға шақырады.
Педагог артикуляцияға сәйкес өлеңді оқиды.
Күні бойы аулада,
Ән салады бары да.
– Бәә! Бәә! - бақырады ешкі.
– Қорс! Қорс! - қорсылдайды торай.
– Мөө! Мөө! - мөңірейді сиыр.
– Мәә! Мәә! - маңырайды қой.
– Иии! Иии! - жылқы кісінейді,
– Ненің дауысы, кім біледі?

Өлең сөздерін әуен ырғағымен айтпас бұрын, педагог балалармен жарыс-жаттығу өткізеді. Педагог сандық мөлшерлері бірдей үй жануарлары төлдерінің бетперделерін үстелүстіне қояды: құлын, лақ, бұзау, торай, қозы. Бетперделер саны, балалар өздеріне ұнаған үйжануарының төлін таңдап алу үшін жеткілікті болуы керек.

Топтағы жұмыстың бастамасы ретінде педагог кез келген үй жануарының заттық суретін көтеріп көрсетеді: ешкі, шошқа, сиыр, қой, жылқы.
– Балалар, біз бес топқа бөлінейік. Ол үшін сендер бір бетперде таңдап алуларың керек. Кімнің бетпердесі бірдей болса, солар бірге жиналыңдар.
Педагог топ мүшелерінің бірдей бетпердеде болуын қадағалайды.
– Жарайсыңдар!
– Балалар, мен сендерді төлдердің атауымен шақырамын.
– «Лақтар» тобы («торайлар», «бұзаулар», «қозылар», «құлындар»), сендер қайдасыңдар?! (Біз мындамыз!) Жарайсыңдар!
– Мен суретті көрсетсем, топ сөздерін айтады. Мен сендерге көмектесемін.
– Мен қолдарымды дирижер сияқты сермеп тұрсам, бәріміз бірге айтамыз.
Бастайық! Барлығы бірге:
Күні бойы аулада,
Ән салады барлығы да.

Лақтар:
- Бәә! Бәә! - бақырады ешкі.

Торайлар:
- Қорс! Қорс! - қорсылдайды торай.

Бұзаулар:
- Мөө! Мөө! - мөңірейді сиыр.

Қозылар:
- Мәә! Мәә! - маңырайды қой.

Құлындар:
- Иии! Иии! - кісінейді
жылқы. Барлығы бірге:
- Ненің дауысы, кім біледі?
- Жарайсыңдар!

Педагог:
– Ал енді, балалар, көңілді әуен ырғағымен бәріміз бірге айтып көрейік. Педагог вальс ырғағындағы әуенді қосады.
– Жарайсыңдар, балалар, тамаша!
– Балалар, мына жануарларды қалай айтамыз? (Үй жануарлары.) Жарайсыңдар! Олар адамның қасында өмір сүреді. Қайталайықшы. Жақсы. Педагог балаларды орындарына шақырады, бірақ балалар бетперделерді шешпейді.

**Сәйкестендіруге арналған сөздік-логикалық жаттығу. «Төлін тап.»**
Педагог:
– Балалар, кімнің есінде қалды? Мен сендердің топтарыңды қалай атадым? (Құлындар, лақтар, бұзаулар, торайлар, қозылар.) Жарайсыңдар!
– Балалар, бұлардың барлығы үй жануарларының төлдері.
– Барлығың бетперделеріңді шешіңдер. Бері қараңдаршы.

Педагог үй жануарларының қастарында бос орын қалатындай орналастырады. Не болмаса, үй жануарларын жоғарғы жаққа орналастырып, балалар төлдерін төменгі жақтағы енесіне сәйкестендіріп, бәрін жұптастырып қояды.

– Балалар, мынау не? (Мынау сиыр). Сиырдың төлі ... (Бұзау.) Жарайсың, Перизат! Қане, Перизаттың артынан қайталайық. (Сиырдың төлі бұзау.) Жарайсыңдар! Нұрбек, бұзауды тапшы. Сиырда не? (Сиырда бұзау бар.) Жарайсың!

– Балалар, мынау не? (Мынау жылқы.) Жылқының төлі ... (Құлын.) Жарайсың, Төлеген! Қане, балалар, Төлегеннің артынан қайталайық. (Жылқының төлі құлын). Жарайсыңдар! Динара, құлынды тапшы. Жылқыда не? (Жылқыда құлын бар.) Жарайсың!

– Балалар, мынау не? (Мынау қой.) Қойдың төлі ... (Қозы.) Жарайсың, Сымбат! Қане, Сымбаттың артынан қайталайықшы. (Қойдың төлі - қозы.) Жарайсыңдар! Әмір, қозыны тапшы. Қойда не? (Қойда қозы бар.) Жарайсың!

– Балалар, мынау не? (Мынау шошқа.) Шошқаның төлі ... (Торай.) Жарайсың, Тахмина! Қане, Тахминаның артынан қайталайық. (Шошқаның төлі торай.) Жарайсыңдар! Руслан, торайды тапшы. Шошқада не? (Шошқада торай бар.) Жарайсың!

– Балалар, мынау не? (Мынау ешкі.) Ешкінің төлі ... (Лақ.) Жарайсың, Тимур! Қане, Тимурдың артынан қайталайықшы. (Ешкінің төлі лақ.) Жарайсыңдар! Мадина, не қалды? Ешкіде не?
(Ешкіде лақ бар.) Жарайсың!

– Жарайсыңдар! Барлық үй жануарларының төлдерін тауып бердік.

**Фонемо-түзетушілік жаттығу. «Ақырын - қатты».**

Педагог:

- Балалар, қазір біз үй жануарларының дауыстарын ең бірінші баяу, содан кейін жарты дауыста, ең соңында қатты дауыста айтамыз.

Педагог қайтадан вальс әуеніндегі аудиотаспаны қосады.

Педагог балалармен жаттаған лого-ырғақты әннің сөздерін қайталайды.

1. АҚЫРЫН.

Күні бойы аулада,
Ән салады барлығы да.
– Бәә! Бәә! Ешкі бақырады.
– Қорс! Қорс! Торай қорсылдайды.
– Мөө! Мөө! Сиыр мөңірейді.
– Мәә! Мәә! Қой маңырайды.
– Иии! Иии! Жылқы кісінейді.
– Ненің дауысы, кім біледі?

2. АҚЫРЫН.

3. ҚАТТЫ.

4. ЖАРТЫ ДАУЫС.

– Жарайсыңдар!

– Әнді қандай дауыста айттық? Жарты дауыста, ақырын, қатты. Педагог әр балаға жеке жауап беруге мүмкіндік береді.

**Сөйлем модельдеу бойынша тізбекті суреттер тірегі негізінде сөздік жаттығу. «Не береді?»**

Педагог:
– Балалар, үй жануарлары адамдарға пайдасын тигізеді.
– Олардың қандай пайдасы бар? Не береді? Көрейік.
Педагог талқылау бойынша логикалық тізбекке сәйкес тірек суреттерді қойып отырады.
Сиыр - шелектегі сүт - ет.
Ешкі - жүн - шелектегі сүт.
Қой - жүн - ет.
Жылқы - шелектегі қымыз - ет.

«Сиыр сүт береді.»

«Ешкі сүт пен жүн береді.»

«Қой сүт пен жүн береді.»

«Жылқы қымыз бен ет береді».
– Балалар, жылқының тағы қандай пайдасы бар?

- Ия. Жылқы жүк тасиды. Адамдар жылқыға мініп шабады.

– Үй жануарларының бізге берер пайдасы мол. Оларды жақсы көру керек.

**3. ҚОРЫТЫНДЫ**

**Материалды бекіту мен қорытындылау.**

Педагог:
– Балалар, бүгін не жайлы айттық? (Үй жануарлары жайлы айттық.) Жарайсыңдар!
– Оларды үй жануарлары деп неге атаймыз? (Олар адамның қасында өмір сүреді. Адамдарға пайдасын тигізеді.) Жарайсыңдар!
– Қандай төлдерді естеріңе сақтадыңдар? Балалардың жауаптары.
– Қай жануардың, қандай пайдасы бар екені кімнің есінде? Балалардың жауаптары.
– Балалар, үй жануарлары қалай дыбыстайды? (Жылқы кісінейді. Шошқа қорсылдайды. Сиыр мөңірейді. Қой маңырайды). Дәл солай! Жарайсыңдар!
– Балалар, маған сендердің тату ойнап, көңілді ән салып, әдепті болғандарың ұнады. Үй жануарларына қамқор болыңдар. Жарайсыңдар! Сау болыңдар.

## 10. Ұйымдастырылған іс әрекет
## ҚАЗАҚ ТІЛІ

**Тақырыбы: «Көліктер». Қала мен ауыл. Көп - аз.**

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты**

Балалардың ұғымындағы көлік түрлері, олардың ерекшеліктері мен қозғалыс ортасы туралы білімдерін кеңейту; «қала» мен «ауыл», сондай-ақ, «аз» және «көп» мөлшерлік ұғымдарын, «тез - баяу» әрекет белгілерін, қарт адамдарға деген құрмет пен қамқорлық түсініктерін дамыту.

**Сөздік жұмыс**

Сөздікке: әуе көліктері, жерүсті көліктері, су көліктері, қала, ауыл сөздері мен сөз тіркестерін енгізу; қалада көп, ауылда аз, «Ата, отырыңыз. .., біз қалаға тез барамы» сөз тіркестері мен сөйлемі арқылы сөздіктерін арттыру.

**Әдіс-тәсілдер**

Таңғажайып сәт, көркемсөз, жұмбақ, заттарды ортақ қасиеттері бойынша топтастыруға арналған сөздік жаттығу, ым-ишара негізінде сөзді-ырғақты жаттығу, сәйкестендіру негізінде сөйлем модельдеу жаттығуы, жағдаят негізінде сөйлем модельдеу жаттығуы, материалды бекіту, қортындылау.

**Құрал-жабдықтар**

**1. Көрнекілік материалдар.**
Көрнекіліктерге арналған тақта, көрсеткіш.
Демонстрациялық сурет: ата, Алан мен Дана.
Демонстрациялық сурет тех. орта: жер, әуе, су.
Көлік түрлерінің д, кеме, қайық.
Көлік түрлерін ерекшеліктері мен қозғалыс ортасына қарай топтастыруға арналған сызбалық суреттер.
Ауыл мен қала бейнеленген демонстрациялық суреттер.
Орташа қарқынды, ырғақты әуен, аудиотаспа.

**2. Үлестірмелі материалдар.**
Көлік түрлері бейнеленген таратпалы заттық-суреттер: жеңіл мәшине, мотоцикл, велосипед, автобус, ұшақ, тікұшақ, кеме, қайық.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты**

**1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

**Жаттығу. «Кел,**

**сәлемдесейік!» Ғажайып сәт.**
Педагог балаларға ата, Алан мен Дананың суретін көрсетеді.

- Сәлеметсіз бе, ата!
Балалар кейіпкерлермен амандасады.
Ата:

- Сәлеметсіңдер ме! Сендер мені таныдыңдар ма?
- Мен немерелерімді сағынып кеттім. Ауылдан қалаға барайын деп едім. Атқа мініп барайын десем, үйдегі әже жібермейді. Қала өте алыс қой. Жаяу жете алмай қалатыныма алаңдайды. Балалар, маған не керек?

**Жұмбақ.**
Кеудесінде жаны жоқ,
Тамырында қаны жоқ:
Май жейді,
Су ішеді.
Мотормен жүреді? (Мәшине.)
- Балалар, жұмбақ не жайлы? Кім біледі? Неде мотор бар? (Мәшинеде мотор бар.) Жарайсыңдар!
- Қане, балалар, атаға көмектесейік. Ауылдан қалаға баяу емес, жылдам жетуге көмектесейік.

**2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

**Заттарды ортақ қасиеттері бойынша топтастыруға арналған сөздік жаттығу. «Жерүсті, су, әуе көліктері».**
Жаттығуды ұйымдастырудың алдында педагог тақтаға немесе қағаз бетіне көлік түрлері үшін қажетті орта әзірлейді: әуе (аспан), жер, су.

Көлік түрлерінен бір-бірінен алшақ орналастырады.
Жаттығуды сандық форматта да ұйымдастыруға болады, ол үшін слайд әзірлеу қажет.
Педагог көлік түрлерінің көрнекі (заттық) суреттерін дайындайды: жеңіл мәшине, мотоцикл, велосипед, автобус, ұшақ, тікұшақ, кеме, қайық.

- Балалар, суреттерді атайықшы.
- Ержан, келе ғой. Бір суретті таңдашы.

- Мынау не? (Мынау мәшине). Дұрыс. Балалар, Ержанның артынан қайталайықшы. (Мынау мәшине). Жарайсыңдар!
- Мәшине қай жердің үстімен жүреді (ым-ишара арқылы көмек көрсету)? (Мәшине жердің үстімен жүреді.) Мәшинені жерге орналастыр. Жарайсың!

- Шолпан, бір суретті таңда.

- Мынау не? Мынау қайық. Қайталашы. Дұрыс. Балалар, Шолпанның артынан қайталайықшы. (Мынау қайық.) Жарайсыңдар!
- Қайық қай жермен жүреді (ым-ишара арқылы көмек көрсету)? (Қайық суда жүзеді.) Қайықты суға орналастыр. Жарайсың!

- Самат, сурет таңдашы.

- Мынау не? (Мынау тікұшақ.) Дұрыс! Балалар, Саматтың артынан қайталайықшы. (Мынау тікұшақ.) Жарайсыңдар!
- Тікұшақ қай жермен жүреді (ым-ишара арқылы көмек көрсету)? (Тікұшақ әуеде ұшады.) Тікұшақты әуеге орналастыр. Жарайсың!

Балалар осы тәртіппен ортаға шығады, заттарды таңдайды, атайды және сәйкес ортаға орналастырады.
Жаттығу соңында педагог көліктер мен әр ортаны белгілеп, балалармен бірге қорытынды жасайды.



- Мынау жерүсті көліктері. Қайталайық.



- Мынау су көліктері. Қайталайық.



Мынау әуе көліктері. Қайталайық.
- Жарайсыңдар!

**Ым-ишара негізінде сөзді-ырғақты жаттығу. «Қане, көрсет.»**
Педагог:
- Балалар, ал енді көліктердің қалай қозғалатынын елестетіп көрейік.
Педагог балалармен бірге көліктің қозғалу ерекшеліктерін қарастырады.
Уақыт жеткіліксіз болса, жаттығуды бірден әуен ырғағымен орындайды.
Педагог балаларды ашық кеңістікке шеңбер құрып тұруға шақырады. Қимылды шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүріп отырып қайталайды.

Ұшақ ұшып келеді, қане, көрсетші. (қолды екі жаққа созу, денені екі жаққа қозғалту)
Мәшине жүріп келеді, көрсетші. (рөлді айналдырған қимыл көрсету)
Пароход жүзіп келеді. Қане, көрсетші. (алақанды қосып, қолды толқын тәрізді екі жаққа ирелеңдету)
Мотоцикл жүріп келеді. Қане, көрсетші. (екі қолды жұдырыққа түю, қолды кезек-кезек екі жаққа бұру)

Тікұшақ ұшып келеді. Қане, көрсетші. (қол екі жаққа созу, денені екі жаққа қозғалту)
Велосипед жүріп келеді. Қане, көрсетші. (рөлді айналдырған қимыл істеу, денені екі жаққа теңселту)
Катер жүзіп келеді. Қане, көрсетші. (алақанды қосып, толқын тәрізді қолды екі жаққа ирелеңдету)
Автобус жүріп келеді, Қане, көрсетші. (рөлді айналдырған қимыл істеу)
Орташа қарқындағы ырғақты әуен қосылады.

Сөздер еркін айтылады. Әуеннің дауысын ақырындатып қоюға болады.

**Сәйкестендіру негізінде сөйлем модельдеу жаттығуы «Қалада көп, ауылда аз».**
Педагог қала мен ауыл бейнеленген екі көрнекі суретті көрсетеді.
____

Педагог көрсеткішті қолданады. Қала жайлы айтқанда нұсқап тұрады. Ауыл жайлы айтқанда, ауылға нұсқайды.
- Балалар, сендер таныдыңдар ма? Мынау не? Иә. Мынау қала. Мынау ауыл. Қайталаймыз.
- Кім есіне сақтады? Мынау не? (Мынау қала. Мынау ауыл.) Жарайсыңдар!
- Қала мен ауыл бір-біріне ұқсай ма?
- Қалада үйлер бар ма? (Қалада үйлер бар.) Жақсы.
- Ауылда үйлер бар ма? (Ауылда үйлер бар.) Дұрыс.
- Ауыл мен қалада қанша үй? Көп пе, аз ба? (Қалада үй көп, ауылда үй аз.)
Жарайсыңдар! Педагог қол қимылымен «аз» және «көп» ұғымдарының мөлшерін көрсетеді.
- Қалада көліктер бар ма? (Қалада көліктер бар.) Жақсы.
- Ауылда көліктер бар ма? (Ауылда көліктер бар.) Дұрыс.
- Қалада, ауылда көліктер қанша? Көп пе, аз ба? (Қалада көлік көп, ауылда көлік аз.) Жарайсыңдар!
- Қалада адамдар бар ма? (Қалада адамдар бар.) Жақсы.
- Ал, ауылда адамдар бар ма? (Ауылда адамдар бар.) Дұрыс.
- Ауыл мен қалада қанша адам? Көп пе, аз ба? (Қалада адам көп, ауылда адам аз.) Жарайсыңдар!
- Олай болса, балалар, қала мен ауыл бір-біріне ұқсамайды. Қалада адамдар, көліктер, үйлер көп. Ауылда адамдар, көліктер, үйлер аз.
- Атаны Алан мен Данаға қонаққа апару керек.

**Жағдаят негізіндегі ойын. «Біз қалаға тез жетеміз» сөйлем модельдеу жаттығуы.**Әр балаға өздеріне бір суретті (ойыншық) таңдап алуға мүмкіндік береді. Ол оны көмек құралы ретінде ұсына алады.

Педагог әр суреттің бірнеше көшірмесі болатынын қарастырып қояды. Суреттер саны балалардың барлығына жететіндей мөлшерде болу керек. Балалардың таңдауына мүмкіндік беру үшін заттардың артығы қалу керек.



- Балалар, әрқайсыңның қолдарыңда не бар? (Көлік бар.) Дұрыс.
- Қазір мен атаға қалаға баруды
ұсынамын. Педагог атаның суретін
көрсетіп:
- Ата, мәшинеге отырыңыз. Біз қалаға тез жетеміз!
- Сендер де осылай айтасыңдар.
- Қане, бірінші қайталайық. «Ата, ... отырыңыз. Біз қалаға тез жетеміз!»
Педагог әр баланың қасына келіп сұрайды немесе балалар қалаулары бойынша ортаға шығып жауап береді.
«Ата, велосипедке отырыңыз (мотоциклге, автобусқа, ұшаққа, тікұшаққа). Біз қалаға тез барамыз!»
Педагог ата үшін жауап береді:
- Рақмет саған!
Тапсырманы орындау барысында балалардың назарын катер мен пароходты таңдаған кезде онымен жүріп бара алмайтындарына аудару керек. Себебі, олар су көліктері.
- Ажар, пароход жолмен жүре ме? (Жүрмейді.) Дұрыс. Сол үшін жер үсті көлігін таңда. Жарайсың!
- Атаға не айтасың? (Ата, мәшинеге отырыңыз, біз қалаға жылдам жетеміз.) Жарайсың!
- Санжар, катер жолмен жүре ме? (Жүрмейді.) Дұрыс. Сол үшін жерүсті көлігін таңда. Жарайсың!
- Сен атаға не дейсін? (Ата, мотоциклге отырыңыз. Біз қалаға жылдам жетеміз!) Жарайсың!
- Балалар, ата өте қуанышты. Ол қалаға жылдам жетті. Тамаша!

**3. ҚОРЫТЫНДЫ**

**Материалды бекіту мен қорытындылау.**
Педагог:
- Балалар, бүгін біз кімге көмектестік? (Атаға көмектестік.) Не үшін? (Ата, Алан мен Данаға барды.) Дұрыс.
- Ата қайда барды? (Ата қалаға барды.) Қайдан барды? Қайдан ... (Ауылдан.) Жарайсыңдар! Ауыл мен қала бірдей ме? Неге? (Қалада үйлер көп, ал ауылда аз.) Жақсы байқадыңдар.
- Біз атаға қалай көмектестік? (Атаны қалаға апардық.) Жарайсыңдар!
- Айтыңдаршы, балалар, атаны қалаға немен
апардық? Балалардың жауаптары.
- Айтыңдаршы, балалар, олардың барлығын бір сөзбен қалай айтамыз?
(Көліктер.) Жарайсыңдар!
- Көліктерді қандай үш бөлікке бөлдік? (Жерүсті, су, әуе.) Көліктерді үшке неге бөлдік? Олар қозғалады ... (Жермен, әуемен, сумен.) Дұрыс айтасыңдар.
- Балалар, ата көмектеріңе қуанып
қалды. Ата:
- Балалар, көп рақмет! Сау
болыңдар! Педагог:
- Сендер бүгін өте мұқият, мейірімді болдыңдар. Атаға көмектестіңдер.
Жарайсыңдар, балалар! Сау болыңдар.

## 11. Ұйымдастырылған іс әрекет
## ҚАЗАҚ ТІЛІ

**Тақырыбы: «Жабайы аңдар және балалары». Жылдам-баяу.**

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты**

Балалардың ұғымындағы жабайы аңдар туралы түсініктерін кеңейту; жабайы аңдардың балаларының (төлдерінің) атауларымен таныстыру; «жылдам - баяу» қимыл-әрекеті жайлы түсініктерін қалыптастыру; ормандағы жабайы аңдардың тіршілігі жайлы туралы бекіту.

**Сөздік жұмыс**

Сөздікке: көжек, жәудір, бөлтірік, қонжық, тез, баяу сөздерін енгізу; жабайы аңдар, орманда тұрады, түлкіде жәудір, аюда қонжық, қоянда көжек, қасқырда бөлтірік сөз тіркестері арқылы сөздік қорларын молайту.

**Әдіс-тәсілдер**

Аудиотаспа тыңдау, көркемсөз, көлеңкелі театр негізінде сәйкестендіруге сөздік жаттығу, рөлдік атау мен ым-ишара негізінде диалог жаттығуы, сәйкестендіруге арналған сөзді-логикалық жаттығу, зейінге арналған сөздік-қимылды ойын жаттығу, материалды бекіту, қортындылау.

**Құрал-жабдықтар**

**1. Көрнекілік материалдар.**
Қала көшелері, ауыл, орман атмосферасын бейнелейтін аудиотаспалар.
Көлеңкелі суреттер: қасқыр, түлкі, аю, кірпі, тиін, қоян.
Түрлі түсті заттық суреттер: қасқыр, түлкі, аю, кірпі, тиін, қоян.
Демонстрациялық сурет: «Жабайы аңдар» (қасқыр, түлкі, аю, кірпі, тиін, қоян). Сурет-сызба: жабайы аңдар бір сызықта - қасқыр, түлкі, аю, кірпі, тиін, қоян.
Сурет-сызба: жабайы аңдардың балалары бір сызықта - бөлтірік, жәудір, қонжық, кірпі, тиін, көжек.
Аңдар мен олардың балалары жұптарының демонстрациялық суреттері:
- қасқыр - бөлтірік;
- түлкі - жәудір;
- аю - қонжық;
- кірпі - кірпі;
- тиін - тиін;
- қоян - көжек.
Жабайы аңдардың қозғалысына қарай жылдам немесе баяу қарқынды әртүрлі аудиотаспалар.

**2. Үлестірмелі материалдар.**
Балаларға арналған таратпалы тақия-маскалар жиынтығы: бөлтірік, жәудір, қонжық, кірпі, тиін, көжек.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысы**

**1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

**Жаттығу. «Қане, амандасайық!»**

**Аудиотаспа тыңдау.**
Орман атмосферасының аудиотаспасы.

Педагог:
- Балалар, естідіңдер ме? Біз қайда келдік?

**Көркемсөз. Жұмбақ.**
Педагог мнемокарточкалар қолданады.
Қабырғасы көп ағаш,
Керегесі - жапырақ. (үй, қабырғалары шырша, қарағай - тізбектелген)
Шаңырағы - көк аспан, (астыңғы сызық бойымен көк толқынды ирек, құрт тәрізді.
Іші-думан, атырап, (көлеңке - ағаштың арғы жағында құлақ бейнеленген, қасында қашып бара жатқан қоянның бейнесі)
Ыңыранған, ұлыған,
Жабайылар дыбысы. (көлеңке - басын жоғары көтерген қасқырдың бейнесі)
Жатқандай бір кеміріп, (жақын - сирақ пен тіс, жаңғақ кемірген)
Тәтті нанның бұрышын.
(Д.Қ Бұланбаева)
Педагог:
- Балалар, бұл қандай жер?
- Бұл қала ма?

- Бұл ауыл ма?

- Жоқ. Бұл орман. Дұрыс. Мынау орман. Қайталайық. Мынау орман.

- Бұл жер қандай тыныш! Солай ғой?
- Ал, орманда нелер тұрады? Қане, көрейік.
Уақытты үнемді пайдалану үшін педагог керек үзіндіні ғана таңдап алып, балаларға 10-15 секунд тыңдатады.

**2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

**Көлеңкелі театр негізінде сәйкестендіруге арналған сөздік жаттығу. «Жабайы аңдар».**
Педагог жаттығуды ұйымдастыру алдында жабайы аңдардың көлеңкелі және түрлі түсті суреттерін дайындайды.
Заттық көлеңкелі суреттер: қасқыр, түлкі, қоян, аю, кірпі, тиін.
Түрлі түсті заттық суреттер: қасқыр, түлкі, қоян, аю, кірпі, тиін.

- Балалар, мынау не? Мынау қоян. Қане, балалар, қайталайықшы. (Мынау қоян.) Тексерейік.

- Мансұр (Маржан), мынау не? (Мынау қоян.) Жауапты дұрыс таптыңдар.
- Қоянның құлағы ұзын. Қайталайық. Жарайсыңдар!
Педагог балалардың назарын құлақтың ұзындығына аударады.

- Балалар, мынау не? Мынау қасқыр. Қане, қайталайық. (Мынау қасқыр.) Тексерейік.

- Рахим (Айзере), мынау не? (Мынау қасқыр). Дұрыс таптыңдар.
- Қасқырдың азуы үлкен. Қайталайық. Жарайсыңдар!
Педагог балалардың назарын қасқырдың тұмсығына аударады.

- Балалар, мынау не? Мынау аю. Қане, қайталайық. (Мынау аю.) Тексерейік.

- Елдар (Раушан), мынау не? (Мынау аю). Жауабын дұрыс таптыңдар.
- Аю үлкен. Қайталайық. Жарайсыңдар!
Педагог балалардың назарын аңдардың дене пішіні мен көлеміне аударады.

- Балалар, мынау не? Мынау түлкі. Қане, балалар, қайталайықшы. (Мынау түлкі.) Тексеріп көрейік.

- Алия (Талғат), мынау не? (Мынау түлкі.) Дұрыс таптыңдар.
- Түлкінің құйрығы. Қайталайықшы. Жарайсыңдар!
Педагог балалардың назарын түлкінің құйрығының ұзындығы мен көлеміне аударады.

- Балалар, мынау не? Мынау кірпі. Қане, балалар, қайталаймыз. (Мынау кірпі.) Қайталайық.

- Қанат (Мадина), мынау не? (Мынау кірпі.) Дұрыс таптыңдар.
- Кірпінің инелері үшкір. Қайталайық. Жарайсыңдар!
Педагог балалардың назарын кірпінің басы мен арқасындағы инелердің үшкірлігіне аударады.

- Балалар, мынау не? Мынау тиін. Қане, балалар, қайталайықшы. (Мынау тиін.) Тексерейік.



- Нұргүл (Мирас), мынау не? (Мынау тиін.) Дұрыс таптыңдар.
- Тиіннің тісі мықты. Қайталайық. Жарайсыңдар!
Педагог балалардың назарын түлкі құйрығының ұзындығы мен көлеміне аударады.
- Жарайсыңдар, тамаша! Барлығын таптыңдар.
Педагог жабайы аңдардың суретін көрсетеді: қасқыр, аю, түлкі, тиін, кірпі, қоян.

  

Демонстрациялық суреттер: қасқыр, аю, түлкі, тиін, кірпі, қоян - жабайы аңдар. Қайталайық. Еске сақтайық.

Педагог әр жабайы аңды атап, оны көрсеткішпен нұсқайды, кейін барлық аңдарды топтап қоршайды.

**Рөлдік атау мен ым-ишара негізінде диалог жаттығу: «Не, қандай?»**
**2.1.1.**
Педагог:
- Балалар, жабайы аңдарды қаншалықты білетіңдеріңді тексеріп
көрейік. Менімен бірге сөздер мен іс-қимылдарды қайталаңдар.
Аңдардың атауын бағдарлау ыңғайлылығы үшін көлеңкелі бейнелерді сызба түрінде қолдану керек.

Педагог пен балалардың дауыстары анық естілуі үшін, әуеннің дыбысын сәл басып қою керек.

- Ненің құйрығы үлпілдек? (Түлкінің.) (құйрықты бұлғаңдатқан қимыл көрсету, қол білектерін алдыға кезек-кезек жылжыту)
- Ненің табаны үлкен? (Аюдың.) (қорбаңдап жүру)
- Ненің азуы үлкен? (Қасқырдың.) (тістерін көрсету, саусақ араларын ашып, қолды алдыға созу)
- Ненің құлағы ұзын? (Қоянның.) (қолдарын төбелеріне қою)
- Ненің тісі мықты? (Тиіннің.) (тістерін тықылдату)
- Ненің арқасы тікенек? (Кірпінің.) (бір орында бүкрейіп жүгіру)

**2.2.2.**
Педагог:
- Жарайсыңдар. Ал енді, керісінше, аңның қандай екенін айтып көрейік.
- Түлкінің құйрығы қандай? (Құйрығы үлпілдек.)
- Аюдың табаны қандай? (Табаны үлкен.)
- Қасқырдың азуы қандай? (Азуы үлкен.)
- Қоянның құлағы қандай? (Құлағы ұзын.)
- Тиіннің тісі қандай? (Тісі мықты.)
- Кірпінің арқасы қандай? (Арқасы тікенек.)

**2.2.3.** Үшінші ретінде балалар еркін қозғалып, қалаған аңдарын келтіреді.

**Сәйкестендіруге арналған сөзді-логикалық жаттығу «Неде, не бар?»**
Педагог:
- Адамдарда балалары болатыны сияқты, аңдардың да балалары бар. Балалары.
Қайталаймыз. Жарайсыңдар! Бірақ, қайсы, ненің баласы екені белгісіз.
- Қане, жабайы аңдардың балаларын тауып берейікші.
Педагог жабайы аңдардың әрқайсының қасында бос орын қалатындай орналастырады немесе аңдарды үстіңгі жолаққа орналастырып, ал балаларына астыңғы жолаққа орын қалдыру керек. Балалар біртіндеп жұп құрайды.

Педагог балаларға жабайы аңдардың балаларының тақия-маскасын таңдап алуды ұсынады.
- Балалар, аңдардың балалары адасып кетіпті. Балалардың тақия-маскасын таңдап алыңдар.
Оны кимей, қолдарыңа ұстап отырыңдар.
Тақия-маскалар алты түрлі болады, олардың саны бала санына сәйкес болу керек. Бөлтірік, жәудір, қонжық, кірпі, тиін, көжек.

- Енді, тақия-маскалары бірдей балалар бір жерге жиналыңдар!
Балалар жиналғаннан кейін, педагог бір аңның баласын атап, аталғандарды бір топқа жиналуды ұсынады.
- Бөлтіріктер! Бір-біріңе жақындап отырыңдар. Жарайсыңдар! Жәудірлер! Қонжықтар! Кірпілер! Тиіндер! Көжектер! Жарайсыңдар!
Барлық балалар отырып болғаннан кейін, педагог қайта сұрайды:
- Балалар, мынау кім? (Мынау қасқыр.) Қасқырдың баласы ... бөлтірік. Қане, балалар, қайталайық. (Бөлтірік.) Жарайсыңдар!



- Тағы да айтайықшы. Қасқырда бөлтірік. Жарайсыңдар!
- Балалар, мынау не? (Мынау түлкі.) Түлкінің баласы ... (жәудір). Қане, балалар, қайталайық. (Жәудір.) Жарайсыңдар!



- Тағы да қайталайықшы. Түлкіде жәудір. Жарайсыңдар!
- Балалар, мынау не? (Мынау аю.) Аюдың баласы ... қонжық. Қане, балалар, қайталайық. (Қонжық.) Жарайсыңдар!



- Тағы, бір рет айтайық. Аюда қонжық. Жарайсыңдар!
- Балалар, мынау не? (Мынау кірпі.) Кірпінің баласы ... кірпі. Қане, балалар, қайталайық. (Кірпі.) Жарайсыңдар!



- Тағы бір рет айтайықшы. Кірпіде кірпі. Жарайсыңдар!
- Балалар, мынау не? (Мынау тиін). Тиіннің баласы ... (тиін). Қане, балалар, қайталайық. (Тиін.) Жарайсыңдар!



- Тағы да қайталайық. Тиінде - тиін. Жарайсыңдар!
- Балалар, мынау не? (Мынау қоян). Қоянның баласы ... көжек. Қане, қайталайық. (Көжек.) Жарайсыңдар!

- Тағы бір рет айтайық. Қоянда - көжек. Жарайсыңдар!
- Міне, жарадыңдар! Барлығының баласы табылды.
- Қарап тұрсам, аңдардың балалары көп екен.

**Зейінге арналған сөздік-қимылды ойын жаттығуы. «Жылдам - баяу».**
Педагог:
- Қазір, мен сендерден кім екендеріңді сұраймын. Сендер кімсіңдер? Сендер ортаға шығып жауап бересіңдер. Келістік пе?!
Педагог «көжектерге» қарап («қонжық», «кірпінің балалары», «тиіннің балалары», «жәудірлер», «бөлтіріктер»), сұрақтар қоя бастайды:
- Сендер нелерсіңдер?! (Көжектер! Қонжықтар! Кірпінің балалары! Тиіннің балалары! Жәудірлер! Бөлтіріктер!)
- Жарайсыңдар!
- Ал енді, балалар, үлкен шеңбер жасап тұрыңдар.
- Балалар, біз жылдам және баяу қозғалатын боламыз (ым-ишара көрсету)
- Балалар, түлкі, қасқыр, аю, кірпі, тиін, қоянның қалай қозғалатыны естерінде ме? Мұқият болыңдар.
Педагог әртүрлі қарқындағы әуендердің аудиотаспасын қосады:

Педагог шыққан әр топтан сұрайды:
- Сендер қалай қозғалдыңдар? Жылдам?
Баяу? Балалар қарқынға сәйкес, өздері жауап береді:
- Жылдам! (Баяу!)
Педагог дұрыс жауап үшін мақтайды. (Өз кейіпкерін дұрыс анықтағаны, қимыл нақтылығы бағаланады.)

- Жарайсыңдар, балалар! Тақия-маскаларды шешіңдер. Қорапқа салыңдар. Орындарыңа отыра қойыңдар.

## 3. ҚОРЫТЫНДЫ

**Материалды бекіту, қорытындылау.**
Педагог:
- Балалар, бүгін біз қайда болдық? Қалада ма? (Орманда болдық.) Дұрыс.
- Орманда нелер тұрады? (Орманда жабайы аңдар тұрады.) Жарайсыңдар!
- Олардың қандай балалары болды? (Түлкіде - жәудір. Аюда - қонжық. Қоянда - көжек. Тиінде - тиін. Кірпіде - кірпі. Қасқырда - бөлтірік). Жарайсыңдар! Барлық аңдардың балаларын тауып бердіңдер ме?
- Аңдар бір-біріне ұқсай ма? Оларда не бар? (Ұзын құлақ. Азулы тістер. Өткір инелер. Үлкен табан. Әдемі құйрық. Мықты сирақ.)
Педагог негізгі сөзді айтуға көмектеседі, ал балалар белгісін табады.
- Балалар, аңдар қалай қозғалады? (Жылдам немесе баяу.) Дұрыс айтасыңдар. Аю ешкімге тиіспейді. Ол өте баяу жүреді.
- Аңдарды неге жабайы дейміз? (Олар орманда тұрады.) Әрине, балалар, олар адам үшін қауіпті. Жабайы аңдар адамнан қорқады.
- Балалар, бүгін сендер өте тату, көңілді болдыңдар. Сендерге алғыс айтамын. Жарайсыңдар! Сау болыңдар.

## 12.Ұйымдастырылған іс әрекет
## ҚАЗАҚ ТІЛІ

## Тақырыбы:"Үш аю" ертегісін оқу. Үлкен, орташа, кішкентай.

### Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты

«Үш аю» ертегісінің сюжетін еске түсіру; заттың көлемінің үш мөлшері туралы түсініктерін бекіту (үлкен, орташа, кішкентай); адамдардың қонаққа бару әдебі, мінез-құлқы жайлы білімдерін кеңейту.

### Сөздік жұмыс

Сөздікке: үш аю, адасып кету, мескей, тербелу, ақыру, шыңғыру; сөздерін енгізу. «Қонжық», «Менің орындығымды орнынан кім жылжытты?», «Менің төсегіме кім шықты?», «Ботқаны жеп қойды», «Ұйықтап қалды», «өзіңді әдепті ұста» сөз тіркестері арқылы сөздік қорларын арттыру.

### Әдіс-тәсілдер

Аудиотаспа тыңдау, көркемсөз, суреттер көрсету, мнемокесте негізінде диалог жаттығу, музыкалық-ырғақты сөздік жаттығу, драматизациялау арқылы сюжетті тәжірибелік модельдеу бойынша сөздік жаттығу, материалды бекіту, қорытынды.

### Құрал-жабдықтар

**1. Көрнекілік материалдар.**
Ертегі тақырыбын елестететін «Сиқырлы әуен» аудиотаспасы.
Демонстрациялық суреттер: үш мескей; үш орындық; үш төсек; үш қасық.
Ертегі мазмұны бойынша сюжетті суреттер бөлімі: «Үш аю».
Ертегінің бірінші бөлімі бойынша мнемокестелер:
- үлкен (аю) + ортаншы (ана) + кішкентай (қонжық);
- ас бөлмесі, мескейлер тұрған үстел, орындықтар + жатын бөлме, үш төсек;
- үлкен орындық + көлемі орташа орындық + кішкентай орындық;
- үлкен мескей + көлемі орташа мескей + кішкентай мескей;
- үлкен қасық + көлемі орташа қасық + кішкентай қасық;
- қыз тамақ жегісі келеді;
- үлкен орындықтың сызбасы + көлемі орташа орындықтың сызбасы+ кішкентай орындықта қыз отыр + бос мескей мен қасық;
- пирамиданың сызбасы + кішкентай орындықтың сызбасы;
- қыз керіледі;
- үлкен төсектің сызбасы + көлемі орташа төсектің сызбасы + кішкентай төсекте қыз ұйықтап жатыр.

Музыкалық-ырғақты жаттығуға орташа қарқынды әуен аудиотаспасы.
Кейіпкерлерге арналған маска суреттері: әке (аю), ана (аю), баласы (қонжық).

### Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысы

### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

### Жаттығу. «Қане, амандасайық!»

**Аудиотаспа тыңдау.**
Ертегі тақырыбын елестететін «Сиқырлы әуен» қосылып тұрады.

Ертегілер балаларға ұнайды.
Онда жақсы және жаман кейіпкер болады.
Ертегіде ашкөз бен аққөңіл де болады,
Онда бай мен кедей кейіпкер болады.
Ертегіде сиқырдың көп ғажабы,
Ертегіде жақсылық қана жеңеді.
- Балалар, бүгін біз ертегілер еліне саяхатқа барамыз.

**Сурет көрсету.**
Педагог суреттер бөлімін көрсетеді: үш мескей; үш үстел; үш төсек; үш қасық.

- Балалар, суретте нелер бейнеленген. Мескей. Қайталаймыз. Орындықтар. Қайталаймыз. Төсектер. Қасықтар. Қайталаймыз.
- Неше заттан? Санаңдаршы. Дұрыс, үштен.
- Үйде кімдер тұрады ?
- Балалар, ол үйде кімдер тұратынын, онда қандай оқиға болғаны туралы ертегі оқып берейін.

**2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

**Ертегіні мәнерлеп оқу «Үш аю».**
Ертеде бір кішкентай қыз өмір сүріпті.



Қыз орманға барып, қайтар жолды таба алмай, адасып кетіпті.
Қараса, орманда ағаш үй тұр екен. Үйдң ішінде ешкім жоқ.



Үйдің екі бөлмесе болды: ас бөлмесі мен жатын бөлме.

Ас бөлмесінде үстелдің айналасында үш орындық тұрды: үлкен, орташа, кішкентай.
Үстелдің үстінде ботқа салынған үш мескей тұрды: біреуі - үлкен, екіншісі - орташа, үшіншісі - кішкентай.
Мескейдің қасында үш қасық жатты: үлкен, орташа, кішкентай.
Қыздың тамақ ішкісі келеді. Қыз үлкен орындыққа отырады - ыңғайсыз. Орташа орындыққа отырды - ыңғайсыз. Кішкентай орындыққа отырады, кішкентай қасықты алып, кішкентай мескейдегі ботқаны жеп қояды. Қызға кішкентай орындық, кішкентай мескей мен кішкентай

қасық өте ыңғайлы болды. Қыз тамаққа тойып алды.



Қыздың ойнағысы келеді. Қызға үлкен орындық пен орташа орындық отыруға ыңғайсыз болады. Ол кішкентай орындыққа ыңғайланып отырады. Ол кішкентай орындықта ары-бері тербеліп отырып, орындықты сындырып тастайды.
Қыздың ұйқысы келеді. Жатын бөлмеге барады. Ал, онда үш төсек тұрады: үлкен, орташа, кішкентай. Қыз үлкен төсекке жатады - ыңғайсыз. Орташа төсекке жатады - ыңғайсыз. Кішкентай төсекке жатып, ұйықтап қалады.

Ал ол үйде үш аю тұрады екен. Олар: үлкен, орташа және кішкентай.



Аюлар үйге кірсе, үй шашылып жатыр.



- Менің қасығымды кім алды, менің орындығымды кім жылжытты? - деп ақырады Михайло Потапыч.
- Менің қасығымды кім алды, менің орындығымды кім жылжытты? - деп ақырады Настасья Петровна.
- Менің ботқамды кім жеп қойды, менің орындығымды кім сындырды? - деп шыңғырады қонжық.



Аюлар жатын бөлмесіне кірсе, онда да бәрі шашылып жатыр.
- Менің төсегіме кім шықты? - деп ақырады Михайло Потапыч.
- Менің төсегіме кім шықты? - деп ақырады Настасья Петровна.
- Менің төсегімде кім ұйықтап жатыр? - деп шыңғырды Мишутка.



Қыз оянып кетеді де, терезеден секіріп, үйіне қашып кетеді.



Аюлар оны қуып жете алмайды.

### Мнемокесте негізінде диалог жаттығу. «Қыз үш аюдың үйінде».

Жаттығу үшін бірнеше торкөзден тұратын жолақша, әр көрініске мнемокесте:
- үлкен (аю) + орташа (ана) + кішкентай (қонжық);
- ас үй, мескейлер тұрған үстел, орындықтар + жатын бөлме, үш төсек;
- үлкен орындық + көлемі орташа орындық + кішкентай орындық;
- үлкен мескей + орташа мескей + кішкентай мескей;
- үлкен қасық + көлемі орташа қасық + кішкентай қасық;
- қыз тамақ жегісі келеді;
- үлкен орындықтың сызбасы + орташа орындықтың сызбасы + кішкентай орындықта қыз отыр + бос мескей мен қасық;
- пирамиданың сызбасы + кішкентай орындықтың сызбасы;
- қыз керіліп-созылады;
- үлкен төсектің сызбасы + көлемі орташа төсектің сызбасы + кішкентай төсекте қыз ұйықтап

жатыр.
Педагог «Үш аю» ертегісінің бірінші бөлімінің мазмұны бойынша мнемокестелер арқылы әңгіме жүргізеді.
- Балалар, ертегі қалай аталады? Дұрыс. «Үш аю» ертегісі. Қане, балалар, қайталайық.

- Қыз қайда келді? (Қыз орманға келді.)
- Үйдің ішінде қандай бөлмелер болды? (Ас бөлмесі, жатын бөлме.)

- Үстелдің айналасында нелер тұрды? (Үлкен орындық, орташа орындық, кішкентай орындық.)

- Үстелдің үстінде нелер тұрды? (Үлкен мескей, орташа мескей, кішкентай мескей.)

- Үстелдің үстінде тағы не болды? (Үлкен қасық, орташа қасық, кішкентай қасық.)

- Қыз не істегісі келді? (Тамақ ішкісі келді.)

- Қыз не істеді? (Қыз үлкен орындыққа отырды.) Ыңғайлы ма? (Жоқ, ыңғайсыз.) Содан кейін қандай орындыққа отырды. (Орташа орындыққа отырды.) Ыңғайлы ма? (Жоқ, ыңғайсыз.) Содан кейін? (Кішкентай орындыққа отырды.) Отырғаннан кейін не істеді? (Ботқаны жеп алды.)

- Қыз орындықта отырып, не істегісі келді? (Ойнағысы келді.) Ойыншықтармен ойнады ма? (Орындықта ары-бері тербеліп, орындықты сындырып тастады.)

- Қыз тағы не істегісі келді? (Ұйықтағысы келді.)

- Қыз не істеді? Төсекке отырды ма, жатты ма? (Үлкен төсекке жатты.) Ыңғайлы ма? (Ыңғайсыз.) Одан кейін қандай төсекке жатты? (Орташа төсекке жатты.) Ыңғайлы ма?
(Ыңғайсыз.) Содан кейін не істеді? (Кішкентай төсекке жатты.) Кішкентай төсекке жатып не істеді? (Ұйықтап қалды.)

- Ертегі аяқталды ма? (Жоқ. Ертегі яқталған жоқ.)
- Жақсы. Қане, балалар, біраз демалып алайық.

**Музыкалық-ырғақты сөздік жаттығу. «Үлкен», «орташа», «кішкентай» туралы ән.**

Жаттығудың басты мақсаты - балаларды ертегідегі заттың көлемін анықтайтын үш сөзді дыбыстап айтуға жаттықтыру. Сөздер: үлкен, орташа, кішкентай. Балалар қалған сөздерді де қайталай алса, жақсы нәтижеге есептеледі.
Педагог:
- Балалар, қазір мен ән айта бастаймын. Сендер үлкен, орташа, кішкентай сөздерін менімен бірге қосылып айтасыңдар. Мен көрсеткен іс-қимылды көрсетулеріңе болады.
Педагог сөзсіз ырғақты аудиотаспаның дауысын бәсеңдетіп
қосады. Біз қыз сияқты ойнаймыз, (сұқ саусақ жоғары, қимылдату)
Бір тәрелкеден аламыз. (алақандарды ашып-жабу)
Үлкен, орташа, кішкентай. (сұқ саусақпен дөңгелек жасау)
Осылай асықпай ойнаймыз. (қол белде, оңға және солға еңкею)
Біз тағы біраз ойнаймыз, (сұқ саусақ жоғары, қимылдату)
Бір-бір қасықтан аламыз. (қолмен қасықты ұстағанын көрсету)
Үлкен, орташа, кішкентай. (сұқ саусақпен дөңгелек жасау)
Осылай асықпай ойнаймыз. (қол белде, аяқты қосып секіру)
Біз тағы біраз ойнаймыз, (сұқ саусақ жоғары, қимылдату)
Орындыққа отырамыз. (қолды біріктіріп, тізеге қою)
Үлкен, орташа, кішкентай. (сұқ саусақпен дөңгелек жасау)

Ешқайсын сындырмаймыз. (қол шапалақтау)
Біз ақырын жатамыз, (екі алақанды қосу, басты екі жаққа еңкейту)
Үш төсекте тынығамыз: (екі алақанды қосу, басты қою)
Үлкен, орташа, кішкентай. (сұқ саусақпен дөңгелек жасау)
Демаламыз осылай. (қол белде, бір орында секіру)
- Жарайсыңдар! Қане, ертегіні әрі қарай айтайық.

**Драматизациялау арқылы сюжетті тәжірибелік модельдеу бойынша сөздік жаттығу. «Үш аю өз үйлерін келгенде не көрді?»**
Педагог кейіпкерлерге арналған тақия-маскалар дайындап қояды: әке (аю), ана (аю), баласы (қонжық). Педагог қыз балаға орамал дайындауына болады.

- Балалар, ары қарай не болғанын білу үшін, ертегі кейіпкерлерін табу керек.
- Балалар, орманда қандай аңдар тұрды? (Үш аю.)
- Аюлардың аттары қалай? (Михайло Потапыч, Настасья Петровна, Қонжық.) Жарайсыңдар!
- Қане, балалар, үш аю мен қызды таңдап алайықшы.

Ертегі кейіпкерлерінің сөздерін анық, эмоционалды түрде қайталау үшін бала кейіпкерлер жайдары, өз-өзіне сенімді болғаны дұрыс.
Педагог кейіпкерлерді ойынға шақырады, отырған балаларға көрінетіндей етіп орналастырады. Қыз баланы сәл шетке қарай отырғызуға болады, ол ұйықтаған сыңай танытады.
- Балалар, аюлар үйлеріне оралғанда не көрді? (Тәртіпсіздік. Бәрі шашылып жатты.)

Дұрыс. Ай-ай-ай! Қандай тәртіпсіздік!
- Михайло Потапыч қалай
ақырды? Михайло Потапыч:
- Менің қасығымды кім ұстады, менің орындығымды орнынан кім қозғалтты?
- Жарайсың, Михайло Потапыч!
- Ал, Настасья Петровна қалай
ақырды? Настасья Петровна:
- Менің қасығымды кім ұстады, менің орындығымды орнынан кім қозғалтты?
- Жарайсың, Настатья Петровна!
- Қонжық қалай
шыңғырды? Қонжық:
- Менің ботқамды кім жеп қойды, менің орындығымды кім сындырды?
- Жарайсың, қонжық!
- Аюлар қайда кірді? (Аюлар жатын бөлмеге кірді.)
- Ал, онда не болды? (Бәрі шашылып жатыр!) Дұрыс! Бәрі шашылып жатыр!
- Михайло Потапыч қалай
ақырды? Михайло Потапыч:
- Менің төсегіме кім шықты?
- Жарайсың, Михайло Потапыч!
- Настасья Петровна қалай ақырды?
Настасья Петровна:
- Менің төсегіме кім шықты?
- Жарайсың, Настатья Петровна!
- Ал, қонжық қалай
шыңғырды? Қонжық:
- Менің төсегімде кім ұйықтап жатыр?
- Жарайсың, Қонжық!
- Қыз, оян! Қаш!

Аюлар қыздың артынан жүгіреді.
- Аюлар, қайтыңдар! Қыздың артынан қуаламай-ақ қойыңдар. Сендерге шашылып жатқан

үйді жинау керек.
- Жарайсыңдар, кейіпкерлер! Балалар, оларға шапалақтайықшы.
Педагог кейіпкерлерді бір сызыққа тұрғызады, олар иіледі, балалар қол шапалақтап, қошемет көрсетеді.

## 3. ҚОРЫТЫНДЫ

**Материалды бекіту және қорытындылау.**
Педагог:
- Балалар, бүгін қандай ертегі оқыдық? («Үш аю» ертегісін.) Жақсы!
- Аюлардың аттары қалай? (Михайло Потапыч, Настасья Петровна, Қонжық.) Жарайсыңдар!
- Ертегіде тағы кім болды? (Қыз болды.) Қыз аюлардың үйінде не істеді? (Ботқаны жеді, орындыққа отырып тербелді, төсекке жатты.)
- Балалар, аюлар неге ашуланды? (Қыз ботқаны жеп алды, орындықты сындырып қойды, төсекті шашып тастады). Олар сөйледі ме? Әлде ... (Аюлар өкірді, ақырды, шыңғырды.) Ия. Олар жабайы аңдар.
- Балалар, қонақта орындықтарды сындыруға, тамақты рұқсатсыз жеуге, төсекті шашуға бола ма? (Болмайды.) Қонақта өзіңді әдепті ұстау керек. Қайталайықшы. Жарайсыңдар!
- Балалар, маған сендердің ойнағандарың, зейін қойып тыңдағандарың, естеріңе сақтағандарың, үш аюдың рөлін тамаша ойнағандарың ұнады!
- Сендердің қонаққа барғанда ешнәрсені рұқсатсыз алмайтыңдарыңа, сыңдырмайтындарыңа, тәртіпсіздік жасамайтыңдарыңа сенемін. Барлық жерде әепті болыңдар! Тәртіпсіз болмаңдар. Жарайсыңдар! Сау болыңдар.

## 13. Ұйымдастырылған іс әрекет
## ҚАЗАҚ ТІЛІ

## Тақырыбы: «Қыс мезгілі». Қысқы табиғат құбылыстары

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты**

Балалардың ұғымындағы қыс мезгілі жайлы түсініктерін кеңейту; қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстары олардың ерекшеліктері жайлы білімдерін дамыту.

**Сөздік жұмыс**

Сөздікке: әппақ, жып-жылтыр сөздерін енгізу; сөздік қорды мағынасы қарама-қарсы «жаз - қыс», «ыстық - суық» сөздермен арттыру.

**Әдіс-тәсілдер**

Аудиотаспалар тыңдау, көркемсөз, көркемсөз шумақтарын елестету арқылы сөздік жаттығу, суреттер көрсету, тақпақты мәнерлеп оқу, тірек мнемокарточкалардың мазмұны бойынша әңгімелесу, мнемокесте арқылы тақпақты топпен қайта мәнерлеп қайталау, сөзді-ырғақты жаттығу, сәйкестендіруге арналған сөздік жаттығу, материалды бекіту, қортындылау.

**Құрал-жабдықтар**

**1. Көрнекілік материалдар.**
Баяу қарқынды әуеннің аудиожазбасы.
Демонстрациялық сурет: «Қыс келді».
Тақпақтың мазмұны бойынша мнемокестелер:
- қар жапқан ағаштар, шыршалар;
- аппақ көрпеге оранған, арғы жағында тау беткейлері;
- аяз ата келе жатыр, бір қолында таяғы бар, екінші қолындағы қолғабынан қар ұшқындары ағаштарға түсіп жатыр;
- қар жапқан ағаштарды мұз қоршап тұр;
- шыны сияқты көз жасы;
- әдемі қыздың бет-әлпеті.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысы**

**1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

**Аудиотаспа тыңдау.**
Қыс мезгілін елестетуге көмектесетін әуен естіледі.

- Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сендер естідіңдер ме? Күз мезгілі тау асып, жаңа жыл мезгілі келді. Қандай жыл мезгілі екен? Тыңдаңдаршы.

**Көркемсөз.**
**«Қыс».**
Далада қар борайды,
Ақ мамыққа орайды.
Мұз болып қатады,
Жып-жылтыр боп жатады.

- Балалар, қандай жыл мезгілі туралы айттым? Иә. Қыс мезгілі туралы айттым. Қане, балалар, бірге айтайықшы. Қыс мезгілі.

**Көркемсөз шумақтарын елестету арқылы сөздік жаттығу.**
Педагог:
- Балалар, сендер өлеңді тыңдағанда қардың түсі қандай делінген?
(Қардың түсі ақ.) Жарайсыңдар!
- Қыс мезгілінің киімі қандай түсті? (Киімі ақ түсті.) Дұрыс.
- Қыста не қатады? (Мұз қатады.) Жарайсыңдар!
- Мұздың түсі қандай? (Жып-жылтыр.)
- Қыстың ақ екенін, тағы да қалай айтамыз? (Әппақ қыс.) Тамаша!
- Қыс не істейді? (Қыс келеді.) Тағы не істейді? (Ақ мамыққа орайды.)
- Балалар, қыс шынымен-ақ екен бе?
**Суретті көрсету.**
Педагог қысқы пейзаждың ерекшеліктері бейнеленген суреттерді көрсетеді.






- Сендер дұрыс таптыңдар. Жарайсыңдар!

## 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

**Өлеңді мәнерлеп оқу. «Ну орманды қар жауып».**
Педагог:
- Балалар, қыс суық. Қыс өте әдемі жыл мезгілі. Ақындар қыс мезгілі жайлы көптеген өлеңдер шығарады.
- Тыңдаңдаршы.
Педагог өлеңді мәнерлеп оқиды.
**Көркемсөз.**
**Д.Қ. Бұланбаева «Ну орманды қар жауып».**
Ну орманды қар жауып,

Құрсауына орады.
Аяз түсіп ізіне,
Алай-дүлей орады.
Өзендерге мұз қатып,
Су шыныға айналды.
Сұлу қыстың қаһары
Жаулап алды маңайды.

**Тірек мнемокарточкалардың мазмұны бойынша әңгімелесу.**
Педагог:
- Балалар, өлең ұнады ма? (Ұнады.)
- Орманда не болды?

- Далаға не болды?

- Кім келеді? Не істейді?

- Өзен неге айналды?
- Қыс қандай?

- Жарайсыңдар!

**Мнемокесте арқылы өлеңді топпен мәнерлеп қайталау.**
Педагог:
- Балалар, тақпақты мына мнемокарточкалар арқылы айтып көрейікші.
Педагог балалардың алдына тақпақтың мазмұны бойынша мнемокестестені қояды:
- қар жапқан ағаштар, шыршалар;
- аппақ көрпеге оранған, арғы жағында тау беткейлері;
- аяз ата келе жатыр, бір қолында таяғы бар, екінші қолындағы қолғабынан қар ұшқындары ағаштарға түсіп жатыр;
- қар жапқан ағаштарды мұз қоршап тұр;
- шыны сияқты көз жасы;
- әдемі қыздың бет-әлпеті.

Ну орманды қар жауып,
Құрсауына орады.
Аяз түсіп ізіне,
Алай-дүлей орады.
Өзендерге мұз қатып,
Су шыныға айналды.
Сұлу қыстың қаһары
Жаулап алды маңайды.
- Жарайсыңдар!

**Сөзді-ырғақты жаттығу. «Ну орманда қар жауып».**
Педагог ырғағы тақпақ шумақтарына сәйкес келетін әуеннің дуысын бәсеңдетіп қосады.

Ну орманды қар жауып, (қолды екі жаққа кезек-кезек созу)
Құрсауына орады. (сұқ саусақты айналдыру)
Аяз түсіп ізіне, (орнында тұрып адымдау)
Алай-дүлей орады. (саусақтарды қимылдату, жоғары-төмен жүргізу)

Өзендерге мұз қатып, (қолды алдыға бүгу, аяқты алшақ қою)
Су шыныға айналды. (саусақпен алақанды ұрғылау)
Сұлу қыстың қаһары (бетті уқалау)
Жаулап алды маңайды. (қолды екі жаққа жаю)

**Сәйкестендіруге арналған сөздік жаттығу. «Жазда, қыста».**
- Жаз ⇒ қыс;
- Торғай қанатын қағады ⇒ торғай қанаттарын иығына үйкейді;
- құмнан бу шығып тұр ⇒ допты лақтырған қол, алақанға үрлеу;
- жаңбыр бұлттан ⇒ қар бұлттан;
- жапырақтары бар ағаш ⇒ ағаштарды қар жапқан;
- қалақша құмда ⇒ қолғаппен қар жинау;
- допты лақтырған қол ⇒ қар лақтырған қол.
- Мына суретте жаз мезгілі.
- Мына суретте қыс мезгілі.

- Жазда торғай ұшады.
- Қыста торғай тонады.

- Жазда күн ыстық.
- Қыста күн суық.

- Қыста қар жауады.
- Жазда жаңбыр жауады.

- Жазда ағашта жапырағы бар.
- Қыста ағашта жапырағы жоқ.

- Жазда құммен ойнаймыз.
- Қыста қармен ойнаймыз.

- Жазда допты лақтырамыз.
- Қыста қарды лақтырамыз.

Педагог тақырыпты балалармен бірге пысықтайды.
Педагог:
- Балалар, мен әңгімелеуді бастаймын. Сендер аяқтайсыңдар. Суреттерге мұқият қараңдар. Педагог суреттерге сол жақтан оң жаққа қарай сілтеп көрсетеді. Балаларға жаттығуды орындауға мүмкіндік береді.
- Бұл жаз мезгілі, ал бұл ... (қыс мезгілі). Жарайсыңдар!
- Жазда торғай ұшады, қыста ... (тонады). Жарайсыңдар!
- Жазда күн ыстық, қыста ... (суық).
- Қыста қар жауады, жазда ... (жаңбыр жауады).
- Жазда ағашта жапырағы бар, қыста ағашта ... (жапырағы жоқ).
- Жазда құммен ойнаймыз, ... (қыста қармен ойнаймыз).
- Жазда допты лақтырамыз, ... (қыста қарды лақтырамыз).
- Жарайсыңдар!

## 3. ҚОРЫТЫНДЫ

**Материалды бекіту, қортындылау.**
Педагог:
- Балалар, бүгін не жайлы айттық? Иә. Біз тақпақ оқыдық.
- Тақпақта не жайлы айтылды? Жаз туралы? Күз туралы? (Қыс туралы

айтылды.) Жарайсыңдар!
- Біз қандай сөздерді көп айттық? (Қар, қыс, ақ.) Дұрыс.
- Қыс мезгілінің қандай табиғат құбылыстары естеріңде қалды? Атаңдаршы (Қар, мұз, аяз.) Жарайсыңдар!
- Балалар, қыс та әдемі мезгіл. Қысты жақсы көрсеңдер, ол сендерге сұлулығын көрсетеді.
- Бүгін сендер өте зейінді болдыңдар. Қыс жайлы тақпақты мәнерлеп айтып бердіңдер. Алғысымды білдіремін. Жарайсыңдар! Сау болыңдар.

## 14. Ұйымдастырылған іс әрекет
## ҚАЗАҚ ТІЛІ

## Тақырыбы: «Қазақстан байлықтары». 5 дейін санау, кері санау.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Балалардың ұғымындағы еліміздің негізгі байлығы туралы білімдерін кеңейту; қазба байлықтардың атауларын дұрыс атау, қолданылу аясы туралы түсініктерін нақтылау.

### Сөздік жұмыс

Сөздікке: байлық, мұнай, көмір, кен сөздерін енгізу; «Суды ішеді», «Суды құяды», «Сумен суғарады», «Бидайды себеді», «Бидайды орады», «Бидайды тартады», «Көмірді өндіреді», «Көмірді жағады», «Көмір жылу береді», «Мұнайды өндіреді», «Мұнайдан бензин шығарады», «Пластик ойыншықтар жасайды», «Кенді өндіреді», «Кенді балқытады», «Кеннен үй, көпір тұрғызады» сөйлемдері арқылы сөздік қорларын молайту; 5-ке дейін тура және кері санауға жаттықтыру.

### Әдіс-тәсілдер

Аудиотаспа тыңдау, слайд-шоу негізінде миға шабуыл, көркемсөз, сурет бойынша әңгіме, пішінді таңбалауыштар мен мнемокарточкаларға негізделген сөздік жұмыс, еске сақтауға арналған сөздік жаттығу, материалды бекіту, қортындылау.

### Құрал-жабдықтар

**1. Көрнекілік материалдар.**
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны (аудиотаспасы).
Слайд-шоуға суреттер: таулар, өзен, дала, орман, шөл, теңіз, Астан, Бәйтерек, Ханшатыр, Ақорда.
Қазақстанның байлығын бейнелейтін суретті таңбалауыштар: «су», «бидай», «көмір», «мұнай», «кен».
Қазақстан туралы әңгімеге суреттер бөлімі:
- тау шыңынан аққан су, жерасты сулары;
- адам құбырдан стақанға су алып жатыр;
- егістікті суғару;
- алтын астықты егістік даласы;
- қапқа толтырылып жатқан ұн;
- орамалдағы дөңгелек нан;
- жер астында шахтёр көмір қазып жатыр;
- адам көмірді отқа күрекпен лақтырып жатыр;
- үйдің мұржаларынан түтін шығып жатыр.
- теңіздегі мұнай шығару мұнаралары;
- адам мәшине багіне бензин құйып жатыр;
- жер астында шахтёр кен қазып жатыр;
- балқытушы металл балқытып жатыр;
- үйдің темір құрылғылары.

Сөздік жұмыс үшін мнемокарточкалар:
- суды ішеді, құяды, суғарады;
- бидайды егеді, орады, тартады;
- көмірді өндіреді, қазады, жағады, жылу береді;

- мұнайды өндіреді, бензин шығарады, пластик ойыншықтар жасайды;
- кенді өңдіреді, балқытады, үй, көпір
тұрғызады. Баяу қарқынды әуеннің
аудиотаспасы.
Қазақстанның байлығы жайлы сөйлем құрауға мнемокестелер;
Тура және кері санау үшін сызбалы суреттер:
- солдан оңға Қазақстанның бес байлығы қатармен ораналасқан: су - бидай - көмір - мұнай - кен;
- екі қатар: Қазақстанның бес байлығы бейнеленген әр таңбалауыштың астында 1-ден 5-ке дейінгі цифрлар.

**2. Үлестірмелі материалдар.**
Таратуға арналған пішінді таңбалауыштар: «су»,«бидай», «көмір», «мұнай», «кен».

## ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

## 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны қосылады.
Әнұранның бір шумағы орындалады.
Педагог:
– Балалар, орнымыздан тұрамыз, қолымызды жүрек тұсына қоямыз,
Әнұранымызды тыңдаймыз.
Әнұран аяқталғаннан кейін:
– Балалар, сендер Қазақстанның Әнұранын тыңдадыңдар.
– Қазақстан деген не? Иә. Қазақстан – біздің туған еліміз. Қайталайық.
Қазақстан. Жарайсыңдар!

– Балалар, Қазақстан – біздің үйіміз. Қайталаймыз. Қазақстан. Жарайсыңдар!
– Қазақстанның көрікті жерлері өте көп. Қазір суреттер көреміз. Суреттер сендерге
таныс болса, өздерің атайсыңдар. Келістік пе?
Балалар көргендерін бір сөзбен атайды. (Қазақстан, таулар, өзен, дала, орман, шөл, теңіз, Астана, Бәйтерек, Ханшатыр, Ақорда.)
– Жарайсыңдар!

### Көркемсөз.
Әйнегі - күн, шатыры - аспан,
Кең дала ...
Төсі толған егін.
Көлдері күміс шашқан,
Қазақстан - Республикам менің!
(Д. Әбілев)

## 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

### Сурет бойынша әңгіме. «Қазақстанның бес байлығы».
Педагог:
- Балалар, біздің Отанамыз - Қазақстан.

- Қазақстанның жері өте бай.
- Қазақстанның негізгі бес байлығы бар. Олар: су, бидай, көмір, мұнай, және кен.
- Су таудан ағып, жер астына кетеді. Суды ішеді, сумен егістіктерді суғарады.
- Бидай егістікте өседі. Бидайды өсіреді, ұн тартады, нан пісіреді.

- Көмір жер астында жасырылған. Көмірді өндіреді, көмірді отқа жағады, көмірмен үйді жылытады.
- Мұнай теңіз астында жасырылған. Мұнайды өндіреді: мұнайдан бензин шығарады, пластик жасайды.
- Кен тауда жасырылған. Кенді өндіреді: кеннен металл балқытады, бөлшектер жасайды.
- Байлықты қорғау керек.

## Пішінді таңбалауыштар мен мнемокарточкаларға негізделген сөздік жұмыс. «Қазақстанның бес байлығы».

Балалар орындарына отырады, педагог интеракбелсенді немесе көрнекіліктерге арналған тақтада суреттерді көрсетіп түсіндіреді.

- Балалар, жердің байлығы дегеніміз не? Жердің байлығы дегеніміз - қазба байлық, бидай, су, мұнай, газ, кен. Қане, тағы бір рет қайталайықшы. Байлық дегеніміз - қазба байлық, бидай, су, мұнай, газ, кен. Жарайсыңдар! Ұмытпаңдар.
- Айтыңдаршы, балалар, Қазақстанның қандай байлығы бар?

Педагог бір бағанға Қазақстанның бес байлығын білдіретін таңбалауыштарды орналастырады.

- Су. Қайталаңдар.

- Бидай. Қайталаңдар.

- Көмір. Қайталаңдар.

- Мұнай. Қайталаңдар.

- Кен. Қайталаңдар.
- Жарайсыңдар!

- Балалар, сумен не істейді?

- Суды ішеді, суды құяды, сумен егінді суғарады.
- Бидайды себеді, бидайды орады, бидайды тартады.
- Балалар, ал көмірмен не істейді?
- Көмірді өндіреді, көмірді жағады, көмірден жылу алады.
- Балалар, мұнаймен не істейді?
- Мұнайды өндіреді, мұнайдан бензин шығарады, пластик ойыншықтар жасайды.
- Балалар, ал кенмен не істейді?
- Кенді өндіреді, кенді балқытады, кеннен үй, көпір тұрғызады.
- Естеріңе сақтадыңдар ма? Жарайсыңдар!

## Топшаларда мнемокестеге негізделген сөйлем модельдеуге арналған жаттығу. Көрме «Қазақстанның байлығы».

Педагог:

- Балалар, Қазақстанның неше байлығы бар? (Бес байлығы бар.) Жарайсыңдар!
- Сендер ЭКСПО көрмесінде болдыңдар ма? Иә. Онда адам баласы қандай жетістікке жеткенін көрсететін үлкен залдар, павильондар бар.
- Бүгін біз де «Қазақстанның байлығы» көрмесіне барамыз. Алдымен, балалар, бес топқа бөлінеміз.

Педагог балалардың белсенді іс-әрекетке ынталандыратын әуенді қосады. Балалардың айтқан сөйлемдері анық естілетіндей мөлшерде әуеннің дауысы бәсеңдетіледі.

Педагог топ ішіне әрқайсында Қазақстанның бес байлығы бейнеленген пішінді таңбалауыштарды орналастыру үшін бес тақта қояды. Ол жерде балалар еркін қозғалып, өзге топшаларды көре алатындай, тыңдай алатындай етіп орналастырады.

Педагог үстелдің үстіне таратуға арналған таңбалауыштар дайындайды: «су», «бидай», «көмір», «мұнай», «кен».
Әр бала үстелден бір таңбалауышты таңдайды да, тақтадағы сәйкес келетін таңбалауыштың қасына барады.
- Бес таңбалауыштың ішінен біреуін таңдаңдар. Дәл сондайын тақтадан тауып, топ болып жиналыңдар. Кімнің таңбалауыштары бірдей болса, сонда бейнеленген байлық жайлы айтасыңдар. Түсінікті ме? Жарайсыңдар!
- Әр топта байлық туралы мнемокесте бар.
- Өз тақталарыңа барып, байлық жайлы не айтатыңдарыңды ақылдасыңдар.

Басқа топтардың балалары еркін қозғалып, басқа топтағы балалардың қалай сөйлем құрғандарын ести алады.
Педагог әр топ мүшесіне өз бетінше сөйлем құрауға тапсырма береді. Педагог әр топқа жақындайды, балалардың сөйлемдер мен сөз тіркестерін қалай құрап жатқандарын тыңдайды, белсенділіктері үшін мақтайды.

## Еске сақтауға арналған сөздік жаттығу. «5-ке дейін тура және кері санау».

Педагог балаларға орындықтарға жартылай шеңбер құрып отыруды ұсынады.
Педагог артық көрнекіліктерді алып тастайды, солдан оңға қарай сызықтың бойымен Қазақстанның бес байлығын бейнелейтін суретті таңбалауыштарды қалдырады.

Педагог:
- Балалар, Қазақстанның байлығын тағы бір рет санап көрейік. Сол жақтан бастайық: бір, екі, үш, төрт, бес.
Педагог әр таңбалауыштың астына карточка-цифрларды орналастырады. 1-ден 5-ке дейінгі сандарды қою.
- Жарайсыңдар!
- Ал енді, балалар, кері санайық. Бес, төрт, үш, екі, бір.
- Жарайсыңдар!
Педагог әрқайсына тура және кері санауға мүмкіндік береді.
- Сендердің санағыларың келе
ме? Бір, екі, үш, төрт, бес.
Ал енді кері санайық:
Бес, төрт, үш, екі, бір.
Бір - су,
Екі - бидай,
Үш - көмір,
Төрт - мұнай,
Бес - кен.
- Біздің еліміздің байлығын ешбір қиыншылықсыз жаттап алдық.
- Балалар, жаттап алайық! Есімізге сақтап аламыз.
- Осы байлығы туралы үйде айтып бересіңдер.

# 3. ҚОРЫТЫНДЫ

## Материалды бекіту, қортындылау.

Педагог:
- Балалар, бүгін біз не туралы айттық? (Қазақстанның байлығы туралы.) Дұрыс.
- Қазақстанның қандай байлығы бар? (Су, бидай, көмір, мұнай, кен орындары). Дұрыс.
- Бұл байлық адамға не үшін керек? (Ішу үшін. Нан жеу үшін. Үй жылы болу үшін. Көліктер жүру үшін. Үй салу үшін.) Жарайсыңдар!
- Бүгін қанша байлығының атауын білдік? (Бес байлығын.)

- Қане, беске дейін тура және кері санайық (Бір, екі, үш, төрт, бес. Бес, төрт, үш, екі, бір.) Жарайсыңдар!
- Балалар, мен сендерге Отанымызды сүюді, оның байлығын сақтай білуді тілеймін. Рақмет! Жарайсыңдар. Сау болыңдар.

## 15. Ұйымдастырылған іс әрекет
## ҚАЗАҚ ТІЛІ

# Тақырыбы: «Киімдер, аяқ киім, бас киім».

### Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты

Балалардың ұғымында киімдер, баскиім мен аяқкиім туралы түсініктерін дамыту; ұл мен қызға арналған киімдер, мезгілдік киімдер туралы білімдерін қалыптастыру; тазалық пен ұқыптылық жайлы түсініктерін дамыту.

**Сөздік жұмыс**

Сөздікке: баскиім, пима, ұлға арналған киім, қызға арналған киім сөздері мен сөз тіркестерін енгізу; киімдер, аяқкиім, баскиім түрлерін білдіретін сөздерді және «қыста киеді», «жазда киеді», «қыздар киеді», «ұлдар киеді», «басқа киеді», «денеге киеді», «аяққа киеді» сөз тіркестері арқылы сөздік қорды арттыру.

**Әдіс-тәсілдер**

Аудиотаспа тыңдау, таңғажайып сәт, көркемсөз, суреттер көрсету, заттарды жіктеу бойынша зияткерлік карта негізінде сөздік жаттығу, жұмбақ жасыру арқылы зияткерлік карта негізінде сөздік жұмыс, көрнекі таңбалауыштар негізінде ым-ишара жаттығуы, сәйкестендіру негізінде көруге арналған сөздік-логикалық дамытушылық тапсырма, материалды бекіту, қортындылау.

**Құрал-жабдықтар**

**1. Көрнекілік материалдар.**
Жаңа жылдық мерекені елестететін әуеннің аудиотаспасы.
Демонстрациялық суреттер:
- үй киімін киген, көңілсіз Алан мен Дана;
- қысқы киім киіп, жымиып тұрған Алан мен Дана.

Демонстрациялық сурет: ішінде киімдер аралас, есігі ашық шкаф.
Демонстрациялық сурет: ішінде ұл мен қыздың киімдері аралас, есігі ашық шкаф.
Зияткерлік картаға суретті-сызбалар, қыз бен ұл ға арналған киімдер, баскиімдер мен аяқкиімдер бейнеленген таңбалауыштардың екі тобы қарастырылған: бастапқы және аяқталған түрі.
Зияткерлік картаның шеңберіне жапсыру үшін демонстрациялық таңбалауыштар: «ұл», «қыз»; ұлға - баскиімдер, киім, аяқкиім; қызға - баскиімдер, киім, аяқкиім.
Жұмбақтарға арналған таңбалауыштар: көйлек, кепеш, шалбар, қалпақ, кроссовка.
Демонстрациялық суреттер түрлі кейіпкерлер мен киім үлгілерінің сұлбалары: Күлше қыздың көйлегі, Алдар көсенің шапаны, Мыстан кемпірдің белдемшесі, Кішкентай Муктің туфлиі, Дымбілместің баскиімі (қалпақ), Аяз атаның баскиімі, пимасы мен тоны.
Демонстрациялық суреттер: Аяз ата, Алдар көсе, Күлше қыз, Кішкентай Мук, Мыстан кемпір, Дымбілмес.
Демонстрациялық сұлбасы: Аяз атаның пимасыз, тоны мен баскиімін кимеген суреті. (шұлық, жейде)

**2. Үлестірмелі материалдар.**
Қыз бен ұлға арналған киім мен аяқкиімнің таратпалы карточкалар:
- ұлға: 1) баскиім - кепеш, құлақшын; 2) киім - күртеше, жейде, футболка, шалбар, шолақ шалбар; 3) аяқкиім - етік, кроссовка.
- қызға: 1-баскиім - қалпақ, жылы баскиім; 2- киім - күртеше, көйлек, белдемше,

шалбар, кәзекей (сарафан); 3 - аяққим - етік, туфли (балетка).
Аяз ата, тон, баскиім, пима сұлбаларының жиынтығы.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысы**

**1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

**Аудиотаспа тыңдау.**
Мерекенің жақындағанын елестететін әуен естіледі.

Педагог:
- Балалар, біз қандай мейрамды күтіп жүрміз? (Жаңа жыл.)
- Әрине. Біз Жаңа жылды күтіп жүрміз. Тағы кімді күтіп жүрміз? (Аяз атаны.) Жарайсыңдар!
**Таңғажайып сәт.**
Педагог Алан мен Дананы көрсетеді.



- Балалар, бізге қонақтар келді. Олар кімдер? (Алан мен Дана.)
- Қане, балалар, олармен амандасайықшы.
- Сәлеметсіңдер ме!
- Балалар, Алан мен Дана да Аяз атаны өте қатты күтіп жүр. Олар Аяз атаға көмек керектігі туралы хат алыпты.

**Көркемсөз**. Аспан
жерге төгеді, Ақ
күмісін уыстап. Жаңа
жыл да келеді, Бізге
қарай жылыстап.Өлең
де әзір, ән әзір,
Ойын да әзір, бәрі әзір.
Кел, Жаңа жыл, біздерге,
Кел, Жаңа жыл, Жаңа
жыл! (С. Жиенбаев)
Педагог:
- Балалар, Аяз атаның Жаңа жыл кешіне киетін киімі әлі дайын емес. Ол не киеді?
- Аяз атаға көмектесу үшін, Алан мен Данаға шкафтағы киімдерді дұрыс бөлуге көмектесейік. Суреттерді көрсету.
Педагог ішінде араласып кеткен киімдері бар, есігі ашық жатқан шкафты көрсетеді.



- Барлығы шатасып кетіпті ғой ... Қонақтарға көмектесейік? Олай болса, балалар, бастайық!

**2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

**Заттарды жіктеу бойынша зияткерлік карта негізінде сөздік жаттығу. «Қызға арналған киімдер, ұлға арналған киімдер».**
2.1.1
Жаттығуды өткізу үшін педагог бастапқы зияткерлік карта дайындайды.

Педагог ұл мен қызға арналған киімдер, баскиім мен аяққиімдердің таратпалы карточкаларын дайындайды:
- ұлға арналған: 1) баскиімдер - кепеш, құлақшын; 2) киімдер - күртеше, жейде, футболка, шалбар, шолақ шалбар; 3) аяққиімдер - етік, кроссовка. Бұл таңбалауыштар алдын ала қиылып, арнайы жерде аралас орналасады (тақта немесе үстел).
Педагог ортадағы екі шеңберге карточкалар дайындайды: «қыз», «ұл».
Педагог балалардың алдына бастапқы зияткерлік картаны қояды.
- Балалар, сендердің киімдерің бірдей ме? (Жоқ. Бірдей емес.) Педагог ұл мен қызды шақырады.
- Сендердің киімдерің неге бірдей емес? Сенде шалбар? Ал, сенде белдемше? Дұрыс. Сен ұлсың. Сен қызсың. Қане, балалар, қайталайықшы. Жарайсыңдар!
- Қыздар, қайдасыңдар? Өздеріңді көрсетіңдерші ... Жарайсыңдар!
- Ұлдар, қайдасыңдар? Өздеріңді көрсетіңдерші ... Жарайсыңдар!
- Балалар, ұл мен қызға арналған киімдер болады.

Педагог зияткерлік картаның ортаңғы бөлігіне «ұл» және «қыз» таңбалауыштарын қояды.

- Жазира, қандай киімдер бар? (Ұлдарға. Қыздарға.)
Жарайсың! Педагог бірнеше баладан сұрайды.
**2.1.2.**
Педагог:
- Балалар, қыз бен ұлға арналған киімдерден бөлек, баскиім мен аяққиім бар.
- Хамза мен Румия, мына таңбалауыштардың арасынан, «аяққиімдер», «киімдер», «баскиімдер» деген таңбалауыштарды тауып, оларды үш шеңберге жапсырыңдаршы. Балалар, шатастырып алмаңдар. Ұл мен қызға арналған киімдер бөлек тұрады.
Педагог үстелдегі немесе тақтадағы орынға көрсетеді. Онда негізгі алтыға жіктелген таңбалауыштар жатады: «аяққиім», «киім», «баскиім».
Педагог негізгі жіктеу таңбалауыштарын екі орталық зияткерлік картадан тарайтын алты шеңберге дұрыс жапсырылуын бақылайды.

- Міне, балалар, жарайсыңдар! Қараңдаршы, балалар, енді ұлдар мен қыздарда киімдерін бөлек жинайтын орын бар. Аяққиім, баскиім, киімдер. Қайталайықшы (Аяққиімдер,

баскиімдер, киімдер.) Жарайсыңдар!
- Қараңдаршы, балалар, біздің карта толып келе жатыр.
**2.1.3**.
Педагог:
- Ал мына жерге қараңдаршы. Мында қыз бен ұлдың киімдері араласып кетіпті.
Қане, балалар, бір таңбалауыштан алып, сәйкес бос шеңберге жапсырасыңдар.
Жаттығуға барлық бала қатысады.
Егер бала саны таңбалауыштар санынан асып кетсе, таңбалауыштардың көшірмесін жасауға болады.
Жұмыс барысында педагог әр балаға: «Мынау не?» деген сұрақ қояды. Сол арқылы әрқайсымен сөздік жұмысты жеке жүргізеді.
Карта толғаннан кейін педагог балаларды орындарына отырғызып, не болғанын қарауды ұсынады.
- Қараңдаршы, балалар, біз барлығын рет-ретімен жинадық. Қызға бөлек, ұлға бөлек. Жарайсыңдар!

**Жұмбақ жасыру арқылы зияткерлік карта негізінде сөздік жұмыс. «Мен ... таңдаймын».**
Педагог:
- Балалар, мен сендерге ойын ойнауды ұсынамын. Қараңдаршы, балалар, біздің карта киімдер, аяқкиім мен баскиім дүкеніне ұқсайды.
- Мен жұмбақ жасырамын. Жұмбақтың шешуін тапсаңдар, оны атайсыңдар, картадан көрсетесіңдер. Келістік пе? Бастайық!
- Мынау, ұлға арналған қысқы аяқкиім. (Мынау етік.) Дұрыс, Сержан! Ұл балаға арналған етік қайда, бізге көрсетші?

- Балалар, Сержанның артынан қайталайықшы. Жарайсыңдар!
- Мынау қызға арналған жазғы киім. (Мынау көйлек.) Дұрыс, Гүлшат! Қызға арналған көйлек қайда, бізге көрсетші?

- Гүлшаттың артынан қайталайықшы. Жарайсыңдар!
- Мынау ұлға арналған жазғы баскиім. (Мынау кепеш.) Дұрыс, Елдар! Ұл балаға арналған кепеш қайда, бізге көрсетші?

- Елдардың артынан қайталайықшы. Жарайсыңдар!
- Мынау, ұлға арналған киім. (Мынау шалбар.) Дұрыс, Марлен! Ұлға арналған шалбар қайда, бізге көрсетші?

- Марленнің артынан қайталайықшы. Жарайсыңдар!
- Мынау қызға арналған жазғы аяқкиім (Мынау туфли.)
- Дұрыс, Сәния! Қызға арналған туфли (балетка) қайда, бізге көрсетші?

- Сәниянің артынан қайталайықшы. Жарайсыңдар!
- Мынау қызға арналған жазғы баскиім. (Мынау қалпақ.)
- Дұрыс, Әлимә! Қызға арналған қалпақ қайда, бізге көрсетші?

- Әлимәнің артынан қайталайықшы. Жарайсыңдар!
- Мынау ұлға жүгіргенде аяғына киетін аяқкиім. (Мынау кроссовка.)
- Дұрыс, Бақтияр! Кроссовканы көрсетші.

- Бақтиярдың артынан қайталайықшы. Жарайсыңдар!
Жаттығу осы ретпен жалғасады. Ұйымдастырылған іс-әрекеттен тыс уақытта жаттығуды жалғастыруға болады.

**Көрнекі таңбалауыштар негізінде ым-ишара жаттығуы. «Не екенін айтпаймыз. Не істейміз? Көрсетеміз».**
Педагог:
- Балалар, енді біраз қозғалайық.
- Жаттығу «Не екенін айтпаймыз. Не істейміз? Көрсетеміз» деп аталады.
- Мен кез келген таңбалауышты көрсетемін, ал сендер оны атап, сол киімді, аяқкиім немесе баскиімді қалай киетінін көрсетесіңдер.

- Не екенін айтпаймыз. Не істейміз? Көрсетеміз. (шалбарды киюді көрсету, белбеуді тағу)
- Балалар, біз нені кидік? (Шалбарды кидік.) Жарайсыңдар!

- Не екенін айтпаймыз. Не істейміз? Көрсетеміз. (етікті киюді көрсету, сыдырмасын (замок) жабу)
- Балалар, біз нені кидік? (Етікті кидік.) Жарайсыңдар!

- Не екенін айтпаймыз. Не істейміз? Көрсетеміз. (баскиімді киюді көрсету, байлау)
- Балалар, біз нені кидік? (Баскиімді кидік.) Жарайсыңдар!

- Не екенін айтпаймыз. Не істейміз? Көрсетеміз.

- Балалар, біз нені кидік? (Күртешені кидік.) Жарайсыңдар!
- Міне, балалар, біз далаға шығуға дайынбыз. Жарайсыңдар!

**Сәйкестендіру негізінде көруге арналған сөздік-логикалық дамытушылық тапсырма. «Аяз ата не киеді?»**
Педагог балаларға түрлі кейіпкерлердің әртүрлі киім үлгілерінінің сұлба суреттерін көрсетеді: Күлше қыздың көйлегі, Алдар көсенің шапаны, Мыстан кемпірдің белдемшесі, Кішкентай Муктің туфлиі, Дымбілместің баскиімі, Аяз атаның баскиімі, тоны, пимасы.
Оларды тақтада ретпен орналастырады.

Педагог киім түрлеріне, баскиім мен аяқкиім үлгілеріне нұсқайды.
- Қараңдаршы, балалар, қандай киім түрлерін, баскиім, аяқкиім үлгілерін көріп тұрсыңдар? Оларды атаңдаршы, Аяз атаға келе ме?
- Мынау не? (Мынау көйлек.) Аяз атаға келе ме? (Жоқ. Келмейді.) Көйлекті кімдер киеді? (Қыздар.)
Балалардың жауап үлгілері:
- Мынау шапан. Мынау белдемшесі. Мынау туфли. Мынау қалпақ. Келмейді. Мынау тон. Мынау баскиім. Мынау пима. Мынау келеді.
Педагогке Аяз атаның жалаңаяқ, сырт киімсіз, жалаңбас тұрған суреті қажет болады.

- Балалар, егер киімдер Аяз атаға келсе, онда киіндіріңдер. Қане, балалар, тексерейік!
Әр баланың үстелінде Аяз атаның қиылған суреті, тон, баскиім мен пима жиынтықтары дайын тұрады.

Педагог әр баланың қасына келіп сұрайды:
- Қайда киеді?
Балалар:
- Тонды үстіне киеді.
- Етікті аяққа киеді.
- Баскиімді басқа киеді.
Тапсырма аяқталғаннан кейін педагог тағы да тақтаға көрсетеді, балалар Аяз атамен басқа кейіпкерлер өз киімдерін кигендерін көреді.
Демонстрациялық суреттер: Аяз ата, Алдар көсе, Күлше қыз, Кішкентай Мук, Мыстан кемпір,

Дымбілмес.

- Кейіпкерлерді таныдыңдар ма? Оларды атаңдаршы. Жарайсыңдар! Әркім өз киімін киюю керек.

## 3. ҚОРЫТЫНДЫ

**Материалды бекіту мен қортындылау.**
Педагог:
- Балалар, бүгін немен айналыстық? (Аяз атаға киім іздедік.) Дұрыс. Аяз ата не киеді? (Баскиім, тон, пима.)
- Тон дегеніміз не? (Тон дегеніміз - сырт киім). Баскиім дегеніміз не? (Баскиім дегеніміз - басқа киетін киім). Пима дегеніміз не? (Пима дегеніміз - аяқкиім.) Жарайсыңдар!
- Бізге қонаққа кімдер келді? (Алан мен Дана.) Ал, тағы қандай киім мен аяқкиімдер болады? (Ұлға арналған. Қызға арналған.) Жарайсыңдар!
- Қыста киген киімді жазда киюге бола ма? Тағы қандай киім мен аяқкиімдер болады? (Жазғы киім, қысқы киім.) Жарайсыңдар!
- Алан мен Дана сендерге тәртіп орнатып, қыз бен ұлдың киімдерін бөліп бергендеріңе, серуенге жылдам киінуді үйреткендеріңе, Аяз атаға киім тауып бергендеріңе көмектескендерің үшін алғыстарын білдіреді. Олар сендермен қоштасады. Олар серуенге барады.



- Балалар, бүгін сендер ақкөңіл, тату, ұйымшыл болдыңдар. Сендерге көмектерің үшін алғысым шексіз. Жарайсыңдар! Сау болыңдар.

## 16. Ұйымдастырылған іс әрекет
## ҚАЗАҚ ТІЛІ

**Тақырыбы: «Жаңа жылдық сыйлықтар»**

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты**

Балалардың ұғымындағы қысқы мерекелер жайлы білімдерін кеңейту; жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін дамыту; сын есім және үстеу сөздер жайлы түсініктерін қалыптастыру.

**Сөздік жұмыс**

Сөздікке: мереке, мұрт, тез, баяу, жеңіл, ауыр сөздерін енгізу; жаңа жылдық әндердің шумақтарын айтқызу арқылы сөздік қорларын арттыру.

**Әдіс-тәсілдер**

Аудиотаспа тыңдау, көркемсөз, сөз тудыруға арналған ойын жаттығуы, лексикалық-ырғақты жаттығу, еске сақтауға арналған сөздік-дамытушылық жаттығу, сөзді-ырғақты, музыкалық жаттығу, суреттер көрсету, материалды бекіту, қортындылау.

**Құрал-жабдықтар**

**1. Көрнекілік материалдар.**
Жаңа жылдық мерекелердің жақындағанын білдіретін әуеннің аудиотаспасы.
Әшекейленбеген (шарлары жоқ) шырша сұлбасы.
Әшекейленбеген шырша сұлбасы.
Бала бойынан биіктеу шыршаның макеті.
Әуен ырғақтары бір-біріне қарама-қарсы екі аудиотаспа.
Орналасуы әртүрлі аңдардың көлеңкесі.
Демонстрациялық суреттер: тиін, сауысқан, түлкі, кірпі, аю, мысық, қоян, бақа, қасқыр.

**2. Үлестірмелі материалдар.**
Шыршаға арналған ойыншық шарлар. Әртүрлі кейіпкер аңдардың жаңа жылдық бетперделері.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысы**

**1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

**Аудиотаспа тыңдау.**
Жаңа жыл мерекесі жақындағанын білдіретін әуен қосылады.

Педагог:
- Балалар, сендер түсіндіңдер ме? Қандай мейрам жақындап келеді?
(Жаңа жыл.) Жарайсыңдар!
- Жаңа жыл жазғы мереке ме? Қысқы мереке ме? Дұрыс. Жаңа жыл - қысқы мереке.
Қане, балалар, қайталайықшы. Жарайсыңдар!
- Неге қысқы мереке? Иә. Себебі, қазір далада қыс.

**«Күтеміз сені, Жаңа жыл!»**
Жаңа жыл, келе ғой!
Төріме ене ғой.
Әсем ғой шыршамыз,
Жарасып жырымыз.
Сақал, құлақ тағамыз,
Қоян, түлкі боламыз.
Жаңа жыл, төрге кел,
Қонақты ерте кел.
Мерекені тойлаймыз,
Ән шырқап, билейміз!

## 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

**Сөз тудыруға арналған сөздік жаттығу. «Шыршаны жаңа ойыншық және сөздермен безендірейік».**
Педагог жаттығуды өткізу үшін шыршаның сұлбасы мен таратпалы ойыншық шарлар дайындайды.





Бала туынды (сын есім) сөзді дұрыс тауып айтса, шыршаға ойыншықты ілуге мүмкіндік алады.
- Балалар, Жаңа жыл кешінде түрлі ғажайыптар болады. Қазір жаңа сөздер ойлап табамыз.
- Кім менің сөзімнен жаңа сөз ойлап тапса, сол бала шыршаға ойыншық іледі.
- Балалар, қазір мен «Не?» деген сұраққа жауап беретін сөз айтамын. Сендер «Қандай?» деген сұраққа жауап беретін сөзді айтасыңдар.
- Қыс - қысқы.
- Қар - қарлы.

- Аяз - аязды.
- Шырша - шыршалы.
- Мереке - мерекелік.
- Жаңа жыл - Жаңа жылдық.
- Қызық - қызықты.
- Түс - түсті.
- Жұлдыз - жұлдызды.
- Күлкі - күлкілі.
- Мұз - мұзды.

Педагог сөздерді дұрыс қайталағандары үшін балаларды ойыншықпен марапаттай алады.

**Лексикалық-ырғақты жаттығу. «Жеңіл - ауыр, баяу - тез».**

Педагог:
- Балалар, аңдардың қалай қозғалатынын білесіңдер ме?
- Аңдар тез және баяу, жеңіл және ауыр қозғалады.
- Қане, балалар, көрсетейікші.

Балалар педагогтің артынан қимылдарды қайталап, сөздерді естеріңе сақтап, жаттап алады.
Педагог балаларға өлең жолдарын анық дыбыстатып айтқызады.

Тиін жеңіл секіреді,
Қоян жеңіл секіреді,
Түлкі жеңіл жүгіреді,
Қасқыр жеңіл жүгіреді.

Аю болса, ауыр аң,
Есікті ауыр ашады ақ.
Қозғалады
қорбандап. Ай-ай,
аюға қиын-ақ!

Кейін көңілді ырғақты әуенді қосып, содан кейін сөзбен қимылдарды сәйкестендіріп айтқызу жаттығуын орындатады.
Тиін жеңіл секіреді, (екі аяқпен кезек-кезек секіру)
Қоян жеңіл секіреді, (аяқтың ұшымен секіру)
Түлкі жеңіл жүгіреді, (аяқтың ұшымен секіру)
Қасқыр жеңіл жүгіреді. (аяқтың ұшымен жүгіру)

Аю болса, ауыр аң, (қорбаңдап жүру)
Есікті ауыр ашады-ақ.
Қозғалады қорбаңдап.
Ох! Аюға қиын-ақ! (иықты көтеру)

**Еске сақтауға арналған сөздік-дамытушылық жаттығу. «Мерекеде нелер болды?»**

Педагог:
- Балалар, тапсырманы кім мұқият орындады? Жақсы.
- Айтыңдаршы, балалар, мерекеде нелер болды? (Тиін, түлкі, аю, қоян, қасқыр.)

Демонстрациялық суреттер: әртүрлі орналасқан, аңдардың көлеңкесі (көк көлеңке) - тиін, сауысқан, түлкі, кірпі, аю, мысық, қоян, бақа, қасқыр.
Балалар көлеңкелерді көрген кезде оның не екенін тез анықтап, алдыңғы жаттығуда болмаған аңдарды алып тастайды.

- Тиін, қоян, түлкі мен қасқыр шапшаң секіріп, жылдам жүгіреді. (Себебі, олар жылдам.)
- Аю неге ақырын қозғалады? (Себебі, аю баяу.)
- Тиін, қоян, түлкі мен қасқыр жеңіл секіріп жүгіретіні неліктен? (Себебі, олар жеңіл.)
- Аюдың ауыр жүретіні неліктен? (Себебі, аю ауыр.)
Педагог барлық балалардан сұрап шығады. Сұрақты тура немесе керісінше қояды:
- Қоян неге жылдам? (Себебі, тез қозғалады,)
- Қоян неге тез қозғалады? (Себебі, қоян жылдам.)
Педагог балалардың басым көпшілігінің толық сөйлеммен жауап беруін қамтиды.
- Жарайсыңдар! Қане, балалар, Жаңа жылдық мерекеге арнап әсем ән салайық.

**Сөзді-ырғақты музыкалық жаттығу «Күтеміз сені, Жаңа жыл!»**
Педагог балаларға әртүрлі аңдардың жаңа жылдық бетперделерін үлестіреді.

Педагог балаларға өлең жолдарын анық дыбыстатып айтқызады. Кейін көңілді ырғақты әуен қосып, содан кейін сөзбен қимылдарды сәйкестендіріп айтқызу жаттығуын орындатады.

Жаңа жыл, келе ғой! (қол кеудеде, теңселу)
Төріме ене ғой. (қолды алдыға созу, алақан ашық)
Әсем ғой шыршамыз. (қол жоғары)
Жарасып жырымыз. (орында айналу)
Сақал, құлақ тағамыз, (қолды төбеге қою, қоянның құлағын келтіру)
Қоян, түлкі боламыз. (қолды алдыға қарай бүгу)
Жаңа жыл, төрге кел! (қолды алдыға созу, алақан ашық)
Қонақты ерте кел. (қолды алдыға созу, алақанды ашып-жұму)
Мерекені тойлаймыз, (қол белде)
Ән шырқап, билейміз! (қол шапалақтап, әр аяқты кезек-кезек алдыға созу)
Егер, уақыт жеткілікті болса, үшінші рет айтқызуға болады.
Ұйымдастырылған іс-әрекеттен тыс уақытта педагог балаларға өленнің сөздерін қайталатып, Жаңа жылдық әндерін орындатады.

## 3. ҚОРЫТЫНДЫ

**Материалды бекіту және қорытындылау.**
Педагог:
- Балалар, біз қандай мерекені күтіп жүрміз? (Жаңа жыл мейрамын.) Жарайсыңдар!
- Жаңа жыл қандай жыл мезгілінде келеді? (Қыста келеді.) Дұрыс!
- Жаңа жылда нені безендіреміз? (Шыршаны безендіреміз.)
- Жаңа жылда бізге қонаққа қандай кейіпкерлер келеді?
Балалар өздері білетін немесе өздері костюмін киетін басқа кейіпкерлерді айтуы мүмкін.
- Біз Аяз атаға қандай сыйлық жасай аламыз? (Ән айта аламыз.) Жарайсыңдар!
- Балалар, егер сендер біздің жаңа жылдық әндеріңді айтсаңдар, Аяз ата қуанып,
жақсы сыйлық сыйлайтынына сенімдімін.
- Бүгін сендер көңілді, тату болып, өте әдемі ән салдыңдар. Рақмет сендерге!
Жарайсыңдар! Сау болыңдар.

## 17. Ұйымдастырылған іс әрекет
## ҚАЗАҚ ТІЛІ

**Тақырыбы: Әңгімені мәнерлеп оқу. «Біз қармен қалай ойнадық». Биік - аласа. Тар - жіңішке.**

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты**

Балаларды «Біз қармен қалай ойнадық?» әңгімесімен таныстыру; әңгіме жанры туралы түсінік беру; қысқы өзгерістер туралы білімдерін кеңейту, қысқы қызықтар жайлы түсініктерін қалыптастыру; «биік - аласа», «тар - кең» шамалары туралы түсініктерін бекіту, сөйлеу барысында қолдануға жаттықтыру; көргенімен естігенін сәйкестендіре білу біліктілігін, еске сақтау, қиял, көру зейінін, жағымды эмоцияларын дамыту. Зейінділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу; қысқы ойындарға қызығушылықтарын арттыру.

**Сөздік жұмыс**

Сөздікке: қызықтар, кең, тар, биік, аласа, аула сыпырушы, шана, шаңғы сөздерін енгізу; таудан сырғанады, шананы сүйрейді, күшікті сырғанатты, коньки тепті, шаңғы тепті, қар ұшқынын ұстады, аққала жасайды, қар лақтырды, қар тазалайды сөз тіркестері арқылы сөздік қорларын арттыру.

**Әдіс-тәсілдер**

Аудиотаспа, сурет көрсету, қарама-қарсы мағыналы сөздер жұптарын құрауға арналған сөздік жаттығу, ым-ишара мен тақпақтау негізінде сөздік жұмыс, суретті-сызба негізінде елестету арқылы әңгімені оқу, естуге және артикуляцияға арналған жаттығу, сюжетті суретті қортындылау негізінде сәйкестендіру мен бөліктерді тұтастандыруға жаттығу, материалды бекіту, қорытындылау.

**Құрал-жабдықтар**

**1. Көрнекілік материалдар.**
Баяу қарқынды әуен.
Демонстрациялық сурет: биіктіктері әртүрлі екі ағаш бейнеленген. Ағаштың басында, жерде қар көп. Әр ағаштың алдында қардан тазаланған ені әртүрлі екі жол жатыр.
Көру арқылы әңгімені модельдеу. «Балалар қармен қалай ойнады?»
- таудан сырғиды;
- шана сүйреп, күшікті сырғанатады;
- конькимен келеді;
- қарды лақтыру;
- екі бала құшақтасады, жымияды;
- қолғаппен қар ұшқынын ұстап алу;
- аққалаға қардан шар жасап жүр;
- шаңғымен келеді;
Осындай бөлек суретті сызбалар.
Түрлі қарқындағы ырғақтағы әуен аудиотаспалары.
Әңгіменің желісін бейнелейтін демонстрациялық сюжетті сурет.
Суретті сызба: аула сыпырушы қар тазалап жүр.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысы**

**1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

**Жаттығу. «Кел, сәлемдесейік!»**

**Аудиотаспа тыңдау.**
Тыныштандыратын әуен қосылады.

**Суретті көрсету.**
Педагог екі ағашты көрсетеді: биік және аласа. Олардың алдыңғы жағында тазаланған екі жол жатады. Биік ағаштан кең жол, аласадан тар жол көрінеді.

- Қараңдаршы, балалар, қанша көп қар жауған!
- Бұл қай жыл мезгілі? (Бұл қыс.) Қыста не көп болады? (Қыста қар көп.) Дұрыс, қар көп.
- Біреулер жолды тазалап қойыпты.

**Қарама-қарсы мағыналы сөздер жұптарын құрауға арналған сөздік жаттығу. «Биік - аласа. Тар - кең».**
Педагог:
- Мына суретте нелер бар? (Ағаштар.) Ағаштар бірдей ме? Сол жақта - аласа, оң жақта - биік. Қане, балалар, қайталайықшы. Жарайсыңдар!

Педагог балалардың назарын суреттегі екі жолға аударады.
- Жолдар бірдей ме? Сол жақтағы жол - тар, оң жақтағы жол - кең. Қане, балалар, қайталайықшы. Жарайсыңдар!

Педагог бірнеше балаға жеке қайталауға мүмкіндік береді.
- Иә, қар көп. Ендеше, балалар, қармен ойнауға болады. Сендер дайынсыңдар ма? Келіңдер, ойнайық!

**2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

**Ым-ишара мен тақпақтау негізінде сөздік жұмыс. «Мынаны не істейміз?»**
Педагог балаларды интербелсенді тақта немесе көрнекіліктерге арналған тақта алдына жарты шеңбер болып отыруға шақырады.
Жаттығуды ұйымдастыру үшін педагог шумақтың әр жолын бейнелейтін суретті сызбаларды қолданады.
Міндеті.
Кезекті жолды оқыған кезде төмендегі қажет суретті сызбаны қою керек.
Суретті сызбалар:
- таудан сырғиды;
- шана сүйреп, күшікті сырғанатады;
- конькимен келеді;
- қарды лақтыру.
- екі бала құшақтасады, жымияды;
- қолғаппен қар ұшқынын ұстап алу;
- аққалаға қардан шар жасап жүр;
- шаңғымен келеді.

Педагог әр сөзді артикуляция естіліп, көрініп тұратындай нақты, айқын дыбыстауы маңызды. Жаттығу барысында ым-ишара қимылдарын да қолдануға болады. Педагог әр сөйлем жолдарынан кейін тыныс белгілеріне қажет үзілісі бар әуен аудиотаспасын пайдалана алады.

- Мынау сырғанақ. Сырғанақтан төмен қарай сырғанаймыз.

- Мынау шана. Шананы сүйрейміз.

- Мынау қар. Қарды лақтырамыз.

- Мынау дос. Доспен ойнаймыз.

- Мынау қар ұшқыны. Қар ұшқынын алақанмен ұстаймыз.

- Мынау аққала. Аққаланы жасаймыз.

- Мынау шаңғы. Шаңғы тебеміз.

- Мынау коньки. Коньки

тебеміз. Жаттығу екі рет

өткізіледі.

**Суретті сызба негізінде елестету арқылы әңгімені оқу. «Балалар қармен қалай ойнады?»**
**Әңгімені бірінші рет оқу. «Балалар қармен қалай ойнады?»**
Балаларды өз орындарына шақырады.
Педагог:
- Балалар, әңгімені мұқият тыңдап, естеріңе сақтаңдар.
«Балалар қармен қалай ойнады?»
Қыс келді. Аулада көп қар жатыр. Әкелеріміз мұздан сырғанақ жасады. Біз төменге қарай жылдам сырғанап: «Тараңдар!» деп айғайлаймыз. Міне, қандай тамаша! Күшік қардан қорқады. Таня оны шанамен сырғанатып жүр.
Әкелеріміз сырғанақ құйып қойды, мұз жып-жылтыр болып жатыр. Шәкен мен Валя коньки теуіп жүр. Шәкен мен Валя бір-бірімен дос. Олар үнемі бірге ойнайды.
Хамит коньки тебуді ұнатпайды. Тайғақта құласаң, ауырсынасың. Хамит қар үстінде шаңғы тепті. Шаңғымен жүріп өткен екі жол жіп-жіңішке, кішкентай мәшине жүріп өткен сияқты.
Күні бойы қар жауды. Айна қолғабымен қар ұшқындарын ұстап алады.
- Айна! Қарды жеме!
Қар өте көп. Данилка мен Ермек аққала жасап жүр. Аққала дайын болып қалды, бірақ қар суық, саусақтарың тоңып қалады. Қардың көптігі сонша, шаңғы мен конькилері жоқ барлық балалар қар лақтырып ойнап жүр. Қарды қанша лақтырсаң да, ауланы қардан тазаласаң да, сонда да қар таусылмайды.

**Қайталап оқып, әңгіменің моделін құрау. «Балалар қармен қалай ойнады?»**
Педагог:
- Балалар, қазір мен сендерге әңгімені оқимын. Сендер әңгімедегі оқиғаларға ұқсас суреттерді қоя бастаңдар.
- Мұқият тындаңдар!
Педагог әңгімені мәнерлеп оқиды. Әңгіме барысында балалар суретті сызбалардың ішінен мәтінге сәйкес келетінін белгілегендерін бақылайды.
Әңгімені көру арқылы модельдеу «Балалар қармен қалай ойнады?»
- таудан сырғиды;
- шана сүйрейді, күшікті сырғанатады;
- конькимен сырғанайды;
- екі бала құшақтасты, жымиды;
- шаңғы тебеді;
- қолғаппен қар ұшқынын ұстап алу;
- аққалаға қардан шар жасап жүр;
- қарды лақтыру.

- Балалар, әңгіме ұнады ма? Жақсы.

**Естуге және артикуляцияға арналған жаттығу. «Сөзді тап».**
Педагог:
- Балалар, қазір мен жұмбақ жасырамын. Сендер жұмбақты мұқият тыңдап, шешуін табыңдар.

- Мұқият болыңдар!
Шелек қалпақ басында,
Сәбіз екен танауы.
Қыста қардан туатын,
Тауып көрші, сен оны ...(Аққала.)

Нәзік белі бұралған,
Ұшы біздей қадалған.
Қар үстінде жорғалап,
Басқан ізін бояған ... (Коньки.)

Табаныма байладым,
Қос таяқпен айдадым ... (Шаңғы.)

Мінсем,
Төменге зу етем,
Өрлесем,
Оны өзім сүйретем ... (Шана.)

Қыста ғана болады,
ұстасаң қолың тоңады ... (Қар.)
- Ал енді, балалар, әуенмен ырғағына ойнап көрейік.

- Жарайсыңдар! Қармен жақсы ойнайсыңдар.

**Сюжетті суретті қортындылау негізінде сәйкестендіру, бөліктерді тұтастандыруға арналған жаттығу.**
Педагог:
- Қазір мен сендерге бір сиқыр көрсетемін.
Педагог әңгіме желісі бойынша бейнеленген үлкен сюжетті суретті көрсетеді.



- Таныдыңдар ма?
- Балалар, суретке мұқият қараңдар. Не көріп тұрсыңдар?
Балалар таныс сөз тіркестері мен сөйлемдерді айтады, көргендерімен сәйкестендіреді. Олар мынадай үлгідегі сөйлемдерді құрайды: «Балалар таудан сырғанап жүр», «Қыз шана сүйреді. Қыз күшікті сырғанатты», «Ұл коньки теуіп келеді», «Ұл шаңғы теуіп келеді», «Қыз қарды ұстап алды», «Балалар аққала жасап жатыр», «Балалар қар лақтырып ойнап жүр».
- Балалар, қыста ойнайтын ойындарды қыс қызықтары дейміз. Қызықтар.
Қайталайық. Жарайсыңдар!
Педагог балалардың назарынан тыс қалған нәрселерге көңіл аударады.
- Балалар, суретте тағы кім бар екен? Қане, балалар, кім айтады? Аула сыпырушы.
- Біз оның қарды тазалайтынын оқыдық. Солай ғой? Иә.
- Аула сыпырушы қар тазалайды. Қане, балалар, қайталайық. Жарайсыңдар!
- Тамаша! Әңгімеміз керемет шықты. Сендер өте ақылды балаларсыңдар.

**3. ҚОРЫТЫНДЫ**

**Материалды бекіту және қорытындылау.**
Педагог:
- Балалар, бүгін біз не істедік? Немен ойнадық? (Қармен ойнадық.) Жарайсыңдар!
- Қармен ғана ойнадық па? (Коньки, шаңғы, шана тептік, таудан сырғанадық, аққала жасадық, қар лақтырдық.) Дұрыс айтасыңдар, осының барлығын бір сөзбен қалай айтамыз? (Қысқы ойындар.) Жарайсыңдар, балалар!
- Ал біз, қармен қалай ойнау керектігін қайдан білдік? Біз не оқыдық? Ертегі? Жұмбақ? Әңгіме? (Әңгіме оқыдық.) Жарайсыңдар!
- Ағаштар қандай болады? (Биік, аласа.) Жолдар қандай болады? (Кең, тар.) Дұрыс айтасыңдар!
- Балалар, бүгін сендер өте зейінді болып, көп сөздерді естеріңе сақтадыңдар, қармен ойнадыңдар. Жарайсыңдар!
- Балалар, қарды жеуге болмайды! Қарды қолғапсыз ұстауға, қарда көп жүруге болмайды! Неге? Дұрыс, ауырып қалмау үшін. Сендерге алғысымды білдіремін. Жарайсыңдар! Сау болыңдар.

## 18. Ұйымдастырылған іс әрекет
## ҚАЗАҚ ТІЛІ

**Тақырыбы: «Қар жауады». Қатты - жұмсақ. Суық - ыстық.**

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты**

Балалардың ұғымындағы қардың қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту; заттардың қасиетін білдіретін «суық - ыстық», «жұмсақ - қатты» ұғымдарын бекіту. Қар және оның ерекшеліктері туралы тақпақтарды түсініп, дұрыс айтуды үйрету; қардың калпын айқындайтын сын есімді дұрыс қолдануға жаттықтыру; сөйлеу мәнерін, көру және есту қабілетін, логикалық ойлауын дамыту. Байқампаздыққа, шыдамдылыққа, әдептілікке, айналасындағы әлемге сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

**Сөздік жұмыс**

Сөздікке: қонақтайды, тегістейді, жасырыпты, қатты, жұмсақ, суық, ыстық сөздерін енгізу. «Шатырда қар», «жерде қар», «көшеде қар», «аулада қар», «ағаштарда қар», «орындықта қар», «мәшинеде қар», «қақпада қар», «қар ериді» сөз тіркестері арқылы сөйлеу тілдерін дамыту.

**Әдіс-тәсілдер**

Аудиотаспа тыңдау, суретті сызба бойынша есту зейініне негізделген сөздік жұмыс, көркемсөз, мнемокарточка бойынша сөз тіркесін құрауға негізделген сөздік ойын жаттығуы, сергіту сәті, қарама-қарсы мағыналы сөздер жұбын құрау негізінде сөздік-тәжірибелік жаттығу, мәнерлеп оқуға сөздік жаттығу, материалды бекіту, қорытындылау.

**Құрал-жабдықтар**

**1. Көрнекілік материалдар.**
Қар үстінде жүргенде шығатын дыбыстың аудиотаспасы.
Тақпақ мазмұны бойынша суретті сызбалар:
- қар жауып тұр;
- қар астындағы балалардың бейнесі;
- қолына қап ұстаған ата. Ата қаптан қар ұшқындарын алып, кірлеген жолдарға сеуіп тұр.
- терезенің әйнегіне сурет салып тұрған қол.
Қар туралы сөз тіркестерін құрауға арналған жаттығу үшін мнемокарточкалар:
* қарсыз нысандар: шатыр; жер; көше (жаяу жүргінші жолы, жол қиылысы); аула (балалар алаңқайы); ағаштар (біреу, алшақтау жерде екеу); орындық; мәшинелер; қақпа; саябақ.
* қарлы нысандар: шатырда; жерде; көшеде; аулада; ағаштарда; орындықта; мәшинеде; қар қақпада.
Сергіту сәтіне арналған көңілді ырғақты әуеннің аудиотаспасы.
Бақылау жүргізу үшін заттар немесе олардың суреттері:
- шыны ыдыстағы қар;
- қары бар ыдысты ұстаған алақан;
- қары бар ыдысқа салынған қасық, қуыс болып қалады;
- алақандағы қар (шар тәрізді);

- саусақ қарға тиіп тұр (шар тәрізді);
- шүмегінен бу шығып тұрған шайнек.

**2. Үлестірмелі материалдар.**
Қар салуға ыдыс, қасық, сүлгі.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысы**

**1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

**Жаттығу. «Кел, сәлемдесейік!»**

Педагог:
- Балалар, суреттегі жыл мезгілі жайлы кім айтады?
Педагог әр балалардан бір сөз тіркесінен қабылдайды.
Үлгі жауаптар.
«Қыс келді. Қар жауды. Қар көп. Аққала тұр. Қар ақ».
- Балалар, қар қалай жауады? (Қар ақырын жауады.) Дұрыс, қар ақырын жауады да, айналадағы заттарға қонады. Қане, балалар, қайталайықшы.

**1.3. Суретті сызба бойынша есту зейініне негізделген сөздік жұмыс. Көркемсөз.**
**«Суретші қыс».**
Қонақтайды бақтарға,

Ақ көбелек, ақ мамық.
Аунап таза ақ қарға,

Балалар жүр мақтанып.
Тазартып бар кір, шаңнан,
Қыс өнерін бастады.
Терезеге қыраудан,
Сурет салып тастады.
(К. Нүсіпжан.)

Педагог:
- Балалар, тақпақтағы қандай сөздер сендерге таныс? (Қар, көбелек, балалар, қыс, сурет.) Жарайсыңдар!
Педагог балалардан естерінде қалған сөздерді тізбек бойынша айтып шығуды ұсынады.
- Балалар, қар жауғанда қайда қонақтайды екен? Қане, көрейік.

## 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

**Мнемокарточка бойынша сөз тіркесін құрауға негізделген сөздік ойын-жаттығуы. «Қар қайда?»**
Мақсаты.
Суреттегі нысанға сүйеніп, оның үстінде қар жатқанын айту.
Ережесі.
Суретке қарайды. Бала бейнеленген нысандағы қар жайлы сөйлем құрап айтады. Сөйлем дұрыс құралса, қосымша сурет көрсетіледі. Мысалы, қар жатқан орындық.
Жабдықтар.
Алғашқы демонстрациялық мнемокарточкаларға қарсыз нысандар дайындалады: шатыр; жер; көше (жаяу жүргінші жолы, жол қиылысы); аула (балалар алаңқайы); ағаштар (біреу, алшақтау жерде екеу); орындық; мәшинелер; қақпа; саябақ.

Қарсыз карточкалардан бөлек, қарлы суреттердің жұпты бөлімдері дайындалады: шатырда; жерде; көшеде; аулада; ағаштарда; орындықта; мәшинеде; қақпада қар.

Барысы.
- Балалар, қазір ойнаймыз.
- Суретке мұқият қарап, қардың қайда жатқанын айту керек.
Педагог рет-ретімен қарсыз нысандардың карточкаларын көрсетеді. Балалар атайды. Қарлы нысандардың карточкалары пайда болады.
- Қар қайда жатыр?
1.
- Қар шатырда жатыр.
2.
- Қар жерде жатыр.
3.
- Қар көшеде жатыр.
4.
- Қар аулада жатыр.
5.
- Қар ағаштарда жатыр.
6.
- Қар орындықта жатыр.

7.
- Қар мәшиненің үстінде жатыр.
8.
- Қар қақпада жатыр.
- Тамаша! Енді, қардың қайда жататынын білетін болдыңдар.

**Сергіту сәті. «Қар».**
Педагог:
- Балалар, қар жерге түскенде айнала аппақ, әдемі, жап-жарық болады. Көңілді ырғақты әуен естіледі.

Жауды, міне қар аппақ, (қолды жоғары көтеру, саусақтарды төмен жүргізу)
Айналаның бәрі аппақ, (қолды екі жаққа сермеу)
Жасырыпты жолдарды. (қол белде, орында жүру)
Тегістепті оларды. (орында айналу)
Үстін жауып көлдердің, (қолмен екі жаққа толқын жасау)
Бетін бүркеп белдердің, (бетті уқалау)
Жастық етіп тауды асқақ, (екі алақанды қосу, бір орында секіру)
Жантайыпты жанбастап.
(Т. Шопашов)
- Балалар, қар қандай? (Таза, аппақ.) Жарайсыңдар!
- Қар не істеді? (Жауды, жасырды, тегістеді, бүркеді.)
- Қар қайда жауды? (Жолдарға, көлдерге.) Жарайсыңдар!

**Қарама-қарсы мағыналы сөздер жұбын құрау негізінде сөздік-тәжірибелік жаттығу. «Биік - аласа. Тар - кең».**
Педагог:
- Педагог балаларға шыны ыдыстағы қарды көрсетеді.

- Балалар, мынау не? (Мынау қар.)
- Қар қандай түсті (Қар - ақ.)
- Балалар, саусақтарымызды қарға тигізсек, қар
қандай? Педагог ыдыстағы қарды ұстап көруді
ұсынады.

- Сонымен, балалар, қар қандай екен? (Қар суық.) Жарайсыңдар!
- Қар тағы қандай?
Педагог қарға қайықты түсіреді.

- Қар қандай? (Тарсылдатады.) Қатты? (Жұмсақ.)
Дұрыс. Педагог қарды қолмен алып, қысып дөңгелетеді.

Балалардың қасына келіп, ұстап көруге мүмкіндік береді.
- Ал енді қар қандай? Жұмсақ па? (Қатты.) Дұрыс. Енді, ол қатты.

Балаларға ыдыстағы қарды бақылап көру мүмкіндігін беру үшін жаттығуды үстелдің үстінде өткізуге болады.
- Балалар, қар қандай?
- Қатты - ... (Жұмсақ.)
- Суық - ...
- Ыстық - ...
- Балалар, егер қарды ерітсе, онда ол еріп, ыстық
болады. Педагог шүмегінен бу шығып тұрған шайнекті
көрсетеді.

- Қарды қыздырса, ол неге айналады? (Суға.) Дұрыс. Қар дегеніміз - су. Қайталайықшы. Қар ериді. Жарайсыңдар!
Педагог сұрау барысында әр балаға жеке жауап беруге мүмкіндік береді.
- Міне, балалар, қар қандай бола алады. Жарайсыңдар!

**Мәнерлеп оқуға сөздік жаттығу. «Суретші қыс».**
Педагог балаларды шеңберге шақырады. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің басында оқылған өлең жолдарын топпен қайталайды.
Қонақтайды бақтарға,
Ақ көбелек, ақ мамық.
Аунап таза ақ қарға,
Балалар жүр
мақтанып.

Тазартып бар кір, шаңнан,
Қыс өнерін бастады.
Терезеге қыраудан,
Сурет салып тастады.
(К. Нүсіпжан.)
Педагог балалармен бірге тақпақты мәнерлеп қайталайды.

**3. ҚОРЫТЫНДЫ**

**Материалды бекіту және қорытындылау.**
Педагог:
- Балалар, бүгін қандай табиғи құбылыстарды көрдік? Жаңбырды ма? Жоқ. (Жауған қарды көрдік.) Дұрыс.
Балалар тақпақ жолдарын еске түсіреді.
- Қар қандай болады? (Суық, қатты, жұмсақ, таза.)
- Қар неге ыстық емес? (Еріп кетеді.) Дұрыс. Қар қалай суға айналады? (Қар ериді.) Дұрыс.
- Балалар, бүгін сендер өте зейінді болдыңдар, қардың қалай жауатынын, неге айналатынын, қалай еритінін бақыладыңдар. Балалар, қардың суық екенін, оны қолғапсыз ұстауға болмайтынын ұмытпаңдар. Даладан келгеннен кейін қолғапты кептіру керек. Сендерге көп рақмет! Жарайсыңдар! Сау болыңдар.

# 19. Ұйымдастырылған іс әрекет
## ҚАЗАҚ ТІЛІ

**Тақырыбы: "Үш торай" ертігісін оқу.**

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты**

Балаларды «Үш торай» ертегісімен таныстыру; сөздердің түрленуі, зат есім, сын есім, негізгі және туынды сөздер жайлы білімдерін дамыту; мезгілдік өзгерістер туралы, адамдар мен жан-жануарлардың өміріндегі әртүрлі жыл мезгіліндегі ерекшеліктер жайлы түсініктерін дамыту; еңбектің маңыздылығы туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру.
Балаларды ертегі тыңдауға, ертегі желісін еске сақтауға үйрету; жиі қайталанатын сөз тіркестерін сызбалы суреттер негізінде дыбыстауға жаттықтыру; негізгі сөз бен туынды сөз тізбегін түсініп, өз бетінше құрау біліктіліктерін дамыту; есту, ойлау, еске сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілін, қиялдарын дамыту. Еңбексүйгіштікке, жанашырлыққа, ертегілерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

**Сөздік жұмыс**

Сөздікке: алаңқай, қыстау, сабан, кірпіш, шыбық, берік сөздерін енгізу; «үш торай», «жазда ыстық, ал қыста суық», «қане, үй салайық», «Қысқа дейін алыс! Үлгереміз!», «тез салды», «ұзақ салды». «Қыс арбаңды сайла. Жаз шанаңды сайла» сөз тіркестері арқылы сөйлеу тілін байыту.

**Әдіс-тәсілдер**

Аудиотаспа тыңдау, сурет көрсету, көркемсөз, ертегіні мәнерлеп оқу, сөзді ойын-санамақ, суретті сызба бойынша ертегі мазмұнын модельдеуге арналған жаттығу, лексико-ырғақты жаттығу, еске сақтауға сөздік жаттығу, материалды бекіту, қорытындылау.

**Құрал-жабдықтар**

**1. Көрнекілік материалдар.**
Көңілді ырғақты әуеннің аудиотаспасы.
Орман жиегіндегі алаңқайдағы үш торайдың үйі бейнеленген демонстрациялық сурет.
«Үш торай» ертегісінің мазмұны бойынша демонстрациялық суреттер:
- жаз, орман алаңқайы, үш торай көгалда билеп жүр;
- жаз, орман алаңқайы, үлкен ағалары інілерін үй салуға шақырады;
- күз, орман алаңқайы, үлкен ағалары інілерін үй салуға шақырады;
- қыс, орман алаңқайы, үш торай өз үйлерінде отыр: сабан үйде, шыбық үйде, кірпіш үйде; орманда қасқыр қыдырып жүр;
- қасқыр сабан үйге үрлейді, ішінен торай қашып шығады;
- қасқыр шыбық үйге үрлейді, ішінен екі торай қашып шығады;
- қасқыр кірпіш үйге үрлеп тұр;
- қасқыр кірпіш үйдің шатырындағы мұржасына шығып барады;
- қасқыр бүйірін ұстап кірпіш үйден жүгіріп шығады;
- жаз, орман алаңқайы, үш әдемі кірпіш үй тұр, торайлар көгалда билеп жүр.
Санамақ үшін орташа қарқындағы ырғақтың әуен аудиотаспасы.
Ер тегі мазмұнын модельдеуге арналған суретті-сызбалар:
- үш торайдың тұмсығы;
- шөптен ажыраған үш жұп сирақ;
- қол кірпіш қояды;
- екіге бөлінген сурет; сол жақта күн, оң жақта қар;

- екіге бөлінген сурет; сол жақта сұқ саусақ, оң жақтағы кішкентай қар ұшқынына көрсетеді;
- екіге бөлінген сурет; сол жақта бұлтпен жаңбыр, ұшқан жапырақ, оң жақта қар;
- сабан, шыбық, кірпіш үйлер;
- үрлеп тұрған қасқырдың тұмсығы;
- үрлеп тұрған үш қасқырдың тұмсығы;
- нұсқау белгісі жоғарыдан, төмендегі пештің отын нұсқап тұр;
- кірпіш + үлкен саусақ жоғары.

Мақалдың мағынасын ашатын сурет: шөп үстінде шана, күн, қар үстінде арба.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысы**

**1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

**Жаттығу. «Кел, сәлемдесейік!»**

**Аудиотаспа тыңдау.**
Көңілді ырғақты әуен қосылады.

Педагог:
- Балалар, естисіңдер ме? Бүгін бізді көптеген қызықтар күтіп тұр. Біз орман алаңқайына саяхатқа барамыз.
Суретті көрсету.

- Балалар, орманның қасында нелер тұрады?
- Қасқыр? Түлкі? (Жоқ, қасқыр емес, түлкі емес.) Аю қайда? (Аю апанында ұйықтап жатыр.) Көжек неге көрінбейді? (Қоян ақ тонын киіп алды.)
- Ия, қысқы орманда тып-тыныш. Барлық аңдар тығылып қалды.
- Барлығына қыстап шығу керек. Қане, қайталайықшы. Жарайсыңдар!

**Көркемсөз. «Көңілді торайлар».**
Жап-жасыл алаңқайда,
Көңілді олар тұрды да.
Тұмсықтары дөңгелек,
Денелері он бөлек.
Қызғылт түсті тоны бар,

Көңілді үш торайлар.
(А. Кокенова)
Педагог:
- Сендер естідіңдер ме? Торайлар дегеніміз нелер? Иә. Торайлар - шошқаның балалары. Осы торайлар туралы ертегі оқып берейін.

**2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

**Ертегіні мәнерлеп оқу. «Үш торай».**
Бір кезде Наф-Наф, Нуф-Нуф, Ниф-Ниф деген үш торай өмір сүріпті. Жаздың ыстық күндерінде олар күнге қыздырынып, көгалда секіріп ән айтатын. Бір күні ағайындылардың үлкені Ниф-Ниф былай деді:
- Жазда ыстық - жақсы, ал қыста суық - жаман. Біз үй салайық.
Інілері Наф-Наф пен Нуф-Нуф күледі де:
- Қысқа дейін әлі алыс! Үлгереміз!

Үлкен ағалары Ниф-Ниф жалғыз өзі үй салуға кіріседі. Үйін салып жүріп, бауырларына тағы да айтады:

- Жазда ыстық - жақсы, ал қыста суық болады - жаман. Қане, үй салайық. Мен қабырғаларын тұрғызып қойдым.
Інілері Наф-Наф пен Нуф-Нуф күледі де:
- Қысқа дейін әлі алыс! Үлгереміз!
Осылай жаз кетіп, күз келеді. Ағаштардың жапырақтары сарғайып, жаңбыр жауады.

Үлкен ағалары Ниф-Ниф інілеріне айтады:
- Күзде дымқыл - жақсы емес, ал қыста суық болады - жаман. Жүріңдер, үй салайық. Мен шатырын жаптым.
Інілері Наф-Наф пен Нуф-Нуф күледі де:
- Қысқа дейін әлі алыс! Үлгереміз!
Міне күз де өтіп, қыс келді. Қар жауып, күн суытты. Ағайындылар тонды.
Үлкен ағалары Ниф-Ниф кірпіш үйді ұзақ салды. Міне, ол жылы, үлкен үй тұрғызды.
Інілері де үйді жылдам салып алды: Нуф-Нуф - шыбықтан, Наф-Наф - сабаннан. Міне, кішкентай үйлер тұр.

Қыста суық орманда аш қасқыр жүреді. Бір күні қасқыр аңға шығып, торайлардың иісін сезіп қояды. Наф-Нафтың сабан үйін көрген қасқыр қуанып кетеді.

Қасқыр бір рет үрлеп қалып еді - сабан үйшік шашылып қалды.
Наф-Наф атып шығып, қасқырдан қаша жөнеледі, қасқыр қуа жөнеледі.
Наф-Наф Нуф-Нуфтың үйіне жүгіріп кіріп, тығылып қалады. Торайлар шыбықтан жасалған үйде жасырынады.

Қасқыр қайта үрлей бастайды. Бір рет үрлейді, екінші рет, үшінші рет үрлегенде шыбық үй сынып қалады. Наф-Наф пен Нуф-Нуф атып шығып, қасқырдан қаша жөнеледі, ал қасқыр қуа жөнеледі, міне, ұстап алды.
Наф-Наф пен Нуф-Нуф, Ниф-Нифтың үйіне жүгіріп кіріп, қасқырдан тығылып қалады. Торайлар кірпіш үйде жасырынады.

- Ого! Торайларға тоятын болдым - дейді қасқыр. Өкпесіне көп ауа жинап, үйді үрлейді, - Бір! Екі! Үш! Бір! Екі! Үш!
Ал кірпіш үй құламайды, сынбайды.

Сол кезде үйдің шатырына шығып, мұржаға кіріп, ыстық пешке құлап түседі. Қатты құлағаны сондай, екі бүйірі мен құйрығын күйдіріп алады. Ауырғаны сондай, қасқыр ұлып, орманға қашып кетеді.

Ал кішкентай торайлар қыс аяқталысымен, өздеріне кірпіштен жылы үй салып алады.

**Сөзді ойын-санамақ. «Үш торай».**
Педагог балаларды ортаға шеңбер құрып тұруға шақырады. Балалар педагогпен бірге сөздерін айтады.

Үш торай,
Үш торай
Қандай жасыл алаңқай!
Үш торай,
Үш торай
Үйі олардың алаңқай!
- Не? Не?
- А-лаң-қай.
Ең үлкені еңбекқор,
Інілеріне қамқор.

Аты оның ...
- Ниф-Ниф!
Ең үлкені енбекқор,
Інілеріне қамқор.
Аты оның
... Ниф-
Ниф!
- Аты қалай?
- Ниф-Ниф!
Ортаншысы саналы,
Тез салуды қалады.
Аты оның ...
Нуф-Нуф!
Ортаншысы
саналы, Тез салуды
қалады. Нуф-Нуф!
- Аты қалай?
- Нуф-Нуф!
Ең кенжесі ойнайды,
Ойынға бір тоймайды
Аты оның ...
- Наф-Наф!
Ең кенжесі ойнайды,
Ойынға бір тоймайды
Аты оның ...
Наф-Наф!
- Аты қалай?
- Наф-Наф!
- Қанша торай? Санашы ...
- Бір, екі, үш! Бір, екі, үш!
- Санадым ба? Қарашы ...
- Бір, екі, үш! Бір, екі, үш!
- Бір, екі, үш! Бір, екі, үш!
- Жарайсыңдар, балалар! Торайларды дұрыс санадық.

**Суретті сызба бойынша ертегі мазмұнын модельдеуге арналған жаттығу. «Үш торай».**
Педагог:
- Балалар, қазір ертегіні қаншалықты еске сақтағандарыңды байқап көрейік.

- Нелер өмір сүрді? (Үш торай.)
- Олардың аттары қалай? (Наф-Наф, Нуф-Нуф, Ниф-Ниф.)

- Торайлар не істеді? (Көгалда секірді, ән салды.)

- Үлкен ағалары не деді? (Жазда ыстық - жақсы, қыста суық - жаман. Қане, үй салайық.)

- Інілері не деді? (Қысқа дейін әлі алыс, үлгереміз)

- Үлкен ағалары не істеді? (Үй салды.)
- Інілеріне ағасы не деді? (Жазда ыстық - жақсы, қыста суық - жаман. Қане, үй салайық. Мен қабырғасын көтердім.)

- Інілері не деді? (Қысқа дейін әлі алыс. Үлгереміз!)

- Күзде ағалары не дейді? (Күзде дымқыл - жақсы емес, ал қыста күн суық болады - жаман. Үй салайық. Мен шатырын жаптым.)

- Інілері не деді? (Қысқа дейін әлі алыс. Үлгереміз!)
- Қыста не болды? Барлығы үй салды ма? (Үшеуі де үй салды.)

- Олар қандай үй салды? (Ниф-Ниф - кірпіш үй, Нуф-Нуф - шыбық үй, Наф-Наф - сабан үй.) Жарайсыңдар!

- Сабан үй неге шашылып қалды? (Қасқыр бір рет үрледі.) Қалай үрледі? Көрсетіңдерші.

- Шыбық үй неге сынып қалды? (Қасқыр үш рет үрледі.) Қалай үрлегенін көрсетесіңдер ме?

**Суретті сызба.**
- Неге үлкен ағасының үйі сынбады? (Кірпіш үй.) Қасқыр қалай үрлегенін көрсетіңдерші?

- Қасқырға не болды? (Пешке құлады.) Дұрыс, күйіп қалды да ...
(Қашып кетті.) Жарайсыңдар!
- Сабан үй мен шыбық үй неге құлап қалды да, ал кірпіш үй сынбады? (Олар тез салды.)
Ал кірпіш үй қанша салынды? (Ұзақ.) Дұрыс. Қане, балалар, қайталайық. Жарайсыңдар!

- Торайлар не істеді? (Кірпіш үй салды.) Иә. Кірпіш - берік зат.

**Лексика ырғақты жаттығу. «Үйлер неден жасалған?»**
Педагог дауысын бәсеңдетіп, баяу қарқынды аудиотаспаны қосады.

- Сабан, сабан үй. (аяқ алшақ, қол белде, белді айналдыру)
Бір үрлесең, шашылады, (алақанға үрлеу, иықты қозғау) қайта жиналмайды.
Шыбық, шыбық үй. (екі қолды кезек-кезек көтеру)
«Бір, екі, үш!» - деп, үрлесең, (қол белде, үш рет алдыға үрлеу)
Құлайды кешікпестен.
Кірпіш, кірпіш үй. (екі қолдың жұдырығын бір-біріне соғу)
Жел соқса да. Ол мықты. (аяқ алшақ, қолды алдыға айқастыру)
Жаттығу бірнеше рет қайталанады.
- Жарайсыңдар!

**Еске сақтауға сөздік жаттығу. «Еске сақта».**
Педагог:
- Балалар, үй сапалы, берік болуы үшін торай үйін жазда салып бастап, қыс жақындағанда аяқтады. Үй салу ұзақ уақытты алса да, оның үйі сапалы, берік болып шықты.
- «Қыс арбаңды сайла. Жаз шанаңды сайла» деген мақал бар.





- Есімізге сақтап алайық, үйге барғанда айтып берейік.

**3. ҚОРЫТЫНДЫ**

**Материалды бекіту және қорытындылау.**
Педагог.
- Балалар, бүгін қандай ертегімен таныстық? (Үш торай.)
- Олар қыста тұру үшін қандай үйлер салды? (Сабан, шыбық, кірпіш.) Үйлердің ең берігі қайсы? (Ең берік үй - кірпіш үй.) Жарайсыңдар!
- Сабан үйді торайлар ұзақ салды ма? (Жылдам салды.) Ал үлкен ағалары үйді қанша салды? (Ұзақ уақыт салды.) Есесіне, оның кірпіш үйі бәрінен берік болды.
- Балалар, жазда қысқа дайындалу үшін, қандай мақал бар? (Қыс арбаңды сайла. Жаз шанаңды сайла.)
- Балалар, бүгін сендер тату, көңілді болдыңдар. Көмектерің үшін алғысымды білдіремін. Жарайсыңдар! Сау болыңдар.

## 20. Ұйымдастырылған іс әрекет
## ҚАЗАҚ ТІЛІ

## Тақырыбы: «Қыстайтын құстар». Көп, аз, тең.

### Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты

Балалардың ұғымындағы қыстайтын құстар туралы түсініктерін кеңейту, адам құстарға қалай қамқорлық жасай алатынын түсіндіру, құстардың дыбыстарын білдіретін сөздердің ерекшеліктері туралы түсінік беру; түбірлес сөздер туралы білімдерін мысал келтіру арқылы қалыптастыру (қыс - қыстау - қыстайтын); заттардың санын анықтайтын «артық» ,«кем», «тең» түсініктерін бекіту.
Балаларға қыстайтын құстарды ажыратуды, дұрыс атауды үйрету, құстардың дыбыстауын айқындайтын (шіп-шіп, шыр-шыр, шырылдайды) сөздері арқылы артикуляциялық аппараттарын дамыту; заттар тобының санын анықтау ұғымдарын білдіретін «артық» ,«кем», «тең» сөздерін дыбыстауға жаттықтыру; еске сақтау, ойлау қабілеттерін, қатынастық дағдыларын дамыту. Қыстайтын құстарға қамқор болуға, мейірімділікке,
байқампаздыққа тәрбиелеу.

### Сөздік жұмыс

Сөздікке: қыстайтын құстар, жемшашар, жем, шымшық, артық, кем, тең сөздерін енгізу; қыстайды, шырылдайды сөздері, жем шоқиды, торғай шоқиды, жемшашардағы торғай сөз тіркестері арқылы тіл байлықтарын арттыру.

### Әдіс-тәсілдер

Аудиотаспа тыңдау, көркемсөз, сурет көрсету, сурет бойынша сөздік жұмыс, артикуляциялық жаттығу, екі ақпарат көзін сәйкестендіріп бір түсінікке біріктіруге арналған сөздік жаттығу, заттар тобын салыстыру бойынша сөздік есеп модельдеуге арналған жаттығу, ойын әрекетінің негізінде сөйлем құрауға арналған сөздік ойынды жаттығу, материалды бекіту, қорытындылау.

### Құрал-жабдықтар

### 1. Көрнекілік материалдар.
Қыстайтын құстардың дыбыстары.
Қыстайтын құстар бейнеленген демонстрациялық заттық суреттер: торғай, шымшық, қарға, сауысқан, тоқылдақ.
Қыстайтын құстардың демонстрациялық суреттері.
Артикуляциялық жаттығуға арналған ырғақты әуен аудиотаспасы.
Қыстайтын құстар дыбыстарының аудиотаспасы: торғай, шымшық, қарға, сауысқан, тоқылдақ.
Жемшашардағы құстардың демонстрациялық суреті.
Сөздік есептерді құрастыруға арналған суреттер:
- сол жақта бір шымшық, оң жақта екі торғай;
- сол жақта үш шымшық, оң жақта екі торғай;
- екі жақта да шымшық пен торғайдың саны тең.
Ойын жағдаяттары бойынша сөйлемдерді құрастыруға арналған суретті сызбалар:
- қол торғай сұлбасын ұстап тұр, дән бейнеленген тәрелкеге еңкейіп тұр;
- қол торғай сұлбасын ұстап тұр, құстың секіргенін келтіріп тұр.

### 2. Үлестірмелі материалдар.
Құстардың суретті сұлбалары: торғай, қарға, сауысқан, шымшық; фломастермен салынған дәннің суреті пластикалық тәрелкелер.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысы**

### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

### Жаттығу «Кел, сәлемдесейік!»

### Аудиотаспа тыңдау.
Жемшашардаға құстардың дауысының аудиотаспасы естіледі.

- Балалар, сендер естідіңдер ме? Олар нелер болуы мүмкін? Иә. Олар құстар екен. Дұрыс.
- Құстар жылы жаққа ұшып кетті ғой?
- Балалар, жылы жаққа ұшпайтын құстар да бар. Олар біздің қасымызда қыстап қалады.
Қайталаймыз. Қыстап қалады. Жарайсыңдар!

### Көркемсөз.
### «Қыстайтын құстар».
Жылы жаққа ұшпайтын,
Бізбен бірге қыстайтын,
Шымшық пенен қарғаның,
Шатыр асты қорғаны.
Паналары осы екен,
Адамдармен дос екен.

Таң сәріден естиміз,
Шиқылдаған шымшықты.
Қарға ұйқыдан оятып,
Қарқылдаған үн шықты.

Торғай менен сауысқан,
Ән айтады дауыстап.
Кейде ашығып қалады,
Балалар жем салады.
(Д.Қ. Бұланбаева)

### Сурет бойынша сөздік жұмыс. «Қыстайтын құстар».
Педагог:
- Балалар, тақпақта қандай құстарды естідіңдер? Атаңдаршы.
Егер балалар қиналып жатса, онда педагог балаларды құстардың атауларымен бірден таныстыра бастайды.
Педагог аталған қыстайтын құстың бейнесін көрсетеді.

- Мынау торғай. Мынау не? Дұрыс, Елдар! Болат, қайталашы, Елдар не деді? Жарайсыңдар! Мынау торғай.

- Мынау сауысқан. Мынау не? Дұрыс, Мадина! Жеңіс, қайталашы. Мадина қалай айтты? Жарайсың!
Мынау сауысқан.

- Мынау шымшық. Мынау не? Дұрыс айтасың, Қуат! Таңшолпан, Қуаттың айтқанын
қайталашы. Жарайсың! Мынау шымшық.

- Мынау қарға. Мынау не? Дұрыс, Айнұр! Абылай, қайталашы, Айнұр не деді? Жарайсың! Мынау қарға.

- Мынау тоқылдақ. Мынау не? Дұрыс, Ринат! Алтынай, қайталашы, Ринат не деді? Жарайсың!
Мынау қарға.
Егер балалар құстарды атауға қиналса, педагог өзі атайды да, балалардың қайталауын сұрайды.
Педагог құстарды ортақ аймаққа біріктіреді.
Демонстрациялық сурет: «Сауысқан, торғай, қарға, шымшық, тоқылдақ».

- Қыстайтын құстар - сауысқан, торғай, қарға, шымшық, тоқылдақ. Қайталайықшы. Жарайсыңдар!
- Қыстайтын құстар қыстайды. Қайталайық. Естеріңе сақтаңдар.
- Қыстайды, қыстайтын сөздері қандай сөзге ұқсайды? («Қыс» сөзіне ұқсайды.) Жарайсыңдар!
Қыс, қыстайды, қыстайтын. Қайталайықшы.

## 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

### Артикуляциялық жаттығу. «Торғайдың әні».
Педагог:
- Балалар, торғай қалай ән салады? Тындаңдаршы.

Торғай-торғай, тоқылдақ,
Жерден тары шоқып ап,
Бөтегесі томпайып,
Тойған қозыдай
монтайып,
«Шіп-шіп» десіп отырар.
*(халық ауыз әдебиетінен)*
Шыр-шыр еткен
торғайды, Қорғамасаң,
болмайды.
Кіп-кішкене торғайлар.
Ағаштарды қорғайды.
(Ж. Сымақов)
- Балалар, торғаймен бірге «шіп-шіп», «шыр-шыр» деп айтып көрейікші.
Педагог балаларды орындарынан тұрғызады, екі жолдан бірге айтады. Кейін қосып оқиды.
Өлеңді оқып болғаннан кейін бірнеше балаға сұрақ қояды:
- Торғай қалай дыбыстайды? Торғайдың әні қандай?
Балалар айтып жаттықса, ойнауға дайын болса, онда ырғақты әуенді қосуға болады.

## Екі ақпарат көзін сәйкестендіру және бір түсінікке біріктіруге арналған сөздік жаттығу.
## «Нені естідің? Тап, көрсет және ата.»

Педагог қыстайтын құстар бейнеленген заттық суреттерді қолданады.
Балалар әртүрлі құстың шығаратын кезекті дыбысын тыңдап, суреттер бөлімінен тауып, тақтаға қояды.
Құстар дыбысының аудиотаспасы: торғай, сауысқан, қарға, тоқылдақ, шымшық.

- Ән салып тұрған не? (Торғай (шырылдап) ән салып тұр.) Жарайсың!

- Ән салып тұрған не? (Ән салып (шықылықтап) тұрған сауысқан.) Жарайсың!

- Ән салып тұрған не? (Ән салып (қарқылдап) тұрған қарға.) Жарайсың!

- Ән салып тұрған не? (Ән салып (тоқылдатып) тұрған тоқылдақ.) Жарайсың!

- Ән салып тұрған не? (Ән салып тұрған шымшық.) Жарайсың!

- Жарайсыңдар, балалар! Балалар, енді қыстайтын құстардың қалай ән салатынын білетін болдыңдар.

## Заттар тобын салыстыру бойынша сөздік есеп модельдеуге арналған жаттығу.
## «Артық, кем, тең».
## 2.3.1.
## Суретті көрсету.

Педагог жемшашарда отырған құстар бейнеленген суретті көрсетеді.

- Балалар, қыста құстар аш қалмауы үшін, адамдар оларға жемшашар жасайды. Жемшашар. Қайталайық.
- Құстар жемшашардан жем шоқиды. Құстар ұшып келіп, ұшып кетеді.

## 2.3.2.

Педагог оң және сол жаққа сызықпен бөлінген суретті көрсетеді. Әр жолы аталған құсты белгілеп көрсетеді.
Жемшашардың сол жағында бір шымшық, оң жағында екі торғай отыр.

- Балалар, сол жақта не? (Мынау шымшық.) Оң жақта не? Мынау торғай ма? (Мынау торғайлар.) Жарайсыңдар!
- Шымшық көп пе, торғай көп пе? Не аз?
Педагог саусақ қимылы арқылы көрсетуіне болады.
- Фатима, айтшы? (Шымшық кем, торғайлар артық). Балалар, қайталайықшы. Фатима қалай айтты? (Шымшық кем, торғайлар артық.) Жарайсыңдар!

## 2.3.3.

- Балалар, шымшықтар көп пе, торғайлар көп пе? Нелер аз?
- Ғазиз, айта ғой? (Шымшықтар артық, торғайлар кем.) Балалар, қайталайық. Ғазиз не деді? (Шымшықтар артық, торғайлар кем.) Жарайсыңдар!

**2.3.4.**
Педагог дәл сол суретті көрсетеді, бұнда құстар саны тең болады.



- Балалар, шымшықтар артық па, торғайлар артық па? Нелер кем?
- Балалар, шымшықтар мен торғайлар тең. Қане, балалар, қайталайықшы.

Педагог бірнеше баладан сұрайды. Дұрыс жауаптары, сөзді дұрыс дыбыстағандары үшін мақтайды.

## Ойын әрекетінің негізінде сөйлем құрауға арналған сөзді ойынды жаттығу. «Қандай құс, не шоқиды?»

Педагог балаларды үстелдің басына шақырады. Әр балаға қағаздан қиылған құстардың сұлбасын үлестіреді: торғай, қарға, сауысқан, шымшық. Үстелге жасанды жем салынған тарелкелер қойылады (фломастердің көмегімен тәрелкенің түбіне суреті салынуы мүмкін).



- Балалар, әрқайсыларыңда бір құстың сұлбасы бар. Қазір біраз ойнайық. Құсты былай алып, әр жолы тәрелкеге еңкейту керек. Ол жем шоқиды.

- Құстар былай секіреді (көрсету).

- Балалар, мен сендерден құс не істейтінін сұраймын. Сендер құстың жемшашарда жем шоқып отырғанын айтасыңдар.
- Құс не істейді?
- Құс жемшашарда жем шоқып отыр.

Балалар жауаптарында құстың атауын қолдануы мүмкін: «Жемшашарда торғай (шымшық, сауысқан, қарға) шем шоқып отыр».
Балаалрдың жауаптарын тыңдау.
- Жем шоқиды.
- Торғай шоқиды.
- Жемшашарда торғай отыр.

Педагог балаларды жауаптары үшін мақтайды.

# 3. ҚОРЫТЫНДЫ

## Материалды бекіту және қорытындылау.

Педагог:
- Балалар, біз қандай құстармен таныстық? (Торғай, шымшық, қарға, сауысқан.)
- Олар жылы жерге неге ұшып кетпейді? (Олар жемшашардан дән шоқып жейді.) Дұрыс. Олар адамның қасында өмір сүреді.
- Бұл құстарды қалай атайды? (Қыстайтын құстар.) Жарайсыңдар!
- Құстар келіп жем шоқитын жерді қалай атайды? (Жемшашар.) Дұрыс. Жарайсыңдар!
- Балалар, бүгін сендер өте зейінді болып, барлық қыстайтын құстарды дұрыс атадыңдар, торғайдың әнін салдыңдар. Мен сендердің жемшашарға жем салып тұратындарыңа сенемін. Құстар жем шоқысын. Құстарға қамқорлық таныту керек. Жарайсыңдар! Сау болыңдар.

## 21. Ұйымдастырылған іс әрекет
## ҚАЗАҚ ТІЛІ

# Тақырыбы: «Жиһаздар». Балықты бақылау.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты**

Жиһаз түрлері, қолданысы, адам өміріндегі орны туралы түсініктерін нақтылау; «жайлылық» сөзінің мағынасын түсіндіру. Балаларға әңгімені зейін қойып тыңдауды, мәтіннен таныс сөздерді тауып айтуды үйрету. Еске сақтау, логикалық ойлау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін дамыту; айналасындағы заттарға қызығушылықтарын арттыру. Көру және тәжірибені қортындылау арқылы заттарды сәйкестендіру, жіктеу барысында (киімдер мен ыдыстар) логикалық шешімін табуды үйрету; ұйымшылдыққа, зейінділікке, үлкендер мен жақындарын құрметтеуге тәрбиелеу.

**Сөздік жұмыс**

Сөздікке: үстел, орындық, диван, төсек, жиһаз, жайлылық, киім шкафы, асүй шкафы сөздері мен сөз тіркестерін енгізу; «үстелде тамақ ішеді», «орындықта отырады», «диванда демалады», «киім шкафына киім жинайды», «асүй шкафына ыдыстарды қояды», «төсекте ұйықтайды» сөйлемдері арқылы сөздік қорын байыту.

**Әдіс-тәсілдер**

Таңғажайып сәт, суреттер бойынша сөздік жұмыс, әңгімені мәнерлеп айту, сюжетті суреттер бойынша әңгімелесу, заттарды жіктеу бойынша дамытушылық сөздік-ойынды жаттығу, нысанды бақылау, материалды бекіту, қорытындылау.

**Құрал-жабдықтар**

**1. Көрнекілік материалдар.**
Демонстрациялық сурет: «Еркежан әже».
Демонстрациялық сурет: «Жиһаз».
Демонстрациялық заттық суреттер: үстел, орындық, диван, кресло, киім шкафы, асүй шкафы, төсек.
Жайлылық түсінігін бейнелейтін сурет.
Демонстрациялық суреттер: есіктері ашық шкафтардың (асүй, киім) сұлбасы.
Суретті сызбалар: киімге және ыдысқа толып тұрған шкафтар.
Баяу ырғақты әуеннің аудиотаспасы.
Аквариумдағы балық.
Аквариумдағы балықтың суреті немесе видеосы.

**2. Үлестірмелі материалдар.**
Бала санына қарай заттық суретті-карточкалар: киім түрлері, ыдыс түрлері.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысы**

**1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

**Жаттығу «Кел, сәлемдесейік!»**

**Таңғажайып сәт.**

Қонаққа Еркежан әже келеді.

Балалар әжемен амандасады:
- Сәлеметсіз
бе! Педагог:
- Жарайсыңдар, балалар! Балалар, үлкендерге үнемі бірінші болып сәлемдесу керек.
Естеріңде болсын, үлкен кісілерге бірінші болып сәлемдесеміз.
- Еркежан әже, сізге біздің қандай көмегіміз қажет?
- Балалар, әже туысқандарына қонаққа бармақшы. Қазір ол үйде біреудің бары-жоғы белгісіз.
- Біз әженің күте тұруын өтінейік. Үйде кім бар екенін көрейік.

**Суреттер негізінде сөздік жұмыс. «Жиһаз».**
Балалар орындықтарға отырады.
- Үйде не бар екенін білу үшін, бізге мына заттармен танысу керек.

- Мынау не? Мынау үстел. Үстелде тамақ ішеді.

- Мынау не? Мынау орындық. Орындықта отырады.

- Мынау не? Мынау диван. Диванда демалады.

- Мынау не? Мынау кресло. Креслода демалады.

- Мынау не? Мынау киім шкафы. Киім шкафына киімдерді жинайды.

- Мынау не? Мынау асүй шкафы. Асүй шкафына ыдыстарды қояды.

- Мынау не? Мынау төсек. Төсекте ұйықтайды.
- Жарайсыңдар!
Демонстрациялық сурет: жиһаз.
- Үстел, орындық, диван, төсек, киім шкафы, асүй шкафы - жиһаздар.
- Барлығын бір сөзбен қалай айтамыз? (Жиһаздар.) Жарайсыңдар!
- Адамға жиһаз не үшін қажет? Жиһаз адамға жайлылық береді. Қайталаймыз.
Жайлылық. Жарайсыңдар!
- Балалар, шкаф сөзін неше рет естідіңдер? (Екі рет.) Олар бірдей ме?
- Киім шкафы ... «киім» сөзінен.
- Асүй шкафы ... «ас» сөзінен. Ұмытпаңдар.

**2. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

**Әңгімені мәнерлеп айту «Үйде не бар?»**
Күндіз үйдің іші тып-тыныш.

Ас бөлмесінде ыдыстар сылдырламай, асүй шкафында жиналып тұр. Үстел бос. Айналасында орындықтар жиналып тұр. Міне, осындай тыныштық.

Қонақ бөлмесінде жұмсақ жиһаздар: диван, кресло. Олар жұп-жұмсақ. Теледидар да үндемейді, ешнәрсе көрсетпейді.

Жатын бөлмеде тыныштық. Киім шкафында киімдер ілініп тұр, сөрелер таза. Үлкен төсек тұр. Төсек жинаулы.
Кеш батады.
Үй иелері үйге оралады, әкесі мен анасы жұмыстан, балалары мектеп пен балабақшадан қайтады. Үйдің іші дыбыстарға толды, бәрі шулап кетті.

Ас бөлмесінде ыдыстар сылдырлап жатыр. Ыдыстар асүй шкафынан алынып, үстелге қойылады. Барлығы орындықтарға отырып әңгімелеседі.

Қонақ бөлмеде теледидар. Ол біресе ән салады, біресе сөйлейді, біресе мультфильм көрсетеді. Жұмсақ диванда әкесі жатыр, анасы креслода демалып отыр. Балалар кілем үстінде ойнап отыр.

Түнде барлығы жатын бөлмеге кіріп, төсекке жатып ұйықтайды. Киімді шашып тастамай, шкафқа іліп қою керек. Ертең жұмыс күні.

**Сюжетті суреттер бойынша әңгімелесу.**
Педагог:
- Күндіз үйдің іші неге тып-тыныш? (Себебі, барлығы жұмыста.)
- Ал кешке неге шулы? (Барлығы жұмыстан келеді.) Жарайсыңдар!
- Үйде қандай бөлмелер болды, кімнің есінде? (Ас бөлме, жатын бөлме, қонақ бөлме.) Жарайсыңдар!

Балалар жауап беруге қиналса, суреттерге тағы да қарап, қайталатып тексеруге болады. Педагог әр бөлме бойынша бір сұрақ қояды: «Мында қандай жиһаз бар? Жиһаздарды ата.» Балалар жауап бере алмаса, біреуі суретті көрсетіп, екіншісі оны атайды.

**Заттарды жіктеу бойынша дамытушылық сөзді-ойынды жаттығу. «Ретке келтір».** Бұл жаттығуда балалардың топ ішінде еркін қозғалып, есіктері ашық шкафтардың (асүй, киім) сұлбалары жапсырылған екі тақтаға бөгетсіз келуіне мүмкіндік беріледі.
Балаларға көптеген киімдер мен ыдыстардың сұлбаларының ішінен біреуін алуға мүмкіндік беріледі. Затты дұрыс атап, екі шкафтың біріне жіктеп жапсыру керектігі түсіндіріледі.



Педагог есіктері ашық екі шкафты көрсетеді.





- Балалар, екі шкафқа қараңдар. Олардың іші бос. Оларды киімге толтыру керек.
Мұқият қараңдаршы, балалар, суреттерді қайда жинау керек?
Баяу ырғақты әуеннің дауысы бәсеңдетілген аудиотаспасы қосылады.

Педагог тапсырма барысында балалардан не әкелгендерін сұрайды.





- Қандай ақылдысыңдар! Барлық шкафтарды ретке келтірдіңдер. Орындарыңа отырыңдар.

**Нысанды бақылау. «Балық қалай жүзеді?»**
Педагог:
- Балалар, Еркежан әже бізге сыйлық алып келіпті.
Педагог аквариумдағы балықты көрсетеді.



- Қандай әдемі! Солай ғой, балалар!

- Мынау аквариум. Қайталаңдаршы.
- Аквариумда не бар? Мынау балық. Балық жүзеді.
- Мынау не? Ол не істейді? Жарайсыңдар!
- Балалар, балық қалай жүзетінін көрсетіңдерші.
Педагог алақандарын қосып, жүзбеқанаттардың қимылын көрсетеді.
- Балық былай жүзеді. Балық қалай жүзеді? (Былай.)
- Балық жүзбеқанаттарын қимылдатады. Қайталайық. Жарайсыңдар!
Педагог баяу ырғақты әуенді қосады, балалар балықтың жүзгенін іс-қимылмен көрсетеді.

Жаттығуды орындау барысында педагог балық не істейтінін, қалай жүзетінін сұрауы мүмкін.
- Тамаша! Еркежан әженің сыйлығы керемет екен! Ол немерелеріне барғанына қуанып отыр. Сендерге көмектерің үшін алғыс айтты.

**3. ҚОРЫТЫНДЫ**

**Материалды бекіту және қорытындылау.**
Педагог:
- Балалар, бүгін не жайлы айттық?
Балалар білетін жиһаздарды атайды.
- Жарайсыңдар! Осылардың барлығын бір сөзбен қалай айтамыз? (Жиһаз.) Дұрыс.
- Кім есіне сақтады, үйде қандай бөлмелер бар? (Ас бөлмесі (асүй), жатын бөлмесі, қонақ бөлмесі). Жақсы!
- Үйде екі шкаф бар. Олар бірдей ме? (Олар әртүрлі.) Неге? Біреуі қандай шкаф? (Асүй шкафы.) Ал екіншісі? (Киім шкафы.) Жарайсыңдар!
- Балалар, бүгін сендер зейінді болдыңдар. Еркежан әжемен бірге үй иелерінің үйге оралғанын күттіңдер. Сендер зерек және ұқыптысыңдар. Жарайсыңдар, балалар! Сау болыңдар.

## 22. Ұйымдастырылған іс әрекет
## ҚАЗАҚ ТІЛІ

# Тақырыбы: «Мамандықтар». Диалогтар.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты**

Балалардың ұғымындағы мамандықтар, олардың кәсіптік ерекшеліктері мен қызметі туралы түсініктерін кеңейту. Балаларды бірнеше мамандық иелері қолданатын құрал-жабдықтар арқылы ажыратуды және атауды үйрету; диалог сөйлеуді жаттықтыру; еске сақтау, ойлау қабілеттерін, көру және есту арқылы қабылдауларын, қатынастық дағылырын дамыту. Ұйымшылдыққа, әдептілікке, түрлі мамандық иелерін құрметтеуге тәрбиелеу.

**Сөздік жұмыс**

Сөздікке: мамандықтар, мамандық иесі, тұтынушы сөздерін енгізу; «дәрігер емдейді», «аспаз салат дайындайды», «шаштараз шаш қияды», «мұғалім балаларды оқытады», «құрылысшы үй салады», «суретші сурет салады», «тамақтанғым келеді», «емделгім келеді», «шаш қидыртқым келеді», «оқығым келеді», «келіп тұрыңыз», «не қалайсыз?» сөз тіркестері мен сөйлемдері арқылы сөздік қорларын молайту.

**Әдіс-тәсілдер**

Аудиотаспа тыңдау, көркемсөз, сурет көрсету, сурет бойынша сөздік жұмыс, мнемокесте негізінде әртүрлі құрылымды сөйлемді модельдеу жаттығуы, диалог негізінде сөзді-ритмикалық музыкалық жаттығу, диалогқа негізделген сөзді-рөлдік жаттығу, материалды бекіту, қорытындылау.

**Құрал-жабдықтар**

**1. Көрнекілік материалдар.**
Демонстрациялық сурет: «Алан».
Демонстрациялық сурет: «Мамандықтар».
Мамандық иелерінің демонстрациялық заттық суреттер: дәрігер, мұғалім, суретші, құрылысшы, шаштараз, аспаз.
Мамандықтар туралы сөйлем құрастыру үшін мнемокесте сызбасы:
- бірінші жол - бір торкөз;
- екінші жол - екі торкөз;
- үшінші жол - үш торкөз.
Мамандықтар туралы сөйлем құрастыру үшін мнемокарточкалар.
- дәрігер, емдейді, балалар;
- аспаз, дайындайды, салат;
- шаштараз, қияды, балалар;
- мұғалім, үйретеді, балалар;
- құрылысшы, салады, үй;
- суретші, салады, сурет.
Мына мамандықтар бойынша мнемокестелер:
АСПАЗ.
Карточкалар:
- «аспаз»;
- «аспаз», «салат»;
- «аспаз», «салат»,
«дайындайды». ДӘРІГЕР.
Карточкалар:

- «дәрігер»;
- «дәрігер», «балаларды»;
- «дәрігер», «балаларды»,
«емдейді». ШАШТАРАЗ.
Карточкалар:
- «шаштараз»;
- «шаштараз», «балалардың шашын қияды»;
- «шаштараз», «балалардың шашын қияды».
МҰҒАЛІМ.
Карточкалар:
- «мұғалім»;
- «мұғалім», «балаларды»;
- «мұғалім», «балаларды»,
«үйретеді». ҚҰРЫЛЫСШЫ.
Карточкалар:
- «құрылысшы»;
- «құрылысшы», «үй»;
- «құрылысшы», «үй»,
«салады». СУРЕТШІ.
Карточкалар:
- «суретші»;
- «суретші», «сурет»;
- «суретші», «сурет», «салады».
Сөзді-ырғақты, музыкалық жаттығу үшін ырғақты, көңілді әуеннің аудиотаспасы.

**2. Үлестірмелі материалдар.**
«Дәрігер», «аспаз», «шаштараз», «мұғалім» карточкалары және олардың бетперделері мен құралдары.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысы**

**1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

**Жаттығу «Кел, сәлемдесейік!»**

**Таңғажайып сәт.**
Педагог Аланның суретін көрсетеді.

Педагог:
- Сәлеметсің бе, Алан! Балалар, Аланмен
амандасайықшы. Балалар:
- Сәлеметсің бе,
Алан! Алан:
- Сәлеметсіңдер ме,
балалар! Педагог:
- Алан, сенің ойланып қалғаныңды байқап тұрмын.
- Балалар, Алан сендерге жұмбақ жасырғысы келіп тұр.
**Жұмбақ.**
Дәрігер бізді емдейді,
Жанға шипа іздейді.
Санаға ақыл құяды,
Мұғалімді ел сыйлайды.
Ашыққанды тойдырар,
Аспаздай маман жоқ шығар. (Мамандықтар.)

- Балалар, жұмбақ кімдер жайлы? Қалай ойлайсыңдар? Суретті көрсету.
Демонстрациялық сурет: мамандықтар.

- Балалар, сендер оларды таныдыңдар ма?

**Суреттер бойынша сөздік жұмыс. «Мамандықтар».**
Педагог:
- Алан, мына адамдардың не істейтінін білгісі келеді.
- Қане, суреттерге қарайық. Кім екенін айтайық.

- Бұл дәрігер. Дәрігер емдейді.

- Бұл аспаз. Аспаз тамақ пісіреді.

- Бұл шаштараз. Шаштараз шаш қияды.

- Бұл мұғалім. Мұғалім үйретеді.

- Бұл суретші. Суретші сурет салады.

- Бұл құрылысшы. Құрылысшы үй салады. Демонстрациялық сурет: мамандықтар.



- Дәрігер, аспаз, мұғалім, суретші, құрылысшы, шаштараз - мамандықтар. Қайталайықшы. Жарайсыңдар!

**2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

**Мнемокесте негізінде әртүрлі құрылымды сөйлем модельдеу жаттығуы. «Кім, не істейді?»**
Педагог балалардың алдына әртүрлі сөздер санынан тұратын сөйлем құрау сызбаларын іледі.
Мамандықтар туралы сөйлем құрауға мнемокесте сызбалары:
- бірінші жол - бір торкөз;
- екінші жол - екі торкөз;
- үшінші жол - үш торкөз.

Бос торкөздерге орналастыру үшін бөлек мнемокарточкалар дайындалады:
- «дәрігер», «емдейді», «балалар»;
- «аспаз», «дайындайды», «салат»;
- «шаштараз», «қияды», «балалар», «шашын»;
- «құрылысшы», «салады», «үй»;
- «суретші», «салады», «сурет».

Мнемокарточкалар саны: мамандық иелері үшеу болу керек, ал әрекеттерді білдіретін суреттер екіден болса жеткілікті. Оларды балалар жиынтық суреттерден еркін таңдап, бос торкөздерге орналастыру үшін қажет.

Педагог балалардың бірін шақырады. Әңгіме құрау үлгісін көрсетеді.
- Әнуәр, сен кім жайлы айтқың келеді? (Аспаз.) Жақсы!
- «Аспаз» карточкасын таңда. Оны үстіңгі бос торкөзге орналастыр. Не дейсің? (Аспаз.) Жарайсың!

- Аспаз не істейді? Алынған карточкаға сөз таңдау керек. («дайындайды») Педагог астыңғы екі бос торкөзге нұсқайды.
- Аспаз дайындайды. Карточкаларды қой. Тағы бір рет айтшы. (Аспаз дайындайды.) Жарайсың!
- Тағы да қалай айтамыз? (Аспаз әзірлейді.) Дұрыс. Не дайындайды? (Аспаз салат дайындайды.) Жарайсыңдар, балалар! «Салат» карточкасын тауып берші. Астына орналастыр. Тағы бір рет қайталашы. (Аспаз салат дайындайды.) Жарайсың!
- Балалар, аспаз жайлы айтайықшы. (Аспаз. Аспаз дайындайды. Аспаз салат дайындайды.) Жарайсыңдар!
Балалар осы тәртіп бойынша сызбаны тағы бір рет құрастыра алады. Қалған нұсқаларда уақытты ұтымды пайдалану үшін, педагог дайын мнемокестелерді іледі, балалар кестеге қарап сөйлем құрастырады.

**Диалог негізінде сөзді-ритмикалық музыкалық жаттығу.**
(Егер әуен ырғағымен айтылса, сөзсіз бөлігін күту керек).
- Сәлеметсіз бе!
- Сәлеметсіз бе! Сізге қандай көмек керек?
- Сәлеметсіз бе!
- Сәлеметсіз бе! Сізге қандай көмек керек?
- Менің тамақ ішкім келеді.
- Менің емделгім келеді.
- Менің шаш қидыртқым келеді.
- Менің сабақ оқығым келеді.
(Егер әуен ырғағымен айтылса, сөзсіз бөлік кезінде еркін қимыл-қозғалыс жасауға болады.)
- Мен аспазбын. Мен салат дайындаймын.

- Мен сізді тамақтандырамын.
- Мен дәрігермін. Мен сізге дәрумен беремін.

- Мен сізді емдеймін.
- Мен шаштаразбын. Креслоға отырыңыз.

- Мен сіздің шашыңызды қиямын.
- Мен мұғаліммін.

- Мен сізді оқытамын.
- Сендерге ұнады ма?
- Маған ұнады.
- Рақмет, сау болыңдар!
- Тағы да келіңіздер.
Балалар сөздерді үлгі бойынша дұрыс айтқаннан кейін, педагог ырғақты әуенді қосып, балаларға ашық кеңістікте еркін қозғалуға мүмкіндік береді.

Мамандықтарды атау барысында бағыттау үшін, педагог сәйкес карточканы көрсетуі тиіс немесе педагог балалардың әрқайсына бір мамандық иелері бейнеленген карточкадан үлестіреді. Мамандық иелерін атаған сәтте, сол мамандық иесі бейнеленген карточкасы бар бала қолын көтереді.

Жаттығуды екі рет орындауға болады.

**Диалогқа негізделген сөзді-рөлдік жаттығу. «Не істейді?»**
Педагог балаларды жұптарға бөледі.
Педагог:
- Білесіңдер ме, балалар, мамандар кімдер үшін жұмыс істейді? Әрине, балалар, дұрыс айтасыңдар! Адамдар үшін қызмет етеді.
- Қазір біз жұптарға бөлінеміз: бірің - мамандық иесі, екінші біреуің - тұтынушы боласыңдар.
- Мамандық иелері тұтынушының тілегін орындайды.
- Мысалы, ол дәрігер болса, емделушіні емдеу керек.
- Аспаз болса, онда не істеу керек? (Тұтынушыға тамақ дайындау керек.)
- Мұғалім болса, онда не істеу керек? (Оқушыны оқыту керек.)
- Шаштараз болса, онда не істеу керек? (Тұтынушының шашын қию керек.)
Жарайсыңдар! Әрқайсы бетпердені киіп, сәйкес мамандықтың құрал-жабдықтарын алады:
- дәрігер - дәрігер (бетпердесі), тонометр, дәрумендер сауыты;
- шаштараз - шаштараз (бетпердесі), ойыншық қайшы мен тарақ;
- аспаз - аспаз (бетпердесі), ойыншық пышақ, тақтайша, ойыншық көгөністер, мескей.
- мұғалім - мұғалім (бетпердесі) - әріп карточкалар.



**2.3.2.**
Екінші бала емделуші болады. Мамандық иесі мен тұтынушы бір-біріне қарап тұрады.
- Мамандық иелері, сендер не айтасыңдар? (Сәлеметсіз бе!)
- Тұтынушылар, сендер не айтасыңдар? (Сәлеметсіз бе!)
- Мамандық иелері өздерін таныстырады. Сендер кімсіңдер? (Мен аспазбын. Мен дәрігермін. Мен шаштаразбын. Мен мұғаліммін. )Жарайсыңдар!
- Тұтынушылардан нені сұраймыз?
- Сіз не қалайсыз?
- Тұтынушылар не қалайтындарын айтады. (Оқығым келеді. Тамақтанғым келеді. Емделгім келеді. Шаш қидыртқым келеді.) Жарайсыңдар!
- Мамандық иелері тұтынушылардың қалауын орындайды.
- Соңында не айтасыңдар? (Келіп тұрыңыз. Сау болыңыз!)
- Тұтынушылар не айтады? (Рақмет. Сау болыңыз!) Мамандық иесі:
- Сәлеметсіз бе! Мен аспазбын (дәрігер, шаштараз, мұғалім) Не қалайсыз? Тұтынушы:
- Сәлеметсіз бе! Менің тамақтанғым келеді (емделгім, шаш қидыртқым, оқығым) Мамандық иесі:

- Мен сізге салат дайындайын (емдейін, қияйын, оқытайын)
- Салат жеңіз (дәрумен жеңіз, креслоға отырыңыз, әріпті айтыңыз)
Тұтынушы:
- Рақмет! Маған ұнады. Сау
болыңыз! Мамандық иесі:
- Оқасы жоқ. Келіп тұрыңыз. Сау болыңыз!

**2.3.3.**
Диалогтарға арналған бос уақыт.
Педагог жұптарды аралап, бағыттаушы сұрақтар қояды. Сұрақ қоюға, жауап беруге көмектеседі. Әдептілік ережесі, диалог құру, белсенділігіне, сөйлемді дұрыс құрауына көңіл аударады.

**3. ҚОРЫТЫНДЫ**

**Материалды бекіту және қорытындылау.**
Педагог:
- Балалар, бүгін кімдер жайлы айттық? Олар кімдер? (Дәрігер, аспаз, мұғалім, суретші, шаштараз, құрылысшы.)
- Балалар, оларды кімдер дейміз? (Мамандықтар.) Жарайсыңдар!
- Алан өскенде кім болатынын білген сияқты. Ол сендерге мамандықтар жайлы айтып бергендеріңе алғысын білдіріп жатыр.
Алан:
- Балалар, сендерге көп рақмет! Сау
болыңдар! Балалар:
- Сау бол, Алан!
- Балалар, бүгін сендер өте тату ойнадыңдар. Мамандықтар жайлы әңгімеледіңдер, ән салдыңдар. Жарайсыңдар! Сау болыңдар.

## 23. Ұйымдастырылған іс әрекет
## ҚАЗАҚ ТІЛІ

**Тақырыбы: «Тұрмыстық техника». Жеңіл - ауыр. Суық - ыстық**

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты**

Тұрмыстық техника туралы түсініктерін кеңейту, тұрмыстық техниканың адам өміріндегі рөлі туралы түсінік беру; «жеңіл - ауыр», «суық - ыстық» заттардың қасиеті жайлы түсініктерін бекіту; құрылғыларға күтім жасау ережелері туралы түсініктерін дамыту. Балаларға тұрмыстық техника туралы тақпақты мұқият тыңдап, таныс сөздерді табуды, атауды үйрету; сөз тіркестеріндегі тұрмыстық техниканың қызметін бейнелейтін етістіктерді дұрыс айтуға жаттықтыру; сөз тіркестер, антонимдік жұптар құрауға үйрету; ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту, заттардың сапасына қызығушылықтарын арттыру. Ізденімпаздылыққа, ұқыптылыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.

**Сөздік жұмыс**

Сөздікке: тұрмыстық техника, көмекші, тоңазытқыш, шайнек, шаңсорғыш, электр пеші, кір жуу машинасы сөздерін енгізу. Суытады, жуады, үтіктейді, шаң сорады, қайнатады, адамға көмектеседі деген сөздер мен сөз тіркестері арқылы сөздік қорларын арттыру.

**Әдіс-тәсілдер**

Ырғақты сәт, аудиотаспа тыңдау, сурет көрсету, сурет бойынша сөздік жұмыс, тақпақты мәнерлеп оқу, еске сақтауға арналған сөздік-дамытушылық жаттығу, ым-ишара негізінде сөзді-ырғақты жаттығу, антонимдік жұп құрау негізінде сөздік-практикалық жаттығу, материалды бекіту, қорытындылау.

**Құрал-жабдықтар**

**1. Көрнекілік материалдар.**
Кейбір тұрмыстық техниканың дыбысын білдіретін аудиотаспа.
Демонстрациялық сурет: «Тұрмыстық техника».
Тұрмыстық техника түрлерінің демонстрациялық заттық суреттері: тоңазытқыш, шайнек, шаңсорғыш, электр пеші, кір жуу машинасы.
Заттың қасиеті мен қалыбын сәйкестендіру үшін сөздік-практикалық жаттығуға арналған суретті сызбалар.
- суға жартылай толған шыны стақан: біреуі тұтас шыны, екіншісінің қабырғалары терлеген;
- қол саусақтары стақанның астыңғы бөлігінде, үстел деңгейіне жақын ұстау;
- үстелдің үстінде екі текше: көлемі бірдей пластик пен ағаштан жасалған екі текше;
- бір қолда пластик текше жоғары көтерілген, екінші қолда ағаш текше төмен орналасқан; Заттардың орналасуын бағдарлау үшін оң және сол жаққа бөлінген жұп суреттер:
- сол жақта ашық бос тоңазытқыш - оң жағында іші азық-түлікке толы тоңазытқыш;
- сол жақта, еңкейіп тұрған шайнек, су толы шыны стақан, шайнек; оң жақта - еңкейген шайнек, шүмегінен тамшы ағып тұр (бос);
- сол жақта кірге толған кір жуу машинасы; оң жақта - іші бос кір жуу машинасы;
- сол жақта тоңазытқыш; оң жақта - қайнап тұрған шайнек.

**2. Үлестірмелі материалдар.**
Үстел үстінде суық және жылы су құйылған екі стақан, пластик және ағаш екі жұп текше.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысы**

**1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

**Жаттығу «Кел, сәлемдесейік!»**

**Ырғақты сәт.**
Педагог ырғақты әуенді қосып, балаларды робот сияқты билеуге шақырады. Жаттығуға 1 минут жеткілікті.

- Балалар, сендерге билеген ұнады ма? Мына әуен біз тыңдайтын әуенге ұқсамайды. Бұл не болуы мүмкін?
Аудиотаспалар тыңдау.
Педагог тұрмыстық техника шығаратын дыбыстарды қосады.

- Сендер таныдыңдар ма? Ненің дыбысы? Балалардың болжамдарын тыңдау.
- Жарайсыңдар!

**Сурет бойынша сөздік жұмыс. «Тұрмыстық техника».**
Балалар орындықтарға отырады.
Бүгін әрқайсымыздың үйімізде бар заттар жайлы айтамыз.

- Мынау тоңазытқыш. Тоңазытқыш тамақты суытады.
- Тоңазытқыш не істейді? (Тамақты суытады.)

- Мынау шайнек. Шайнек шай қайнатады.
- Шайнек не істейді? (Шай қайнатады.)

- Мынау үтік. Үтік киімді үтіктейді.
- Үтік не істейді? (Киім үтіктейді.)

- Мынау кір жуу машинасы. Кір жуу машинасы киімді жуады.
- Кір жуу машинасы не істейді? (Киімді жуады.)

- Мынау электр пеші. Электр пеші тамақты дайындайды, жылытады.
- Электр пеші не істейді? (Тамақ дайындайды.)

- Мынау шаңсорғыш. Шаңсорғыш шаңды сорады.
- Шаңсорғыш не істейді? (Шаңды сорады.)
Жарайсыңдар! Демонстрациялық сурет: тұрмыстық техника.



- Тоңазытқыш, шайнек, шаңсорғыш, электр плитасы, кір жуу машинасы - тұрмыстық техника.
- Біз оларды бір сөзбен қалай айтамыз? (Тұрмыстық техника.) Жарайсыңдар!
- Адамға тұрмыстық техника не үшін керек? Тұрмыстық техника адамға көмектеседі. Қайталаймыз. Көмекшілер. Жарайсыңдар!

**2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

**Өлеңді мәнерлеп оқу.**

Педагог:
- Тұрмыстық техниканың қандай көмегі бар екен?
Тыңдаңдар. Педагог тақпақты мәнерлеп оқиды.

Тоңазытқышты ашыңыз,
Салқындап тұр асыңыз.
Сүтті, айранды ішіңіз
Етіңізді асыңыз.

Электр шайнегім жәйменен,
Ызылдауға көшеді.
Суы қайнап кетсе егер,
Өз бетімен өшеді.

Өте пысық үтігім,
Басты киім түтігін.
Көйлегімді әдемі,
Киіп жүрем күтініп.

Маған жаны ашиды,
Ол - кір жуу машинам.
Ақ орамал, жайманы,
Өзі жуып алады.
Отбасының жұмысын,
Өзі ғана ойлайды.

Демалып тұр электр пешім,
Бойы суып кетіпті.
Басып қалсам тетігін,
Пісіреді етіңді.

Көрсетеді қолғабыс,
Ол кішкентай шаңсорғыш.
Тазалайды үйіңді,
Томпайғанша бүйірі.

( Д.Қ. Бұланбаева)
- Балалар, өлең нелер жайлы? Жақсы!

**Еске сақтауға арналған сөздік-дамытушылық жаттығу. «Таныс сөзді тап».**
Педагог:
- Балалар, тақпақта қандай жаңа сөздер естідіңдер?
- Мен төрт жолдан тағы да оқимын, ал сендер мұқият тыңдап, жаңа сөздерді іздеңдер. Естіген сәтте, оларды атаңдар.
Балалар электр құралдарын атағанда педагог әрқайсын жеке сұрап бекітеді.
- Жарайсыңдар!
- Ал енді, балалар, тағы бір рет тыңдаңдар.
- «Шайнек» сөзі қандай сөзге ұқсайды? (Шай сөзіне ұқсайды.) Жарайсыңдар!
- «Тоңазытқыш» сөзі қандай сөзге ұқсайды? (Тоңу сөзіне құсайды. Қайталайық. Жарайсыңдар!
- «Кір жуу машинасы» сөзі қандай сөзге ұқсайды? (Жуу.) Дұрыс.
- «Шаңсорғыш» сөзі қандай сөзге ұқсайды? (Шаң сөзіне ұқсайды.) Дұрыс, бұл құрылғы шаңды сорады. Жарайсыңдар!
- Ал «электр пеш» орыс тіліндегі электр плитасы - «плита» сөзінен шыққан.
Жарайсыңдар! Түбірлес сөздерді атағанда балалар ұмытпау үшін, педагог қайталап айтып отырады.

**Ым-ишара негізінде сөздік-ырғақты жаттығу. «Біздің үйдегі көмекшілер».** Балаларға бірнеше мамандық иелерінің атауларын, олардың қолданатын құрал-жабдықтарыарқылы атауды үйрету.



- Бізге не көмектеседі? (екі қолдың сұқ саусақтарын жоғары нұсқайды)
- Біз оны қосамыз, (қолымыз алдыда, жұдырық түю, бір-біріне түйістіру)
Көрсетеді қолғабыс. (шаңсорғышпен тазалауды көрсету)
Кішкентай шаңсорғыш! (қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)



- Бізге не көмектеседі? (екі қолдың сұқ саусақтары алдыға нұсқайды)
- Біз оны қосамыз, (қолымыз алдыда, жұдырыққа түю, бір-біріне түйістіру)
Тоңазытқышты ашыңыз. (екі қолды уқалау)
Салқындап тұр асыңыз! (қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)



- Бізге не көмектеседі? (екі қолдың сұқ саусақтарын алдыға нұсқайды)
- Біз оны қосамыз, (қолымыз алдыда, жұдырыққа түю, біріне-түйістіру)
Шай ішейік шайнектен. (қолды алдыға сермеу)
Ызылдайтын жәйменен! (қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)



- Бізге не көмектеседі? (екі қолдың сұқ саусақтарын алдыға нұсқайды)
- Біз оны қосамыз, (екі қолдың сұқ саусақтарын алдыға нұсқайды)
Басып қалсаң тетігін. (екі қолдың әр саусақтарын бір-біріне тигізу)
Қайнап кетер электр пешім! (қолды екі жаққа сермеу, иықты



көтеру)

- Бізге не көмектеседі? (екі қолдың сұқ саусақтарын алдыға нұсқайды)
- Біз оны қосамыз, (екі қолдың сұқ саусақтарын алдыға нұсқайды) Өте пысық үтігім. (алақанның сыртқы жағын бір-біріне үйкелеу) Басар киім түтігін! (қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)

Тақпақ жолдарын айтып болғаннан кейін, педагог балалармен бірге ым-ишара арқылы кез келген құрылғыны келтіреді.
Балалар кез келген құрылғыны қимылмен қалай көрсету керектігін үйренгеннен кейін, ырғақты аудиотаспаны қосып, ым-ишарамен көрсетуге болады.

**Антонимдік жұп құрау негізінде сөздік-практикалық жаттығу. «Жеңіл - ауыр. Суық - ыстық».**
**2.4.1.**
Педагог балаларды үстел үстіне шақырады.
Әр үстелде жартылай суық және суып келе жатқан су құйылған екі стақан (стақанда жылу сақталған); ағаш және пластик екі жұп текшелер (немесе ойыншық) тұрады.
Балалардың міндеті.
Іс-тәжірибе арқылы қай зат ауыр, қай зат жеңіл екенін анықтау.
Педагог балалардың назарын стақандарға аударады.
- Балалар, стақанның ішінде не? (Су бар). Қалай ойлайсыңдар, балалар, стақандағы су бірдей

ме? Қарайық. Бірдей екен. Дұрыс.

- Стақанды ұстап көріңдерші. Су қандай? Дұрыс. Суық, ыстық. Қайталайық. (Суық, ыстық.) Жарайсыңдар!



Педагог балаларға ағаш және пластик екі текшені көрсетеді.

- Балалар, сендердің алдарыңда ағаш және пластик текшелер тұр. Ұстап көріңдер. Айтыңдаршы, балалар, олардың салмақтары бірдей ме?



- Ұстадыңдар ма? Қолдағы текшелер қандай? Дұрыс. Ауыр текше. Жеңіл текше. Қайталайық.
- Қандай текше жеңіл? (Пластик текше жеңіл.) Жарайсыңдар! Ағаш текше қандай? (Ағаш текше ауыр.) Жарайсыңдар! Жеңіл, ауыр. Қайталайық. Жақсы!

**2.4.2.**

Балалардың зейіндері төмендесе, педагог балаларға кілемге отырып, суретпен жаттығу жасауға шақырады.

Педагог тұрмыстық техника бейнеленген бірнеше суретті көрсетеді. Суретте бір жағында іші бос техника тұр, екінші жақтағы техниканың іші толы. Мысалы, іші бос тоңазытқыш және іші азық-түлікке толы тоңазытқыш.

Балалардың міндеті.

Көзбен бағдарлау арқылы қай жақтағы зат жеңіл, қай жақтағы зат ауыр екенін анықтау керек.

- Балалар, мында тұрмыстық техникалар бар. Олар әртүрлі ... Неге? Мұқият қараңдаршы.







Суреттің орналасу жағын нұсқағанда педагог көрсеткішті қолдана алады, «сол жақта», «оң жақта» сөздерінің орнына (сөздер балаларға таныс болмаса) «мына» сөзімен нұсқай алады.
Балалар былай жауап беруі мүмкін:
- Сол жақтағы (мына) тоңазытқыш жеңіл, оң жақтағы тоңазытқыш ауыр.
- Сол жақтағы шайнек ауыр, оң жақтағы шайнек жеңіл. Сол жақтағы кір жуу машинасы ауыр, оң жақтағы кір жуу машинасы жеңіл.



Қайнап тұрған шайнек пен тоңазытқышты салыстырғанда, балалар логикалық ойлауды іске қосады.
- Тоңазытқыш суық, шайнек ыстық.
Педагог балалардың берген жеке жауаптары мен дұрыс қайталаған жауаптарын да қабылдайды. Балаларды жауаптары үшін мақтайды.

**3. ҚОРЫТЫНДЫ**

**Материалды бекіту және қорытындылау.**
Педагог:
- Балалар, біз қандай заттармен таныстық? (Тоңазытқыш, шайнек, шаңсорғыш, электр пеші, кір жуу машинасы.)
- Тоңазытқыш не істейді? (Суытады.) Кір жуу машинасы не істейді? (Жуады.) Үтік не істейді? (Үтіктейді.) Шаңсорғыш не істейді? (Шаңды сорады.) Шайнек не істейді? (Қайнатады.)
Жарайсыңдар!
- Балалар, техника қандай болады? (Жеңіл, ауыр, суық, ыстық.)
- Осыларды бір сөзбен қалай айтамыз? (Тұрмыстық техника.) Жарайсыңдар!
- Қалай ойлайсыңдар, балалар, тұрмыстық техника адамға не үшін керек? (Тұрмыстық техника адамға көмектеседі.)
- Балалар, тұрмыстық техниканың арқасында адамға бәрі ыңғайлы, бәрі оңай болады. Балалар, тұрмыстық техниканы күтіп ұстау керек. Оны тазалау, жуу, ұқыпты қолдану. Сендер үйлеріңде жақсы көмекші екендеріңе сенемін. Үйлеріңде үлкендерге көмектесіп жүріңдер. Сау болыңдар, балалар!

## 24. Ұйымдастырылған іс әрекет
## ҚАЗАҚ ТІЛІ

# **Тақырыбы:** «Кел, жаттығайық!» Адамның дене мүшелері. Оң - сол.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты**

Балалардың ұғымындағы адамның дене мүшелері туралы түсініктерін дамыту; саламатты өмір салты, жаттығудың маңызы жайлы түсініктерін қалыптастыру; дәрумендердің пайдасы, «сол», «оң» жақ туралы түсініктерін бекіту. Балаларды сызбадағы дене мүшелерінің бейнеленуін өз денесімен сәйкестендіруді үйрету; дене мүшелерін атауды үйрету; артикуляциялық аппараттарын, оң және сол қолдарын ажырату біліктіліктерін, ойлау, еске сақтау қабілеттерін, жағымды эмоция білдіру дағдысын дамыту. Ұйымшылдыққа, әдептілікке, саламатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.

**Сөздік жұмыс**

Сөздікке: дене мүшелері, спортшы, дене, бас, сол, оң, бас, қол, аяқ, дене, мықты, көгөністер, жемістер, дәрумендер сөздерін енгізу арқылы сөйлеу тілін байыту.

**Әдіс-тәсілдер**

Таңғажайып сәт, аудиотаспа тыңдау, ырғақты жаттығу, сызбалы суреттер негізінде «дене мүшелері» түсінігін модельдеу жаттығуы, ым-ишара мен жарыс элементтері негізінде тақпақ жаттауға арналған жаттығу, аталған жақ пен әрекетті сәйкестендіруге арналған сөздік жаттығу, тапқырлық пен жылдам ойлануға арналған жаттығу, материалды бекіту, қорытындылау.

**Құрал-жабдықтар**

**1. Көрнекілік материалдар.**
Демонстрациялық сурет: Аланның спорттық киімдегі бейнесі.
Сурет-сызба: адам денесінің құрылысы. Тақпақты айтып отырып, дене шынықтыру жаттығуларын орындауға арналған қарқыны әртүрлі аудиотаспалар.

**2. Үлестірмелі материалдар.**
Заттық, суретті карточкалар: жемістер мен көгөністер.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысы**

**1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

**Жаттығу «Кел, сәлемдесейік!»**

**Таңғажайып сәт.**
Педагог Аланның бейнесін көрсетеді.

- Сәлеметсің бе,
Алан! Балалар
амандасады.

- Балалар, Алан спортшы болғысы келеді. Спортшы деген кім? Иә. Ол мықты, батыл, епті адам. Спортшы жаттығу жасайды.
- Алан бізді жаттығу жасауға шақырады.
Педагог балаларды кең алаңға қатармен тұрып, жаттығуға дайындалуға шақырады.

**Ырғақты жаттығу. «Кім спортшы?»**
Педагог аудиотаспаны қосады.

Кім спортшы? Тек алға! (орында адымдау)
Жаттығуда адымда.
Басымызды шайқаймыз, (қол белде, басты екі жаққа
бұру) Бір-екі, бір-екі.
Денемізді иеміз, (алдыға
еңкею) Бір-екі, бір-екі.
Қолымызды көтереміз, қайта төмен түсіреміз, (қол жоғары, төмен түсіру)
Денемізді созамыз. (аяқтың ұшына тұру, керілу)
Аяқты алшақ қоямыз, (аяқтың арасын кең ашып секіру)
Бір, екі! Адымда! (бір орында адымдау)
Бізде бәрі тамаша!
Спортшы болсаң, шаршама! (қол шапалақтау)
- Көрдің бе, Алан, біз спортшымыз! Саған ұнады ма?
- Балалар, Аланға ұнады. Балалар, біз спортшылардың неге мықты екенін білеміз бе? Педагог балаларды өз орнына шақырады.

**2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

**«Дене» сызба-суреттері негізінде «дене мүшелері» түсінігін модельдеу жаттығуы.**
Педагог:
- Балалар, Алан сендерге өз денесі туралы айтып бергісі келеді. Суретке тағы бір рет қараңдаршы.
Педагог қолын екі жаққа созып, екі аяғын алшақ қойған Аланның бейнесін көрсетеді.



- Балалар, Аланның денесіне қарайық. Біздің де денеміз осындай. Педагог көрсеткіштің көмегімен, дене мүшелерін атап көрсетеді.
- Мынау бас. Ол көп ойлайды.
- Мынау не? (Мынау бас.) Жарайсыңдар!
- Төмен қарай қараймыз. Мынау дене. Онда жүрек орналасқан.
- Мынау не? (Дене.)
- Екі қол мен екі аяқ. Қанша күш-қуат!
- Мынау не? (Екі қол. Екі аяқ.) Жарайсыңдар!
- Бас, дене, қол, аяқ - дене мүшелері. Қане, балалар, қайталайық.
Жарайсыңдар! Педагог бірнеше баладан жеке-жеке сұрайды.

**Ым-ишара мен жарыс элементтері негізінде тақпақ жаттауға арналған жаттығу. «Нағыз спортшылар».**
Педагог:
- Балалар, біз Аланның дене мүшелерін қарастырдық. Адамдардың барлығында дәл осындай дене мүшелері бар. Қане, балалар, тексерейік!
Педагог балаларға жаттығуды орындауды ұсынады.

Мынау – менің жүрегім,
Бәрі осыдан басталған.
Мынау – басым ақылды,
Бәрін осы басқарған.
Мынау – оң қолым,
Мынау – сол қолым.
Барлық істі басқарған.

Мынау – менің жүрегім, (екі қолды кеудеге қою)
Бәрі осыдан басталған.
Мынау – басым ақылды, (екі алақанды басқа қою, сипау)
Бәрін осы басқарған. (сұқ саусақ жоғары)
Мынау – оң қолым, (екі қолды кезек-кезек екі жаққа сермеу)
Мынау – сол қолым.
Барлық істі басқарған. (шапалақтау)

Жаттығу бірнеше рет қайталанады.
Балаларды екі топқа бөліп, топтарды бір-біріне қарама-қарсы қойып, спортшылардың жарысын ұйымдастыруға болады.
- Балалар, қазір әр топ өз дене мүшелері туралы тақпақты айтып көреді.
Жарыс үздіксіз өткізілуі үшін, педагог топтарға қарама-қарсы тұрып, сөздер мен қимылдарды қайталау керек.
- Жарайсыңдар! Тамаша! Екі топта нағыз спортшылар жиналыпты.

**Аталған жақ пен әрекетті сәйкестендіруге арналған сөздік жаттығу. «Сол - оң». 2.3.1.**
Педагог балаларға орындықтарға отыруды ұсынады. Орындықтардың астында жемістер мен көгөністердің заттық суретті карточкалары жатады.



---



- Балалар, орындықтарыңның астында екі карточка жатыр. Соларды алыңдар.
Балалар карточкаларды алғаннан кейін, әрқайсыңда бір жеміс пен бір көгөніс бар екені белгілі болады.
Педагог:
- Сенде не бар? - деп сұрайды.
Әр бала өзінің жемісі мен көгөнісін атайды.
Бала:
- Менде алма мен сәбіз бар.
Егер балалар көп болса, онда алты баладан сұрауға болады. Әрбір жеміс пен көгөністердің алты түрінен жұптар болады. Жауап беруге үлгермеген балалар бірдейін тауып, өздеріндегі затпен сәйкестендіреді.
- Жарайсыңдар! Алма, алмұрт, апельсин, банан, өрік. Бұлар нелер? (Бұл жемістер). Жарайсыңдар!
- Қияр, сәбіз, картоп, қызанақ, пияз, қырыққабат - бұлар нелер? (Бұл көгөністер.)
- Балалар, сендерде жемістер мен көгөністер болғаны жақсы болды. Бұлар дәрумендер ғой. Қайталайықшы. Жарайсыңдар!
- Кім дәрумен жесе, соның дені сау, мықты болады. Қане, балалар, еске сақтайық.

**2.3.2.**
Педагог:
- Балалар, тыңдаңдаршы.
Педагог көрсету және әрекет кезінде айна әдісін қолданады.
- Мынау оң қол. Менің оң қолымда көгөніс бар. Оң қолдарыңды көтеріңдерші, көгөністерің қай қолда (қызанақ, қияр, пияз, қырыққабат, картоп, сәбіз).
Қолды жоғары көтеру міндетті емес, бала қолын бүгіп, карточканы көрсетуі жеткілікті болады.
- Мынау қай қол? Оң қол. Жарайсыңдар!
- Мынау сол қол. Менің сол қолымда жеміс бар. Сол қолдарыңды көтеріңдерші, жемістерің қай қолда (алма, алмұрт, апельсин, банан, өрік).

**2.3.3.**
Егер балаларға тапсырманы орындау қиын болса, әр балаға аталғанды таңдау үшін екі топ карточкадан беріледі. Барлық балаларда бірдей бейнелер болады.
Педагог:
- Оң қолдарыңа алманы алыңдар. Сол қолдарыңа сәбіз алыңдар. Оң қолдарыңа картоп алыңдар. Сол қолдарыңа банан алыңдар.
Осы арқылы, жаттығудың динамикасы өзгеруі мүмкін.
Балалар:
- Оң жақта - алма. Сол жақта - сәбіз.

**Тапқырлық пен ойлауға арналған жаттығу. «Ойлан, тап».**
Педагог:
- Балалар, сендер жақсы жаттықтыңдар. Ал енді, жұмбақты мұқият тыңдап, жауабын өздерің табыңдар.
**Жұмбақ шешу.**
Сырты орман, алды жазық құрлықты,
Араласаң, табасың жеті құдықты. (Бас.)

Қатар өскен дос құсап, екі жақта қос бұтақ.
Әрқайсында бірі қысқа, бірі ұзын бес бұтақ. (Қол мен саусақ.)

Екі атым бар тынбайтын, өзімді ғана тыңдайтын (Екі аяқ.)
- Жарайсыңдар, балалар! Барлық дене мүшелерін дұрыс таптыңдар.

**3. ҚОРЫТЫНДЫ**

**Материалды бекіту және қорытындылау.**
Педагог:
- Балалар, бүгін не жайлы айттық? (Бас, қол, аяқ, дене.) Иә. Осыларды бір сөзбен қалай айтамыз? (Дене мүшелері.) Жарайсыңдар!
- Бізге дене мүшелерінің атауларын білу не үшін керек? Иә. Деніміз сау, мықты болуы үшін.
- Кімнің денсаулығы мықты деп ойлайсыңдар? (Спортшылардың.) Жарайсыңдар!
- Денсаулығымыз мықты болу үшін не жеу керек? (Көгөністер мен жемістер.) Не үшін? (Құрамында дәрумендер бар.) Дұрыс.
- Алан сендердің дәрумендер жеп, спортшы болғыларың келетіндеріңе өте қуанышты. Алан сендерге ризашылығын білдіріп жатыр.
- Бүгін сендер өте мұқият болдыңдар. Жаттығуды да нақты жасадыңдар, оң және сол қолдарыңды ажырата білдіңдер. Жарайсыңдар! Денсаулықтарың мықты болсын. Сау болыңдар.

**25. Ұйымдастырылған іс әрекет**

## ҚАЗАҚ ТІЛІ

# Тақырыбы: «Көктем мезгілі.» Көктемгі табиғат құбылыстары.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты**

Балалардың ұғымындағы көктем мезгілі және көктемгі табиғат құбылыстары жайлы білімдерін кеңейту; құстардың ерекшеліктері жайлы түсініктерін қалыптастыру; 8 наурыз - аналар мерекесі жайлы түсініктерін дамытуға ықпал етуді жалғастыру. Балаларға қазақ тілін тақпақтар арқылы түсініп, қабылдауды үйрету; қазақша әңгіме мен тақпақ жанрларын ажырату біліктерін дамыту; көктем жайлы тақпақ жаттауға жаттықтыру; жыл мезгілі жайлы кішігірім, тұтас әңгімені модельдеу біліктерін, көктемгі құбылыстар жайлы жай сөйлем құрастыруды дамыту; еске сақтау, көру, ойлау қабілеттерін, жағымды эмоция таныту біліктерін дамыту. Байқампаздыққа, ізденімпаздыққа, табиғатқа сүйіспеншіліктерін дамыту.

**Сөздік жұмыс**

Сөздікке: тарс-тұрс, тырс-тырс еліктеуіш сөздерін үйрету, көктем мезгілі, аналар мерекесі, жаңбыр жауды, көктем келді, құстар ән салады, қар ериді, жылғалар ағады сөз тіркестерінің көмегімен сөйлеу тілін байыту.

**Әдіс-тәсілдер**

Аудиотаспа тыңдау, сурет көрсету, көркемсөз, «сиқырлы сақина» моделі негізінде суретті сипаттауға арналған сөздік жаттығу, мнемокесте негізінде көктем жайлы әңгіме модельдеуге арналған жаттығу, логоырғақ, тақпақты мәнерлеп, қайталап оқу, суретті сызба негізінде тақпақты жаттатқызуға арналған жаттығу, материалды бекіту, қорытындылау.

**Құрал-жабдықтар**

**1. Көрнекілік материалдар.**
«Көктем» тақырыбын айқындайтын көңілді әуен аудиотаспасы.
Демонстрациялық сурет «Көктем келді!»
Суретті қарастыруға арналған «сиқырлы сақина» моделі.
«Көктем келді!» тақырыбына әңгіме модельдеуге арналған мнемокестелер.
- көктем + келеді;
- күн + жарқырайды;
- аула + күн шуағының астындағы күлімдеген өңтаңба (смайлик);
- қар ұлпасы + күн;
- тамшы + жылға;
- құстар + ноталар жоғары қарай ұшады;
- көктем + келеді + көктем + келеді.

Орташа қарқындағы ырғақты әуеннің аудиотаспасы.
«Көктем» тақырыбының мазмұны бойынша суретті сызбалар:
- әдемі қыз келеді;
- күн шуағын шашып тұр;
- құстар ән салады;
- өңтаңба (смайлик) ән салады;
- түрлі түсті гүлдер жайқалған жасыл көгал;
- әдемі гүлдер;

Көктем жайлы тақпақты сүйемелдеу үшін көңілді, ырғақты әуеннің аудиотаспасы.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысы**

**1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

**Жаттығу «Кел, сәлемдесейік!»**

**Аудиотаспа тыңдау.**
Педагог көктем мезгілі келгенін елестететін, тамаша әуенді қосады.

**Суретті көрсету. «Көктем келді».**
Суретте жасыл көгал, бұлақтың сылдыры, бүршік жарған бұтақтар аясында әдемі киінген, айналасында құстар ұшып жүрген Көктемнің бейнесі. Оның қолында бәйшешек толы себет бар.



– Балалар, суреттегі жылдың қай мезгілі? Көктем мезгілі. Көктем. Қайталаймыз. Жарайсың!
– Көктем мезгілін қарсы алайықшы: «Қош келдің, көктем!» Жарайсыңдар!

**Көркемсөз.**
**«Көктем».** Көктем
келді бүгін, Күнім
төкті нұрын.
Сайрап барлық құстар,
Ән салуға құштар.

Түрлі түсті әйбәт,
Гүлдер шықты
жайнап. Қызыл-жасыл
аймақ, Қырға шықты
ойнап. (Б. Жақып)

**2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

**«Сиқырлы сақина» моделі негізінде суретті сипаттауға арналған сөздік жаттығу.**
Сиқырлы сақина – суретті қарастыруға арналған модель. Тығыз картоннан немесе пластиктен дайындалған диаметрі 12-15 см сақина. Суретті қарастыру барысында сақина белгіленген нысанға қойылып, біртіндеп келесіге жылжып отырады.

- Балалар, мынау қандай жыл мезгілі? (Көктем мезгілі.) Қане, балалар, Ермектің артынан қайталайық. Жарайсыңдар!
- Көктем не істеді? (Көктем келді.) Дұрыс, Ақылбек! Ақылбек не деді? Жарайсыңдар!
- Суретте тағы нелер бар? Дариға, айта ғой? (Күн бар.) Жақсы. Күн не істейді? (Күн жарқырайды.) Жарайсың!
- Балалар, көктемде аяз бола ма? (Көктемде ауа райы жылы.) Жарайсың, Зарина!
- Күн жылынса, қар не істейді? Қар ериді. Қане, балалар, қайталайықшы. Қар не істейді? (Қар ериді.) Жарайсыңдар!

- Балалар, қар ерісе, неге айналады? (Суға.) Дұрыс, Батыр! Жылғалар ағады. Қане, балалар, қайталайық. Жарайсыңдар!
- Суретте тағы не бар? (Құстар.) Жарайсың, Әнуәр! Құстар не істейді? (Құстар ән салады.) Дұрыс. Ермек, қайталашы. Жарайсың!
- Балалар, құстар бізге көктемнің келгенін хабарлайды. «Көктем келді! Көктем келді!»
- Қане, балалар, барлығымыз бірге құстар сияқты айтайықшы. (Көктем келді! Көктем келді!)

**Мнемокесте негізінде көктем жайлы әңгіме модельдеуге арналған жаттығу. «Көктем келді!»**
Педагог «Көктем келді!» тақырыбына әңгіме модельдеуге арналған мнемокестелерді көрсетеді.
- көктем + келеді;
- күн + жарқырайды;
- аула + күн шуағының астындағы өңтаңба «смайлик»;
- қар ұлпасы + күн;
- тамшы + жылға;
- құстар + ноталар жоғары қарай ұшады;
- көктем + келеді + көктем + келеді.



Педагог көктем жайлы әңгімені жай сөйлемдерден құрауға көмектеседі. Егер балаға қиындау болса, оған басқа балалардың жауабын қайталатуға болады. Педагог балаларды жауаптары үшін мақтайды.
- Балалар, біз көктем жайлы керемет әңгіме құрадық? Қайталайық. Жарайсыңдар!

**Логоырғақ. «Жаңбыр жауғанда».**
Педагог балаларды ортаға шақырады.
Педагог орташа қарқындағы ырғақты әуенді қолданады.

Жау, жау, жаңбыр!
Жау, жаңбыр!
Арық суы мол болсын!
Өсімдіктер мол болсын!
Жауған жерің шөп болсын!

Тырс-тырс! Тырс-тырс! (бір аяқпен секіру)
Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (екінші аяқпен секіру)

Шылп-шылп! Шылп-шылп! (екі аяқпен секіру)
Жаттығуды балалардың қызығушылығына қарай 2-3 рет өткізуге болады.
- Жарайсыңдар! Мінекей, біз көлшіктерден секіріп өттік.
- Балалар, сендер аяқтарыңды сулап алмадыңдар ма?

**Тақпақты мәнерлеп оқу (қайталау).**
Педагог:
- Балалар, біз көктемнің қандай мерекесін күтіп жүрміз? Кім біледі. Иә. Аналардың мерекесі. Қане, балалар, аналарымыздың мерекесіне тақпақ жаттап, айтып берейікші.

**Көркемсөз.**
**«Көктем».**
Көктем келді бүгін,
Күнім төкті нұрын.
Сайрап барлық құстар,
Ән салуға құштар.

Түрлі түсті әйбәт,
Гүлдер шықты
жайнап. Қызыл-жасыл
аймақ, Қырға шықты
ойнап.
- Балалар, мен нені оқыдым? Әңгіме ме? (Тақпақ оқыдым.) Жарайсыңдар!

**Суретті сызба негізінде тақпақты жаттатқызуға арналған жаттығу. «Көктем».**
Педагог:
- Қане, балалар, осы тақпақты жаттап алуға тырысайық.
Педагог балалардың алдына жоғарыдан төменге қарай суретті сызбаларды орналастырады:
- әдемі қыз келеді;
- күн шуағын шашып тұр;
- құстар ән салады;
- өңтаңба (смайлик) ән салады;
- түрлі түсті гүлдер, жайқалған жасыл көгал;
- әдемі гүлдер.

Көктем келді бүгін.

Күнім төкті нұрын.



Сайрап барлық құстар,

Ән салуға құштар.

Түрлі түсті әйбәт,

Гүлдер шықты жайнап,

Қызыл-жасыл аймақ,
Қырға шықты ойнап.
Тақпақты әуенге қосылып, топпен қимыл-қозғалыстарды көрсетіп айтуға болады.
Педагог орташа қарқындағы, ырғақты әуенді қосады.

- Тамаша! Жарайсыңдар, балалар! Міне, аналарыңа арналған сыйлықтарың дайын.

**3. ҚОРЫТЫНДЫ**

**Материалды бекіту, қорытындылау.**
Педагог:
- Балалар, бүгін қандай жыл мезгілі жайлы айттық? (Көктем мезгілі туралы.) Жарайсыңдар!
- Көктем келгенде табиғатта қандай өзгерістер болады? (Күн ұзарады. Қар ериді. Жылғалар ағады. Құстар ән салады.) Дұрыс.
- Құстар не деп ән салады? (Көктем келді!) Жарайсыңдар, балалар, ұмытпапсыңдар.
- Аналарыңа қандай сыйлық дайындадық? Әңгіме? (Тақпақ.)
- Балалар, сендер тақпақты жаттап, аналарыңа сыйлық ретінде айтып беретіндеріңе сенемін.
- Бүгін сендер тақпақты оқып, жылдам жаттап, ән салып мені қуанттыңдар. Жарайсыңдар! Сау болыңдар.

**26. Ұйымдастырылған іс әрекет**
**ҚАЗАҚ ТІЛІ**

# Тақырыбы: Ертегі оқу "Торғай мен тышқан". Алдымен, кейін.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты**

Балаларға «Торғай мен тышқан» ертегісін таныстыру; қазақ тіліндегі сөздердің алуан түрлілігі туралы білімдерін дамыту, маусымдық өзгерістер, табиғат арасындағы байланыс туралы түсініктерін дамыту. Балаларға «Торғай мен тышқан» ертегісін қазақ тілінде тыңдауды, мазмұнын еске сақтауды үйрету; мәтін мазмұны бойынша сұрақтарды түсінуді және жауап беру білігін меңгерту; құбылыстар тізбегін түсініп, «алдымен», «кейін» ұғымына сәйкес орналастыру біліктіліктерін дамыту; логикалық ойлауын, есту зейінін, еске сақтауын, сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту. Байқампаздыққа, әдептілікке, жаңашырлыққа, ертегілерге сүйспеншілікке тәрбиелеу.

**Сөздік жұмыс**

Сөздікке: жортады, қап, жарды, дән, алдымен, кейін сөздерін енгізу; егін екті, көмек сұрады, жылғалар ақты, сылдыр-сылдыр, қар еріді сөз тіркестері арқылы сөздік қорларын арттыру.

**Әдіс-тәсілдер**

Аудиотаспа тыңдау, таңғажайып сәт, сурет бойынша сөздік жұмыс, ертегіні мәнерлеп оқу, ертегі мазмұнын модельдеуге арналған сөздік жаттығу, ым-ишараға негізделген сөздік-ырғақты музыкалық жаттығу, өлеңге негізделген артикуляциялық жаттығу, сөзді-логикалық жаттығу, материалды бекіту, қорытындылау.

**Құрал-жабдықтар**

**1. Көрнекілік материалдар.**
Ертегі тақырыбын айқындайтын сиқырлы әуеннің аудиотаспасы.
Суреттер: торғай, тышқан.
Сөздік жұмысқа арналған суреттер:
- торғай қоймада жүгіріп жүр, иіскеп бірдеңе іздеп жүр;
- қап толы бидай, бір жағындағы тесіктен бидай жерге төгіліп жатыр;
- қап толы бидай, бір жағындағы тесіктен бидай жерге төгіліп жатыр, қасында тышқан дән кеміріп отыр;
- мысық білдірмей келе жатыр, қорыққан тышқан қашуға тырысады;

Ертегі мазмұны бойынша демонстрациялық суреттер бөлімі. «Торғай мен тышқан»:
- көктем; тышқан мен торғай егістікте, тышқан жер қазып, торғай жерді шоқып, топырақты қопсытып жатыр;
- тышқанның қолында бір дән бар, торғай қанатымен дәнді тартып алмақшы;
- көп тышқандар; ортасындағы кәрі тышқан дәнді тышқанға беріп тұр;
- көп торғайлар; ортасындағы кәрі торғай дәнді торғайға беріп тұр;
- ата қолына бір дән ұстап тұр. Қасында торғай мен тышқан, екеулерінің қасында бірдей бидай төбешіктері.

Ырғақты жаттығуға аудиотаспа.
Ертегі желісінен тыс суреттер:
- бұтақта отырған көңілсіз торғай;
- қуанған торғай қанатын сабалап
тұр. Жылға жайлы өлеңге суреттер:
Сөзді-логикалық жаттығуға арналған суреттер тізбегі.
Аралас суреттер:

- тау + жылға + қар жауып тұр;
- қар жауып тұр + күн + жылға.
Логикалық қатар бойынша
суреттер:
- жылға + күн + қар жауып тұр;
- тау + қар жауып тұр + жылға.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысы**

**1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

**Жаттығу «Кел, сәлемдесейік!»**

**Аудиотаспа тыңдау.**
Ертегі тақырыбын айқындайтын сиқырлы әуен естіледі.

Педагог:
- Балалар, бүгін ертегілер еліне саяхатқа барамыз. Ертегі тыңдағанды жақсы көресіңдер ме?
**Жұмбақ жасыру.**
Педагог жұмбақты мәнерлеп оқиды.
Үй ішін аралап,
Түнде көп жортады.
Қаптарды жарып,
Мысықтан
қорқады.



- Балалар, ол не? Тышқан. Дұрыс. Жарайсыңдар!

**Сурет бойынша сөздік жұмыс.**
Педагог:
- Түнде көп жортады. Жортады. Айтамыз. Жарайсыңдар! Оған ұқсас «жүреді» деген сөз бар. «Жортып жүр» дегеніміз, барлық жерді иіскеп, тамақ іздеп жүр дегенді білдіреді.

- Қаптарды жарады.

- «Жарады» дегеніміз, ол қаптарды тістерімен кеміріп теседі.
- Қалай ойлайсыңдар, балалар, тышқан қапты не үшін жарады? Ішіндегі дәндерді жеу үшін.

- Мысықтан қорқады.

- Тышқан мысықтан неге қорқады? Мысық тышқанды ұстап алса, оны жеп қояды. Дұрыс.
- Сендер қандай жыл мезгілдерін білесіңдер? (Қыс, көктем, жаз, күз.) Жарайсыңдар!
- Қазір қандай жыл мезгілі? Көктем. Дұрыс! Жақсы.
Бүгін мен сендерге көктем мезгілінде тышқанның не істегені жайлы ертегі оқып берейін. Балалар, ертегіні мұқият тындаңдар!

**2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

**Ертегіні мәнерлеп оқу. «Торғай мен тышқан».**
Баяғыда торғай мен тышқан дос болыпты. Екеуі көктемде егін егеді.

Тышқан жерді аяғымен қазып, торғай тұмсығымен шоқиды. Егін жақсы шығады. Олар өскен бидайды жинап алып, бөле бастайды. Бір бидай артық қалады. Соны қайсы аларын білмей, бір-бірімен ұзақ дауласады.

Жан-жақтарында ешкім жоқ. Сондықтан олар өз билеріне барады.

Алдымен, тышқандардың биіне келеді. Ол:
- Бұл бидайды тышқан алу керек, өйткені, ол тырнағымен жер жыртып, ұртымен бидай септі, - дейді.

Енді олар торғайлар биіне келеді. Ол:
- Бидай торғайға тиесілі, себебі, торғай егінді барлық арам шөптен тазалаған. Күнде үстіде ұшып, егінді күзеткен, - дейді.
Бұған келіспеген торғай мен тышқан қой баққан атаға келеді. Ата бір дәнді өзі алып, қалғанын екеуіне бірдей бөліп береді. Торғай мен тышқан қуанып кетеді.

**Ертегі мазмұнын модельдеуге арналған сөздік жаттығу.**
Педагог:
- Балалар, ертегі ұнады ма?
- Ертегі қалай аталады? («Торғай мен тышқан».)
- Торғай мен тышқан не істеді? (Бірігіп егін екті.)
- Екеуі не үшін ренжісті? (Бір бидайды бөлісе алмады.)
- Олар кімнен көмек сұрады? (Билерден.) Қане, қайталайықшы. Жарайсыңдар!
- Бірінші қай биге барды? (Тышқандардың биіне барды). Дұрыс. Ол не деді? (Бидайды тышқанға беру керек.) Неге? Өйткені тышқан жерді қазып, бидай септі.)
- Одан кейін не болды? (Одан кейін олар торғайлар биіне барды.) Дұрыс.
- Ал, ол не деді? (Бидайды торғайға беру керек.) Неге? ( Себебі, торғай арам шөптен тазалап, егінді күзетті.) Жақсы! Тағы бір рет қайталайықшы. Жарайсыңдар!
- Одан кейін не болды? (Олар қой баққан атаға келді.) Қайталайықшы. Тамаша!
- Ата қалай бөлді? (Бір дәнді өзі алды, қалғандарын екеуіне бірдей бөлді.)
Дұрыс. Қайталаңдаршы. Жарайсыңдар!

**Ым-ишараға сүйеніп, сөзді-ырғақты музыкалық жаттығу. «Торғай ағаш қорғайды».**
Педагог балаларды ортадағы кең алаңға шақырады.
- Балалар, торғай туралы өлең айтып берейікші?



- Алдымен, балалар, сөздерін жаттап алайық. Артынан музыка ырғағымен билеп, торғайдың қимылын келтіреміз.

Шыр-шыр еткен торғайды,
Қорғамасаң болмайды.
Кіп-кішкентай торғайлар
Ағаштарды қорғайды.

Таспен атып торғайды,
Ұя бұзған оңбайды.
Құс өкпелеп кетеді,
Бақшамызға қонбайды.
(Ж. Сымақов)
Педагог орташа қарқынды, ырғақты әуенді қосады. Балалар еркін қозғалады, артикуляция мен негізгі ишараларды қайталайды.

- Жарайсыңдар! Торғай да қуанып кетті.



- Тамаша! Біз торғайларға қамқор болып жүреміз. Солай ғой?

**Өлең негізінде артикуляциялық жаттығу. «Жылғалар ағады».**

Педагог:
- Балалар, көктемде жылғалар ұйқысынан оянады және олар ән салады. Тыңдаңдар.



Педагог өлеңді мәнерлеп оқиды.
Көктем келіп, далаға,
Қар еріді қараса.
Таудан жылға ағады,
Сылдыр-сылдыр
қағады. Жылға қайдан
келеді?
Таудан ...
Сайдан ...
Алыстан ...
Биік-биік мұздықтан!
( А. Кокенова)
- Ал енді, балалар, әдемі әнді бәріміз бірге айтып көрейік.
- Жарайсыңдар! Жылғалармен көңілді ойнадық.

**Сөздік-логикалық жаттығу. «Алдымен? Одан кейін?»**

Педагог бірнеше суреттер тобын дайындайды, әр топтағы суреттер арасында байланыс бар. Алдымен, суреттер аралас көрсетіледі:

- тау+ жылға + қар жауып тұр;
- қар жауып тұр + күн + жылға.
Нәтиже бойынша суреттер логикалық тізбекте орналасады:
- жылға + күн + қар жауып тұр;
- тау + қар жауып тұр +жылға.
- Балалар, торғай мен тышқан қай кезде егін егуді білмей жүр. Ол үшін табиғат құбылыстарының ретін білу керек. Мына суреттерге қараңдаршы. Онда не көріп тұрсыңдар? (Тау, жылға, қар.)

- Тізбек болу үшін, біз суреттерді қалай орналастырамыз? Алдымен не? (Алдымен, қар жауады.) Жақсы. Одан кейін? (Одан кейін, күн жарқырайды). Одан кейін? (Жылғалар ағады.) Балалар бір сөзбен айтқан жауаптары да қабылданады.

- Иә. Алдымен, қар жауады. Одан кейін, күн жарқырайды, қар еріп, жылғалар ағады.
- Балалар, мына суреттерге қараңдар. Не бар? (Тау, жылға, қар.)

- Біз суреттерді тізбек болу үшін қалай орналастырамыз? Алдымен не? (Алдымен, тау көрінеді.) Жақсы. Одан кейін не? (Одан кейін, қар жауады.) Одан кейін? (Одан кейін, жылғалар ағады.)

- Иә. Алдымен, тау көрінеді. Одан кейін, тауда қар жауады. Одан кейін, қар еріп, таудан жылғалар ағады.
- Жарайсыңдар! Міне, балалар, ненің алдымен, ненің одан кейін болатынын білдіңдер. Уақыт жеткіліксіз болса, педагог қорытындылау үшін бір тізбекті ғана қолдана алады.

## 3. ҚОРЫТЫНДЫ

**Материалды бекіту, қорытындылау.**
Педагог:
- Балалар, бүгін не оқыдық? (Ертегі оқыдық.) Ертегі қалай аталады? («Торғай мен тышқан».) Жарайсыңдар!
- Торғай мен тышқан не екті? (Егін екті.) Дұрыс.
- Егінді қай кезде жинады? (Күзде.) Әрине, балалар, егін күзде піседі.
- Ал, егінді қай кезде екті? (Көктемде.)
- Екі дос не үшін ұзақ төбелесті? (Артық қалған бір бидай үшін.) Содан кейін? (Билерге барды.)
- Оларға билер көмектесті ме? (Жоқ.)
- Оларға астықты бірдей бөліп берген кім? (Ата.) Дұрыс. Жарайсыңдар!
- Балалар, бүгін сендер ертегіні мұқият тыңдадыңдар. Кейіпкерлерін де естеріңе сақтадыңдар. Егін мен жаңбыр жайлы өлең айттыңдар. Жарайсыңдар! Сау болыңдар.

## 27. Ұйымдастырылған іс әрекет
## ҚАЗАҚ ТІЛІ

# Тақырыбы: «Азық-түліктер». Наурыз көже дайындаймыз.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты**

Балалардың ұғымындағы Наурыз мерекесі, оның маңыздылығы туралы түсініктерін дамыту; азық-түлік түрлері (сүт өнімдері, ет тағамдары, ұн тағамдары) туралы білімдері мен түсініктерін кеңейту; наурызкөженің құрамы, оған қасылатын жеті тағаммен таныстыру; қазақтың ұлттық тағамдары туралы түсініктерін нақтылау. Балаларға азық-түліктерді ортақ белгілері (сүт, ет, ұн) бойынша үш топқа жіктеу дағдыларын үйрету; құрдастарымен топта жұмыс істеу, өз орнын табу, сұрақтарға еркін жауап беру біліктіліктерін дамыту; логикалық ойлау, есту зейіні, қатынастық дағдыларын дамыту. Әдептілікке, ұйымшылдыққа, табандылыққа, дұрыс тамақтану дағдысына тәрбиелеу.

**Сөздік жұмыс**

Сөздікке: наурызкөже, сүт өнімдері, ет тағамдары, ұн тағамдары, қазы, құрт сөздерін енгізу; азық-түліктің үш түрі мен наурызкөжеге қосылатын азық-түліктерді атау арқылы тіл байлықтарын арттыру.

**Әдіс-тәсілдер**

Аудиотаспа тыңдау, көркемсөз, таңғажайып сәт, зияткерлік карта негізінде заттарды топтастыруға арналған сөздік жаттығу, санамақ негізінде сөздік жаттығу, материалды бекіту, қорытындылау.

**Құрал-жабдықтар**

**1. Көрнекілік материалдар.**
Қазақтың ұлттық әуендерінің аудиотаспасы.
Демонстрациялық суреттер:
- Алан мен Дана ұлттық киім киген, түрлері көңілсіз;
- Алан мен Дана ұлттық киім киіп билеп, көңіл көтеріп жүр.
Демонстрациялық сурет: «Наурыз мерекесі».
«Азық-түліктер» тақырыбы үшін зияткерлік карта. Негізгі азық-түліктер үшін үш негізгі суретті таңбалауыштар:
- сүт өнімдері - сиыр мен бір бөшке сүт;
- ет тағамдары - сиыр мен ет;
- ұн тағамдары - бидай масағы мен бір қап ұн. Бастапқы зияткерлік карта сызбасы.
Суретті сызба: беттің жоғарғы бөлігінде үш үлкен сопақша орналасқан, әрқайсынан төмен қарай бірнеше сәуле тарайды, бос дөңгелектермен аяқталады.
Сурет: мерекелік дастарқанда наурызкөже.
Суреттер жолағы: су, ет, тұз, дәнді дақыл, құрт, сүт пен ұн.
Орташа қарқындағы, ырғақты әуеннің аудиотаспасы
Суретті сызба: шыңын қар басқан тау, бұлақ, жасыл шөп.

**2. Үлестірмелі материалдар.**
Заттық суретті таңбалауыштар: айран, қаймақ, май, ірімшік, сыр; шұжық, жіңішке шұжық (сосиска), қазы, кәуап, котлет; ұн тағамдары - нан, шелпек, тоқаш, бауырсақ, құймақ.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысы**

**1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

**Жаттығу «Кел, сәлемдесейік!»**

**Аудиотаспа тыңдау.**
Қазақтың ұлттық әуені естіледі.

Құрманғазы Сағырбайұлының күйі «Төремұрат».
Педагог:
– Балалар, біз қандай мерекені күтіп жүрміз? (Наурыз.) Дұрыс айтасыңдар. Наурыз - көктем мерекесі. Қайталайықшы. Наурыз - жаңа жыл. Қайталайық. Жарайсыңдар!
– Балалар, сендер Наурыз мерекесіне дайындалып жүрсіңдер ме?
(Дайындалып жүрміз.) Жарайсыңдар!



**Көркемсөз.**
Жарқырап тұр күніміз
Жайқалсын жас гүліміз,
Бақта бұлбұл сайрасын.

Сәнді көктем нұрымен
Наурыз тойы - жырымен
Көңіл гүлдей жайнасын.
(Ә. Табылдиев)

**Таңғажайып сәт.**
Педагог Алан мен Дананың суретін көрсетеді.

– Балалар, сендер оларды таныдыңдар ма? Қане, амандасайық. Сәлеметсіңдер ме!
– Наурыз мерекесімен! Қане, қонақтарды құттықтайық. Наурыз құтты болсын! Жарайсыңдар!
– Алан мен Дана әдемі киініп алыпты, жүздері көңілді. Неге?
– Наурыз мерекесіне әкесі мен анасы көп азық-түлік сатып алыпты. Енді оларды тоңазытқышқа орналастыру керек. Алан мен Дана дайын тағамды жегенді жақсы көреді, ал қандай азық-түлік болатынын білмейді. Қане, балалар, Алан мен Данаға көмектесейік.

**2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

**Интеллектуалды карта негізінде заттарды топтастыруға арналған сөздік жаттығу. «Азық-түліктер».**
Мақсаты.
Негізгі азық-түлік түрлерін ажыратып, атауды үйретуді жалғастыру. Негізгі ерекшеліктері бойынша: сүт өнімдері, ұн тағамдары, ет тағамдары.

Ережесі.
Әр бала кез келген азық-түлік бейнеленген бір карточканы таңдап алып, неден дайындалғанын (ұн, ет, сүт) тауып, суреттегі орнын анықтайды. Ойын барысында әр бала азық-түлікті атап, неден жасалғанын айтады.
Барысы.
Педагог заттық суретті таңбалауыштарды алдын ала дайындайды:
– сүт өнімдері - айран, қаймақ, май, ірімшік, сыр;
– ет тағамдары - шұжық, жіңішке шұжық (сосиска), қазы, кәуап, котлет;
– ұн тағамдары - нан, шелпек, тоқаш, бауырсақ, құймақ.
Топта балалар көп болса, онда педагог азық-түліктердің көшірмесін дайындайды, ең бастысы, әр балада бір таңбалауыштан болу керек.

Сондай-ақ, негізгі азық-түліктер үшін, үш үлкен негізгі суретті таңбалауыштар дайындалады:
– сүт өнімдері - сиыр мен бір бөшке сүт;
– ет тағамдары - сиыр мен ет;
– ұн тағамдары - бидай масағы мен бір қап ұн.

Жаттығуды өткізу үшін педагог жоғарғы бөлігінде азық-түліктің үш тобын бейнелейтін нысан суреттер орналасқан бастапқы зияткерлік карта дайындайды.

**Сөздік жаттығу. «Жаңғырық».**
Ережесі: бір бала айтқан сөзді қалғандары топпен қайталау керек. Таңбалауыш қайталанса, ұқсас таңбалауыш ұстағандардан қолдарын көтеруді сұрауға болады.
– Балалар, үстелде көп суреттері бар таңбалауыштар жатыр, біреуін таңдап алыңдар, шеңберге тұрыңдар.

– Балалар, өздерің атаған өнімді бәріне көрсетесіңдер. Қалғандарың аталған сөзді топпен бірге қайталайсыңдар.
– Балалар, сендер көрсеткен заттарды бір сөзбен қалай атаймыз? (Бұл азық-түліктер.) Жарайсыңдар! Азық-түліктер. Ұмытпаңдар.
– Жарайсыңдар! Енді, балалар, біз азық-түлік атауларын еске түсірдік.
– Өз орындарыңа жайғасып, мұқият болыңдар.
Педагог балаларға зияткерлік картаның бастапқы сызбасын көрсетеді.

– Балалар, азық-түліктер әртүрлі болады. Сендер көрдіңдер ғой? Олардың үш түрі болады.
– Сүт өнімдері.

Педагог зияткерлік картадағы үш негізгісінің біріне «сүт өнімдері» сопақ таңбалауышын бастырады.
– Ұн тағамдары.

Педагог зияткерлік картадағы үш негізгінің біріне «ұн тағамдары» сопақ таңбалауышын бастырады.
– Ет тағамдары.

Педагог зияткерлік картадағы үш негізгінің біріне «ет тағамдары» сопақ таңбалауышын бастырады.
– Қане, балалар, қайталайық. Сүт өнімдері, ет, ұн тағамдары.

**Жаттығу. «Қандай сөзге ұқсас?»**
Педагог:
– Кім айтады, қандай тағамдар болады? (Сүт өнімдері, ет, ұн тағамдары.)
– «Сүтті» сөзі қандай сөзге ұқсайды? (Сүт сөзіне.) Жарайсың, Руслан! Сүт, сүтті. Қайталайық. Жақсы!

– «Ұнды» сөзі қандай сөзге ұқсайды? (Ұн сөзіне.) Жарайсың, Әлмира! Ұн, ұнды. Қайталайық. Жақсы!
– «Етті» сөзі қандай сөзге ұқсас? (Ет сөзіне.) Жарайсың, Нариман! Ет, етті. Қайталайық. Тамаша!

**Жаттығу. «Таңбалауышқа орын тап».**
Педагог:
– Балалар, таңбалауыштарыңа тағы қараңдаршы. Енді азық-түліктер алаңына қараңдаршы. Көрдіңдер ме? Мында көп бос шеңберлер бар. Осы шеңберлерге бір таңбалауыштан жапсырыңдар. Мұқият болыңдар, оны азық-түлік түріне жапсыру керек. Түсінікті ме? Жарайсыңдар! Онда, балалар, бастайық!

Педагог балалар бір-бірін итермей, тапсырманы дұрыс орындап, өз орындарына отыруын қадағалайды.
– Жарайсыңдар! Қараңдаршы, балалар, біз Алан мен Данаға көп көмек жасадық. Барлық азық- түліктер, өз орындарында. Оларды тоңазытқышқа жинауға болады.

**Көркемсөз.**
Балалар орындарына отырғаннан кейін, педагог азық-түліктер жайлы тақпақты мәнерлеп оқиды.
Тәттісін-ай, мына жеміс-жидектің,
Сүйсініп-ақ жейміз оны тәбетпен.
Сүт ботқасын таңғы асқа береміз.
Денсаулыққа пайдалысы ет екен

Ұннан піскен бауырсағым,
бөлішім, Тәттілірім дастарқанның
сәні шын. Жеміс-жидек дәруменге
бай екен, Ең дәмдісі піскен тәтті
нан екен. (Д.Қ. Бұланбаева)

- Енді, балалар, Алан мен Дана сүт өнімдері мен ет, ұн тағамдарын көп жейтін болады. Олар өте пайдалы. Қайталайықшы. Жарайсыңдар!

**Санамақ негізінде сөздік жаттығу. «Наурызкөже».**
Педагог:
– Балалар, көже ішуді жақсы көресіңдер ме?
– Мынадай көже көрдіңдер ме? Бұл көже қалай аталады? (Наурызкөже.) Жарайсыңдар!

– Наурызкөжені неден дайындайды? Наурызкөжеге азық-түліктің жеті түрін қосады. Азық-түліктің неше түрін қосады? (Жеті.) Дұрыс.
– Шынымен, жеті түрлі азық-түлік қоса ма? Қазір санап
көрейік. Педагог наурызкөже туралы өлеңді мәнерлеп оқиды.

Наурыз тойын әдемі,
Әжем еске түсірді,
Біздерге арнап әдейі,
Наурызкөже пісірді.

Ашылды да кебеже,
Дәм әзірлеу басталды.
Әжем наурызкөжеге,
Жеті түрлі ас салды.

Бидай, күріш, тары бар,
Бар сүр ет пен шұжығы.
Ащы құрты тағы бар,
Көже елдің ырзығы.
(А. Шаяхметов)

– Наурызкөже қандай азық-түліктерден дайындалады? (Су, ет, тұз, дәнді дақыл, құрт, сүт пен ұн.) Жарайсыңдар, балалар! Тексерей -









– Дұрыс. Балалар, тақпақты бірге қайталап, жақсылап жаттап алайық.
Педагог жаттатудың түрлі тәсілдерін қолдана алады, шағын топтарға бөлу, әуен қосу және тағы басқа.

Нәтиже бойынша балалар наурызкөжеге қосылатын азық-түліктерді естеріне сақтап, жаттап алу керек.
- Міне, жарадыңдар! Жеті түрлі азық-түлікті жаттап алдыңдар.

**Еске сақтауға сөздік жұмыс. «Еске сақта».**
Педагог:
– Балалар, Наурыз мерекесі - отбасы мерекесі Отбасы туралы мынадай мақал бар. «Әке - асқар тау, ана - бұлақ, бала - жағадағы құрақ».



- Қане, есімізге сақтап алайық. Үйге барғанда айтып бересіңдер.

**3. ҚОРЫТЫНДЫ**

**Материалды бекіту, қорытындылау.**
Педагог:
– Балалар, бүгін не істедік? (Тақпақ жаттадық.) Не туралы? (Наурызкөже туралы.) Дұрыс.
– Наурызкөже ботқа ма? (Ботқа емес, көже.) Дұрыс.
– Кімнің есінде, балалар, наурызкөжеге не қосады? (Су, ет, тұз, дәнді дақыл, құрт, сүт пен ұн.) Жарайсыңдар!
– Наурызкөжені қандай мерекеге дайындайды? (Наурыз мерекесіне.) Жақсы!
– Тағы не істедік? Кімдерге көмектестік? (Алан мен Данаға көмектестік.) Калай көмектестік? Азық-түліктерді нешеге бөлдік? (Сүт өнімдері, ет тағамдары, ұн тағамдары.) Жарайсыңдар!
– Әрине, Алан мен Дана сендерге өте риза. Ата-аналары қуанып қалатын болды. Мақалда қалай айтылады? Әке - асқар тау, ана - бұлақ, бала - жағадағы құрақ. Жарайсыңдар!
– Балалар, бүгін сендер өте тату, көңілді, алғыр болдыңдар. Жарайсыңдар! Наурыз құтты болсын! Сау болыңдар.

## 28. Ұйымдастырылған іс әрекет
## ҚАЗАҚ ТІЛІ

**Тақырыбы: «Музыкалық аспаптар шеберханасы». Наурыз мерекесі.**

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты**

Балалардың ұғымындағы Наурыз мерекесі туралы түсініктерін дамыту, қазақ халқының ұлттық аспаптары: домбыра, қобыз, сырнаймен таныстыруды жалғастыру; Қазақстанда тұратын ұлт өкілдерінің ұлттық музыкалық аспаптары туралы түсініктерін қалыптастыру; балалайка, дутар жайлы түсінік беру; музыкалық аспаптар шеберінің еңбегі жайлы білімдерін қалыптастыру. Қазақтың ұлттық аспаптары мен Қазақстанда тұратын өзге ұлт аспаптарының атауларын еске сақтауды үйрету; ұлттық музыкалық аспаптарға, қазақтың ұлттық мәдениетіне қызығушылықтарын дамыту; аспаптардың шығаратын үндерін дыбыстау арқылы артикуляцияларын дамыту; еске сақтау қабілетін, ой-өрістерін дамыту. Қазақ халқы және Қазақстанда тұратын басқа ұлт өкілдерінің мәдениетін құрметтеуге, үлкендердің еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.

**Сөздік жұмыс**

Сөздікке: шебер, шеберхана, күй, дутар, қобыз, балалайка, сырнай сөздерін енгізу; дыңғырлайды, сыңғырлайды сөздерін айтқызып, аспаптардың дыбыстарына еліктеуді үйрету.

**Әдіс-тәсілдер**

Аудиотаспа тыңдау, сурет көрсету, көркемсөз, сурет бойынша әңгімелеу, сурет мазмұны бойынша сөздік жұмыс, артикуляциялық жаттығу, байланыстыра сөйлеуді дамытуға арналған сөздік жаттығу, еске сақтауға сөздік жаттығу, материалды бекіту, қорытындылау.

**Құрал-жабдықтар**

**1. Көрнекілік материалдар.**
Орташа қарқынды ырғақпен домбырада шертілген күй әуенінің аудиотаспасы.
Наурыз мерекесі тойланған демонстрациялық сурет.
Музыкалық аспап домбыра.
Демонстрациялық заттық суреттер: домбыра, сырнай, қобыз, дутар, балалайка.
Суретті қарастыру үшін көрсеткіш немесе «сиқырлы сақина».
Музыкалық аспаптарды дайындайтын шеберхананың демонстрациялық суреті.
Баяу қарқынды, ырғақты әуеннің аудиотаспасы.
Құрманғазы Сағырбайұлының «Адай» күйінің аудиотаспасы.

**2. Үлестірмелі материалдар.**
Музыкалық аспаптардың сұлбалары: дутар, домбыра, балалайка, қобыз, сырнай.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысы**

**1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

**Жаттығу «Кел, сәлемдесейік!»**

**Аудиотаспа тыңдау.**
Домбырада шертілген күйдің әуені естіледі.
**Жігер Бертісов. Құрманғазы Сағырбайұлының күйі «Төремұрат».**

Педагог:
- Балалар, естисіңдер ме? Мынау қандай музыка? Ешкім ән айтпайды? Бұл күй. Қайталайықшы. Жарайсыңдар!
- Ал мына әсем дыбысты аспап қалай аталады?
(Домбыра.) Суретті көрсету.
Педагог балаларға домбыраны көрсетеді.

- Дұрыс. Мынау домбыра. Қайталайықшы. Домбыра - қазақ халқының екі ішекті, көп пернелі музыкалық аспабы.

**Көркемсөз.**
**Ілияс Жансүгіров «Домбыра».**
Тарт күйіңді, домбыра!
Төгіл, төгіл тәтті күй,
Тау суындай сылдыра,
Желпін, желпін жел соқтыр!
Тауда тұман тұрмасын,
Көкте бұлт ыдыра!
Тыңдамаған қоймасын,
Ойды-қырды қыдыра,
Құлшына тарт,
домбыра!
- Балалар, домбыра қайдан пайда болды? Оны кім дайындады?
- Қане, білейік.

**2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

**Сурет бойынша мәнерлеп әңгімелеу. «Шеберхана мен музыкалық аспаптар».**
Музыкалық аспаптарды дайындайтын шеберхананың демонстрациялық суретін көрсету. Педагог шеберхана мен музыкалық аспаптар бейнеленген суретті көрсетеді. Суретті қабылдау үшін 7-8 секунд уақыт беріледі. Әңгімелеу барысында педагог көрсеткішті немесе «сиқырлы сақинаны» қолданады.

- Музыкалық шеберхана. Онда шебер жұмыс істейді. Шебер музыкалық аспаптарды жасайды. Домбыра, қобыз, сырнай, дутар, балалайка. Шебер алжапқышын киеді, көзілдірігін тағады,
құрал-саймандарын алады.
- Музыкалық аспаптар ағаштан жасалады. Шебер жұмысын аяқтағаннан кейін, музыканттар келіп өздеріне домбыра, қобыз, сырнай, дутар мен балалайканы алып кетеді. Мереке кезінде музыканттар музыкалық аспаптарда ойнайды: домбыра, қобыз, сырнай, дутар, балалайка. Қандай әсем дыбыстар!

**Сурет мазмұны бойынша сөздік жұмыс.**
Педагог:
- Сендер қандай жаңа сөздерді естідіңдер? Кім есіне сақтады?
Балалар қазақ халқының ұлттық аспаптарын айтулары мүмкін.

- Дұрыс айтасыңдар, балалар! Суреттен домбыра, қобыз, дутар аспаптарын көріп тұрмыз. Бұлардың барлығы біздің елімізде тұратын ұлттардың ұлттық музыкалық аспаптары.
Педагог балалармен жеке жұмысты үздіксіз жүргізеді.
- Балалар, дутар аспабы туралы кім естіді? Қане, балалар, қайталайықшы. Дутар.
- Дутар - өзбек, ұйғыр, түрікмен, тәжік халықтарының шертіп қағып ойнайтын, екі шекті музыкалық аспабы. Қайталайық. Жарайсыңдар!

- Ал, мына аспапты кім біледі? Бұл балалайка аспабы. Балалайка - орыс халқының үш ішекті

ұлттық музыкалық аспабы. Қайталайық. Жарайсыңдар!

- Балалар, аспаптарды дұрыс атап, есімізге сақтайық. Домбыра, қобыз, сырнай, дутар, балалайка - ұлттық музыкалық аспаптар. Кім есіне сақтады? Бір сөзден айтайық,
ұлттық музыкалық аспаптар. Жарайсыңдар!
- Балалар, ұлттық аспаптарды роботтар жасай ма? Оларды кімдер жасайды?
(Шебер.) Жарайсың, Ерасыл! Қане, Ерасылдың артынан қайталайықшы. Шебер.
- Шеберлер жұмыс істейтін бөлме қалай аталады? (Шеберхана.) Тағы бір рет айтайық. Шеберхана.
- Шебер, шеберхана. Қайталайықшы.
- Кім естіді? Бұл сөздер ұқсай ма? Жарайсыңдар! Әрине, ұқсайды.
- Шебер не киеді? (Көзілдірік, алжапқыш.)
- Шебер нелерді қолданады? (Құрал-саймандарды.) Дұрыс, шеберге жұмыс істеу үшін құрал-саймандар қажет.
- Ал, музыкалық аспаптар кімге қажет? Аспазға? Мұғалімге? Құрылысшыға?
(Музыканттарға.) Дұрыс айтасың, Рашида, музыкалық аспаптар музыканттарға қажет.
- Музыка, музыкалық аспаптар, музыкант. Қайталайық. Ал, осы сөздер ұқсай ма? Жарайсыңдар!
Педагог балалардың зейін тұрақтылығының деңгейіне байланысты, қойылатын сұрақтар санын қысқартуы немесе негізгілерін ғана қалдыруы мүмкін.

**Артикуляциялық жаттығу. «Музыкалық аспаптарда қалай ойнайды?»**
Күмбір-күмбір - домбыра,
Шертеміз біз қуана.

Сыңғыр-сыңғыр - дутарда,
Шертеміз біз қуана.

Тын -тын -тын - балалайка,
Қуаныш сыйлар балақайға.

Уілдейді сырнай,
Келіп тартшы
балақай.

Құбылады қобыз
Біз ойнамай қоймаймыз.
Балалар бір рет айтып болғаннан кейін, аталған аспапта ойнауды қимылмен көрсетулеріне болады.
Үшінші рет айтылуы мен қимылы бірге жасалады.

**Байланыстыра сөйлеуді дамытуға арналған сөздік жаттығу. «Ұлттық аспаптардың музыкалық оркестрі».**
Педагог балаларға ұлттық музыкалық аспаптардың сұлбасын үлестіреді.

- Балалар, қазір Наурыз мерекесін тойлаймыз. Мынау музыкалық оркестр. Қайталайық. Жарайсыңдар!
- Қазір музыка қосылады, сендер аспаптарда қалай ойнайтынын көрсетесіңдер. Жақсы ма?
Педагог Құрманғазы Сағырбайұлының күйінің музыкалық композициясын қосады.
Балалар музыкалық аспаптарда ойнағандай қимылдарды көрсетеді.

Педагог әр баланың қасына келіп сұрақ қояды.
- Сен неде ойнайсың? Балалар:
- Мен домбыра шертемін.
- Мен балалайкада ойнаймын.
- Мен сырнай тартамын.

- Мен дутар шертемін.
- Мен қобызда ойнаймын.
- Жарайсыңдар! Тамаша! Қонақтарды қуанттыңдар!

**Еске сақтауға сөздік жаттығу. «Еске сақта».**
Педагог:
- Балалар, Наурыз мерекесін бүкіл әлемде тойлайды. Қане, Наурыз туралы тақпағымызды еске түсірейікші. Жаттап алыңдар, балалар, үйге барғанда айтып бересіңдер.



Жарқырап тұр күніміз
Жайқалсын жас гүліміз,
Бақта бұлбұл сайрасын.

Сәнді көктем нұрымен
Наурыз тойы-жырымен
Көңіл гүлдей жайнасын.

**3. ҚОРЫТЫНДЫ**

**Материалды бекіту, қорытындылау.**
Педагог:
- Балалар, бүгін біз нелер жайлы білдік? (Домбыра, дутар, сырнай, балалайка, қобыз.) Жарайсыңдар! Бұлардың барлығын біз бір сөзбен қалай атаймыз? (Музыкалық аспаптар.) Дұрыс!
- Музыкалық аспаптарды кім дайындайды? (Шебер.) Шебер қайда жұмыс істейді? (Шеберханада.) Аспаптарды неден жасайды? (Ағаштан.) Жарайсыңдар!
- Музыкалық аспаптар не үшін керек? (Адамдарға қуаныш сыйлау үшін.) Дұрыс. Музыкалық аспаптарда кім ойнайды? (Музыканттар ойнайды.) Жарайсыңдар! Иә. Наурыз мерекесінде музыканттар адамдарды қуанту үшін ойнайды.
- Бүгін сендер нағыз музыкант болдыңдар. Наурыз туралы тақпақ айттыңдар. Балалар, Қазақстанда тұратын барлық ұлттар сияқты тату болдыңдар. Рақмет сендерге! Наурыз құтты болсын! Сау болыңдар.

## 29. Ұйымдастырылған іс әрекет
## ҚАЗАҚ ТІЛІ

## Тақырыбы: «Ғарышкер боламыз». Адамның дене мүшелері. 10 дейін тура және кері санау.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты**

Балаларға ғарыш жайлы алғашқы түсініктірін дамытуға жәрдемдесу; «ғарыш» туралы түсінік қалыптастыру; ғарышкерлер киімдерінің ерекшеліктері жайлы түсінік беру; сандық қатар, тура және кері санау жайлы түсініктерін бекіту; адамның дене мүшелері мен бет-әлпет бөліктері туралы білімдерін нақтылау. Балаларды қазақ тілінде сөйлеуді мұқият тыңдауды үйрету; зат есімді сөздерге көптік, тәуелдік жалғауларды дұрыс қосып айтуға үйрету; сөз ішінде [ғ] дыбысын дұрыс дыбыстауға жаттықтыру; еске сақтауды, қиялды, ой-өрістерін дамыту. Ізденімпаздыққа, әдептілікке, зейінділікке тәрбиелеу.

**Сөздік жұмыс**

Сөздікке: ғарышкер, ғаламшар, бет-әлпет, дулыға сөздерін енгізу; 10-ға дейін тура және кері санау арқылы сөздік қорларын арттыру.

**Әдіс-тәсілдер**

Аудиотаспа тыңдау, сурет көрсету, таңғажайып сәт, сызба мен өз денелерін сәйкестендіру негізінде сөздік жұмыс, суретті қарастыру негізінде сөздерге дұрыс жалғау қосуға сөзді-логикалық жаттығу, жиі қайталанатын сөздерді дыбыстау негізінде сөзді-ырғақты жаттығу, сөздерді есту негізінде ым-ишара жаттығуы, тура және кері санау негізінде логикалық жүйелікті нақтылауға арналған сөздік жаттығу, есту зейіні мен босаңсуға арналған жаттығу, материалды бекіту, қорытындылау.

**Құрал-жабдықтар**

**1. Көрнекілік материалдар.**
Ғарыш атмосферасын айқындайтын аудиотаспа дыбысы.
Демонстрациялық суреттер:
- ғарышта әртүрлі орналасқан ғаламшарлардың суреті;
- күн жүйесінің ғаламшарлары бір қатарда орналасқан ғарыштың суреті;
- 1-ден 10-ға дейін нөмірленген күн жүйесінің ғаламшарлары бір қатарда орналасқан ғарыш суреті;

Демонстрациялық суреттер:
- дулығасы жабық скафандрдағы ғарышкер;
- дулығасы ашық скафандрдағы Алан, Дана, Ақтөс күшік.

Орташа қарқындағы ырғақты әуен аудиотаспа.
Тыныштандыратын, ғарыш кеңістігін елестететін әуеннің аудиотаспасы.

**2. Үлестірмелі материалдар.**
Топтарға арналған екі нұсқадағы таратпалы таңбалауыштар жиынтығы: қызыл, көк, сары, тоқсары жұлдыздар; Күн, Сатурн, Жер, Юпитер.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысы**

**1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

**Жаттығу. «Кел, сәлемдесейік!»**

**Аудиотаспа тыңдау.**
Ғарыш атмосферасын айқындайтын дыбыстар естіледі.

Педагог:
- Балалар, мынау
не? Суретті көрсету.

- Балалар, сендер таныдыңдар ма? Бұл не? (Ғарыш.) Бүгін біз ғарыш жайлы айтамыз.

**Таңғажайып сәт.**
Балалар шеңберде тұру қалпында қалады.
Педагог скафандр киген белгісіз адамды көрсетеді: денесінде комбинезон, қолында бессаусақ қолғап, аяғында етік, бетінде шыныланған скафандр дулығасы бар.

- Балалар, бұл кім? Кім біледі? Иә. Бұл ғарышкер. Дәл таптыңдар.
- Ғарышкер екенін қайдан білдіңдер? (Комбинезон. Бессаусақ қолғап. Етік.) Дұрыс.
Үстіне скафандр киген. Қане қайталайықшы. Жарайсыңдар!
- Ал, онда кім бар? Белгісіз.
- Балалар, скафандр киетін адамды қалай атаймыз? (Ғарышкер.) Қайталайық. Жарайсыңдар!

**Сызба мен өз денелерін сәйкестендіру негізінде сөздік жұмыс. «Бет бөліктері».**
Педагог:
- Балалар, скафандр кигендер кім болуы
мүмкін? Суретті көрсету
Педагог Аланның, кейін Дананың портреті бейнеленген екі суретті көрсетеді.

- Мынау Аланның бет-әлпеті ме?
- Бет-әлпет.
- Адамның бет-әлпетінде не бар? Екі көзі бар. Мұрны, аузы, екі қасы бар. Екі құлағы
бар. Педагог әр жолы балаларға жеке, топпен қайталауға мүмкіндік береді.
- Жарайсыңдар!

Балалар кейіпкерлердің бет бөліктерін педагогтің нұсқауы бойынша атайды, өз бет-әлпеттерінен қайталап көрсетеді.
- Жарайсыңдар! Балалар, Алан мен Дана ұқсай ма? (Алан мен Дана ұқсайды.) Дұрыс.
Себебі, барлық адамдарда бірдей бет бөліктері бар.

## 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

**Суретті қарастыру негізінде сөздерге дұрыс жалғау қосуға сөзді-логикалық жаттығу. «Нелер көрінбейді?»**
Педагог балаларды өз орындарына шақырады.
Педагог бет-әлпеті жабық ғарышкердің суретін қайта көрсетеді.

- Жарайсыңдар! Ғарышкер ғарышқа ұшуға дайын. Оған скафандрды шешуге болмайды.
- Не көрінбейді? Қане, көрейікші.
Педагог тәуелденген зат есімдерді тауып айтуға көмектеседі. Балалар жауап беруге қиналса, педагог диалогты қолдап, ым-ишарамен немесе скафандрдың ішіндегі дене бөлігін көрсеткішпен нұсқайды.
- Қандай дене мүшелері көрінбейді? (Басы көрінбейді. Денесі көрінбейді. Аяғы көрінбейді. Қолы көрінбейді. Беті көрінбейді. Көзі көрінбейді. Мұрны көрінбейді. Аузы көрінбейді. Қасы көрінбейді.)
Балалар жауап беруге қиналса, педагог көмекші сұрақтар қояды:

- Көзі көріне ме? (Көзі көрінбейді.) Мұрны көріне ме? (Мұрны көрінбейді.) Аузы көріне ме? (Аузы көрінбейді.)
- Жарайсыңдар! Біз скафандр ішінде бір адам бар екенін білеміз. Ол кім екен?

**Сөздерді есту негізінде ым-ишара жаттығуы. «Скафандрды киеміз».**
Педагог:
- Жақсы, балалар, біз де үстімізге скафандр киіп, ғарышқа ұшуға талпынып көрейік.
- Ең алдымен, комбинезон киеміз, оң аяғымызды балаққа кіргіземіз, сол аяғымызды балаққа кіргіземіз. Оң жақ етікті киеміз, сол жақ етікті киеміз. Жақсы. Комбинезонды киеміз, оң
қолымызды оң жеңіне кіргіземіз, сол қолымызды сол жеңіне кіргіземіз. Денемізгі тартып, сыдырмасын (замок) саламыз. Енді, балалар, сол қолға бір бессаусақ қолғапты, оң қолға екінші бессаусақты киеміз. Тартып, саусақтарымызды қозғалтамыз. Басымызға дулығаны киіп, бетімізді жабамыз.
Балалар жауап беруге қиналса, онда педагог ым-ишараны өзі көрсетіп немесе бірнеше балаға киіну үлгісін көрсетуді ұсынады.
- Жарайсыңдар! Енді, балалар, барлығымыз скафандр киген ғарышкерлер сияқты болып қалдық. Барлығымыз бірдейміз. Солай ғой?

**Жиі қайталанатын сөздерді дыбыстау негізінде сөзді-ырғақты жаттығу. «Біз ғарышкерміз».**
Педагог балаларды ашық алаңға шақырады.
- Балалар, бүгін ғарышкер боламыз! Барлықтарың ұшуға дайындалыңдар.
- Алдымен, тыңдап аламыз, маған қосылып қайталаңдар.

Көкке ұшамын - (аяқтың арасы алшақ, қолды алдыға айқастыру)
Ұшқыш болар баламын. (теңселу)
Соңына ерем. (екі қолды жоғары созу, аяқтың ұшына тұру)
Ер ғарышкер ағаның.

Батыр болам - (қолды иыққа қойып айналдыру)
Көк аспанды сүйемін. (белді айналдыру)
Жұлдыздарға (аяқтың арасы алшақ, қолдарды екі жаққа созу, алақанды ашу, жабу)
Барып келіп жүремін.
(Т. Молдағалиев)

- Жарайсыңдар!
- Алдымен, балалар, дайындалып алайық! Беске дейін тура санайық.
- Бір! Екі! Үш! Төрт! Бес!
Екінші рет қайталау үшін дауысы бәсең, орташа қарқынды ырғақтағы әуен қосылады.

- Балалар, ұшар алдында бәріміз бірге санайық. Бес! Төрт! Үш! Екі! Бір!
Алға! Әуеннің басында санау басталады.
Әуеннің сөзсіз бөлігінде балалар ғарыш тақырыбын айқындайтын еркін қимыл-қозғалыстарды орындауларына болады.
- Тамаша! Жарайсыңдар, балалар!
- Демалыңдар. Айтыңдаршы, балалар, ғарышта нелер болды? (Онда ғаламшарлар, жұлдыздар болады.) Ғарышқа немен ұштық? Кім есіне сақтады? (Зымыранмен.) Қалай ұштық? (Тез,
жылдам.) Жарайсыңдар!

**Тура және кері санау негізінде логикалық жүйелікті нақтылауға арналған сөздік жаттығу.**
Педагог бір қатарға тізілген күн жүйесінің ғаламшарларының суретін көрсетеді.

- Ғарышкерлер! Міне, балалар, біз ғарышқа ұштық. Біздің ғарыш кемеміз ерекше

шеңберлердің қасынан ұшып барады.
- Балалар, мынау нелер? Кім біледі? Олар көп қой (суретті
белгілеу) (Ғаламшарлар.) Жарайсыңдар!
- Олар нешеу? Қалай білуге болады? Дұрыс. Санау керек.
Педагог қолына көрсеткішті алып, солдан оңға қарай жүргізеді.
- Менімен бірге қайталаймыз. Бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он.
Жарайсыңдар! Педагог көрсеткішті оннан солға қарай жүргізеді.
- Ал, енді кері санайық. Он, тоғыз, сегіз, жеті, алты, бес, төрт, үш, екі, бір. Жарайсыңдар!
- Балалар, сендердің жақсы санағандарың үшін, мен сендерге көмек дайындап
қойдым. Педагог сол суретті көрсетеді, ғаламшарлар 1-ден 10-ға дейін нөмірленген.




- Кімнің санағысы келеді?
Педагог жұппен санауды, қыздар мен ұлдарға бөлініп санауды, топтарды жұлдыздар мен ғаламшар атауларына бөліп санауды ұсынады.
Ол үшін балаларға таңбалауыштарды таратуға болады: қызыл, көк, сары,тоқсары жұлдыздар немесе Күн, Сатурн, Жер, Юпитер.

**Есту зейіні мен релаксацияға арналған жаттығу.**
Педагог:
- Балалар, сендер Жерді, балабақшаны, туған үйлеріңді сағындыңдар ма? Олай болса, балалар, кері қайтайық! Ыңғайланып отырыңдар. Аяқтарыңды созып, қолдарыңды төмен түсіріп,
көздеріңді жұмыңдар.
Педагог тыныштандыратын, баяу ырғақты әуенді қосады.

- Біз шаршадық, көзіміз жұмулы, денеміз, қолымыз, аяғымыз демалады. Біз ұшамыз. Көзіміз жұмылу, біз қараңғы аспанды, үлкен, кішкентай жұлдыздарды көріп тұрмыз, ғаламшарлар айналады. Жерде көгілдір аспан, көк шөп, үйлер, жолдар, ағаштар, ары-бері жүрген адамдар. Үстіден барлығы құмырсқадай кішкентай болып көрінеді. Міне, балалар, олардың барлығы жап-жақын, үп-үлкен ... бола бастады.
Міне, біз ұшып келдік.
- Көздеріңді ашыңдар. Скафандрды шешіңдер.
- Скафандрдағы кімдер екен?
Педагог скафандрдағы бет-әлпеттері көрініп тұрған Алан, Дана және Ақтөс күшіктің суретін көрсетеді.



- Балалар! Ой! Олар үшеу екен
ғой! Балалардың жауаптары.
- Онда, біздің Ақтөсіміз жасырыныпты ғой. Тамаша! Бізді алдап соқты.

**3. ҚОРЫТЫНДЫ**

**Материалды бекіту, қортындылау.**
Педагог:
- Балалар, бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекет ұнады ма? (Ғарышқа ұшу.) Біз ғарышта не істедік? (Санадық.) Дұрыс. Тура, содан кейін кері санаңдаршы. Жарайсыңдар! Ал біз нелерді санадық? (Ғаламшарларды.) Ғаламшарлар нешеу болды? (Он.) Жарайсыңдар!
- Балалар, біздің үстіміздегі киімдермен ғарышқа ұшуға бола ма? (Болмайды.) Біз кімдер болдық? (Ғарышкерлер.) Жақсы! Ғарышкерлер өз дене мүшелерін бірден көрсете алады. Олар ақылды, жылдам, әрі мықты. Скафандрдан нелерді көруге болады? (Басты, денені, аяқты, қолды.) Жақсы.
- Алан сияқты батыл, Дана сияқты зейінді болыңдар. Сонда сендер де болашақта ғарышкер боласыңдар.
- Балалар, бүгін сендер нағыз ғарышкерлер сияқты болдыңдар. Сендерге алғыс білдіремін. Сау болыңдар.

## 30. Ұйымдастырылған іс әрекет
## ҚАЗАҚ ТІЛІ

## Тақырыбы: М. Төрежановтың "Адал дос" әңгімесін оқу. Батыл, ержүрек, қайсар.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты**

Балалардың ұғымындағы туған жер түсінігін дамыту; балаларды М.Төрежановтың «Адал дос» әңгімесінің мазмұнымен таныстыру; достық қарым-қатынас туралы білімдерін нақтылау; адалдық, батылдық, туған жерге сүйіспеншілік жайлы тұрақты түсініктері қалыптасуына ықпал ету. Қазақ тіліндегі мәтінді тыңдау мен оқиға тізбегін байқау біліктерінің дамуына әсер ету; қорқыныш, қайсарлық, әлсізге қамқорлық сияқты аспектілерді түсіндіру; берілген сөздерге қарама-қарсы мағыналы сөз табуды, сұрақтарға еркін жауап беруге жаттықтыру; жақсы әдеттерге дағдыландыру; еске сақтау қабілеттерін дамыту. Отанға сүйіспеншілікке, адамгершілікке, имандылыққа, қайсарлыққа тәрбиелеу.

**Сөздік жұмыс**

Сөздікке: ержүрек, қайсар, батыл, адал сөздерін енгізу; адал дос, ашулы ит, көше бойы, ит адамның досы сөз тіркестерін, «Жақсы дос үшін жан пида» мақалы арқылы сөздік қорларын молайту.

**Құрал-жабдықтар**

**1. Көрнекілік материалдар.**
Көңілді әуен аудиотаспасы.
«Туған жер» тақырыбына сәйкес демонстрациялық сюжетті суреттер бөлімі және тақырыпқа жанаспайтын суреттер:
- үйдің ауласы;
- Қазақстанның астанасы;
- суасты әлемі;
- көпқабатты үйлердің арасындағы аула;
- балабақшадан сюжет;
- ғарыш.
Ойын ауласындағы шудың аудиотаспасы.
Демонстрациялық суреттер бөлімі:
- тұрғын үйдегі ойын алаңы;
- екі ұл бала әңгімелесіп барады;
- алдарынан үлкен қара ит шығады;
- бір бала жерден таяқ алады;
- ит таяқ ұстаған ұлдың балағына жармасады.
- ересектер итті қуады.
Әңгіме желісі бойынша әңгімелесуге арналған пиктограммалар бөлімі:
- қорқынышты білдіретін бет-әлпет;
- қатты қорқуды білдіретін бет-әлпет;
- қуануды білдіретін бет-әлпет;
- езу тартуды білдіретін бет-әлпет;
- жымиюды білдіретін бет-әлпет.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысы**

**1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

**Жаттығу. «Кел, сәлемдесейік!»**

**Аудиотаспа тыңдау.**
Көңілді әуен естіледі.

Сурет бойынша сәйкестендіру мен іріктеуге арналған жаттығу.
Педагог бірнеше суретті көрсетеді. Арасында туған жер түсінігін айқындайтындары бар.

- Балалар, туған жер деген не? Иә. Туған жер дегеніміз - Отан.
- Мына суреттерге қараңдар. Айтыңдаршы, балалар, біздің туған жерімізге жатпайтын, қандай суреттерді алып тастау керек.

Балалар ғарыш және суасты әлемі бейнеленген суреттерді алып тастайды.








- Тағы айтыңдаршы, балалар, туған жер дегеніміз не? Иә. Ол сенің үйің, аулаң, пәтерің. Туған жер - сенің тұратын жерің. Қайталайық. Жарайсыңдар!

Отан үшін ержүрек, қайсар, ержүрек болу керек.

**Аудиотаспа тыңдау.**
Педагог ойын ауласындағы шудың дыбысын қосады.

- Ненің дыбыстарын естіп
тұрсыңдар? Балалар естіген
дыбыстарын атайды.
- Иә. Мынау ойын ауласы. Көше. Қайталайықшы. Жарайсыңдар!
- Қалай ойлайсыңдар, балалар, бұл шу қай жерде болып жатыр? Қалада ма, ауылда ма? (Қалада.) Ия. Қалада адамдар көп тұрады. Көліктер көп жүреді.
Суретті көрсету.

- Мынау қаладағы үйлер. Қала көшелерінің бірі. Онда не болып жатыр екен? Көрейік пе? Жақсы.

**2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

**М. Төрежановтың «Адал дос» әңгімесін мәнерлеп оқу.**

Екі дос көше бойымен әңгімелесіп келе жатты. Оның біреуі Аблан да, екіншісі Абыз. Абыздың денсаулығы нашар, жүгіре алмайтын.
Бір үйдің жанынан өте бергенде дәу қара ит арсылдап, тура алдарынан шыға келді.

Қатты қорыққан Абыз:
- Аблан, қаш! - деп айқайлап жіберді.
Аблан жерден бір шыбық алып, итке қарсы ұмтылды. Ашулы ит Абланның шалбарынан бірнеше рет жұлқылап та үлгерді.

Үлкендер келіп қалып, Абланды құтқарып алды.

Абыз Абланның жанына келіп:
- Мен қаш дегенде неге қашпадың? Қашып кеткенімізде, шалбарың жыртылмас еді, - деді.
- Мен қашатын болсам, сен қалып қояр едің, өйткені, сен қатты жүгіре алмайсың ғой. Сені иттен қорғайын деп, әдейі қалып қойдым, - деді Аблан.

- Достар деген осындай болар, - деді олардың сөзін естіп тұрған үлкендер сүйсініп.

**Ым-ишара негізінде сөзді-ырғақты жаттығу «Итім-ай».**
Педагог:
- Білесіңдер ме, балалар, барлық иттер қабаған емес. Ит - адамның досы. Біз ит жайлы өлең айтып берсек, ит адамдарға тиіспейді. Итті көзімізге елестетейік. Менің соңымнан қайталаңдар.
Итім, итім, итім-ай, (қол белде, денені екі жаққа теңселту)
Түн үресің бір тынбай. (қол алда, саусақтар бүгулі, басты екі жаққа кезек-кезек қарату)
Қожайынға адалсың, (қолдар екі жақта, бірнеше рет шынтақтан бүгіп, иыққа қою)
Жақсы көрем ырысымдай, (қол белде, иықты көтеру)
Қамқорым да өзіңсің, (екі қолды кеудеге қою, денені екі жаққа теңселту)
Үйімдегі көзімсің (бас бармақ пен сұқ саусақты дөңгелетіп, екі көзге қою, екі жаққа кезек-кезек қарау)
Қожайынның демалып, (сұқ саусақты ерінге тигізіп, тыныштыққа шақыру)
Бірер уақыт демалсын. (екі алақанды біріктіріп, басты қою)

Балалар педагогпен бірге сөздік жаттығуды орындайды.
Сергіту сәтіне арналған ырғақты әуеннің аудиотаспасы.

- Балалар, біз қандай ит жайлы айттық? (Адал, қамқор.) Жарайсыңдар!

**Пиктограммаларды қолдану негізінде әңгіме желісі бойынша әңгімелесуге арналған сөздік жаттығу.**

Педагог:
- Балалар, әңгімеде кімдер болды? (Достар.) Дұрыс.
- Басында олар қандай болды? (Көңілді.)

- Олар не істеді? (Әңгімелесті.) Дұрыс.
- Абыз неге шошып кетті?

- Ит қалай ашуланды? (Ырылдады.)

- Ит не істеді? (Абланның балағын жыртты.) Ит балаларды қорқытты. Қане, балалар, айтайықшы. Жарайсыңдар!
- Достарға кімдер көмектесті? (Ересектер.) Дұрыс. Жарайсыңдар! Әңгімені естеріңе сақтап алыпсыңдар.
- Аблан не істеді? Қорықты ма? (Қорыққан жоқ.)

- Қорықпағанын қалай көрсетті? (Таяқты алды.) Жарайсыңдар!
- Онда, ит қандай? Ол жаман. Қайталайық. Жақсы.
- Ит ересектерді көргенде не істеді? (Қашып кетті.)
- Балалар, Абланның мінезі қандай? (Батыл, қайсар, ержүрек.)

- Қане, балалар, қайталайық. Жарайсыңдар!

**Қарама-қарсы мағыналы сөздер жұбын құрауға арналған сөздік жаттығу. «Керісінше айт».**
- Жақсы - жаман.
- Суық - ыстық.
- Баяу - жылдам.
- Қорқақ - батыл.
- Аз - көп
- Күн - түн.
- Қыс - жаз.
- Алыс - жақын.
- Күледі - жылайды.
- Жер - аспан.
- Ауыр - жеңіл.

**Сурет негізінде еске сақтауға арналған сөздік жаттығу. «Еске сақта».**
- Балалар, халықта мынадай мақал бар. Жақсы дос үшін жан пида.
- Қане, балалар, есімізге сақтап алайық. Үйлеріңе барғанда айтып бересіңдер.

**3. ҚОРЫТЫНДЫ**

**Материалды бекіту және қорытындылау.**
Педагог:
- Балалар, мен қандай әңгіме оқыдым? («Адал дос»). Жарайсыңдар!
- Аблан қандай жақсы әрекет жасады? (Досын тастап қашып кетпеді.) Неге? (Досы қатты жүгіре алмайды.)
- Аблан досын неден қорғады? (Иттен.) Дұрыс.
- Қалай ойлайсыңдар, балалар, Аблан итке не үшін қарсы ұмтылды? (Ол досқа адал, батыл.)
- Батыл адамды тағы қалай атауға болады? (Ержүрек, қайсар.) Жарайсыңдар!
- Дос адал болса, досы үшін батылдық, қайсарлық танытады.
- Дос туралы қандай мақал бар? (Жақсы дос үшін жан пида.) Жарайсыңдар!
- Балалар, сендер де достарыңа адал, батыл, ержүрек болыңдар. Рақмет! Сау болыңдар.

## 31. Ұйымдастырылған іс әрекет
## ҚАЗАҚ ТІЛІ

# Тақырыбы: «Ағаш түрлері». Тақпақты мәнерлеп оқу "Аққайын".

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты**

Ағаштың құрылымы туралы түсініктерін дамытуды жалғастыру; емен, қарағай, терек ағаштары жайлы мәлімет беру; «қайың шырыны» сияқты табиғи құбылыспен таныстыру; аққайыңның құрылымдық ерекшелігі жайлы білімдерін нақтылау; ізденімпаздыққа, байқампаздыққа, табиғатқа сүйіспеншілікке, ағаштарға күтім жасауға тәрбиелеу. Қазақ тілін қабылдауды, қазақ тілінде өлең сөздерін нақты, дұрыс дыбыстауды, ағаштардың атауын еске сақтауды, аққайың құрылымының өзіндік ерекшеліктерін байқауды үйрету; артикуляциялық аппараттарын жаттықтыру, қиялдарын дамыту; әлемді эстетикалық қабылдау негіздерін қалыптастыру.

**Сөздік жұмыс**

Сөздікке: тамыры, діңі, бұтағы, қайың шырыны, емен, терек, қарағай сөздерін енгізу; тақпақ жаттау арқылы сөздік қорларын молайту.

**Әдіс-тәсілдер**

Аудиотаспа тыңдау, көркемсөз, суретті көрсету, сурет бойынша сөздік жұмыс, суретті сызба негізінде «ағаш» түсінігін модельдеуге арналған жаттығу, көңілді шеңбер негізінде сөзді-ырғақты жаттығу, есту зейініне арналған жаттығу, мәтін мен сызбаны сәйкестендіруге, сөйлеу тілін дамытуға арналған сөздік жаттығу, суретке негізделген еске сақтауға арналған сөздік жаттығу, материалды бекіту, қорытындылау.

**Құрал-жабдықтар**

**1. Көрнекілік материалдар.**
Көктемгі ормандағы құстар әнінің аудиотаспасы.
Заттық демонстрациялық суреттер: терек, шырша, аққайың, қарағай, емен.
Демонстрациялық сурет: «Ағаштар».
Ағаш құрылымының суретті сызбасы.
Орамал тәрізді бүктелген, төртбұрышты қағаз беттің суретті сызбасы.
Сурет негізінде еске сақтауға арналған сөздік жаттығуға қажет көңілді шеңбер, ырғақты әуен аудиотаспасы.
Еске сақтауға арналған жаттығуға қажет сызбалы суреттер бөлімі:
- аққайың;
- сырға тағынған бұтақтар;
- жапырақ жарып шығатын бүршік;
- аққайың жапырақтарының бұтағы;
- жапырақтар жылтылдайды, бұтақтар иіліп тұр;
- діңнен көп ақ бұтақтар шығып тұр;
- бұтақтар мен төгілген жапырақтардың астында жіңішке, ақ діңі.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысы**

**1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

**Жаттығу «Кел, танысайық!»**

**Аудиотаспа тыңдау.**
Педагог көктемгі орманда сайраған құстар әнінің аудиотаспасын қояды.

Педагог:
- Балалар, бұндай дыбыстар жылдың қай мезгілінде болады? (Көктемде.) Жарайсыңдар!

**Көркемсөз.**
Қар еріді, су ақты,
Күндер келді шуақты.
Байтақ дала келбеті,
Түкті кілем сияқты.
Көкке бояп өңірді,
Көктем келді көңілді
Бау-бақшада, орманда.
Құстар әні төгілді.
(Қ. Аманисалов)

**Сурет бойынша сөздік жұмыс.**
Педагог бірнеше ағаш бейнеленген демонстрациялық суретті көрсетеді.
- Орманда не өсіп тұр?

- Мынау терек. Теректің жапырағы.
- Теректе не? (Теректе жапырақ.)

- Мынау шырша. Шыршаның инесі.
- Шыршада не? (Шыршада ине.)

- Мынау аққайың. Аққайыңның жапырағы.
- Аққайыңда не? (Аққайыңда жапырақ).

- Мынау қарағай. (Қарағайдың инесі.)
- Қарағайда не бар? (Қарағайда жапырақ бар.)

- Мынау емен. Еменнің жапырағы.
- Еменде не бар? (Еменде жапырақ бар.)
- Жарайсыңдар!
«Ағаштар» суретін көрсету.



-Терек, шырша, аққайың, қарағай, емен - ағаштар.
- Оларды біз бір сөзбен қалай айтамыз? (Ағаштар.) Жарайсыңдар!
- Ағаштар бірдей ме? (Жоқ, бірдей емес. ) Дұрыс. Кейбіреуінде жапырақ, кейбіреуінде ине ... Ал, олардың нелері бірдей? Қане, балалар, көрейік.
- Алдымен, балалар, жаттамақ жаттап
 алайық. Емен, қайың, қарағай,
 Бұның барлығы тоғай.
- Жарайсыңдар! Отырыңдар.

**2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

**«Ағаштың құрылымы» суретті-сызба негізінде «ағаш» түсінігін модельдеуге арналған жаттығу.**
- Балалар, ағаштардың нелері ұқсас? Қане, балалар, көрейік. Оларда не бар?
Педагог жер астынан тамырлары көрініп тұрған ағаш құрылымының сызбасын көрсетеді.



- Мынау ағаш. Оның несі көрінбейді. Тамырлары көрінбейді. Қайталайықшы.
- Одан діңі кетеді. Мынау ағаштың діңі. Қайталайық. Жарайсыңдар! Діңі жерден көтеріліп, уақыт өте келе ағаш құламау үшін, тамырынан бастап жуандайды. Ағаш биіктеген сайын, діңі жіңішкереді.
- Мынау бұтақ. Қайталаймыз. Бұтақ біреу ме? (Бұтақ біреу емес.) Дұрыс. Бұтақтар көп. Айтыңдар.
- Бұтақтарда не көп? Олар нелер? Жапырақтар. Дұрыс. Жапырақтар өте көп. Айтамыз. Жақсы!
Педагог әр жолы жеке сұрап немесе дұрыс жауапты қайталату арқылы жаңа сөздерді бекітіп отырады.
Шумақты айтып бер:
Тамыр, діңі, бұтақ,
Бұтақта көп жапырақ.
- Ағаштың құрылымын кім есіне сақтады? Ағаштың тамыры, діңі, бұтақта жапырағы болады. Жарайсыңдар!
- Жарайсыңдар! Олай болса, балалар, өлең айтсақ қайтеді?

**Сөзді-ырғақты жаттығу. «Жау, жау, жаңбыр!»**
Педагог балаларды ортаға шақырады.
- Балалар, аққайың мен басқа ағаштар жайқалып өсуі үшін оларға не қажет?
Қалай ойлайсыңдар? Су керек. Дұрыс. Жарайсыңдар!
- Суды жаңбыр суынан алады. Қане, балалар, қайталайықшы.
- Жаңбыр жауғанда ағаштар қуанып, шөлдері қанып, сусындап қалады. Олай болса, балалар, жаңбыр шақырайық. Ол үшін көңілді ән салайық.
Педагог өлеңді мәнерлеп оқиды.
Жау, жау, жаңбыр, селдетіп,
Күткеніміз сен едің.
Жас егін де ер жетіп,
Желкілдетсін желегін.

Жау, жау, жаңбыр, тағы да,
Дала, тауға көрік бер.
Менің еккен бағымда,
Өссін жүзім, өріктер.
Педагог көңілді ырғақты әуенді қосады. Өлең сөздері анық естілуі үшін дауысын бәсеңдетіп қоюға болады.

- Алақай! Алақай! Жаңбыр жауды. Ағаштар қуанатын болды. Жарайсыңдар!

**Есту зейініне арналған жаттығу. «Аққайың неге жылайды?»**
Педагог қысқа мәтінді оқиды, балалар мұқият тыңдайды.
Аққайың жылайды. Оның жердегі тамыры еріген суларды өзіне сіңіреді, су ағаштың діңіне, дiңiнен бұтағына, бұтағынан ұшына дейін көтеріледі. Бұл су шырын сияқты тәтті болады. Аққайың шырыны. Ағашта шырын көп болған кезде жерге тамады. Тырс-тырс, тырс-тырс. Адамдар: «Жылама, аққайың,» - дейді. Ал ақылды адамдар оны аққайың шырыны деп атайды.



**Мәтін мен сызбаны сәйкестендіруге негізделген, сөйлеу тілін дамытуға арналған сөздік жаттығу. «Аққайың неге жылайды?»**
Педагог:
- Балалар, аққайың неге жылайды? Ол шынымен жылай ма? (Су тамшылайды.)
- Аққайыңға су қайдан келеді? (Су жерден келеді.) Дұрыс.
- Ол қайда барады? (Діңіне, діңінен бұтаққа.) Дұрыс.
- Аққайыңның суы қалай аталады. Толық жауап береміз. (Оны аққайың шырыны деп атайды.) Жарайсыңдар!
- Ағаш діңі мен бұтағынан аққан суды қалай атайды? Аққайың шырыны. Қайталаңдаршы. Жарайсыңдар!
- Балалар, аққайың шырынын ішуге болады. Адамдар аққайың шырынын жинауды үйренді. Аққайың шырыны өте дәмді, пайдалы.

**Суретке негізделе құрылған, еске сақтауға арналған сөздік жаттығу. «Еске сақта».**
Педагог:
- Балалар, аққайың жайлы өлеңді қайталап, естеріне сақтап
алыңдар. Аққайыңдар сырғаларын тағынды,
Табиғаттың бұйрығына бағынды,
Күн жылынып, тамырына нәр
барып,
Моншақтары бүршік жарып жарылды,

Ақ көйлегін киіп алды сәнденіп,
Бұйра, жасыл шаштары да әрленіп,
Жас бұтағы желмен бірге желкілдеп
Шақырады көлеңкеме келші деп.

Аққайыңдар көз жастарын бұлайды,
Бұл ғажайып өздеріне ұнайды.
Жасыңды тый, жыламашы жас қайың
Саған келіп адам бақыт сұрайды.

 

- Жарайсыңдар! Енді аққайың жыламайды деп ойлаймын.

**3. ҚОРЫТЫНДЫ**

**Материалды бекіту мен қорытындылау.**
Педагог:
- Балалар, біз нелермен таныстық? (Ағаштармен.) Жақсы. Қандай ағаштарды естеріңе сақтадыңдар? (Емен, аққайың, қарағай, терек, шырша.) Жарайсыңдар!
- Олардың барлығын ағаштар деп атайтыны неліктен? Олардың нелері ұқсас? (Тамыры, бұтағы, діңі, жапырақтары.) Иә. Ал кейбірінің инелері ұқсас. Дұрыс.
- Аққайың жылайды деп неге айтады? Аққайың шынымен жылай ма? (Жоқ, ол аққайың шырыны.)
- Балалар, сендер бүгін өте ақылды, тату болдыңдар. Ән айту ұнады ма? Иә. Сендер аққайың жайлы керемет ән салдыңдар. Тамаша! Сау болыңдар.

## 32. Ұйымдастырылған іс әрекет
## ҚАЗАҚ ТІЛІ

# Тақырыбы: Достық жайлы ән. Жазықтықта бағдарлау: оң жақта, сол жақта, жоғары, төмен, ортасы.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты**

Достық түсінігін қалыптастыру; достық ұғымын қалыптастыратын жақсы әдеттер жайлы түсініктерін нақтылау; заттардың жазықтықтағы орналасу (сол жақта, оң жақта, жоғары, төмен, ортасы) орны туралы білімдерін дамыту; Қазақстандағы халықтар достығы туралы түсініктерін дамытуды жалғастыру. Қазақ тіліндегі тақпақты ұғынып тыңдауды үйрету; достықты айқындайтын әдеттерді білдіретін сөз бен сөз тіркестерін түсіну біліктерін дамыту; жақсы әдеттерді жаман әдеттерден ажыратуды үйрету; тақпақ жолдарынан достықты айқындайтын сөз тіркестерін дұрыс дыбыстап айтуға жаттықтыру; еске сақтау, ойлау қабілеттерін, қатынастық дағдыларын дамыту. Мейірімділікке, қайырымдылыққа, әдептілікке, достарына сыйластыққа, патриоттық сезімдерге тәрбиелеу.

**Сөздік жұмыс**

Сөздікке: достық, сол жаққа, оң жаққа, жоғары, төмен, ортасы сөздерін енгізу; ойыншықпен бөлісу, әуен тыңдау, жақсылықпен бөлісу, мұнара салу, жүрегін тыңдау, қол ұстасып сөз тіркестері арқылы тіл байлықтарын арттыру.

**Әдіс-тәсілдер**

Аудиотаспа тыңдау, көркемсөз, таныс, жиі қайталанатын сөздерді есте жаңғыртуға арналған сөздік жұмыс, суретті көрсету, сурет бойынша сөздік жұмыс, мәтіннен мысал келтіру негізінде есту зейініне арналған сөздік жаттығу, зияткерлік картаны құрастыру негізінде достық түсінігін модельдеуге арналған жаттығу, заттың жазықтықтағы орнын айқындауға арналған сөздік жаттығу, еске сақтауға арналған жаттығу, материалды бекіту, қорытындылау.

**Құрал-жабдықтар**

**1. Көрнекілік материалдар.**
Достық атмосферасын елестететін әуеннің аудиотаспасы.
Демонстрациялық суреттер:
- көңілсіз Алан;
- Алан досын құшақтап тұр, екеуі де көңілді.

Демонстрациялық суретті-карточкалар: ойыншық, құлақ, ән, қуаныш, мұң, бұлттар, мұнара, жүрек, қолдар.
«Достық» тақырыбына арналған зияткерлік картаның бастапқы демонстрациялық сызбасы: беттің ортасында «қол алысу» белгісі бар шеңбер орналасады, одан (орталық шеңберден) жан-жаққа сәулелер тарайды да, он екі бос шеңбермен аяқталады. «Достық» түсінігін айқындайтын зияткерлік картаға арналған суретті таңбалауыштар:
- ойыншықпен бөлісу;
- құлаққа сыбырлау;
- бірге ән тыңдау;
- мұң мен қуанышты бөлісу;
- бұлттардың бөлінуі;
- қорықпау;
- бірге тығылу;

- батылдану;
- бірге мұнара тұрғызу;
- бірге құшақтасу;
- жүректің дүрсілін тыңдау;
- бірге қол ұстасу.

«Достық» түсінігіне сәйкес келмейтін таңбалауыштар да дайындалады:

- төбелесу;
- ренжу;
- ұрысу;
- алдау;
- қызғану (затты).

Қажетті он екі таңбалауышпен толыққан зияткерлік картаның сызбалы суреті. Жерге дейін көгілдір аспан мен көк шөп бейнеленген аяқталмаған демонстрациялық суретті сұлбалар, ортақ суретке арналған бөліктер: екі бұлт, күн, бірнеше тал гүл, Алан, досы, үй, Ақтөс күшік. Жерге дейін көгілдір аспан мен көк шөп, балалар бейнеленген, барлық бөліктері бар, аяқталған суреттің суретті сызбасы.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысы**

**1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

**Жаттығу. «Кел, танысайық!»**

**Аудиотаспа тыңдау.**

Достықтың атмосферасын айқындайтын көңілді әуен қосылады.

**Таңғажайып сәт.**



– Балалар, бүгін бізге қонаққа Алан келді. Қане, балалар, Аланмен амандасайық.

– Мм ... Алан амандаспайды.

– Алан, саған не болды?

– Балалар, Алан досымен ренжісіп қалыпты. Досының аты ...

Педагог Алан мен досының тату кезінде құшақтасып тұрған суретін көрсетеді.



- Балалар, біздің балабақшамызда және бүкіл Қазақстанда ұлттар достастығы - бірінші орында.

Достық - басты байлық! Қайталайықшы. Естеріңе сақтаңдар. Жарайсыңдар!
- Қане, балалар, біз достарды татуластырайық. Оған тақпақ айтып, достық не екенін түсіндірейік.

**Көркемсөз.**
**«Достық деген не?»**
Педагог өлеңді мәнерлеп оқиды.
Топ ішінде бірге ойнаған,
Достарыммен біргемін.
Бөлісіп бар ойыншықпен,
Жан сырын да білгенмін.

Достарменен бірге жүрсең,
Жақсы әуен тынбасын.
Қара бұлт та сейіледі,
Дос жүрегін тыңдасаң.

Достарменен қол ұстассаң,
Ешқашан қор болмайсың.
Ұқсағың кеп жан досыңа,
"Кең мұнара" салғайсың.
( Д. Қ Бұланбаева)

**2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

**Таныс, жиі қайталанатын сөздерді есте жаңғыртуға арналған сөздік жұмыс.**
Педагог:
- Балалар, өлеңде қандай сөздер көп рет қайталанды? (Достық.) Жарайсыңдар! Дұрыс.
- Тағы қандай сөздер естеріңде қалды?
Балалардың жауаптары: ойыншық, дос, әуен, бұлт, жүрек, жақсылық, мұнара, қол.
Педагог жауаптарды қабылдайды, кейін заттық карточкаларды көрсетеді: ойыншық, дос, әуен, қуаныш, мұң, бұлт, қорықпау, мұнара, жүрек, қол.

Педагог қай сөздерді білетіндерін балалардан сұрауына болады.
Кейінгі тапсырмада суретті алып тастау немесе қалдыруды педагог өзі шешеді, барлығы балалардың тақырыпқа қосылу дәрежесіне, мәтінді түсіну деңгейіне байланысты.

**Мәтіннен мысал келтіру негізінде есту зейініне арналған сөздік жаттығу.** Достық тақырыбын балалар толық ұғыну үшін, қазақ тілінде естілетін сөздерді көру бағытынсыз түсінуге жағдай жасау керек. Ол үшін өлең мәтініндегі өздері білетін бір сөзнемесе сөз тіркесін айтуды ұсынуға болады. Педагог өлеңді төрт жолдан оқиды.
Топ ішінде бірге ойнаған,
Достарыммен біргемін.
Бөлісіп бар ойыншықпен,
Жан сырын да білгенмін.
- Достық деген не? (Ойыншықпен бөлісу.) Жақсы!

Достарменен бірге жүрсең,
Жақсы әуен тынбасын.
Қара бұлт та сейіледі,
Дос жүрегін тыңдасаң.
- Достық деген не? (Достың жүрегін тыңдау.) Дұрыс!

Достарменен қол ұстассаң,
Ешқашан қор болмайсың.
Ұқсағың кеп жан досыңа,
"Кең мұнара" салғайсың.
- Достық деген не? (Бірге мұнара салу. Қол ұстасу.) Жарайсыңдар!
- Тамаша! Достықтың не екенін түсіндіңдер ме?
- Мына картаға қарап алыңдар. Оған қажетті таңбалауыштарды орналастырыңдар.

**Зияткерлік картаны құрастыру негізінде «достық» түсінігін модельдеуге арналған жаттығу.**
Педагог «Достық» тақырыбына бастапқы зияткерлік картаның пішінін көрсетеді: беттің ортасында «қол алысу» белгісі бар шеңбер орналасады, одан (орталық шеңберден) жан-жаққа сәулелер тарайды да, он екі бос шеңбермен аяқталады.

- Балалар, мынау «достық» сөзін білдіретін барлық таңбалауыштарды жинайтын карта.
- Назар аударыңдар, балалар, арасында достықты білдірмейтін таңбалауыштар да бар.
Педагог балалар өз бетінше шешім қабылдай алатындай, таңбалауыштарды араластырып тізіп қояды.
- Қазір мен бір сөйлем айтамын. Сендер қайталайсыңдар да, көп таңбалауыштар жатқан үстелден біреуін аласыңдар. «Достық» түсінігіне сәйкесін картадағы бос шеңберге жапсырасыңдар.
Педагог достық атмосферасын елестететін әуенді қосады.

Балалар суретті таңбалауыштардың қатарынан сәйкесін таңдап алады.
Зияткерлік картаға арналған «достық» түсінігін айқындайтын суретті таңбалауыштар:
- ойыншықпен бөлісу;
- құлаққа сыбырлау;
- бірге ән тыңдау;
- мұң мен қуанышты бөлісу;
- бұлттардың бөлінуі;
- қорықпау;
- бірге тығылу;
- батылдану;
- бірге мұнара тұрғызу;
- құшақтасу;
- жүректің дүрсілін тыңдау;
- қол ұстасу.
«Достық» түсінігіне сәйкес келмейтін таңбалауыштар дайындалады:
- төбелесу;
- ренжу;
- ұрысу;
- алдау;
- қызғану (затты).

Тапсырманың маңыздылығы: балалар сөз тіркестеріндегі етістіктерді екінші жақтан айтады.
Тыныштықты қабылдау үшін карта толған кезде педагог балаларды орындарына отыруға шақырады.



- Балалар, достық картасы дайын болды.
- Достық деген не?

Балалар «достық» картасындағы материалға сүйеніп, достық тақырыбына сөз тіркестерін айтады.

- Сендер мына таңбалауыштарды неге алмадыңдар? (Балалардың назарын жапсырылмаған таңбалауыштарға аудару.) Иә. Ол суреттегі балалар достық қарым-қатынаста емес. Бұл достық емес. Қайталайық. Жарайсыңдар!

**Заттың жазықтықтағы орнын айқындауға арналған сөздік жаттығу.**

Педагог:

- Балалар, Алан сендермен дос болғанына өте риза. Ол сендермен бірге сурет салғысы келеді. Ол нені, қайда орналастыруды білмейді. Оған көмектесеміз бе?

Педагог балаларға көгілдір аспан мен жердегі жасыл шөп бейнеленген аяқталмаған суретті көрсетеді.

- Балалар, мынау Аланның салып үлгерген суреті. Әрі қарай нені, қайда орналастыру керектігін көрсетіп берейік.

Педагог тақтаға оңнан солға қарай, болашақ суреттің бірнеше сұлба бөліктерін орналастырады.

Сұлба суреттер (ортақ суретке бөлшектер): екі бұлт, күн, бірнеше тал гүл, Алан, дос, үй, Ақтөс күшік.

- Балалар, мен күнді қайда орналастырамын? (Күнді жоғарыға.)
- Бұлтты қайда орналастырамын? (Бұлтты жоғарыға.) Екінші бұлтты қайда орналастырамын? (Бұлтты жоғарыға.)
- Балалар, мында екі бұлт қой. Оларды қалай орналастырдық? (Оң жаққа, сол жаққа.) Жарайсыңдар!
- Алан мен досын қайда орналастыру керек? (Алан мен досын ортасына.)
- Гүлдерді қайда? (Төменге.)
- Үйді қайда? (Үйді сол жаққа (оң жаққа).
- Ақтөсті қайда қоямыз? (Ақтөсті оң жаққа (сол жаққа). Жарайсыңдар!

Соңында жерге дейін көгілдір аспан, көк шөп және балалар орналастырған басқа бөліктер бейнеленген қорытынды сурет шығады.



- Міне, балалар, бізде керемет сурет
шықты. Алан:
- Балалар, көп рақмет!

**Еске сақтауға арналған сөздік жаттығу. «Еске сақта».**
Педагог:
- Балалар, мақалды жаттап
алайық. Ағаш тамырымен мықты,
Адам досымен мықты.
- Жарайсыңдар! Үйлеріңе барғанда айтып беріңдер.

## 3. ҚОРЫТЫНДЫ

**Материалды бекіту және қорытындылау.**
Педагог:
- Қалай ойлайсыңдар, балалар, Алан достықтың не екенін түсінді ме? (Түсінді.) Достық деген не?
Балалардың жауаптары.
- Алан сендерге көмектерің үшін алғыс білдіріп жатыр. Достарымен ешқашан ренжіспейтінін айтты. Татулық өте маңызды екенін түсінді.
- Балалар, мен сендерге өте ризамын. Сендер тату, мейірімді болдыңдар. Бірге ән мен тақпақ тыңдадыңдар. Сендер нағыз доссыңдар. Жарайсыңдар! Сау болыңдар.

## 33. Ұйымдастырылған іс әрекет
## ҚАЗАҚ ТІЛІ

# Тақырыбы: "Сарбаздар! Адымда!". Өзіне қатысты кеңістікті бағдарлау: алға, артқа, оңға, солға.

### Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты

Балалардың ұғымындағы әскери қызмет туралы жалпы түсініктерін, «Отан» туралы түсініктерін дамыту; сарбаздың кім екенін түсіндіру; алдыға, артқа, оңға, солға ұғымдары жайлы түсініктерін нақтылау.
Балаларды саптық әндерді марш ырғағында айтуды, адымдап қозғалуды, қарапайым бұйрықты есту, түсіну, орындауды үйрету; сарбаздардың негізгі қимыл-қозғалыстарын айқындайтын етістіктерді айтуды меңгерту; есту мен еске сақтау, ойлау қабілеттерін зейінділіктерін, кеңістікті бағдарлау дағдысын, қатынастық
біліктіліктерін дамыту. Отанға деген сүйіспеншілікке, ұйымшылдыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.

### Сөздік жұмыс

Сөздікке: сарбаз, дауылпаз, сап сөздерін енгізу; отанды қорғау, адымдау, еңбектеу, секіру, жүгіру; оңға, солға, алға, артқа, адым бас, адымда, сөздері арқылы сөздік қорларын арттыру.

### Әдіс-тәсілдер

Аудиотаспа тыңдау, бейнеролик көру, көркемсөз, сурет бойынша сөздік жұмыс, қарама-қарсы мағыналы мнемокарточкаларды салыстыру негізінде сөйлем құрауға арналған сөздік жаттығу, адымдау негізінде сөздік-ырғақты жаттығу, есту зейіні мен өзіндік бағдарлауға арналған саптық бұйрық негізінде сөздік жаттығу, еске сақтауға араналған жаттығу, материалды бекіту, қорытындылау.

### Құрал-жабдықтар

### 1. Көрнекілік материалдар.
Марш ырғағындағы аудиотаспа.
Әскери сарбаздар маршының бейнеролигі.
Сөздік жұмысқа суреттер:
- сарбаз автомат ұстап тұр;
- сарбаздар адымдайды;
- сарбаздар еңбектейді;
- сарбаздар жүгіреді.
Сәйкестендіру бойынша сөйлем құрауға мнемокарточкалар:
- түзу - қисық;
- қатты - ақырын;
- жылдам - баяу;
- аласа - биік.

### 2. Үлестірмелі материалдар.
Адымдау жаттығуына әскери қалпақтар.

### Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысы

### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

### Жаттығу. «Кел, сәлемдесейік!»

### Аудиотаспа тыңдау.
Дауылпаз маршы естіледі.

Педагог:
- Балалар, естідіңдер ме? Мынау не? (Мынау дауылпаз.) Дұрыс. Дыбысты таныдыңдар.
- Дауылпазды не үшін соғады?
- Дауылпазды сарбаздар адымдап келе жатқанда соғады. Айтамыз. Жарайсыңдар!

**Бейнеролик көрсету.**

Педагог:
- Балалар, сарбаздар не істейді? (Олар адымдайды.) Дұрыс.
- Тақпақты тыңдаңдар.

**Көркемсөз.**

Педагог тақпақты оркестр маршы әкенімен бірге айтуына болады.

Желбіретті көк туды,
Қазақстан әскері!
Жасақталған жауынгер,
Тап-тұйнақтай киінген.

Бұйрық беріп басшысы,
Алға бастап келеді.
Жасақталған жауынгер,
Жылдам сапты түзеді.

Өз Отанын қорғайды,
Әнге басып келеді.
Жасақталған жауынгер,
Қазақстан ерлері!
( Д.Қ. Бұланбаева)

## 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

### Сурет бойынша сөздік жұмыс. «Сарбаздар не істейді?»



- Сарбаздар дегеніміз кім? Сарбаздар - Отан қорғаушылар. Қане, балалар, қайталайықшы. Жарайсыңдар!
- Сарбаздар не істейді?

- Сарбаздар адымдайды. Қайталайық.



- Сарбаздар еңбектейді. Қайталайық.



- Сарбаздар жүгіреді. Қайталайық.

- Сарбаздар секіреді. Қайталайық.
Педагог жеке сөздік жұмыс жүргізеді. Балалар сарбаздардың негізгі іс-әрекеттерін білдіретін етістіктерді бір-бірден атайды.

## Қарама-қарсы мағыналы мнемокарточкаларды салыстыру негізінде сөйлем құрауға арналған сөздік жаттығу. «Сарбаздар не істейді?»

Сарбаздар қисық адымдай ма, түзу ме? (Сарбаздар түзу адымдайды.) Жарайсыңдар!

Сарбаздар ақырын еңбектей ме, жылдам еңбектей ме? (Сарбаздар жылдам еңбектейді.)

Сарбаздар жылдам жүгіре ме, баяу жүгіре ме? (Сарбаздар ақырын жүгіреді.)



- Жарайсыңдар! Сарбаздар түзу адымдайды, ақырын еңбектейді, жылдам жүгіреді, биікке секіреді. Сарбаздар биікке секіре ме, төменге ме? (Сарбаздар биікке секіреді.)

## Адымдау негізінде сөздік-ырғақты жаттығу. «Сарбаздар! Адымда!»

Педагог:
- Балалар, сендер сарбаздар не істейтінін, қалай қозғалатынын білесіңдер. Ал енді, балалар, өзіміз де сарбаздар сияқты адымдайық.
Педагог балаларға әскери қалпақ үлестіруіне болады. Төрт қатарға тұруды бұйырады.

Ол үшін балаларға көмек ретінде кең алаңда бір-бірінен бірдей арақашықтықта төрт таңбалауыш пирамиданы қояды.
- Балалар, орнымызда адымдаймыз, менің соңымнан қайталаңдар. Орындарында а-дыыым... бас! Педагог сөздерді меңгерту үшін әуеннің дыбысын бәсеңдетіп қояды.

Желбіретті көк туды,
Қазақстан әскері!
Жасақталған жауынгер,
Тап-тұйнақтай киінген.

Бұйрық беріп басшысы,
Алға бастап келеді.
Жасақталған жауынгер,
Жылдам сапты түзеді.

Өз Отанын қорғайды,
Әнге басып келеді.
Жасақталған жауынгер,
Қазақстан ерлері!
- Жарайсыңдар, сарбаздар!

## Есту зейіні мен өзіндік бағдарлауға арналған саптық бұйрық негізінде сөздік жаттығу. «Алға, артқа, оңға, солға».

Педагог:
- Балалар, қазір сендерге қиын тапсырманы орындау керек болады.
Тыңдаңдар. Педагог ым-ишарамен білдіріп, қозғалыстың бағытын қолымен нұсқайды.
- Тік тұр! Жарайсыңдар!
- Бір орында а-дыыым бас ...! Бір-екі, бір-екі! Бір-екі, бір-екі! Бір-екі, бір-екі! Бір-екі, Бір-екі!
- Алға! Бір-екі! Жарайсыңдар!
- Соool-ға! Бір-екі! Соool-ға! Бір-екі!
- Арт-қа бұұұ-рыл! Бір-екі!
- Оооң-ға! Бір-екі! Оооң-ға! Бір-екі!
- Арт-қа бұұұ-рыл! Бір-екі!
- Соool-ға (оооң-ға)! (орындықтардың орналасуына байланысты)
- Орындыққа қарай, алдыға а-дыыым бас! Бір-екі! Бір-екі! Тоқта!
- Жарайсыңдар! Орындарыңа отырыңдар.
- Балалар, сендер адымдағанда мен не дедім? (Оңға! Солға! Адымда! Бір-екі! Бір-екі!)

## Еске сақтауға арналған сөздік жаттығу. «Еске сақта».

Отан - туған үйіміз,
Отан - туған жеріміз.
Отан - ортақ үйіміз,
Көңілді ән мен күйіміз.

## 3. ҚОРЫТЫНДЫ

## Материалды бекіту және қорытындылау.

Педагог:
- Балалар, бүгін біз кімдер жайлы айттық? Олар кімдер болды? (Олар сарбаздар болды.) Сарбаздар деген кімдер? Олар не істейді? (Отанымызды қорғайды.) Жарайсыңдар!
- Сарбаздар не істей алады? (Сарбаздар адымдайды, секіреді, еңбектейді, жүгіреді.) Жарайсыңдар!

**34. Ұйымдастырылған іс әрекет**
**ҚАЗАҚ ТІЛІ**

# Тақырыбы:"Егістікке арбамен барамыз". Еркелетіп ата.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты**

Балалардың ұғымындағы ауыл тіршілігінің ерекшелігі, жыл құсы - қарлығаш туралы білімдерін нақтылау; үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; көктемгі егістік жұмыстарының маңыздылығы туралы түсініктерін қалыптастыру. Балаларға қарлығаш туралы қазақ тіліндегі әнді айтуды, олардың қимыл-қозғалыс ерекшеліктерін ым-ишара арқылы жеткізуді үйрету; үй жануарларының дауыстарын есту арқылы ажырату біліктерін дамыту; үй жануарларының төлдерін еркелету сөздерімен атау барысында артикуляцияларын, көру және есту зейінін, еске сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Байқампаздыққа, туған жерге сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

**Сөздік жұмыс**

Сөздікке: маса, қоңыз, шегіртке сөздерін енгізу. Үй жануарларының төлдерін еркелету сөздері: бұзауқан, құлыншақ, қошақан, ботақан арқылы тіл байлықтарын арттыру.

**Әдіс-тәсілдер**

Аудиотаспа тыңдау, сурет көрсету, аудиотаспа тыңдау негізінде сөздік жұмыс, бейнеленген бөліктер мен сұрақ-жауап негізінде суреттің тұтастық түсінігін модельдеуге арналған
жаттығу, мнемокарточка негізінде еске сақтау мен есту зейініне арналған сөздік жаттығу, ым- ишара мен музыкалық сүйемелдеу негізінде сөзді-ырғақты жаттығу, логикалық сәйкестендіру мен есту зейініне арналған сөздік жаттығу, еске сақтауға арналған жаттығу, материалды
бекіту, қорытындылау.

**Құрал-жабдықтар**

**1. Көрнекілік материалдар.**
Үй жануарлары мен құстардың дауыстарының аудиотаспасы.
Қарлығаштың дыбыстауын бейнелейтін аудиотаспасы.
Ырғақты әуеннің аудиотаспасы.
Ауыл аймағында жақын не алыс орналасқан түрлі жанды және жансыз табиғат нысандары бейнеленген демонстрациялық суреттер.
Демонстрациялық сурет: «Үй жануарлары», «Үй құстары».
Қарлығаш тірлшілігінің ерекшелігін бейнелейтін демонстрациялық сурет.
Қарлығаш тірлшілігінің ерекшелігін бейнелейтін сурет бөліктері:
- қарлығаш;
- қарлығаш ұя салды;
- қарлығаш жерге жақын ұшты;
- қоңыз, шегіртке, маса;
- электр сымдарына қонақтаған
қарлығаштар. Мнемокарточка. «Қарлығаш!»
Тақпақтың мазмұны бойынша мнемокарточкалар:
- қарлығаш;
- жапырағы бар ағаш бұтағы, сызылған;
- қарлығаш жерге жақын, түзу сызық;
- шатырдың астындағы қарлығаштың ұясы.

**2. Үлестірмелі материалдар.**
Үй жануарларының төлдері (құлын, бұзау, қозы, бота) бейнеленген таңбалауыштар.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысы**

**1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

**Жаттығу. «Кел, сәлемдесейік!»**

**Аудиотаспа тыңдау.**
Педагог жүрген арба мен жылқы тұяғының дүбірін білдіретін ырғақты әуенді қосады.

Педагог:
- Балалар, мынау қандай дыбыс? Бір жерге кетіп бара жатқан
сияқтымыз. Суретті көрсету.
Демонстрациялық сурет: алыста таулар көрінеді, қойлар жайылып жүр. Суреттің бергі жағында: жылқы, гүлдер. Жақын жерде: үй, төбет, ағаштар, үйдің қасында трактор.

- Балалар, осы суретті алдыңғы ұйымдастырылған іс-әрекеттен көрдіңдер. Мынау қала ма? (Мынау ауыл.) Жарайсыңдар!
- Балалар, көктемде адамдарға егін егу керек. Үй жануарларын жайлауға қоныстандыру керек. Көктемде жұмыс көп. Қайталайық. Жұмыс көп.
- Онда тағы нелер тұратынын тыңдап көрейік.

**Аудиотаспа тыңдау негізінде сөздік жұмыс.**

Педагог:
- Балалар, мына дауыстарды естідіңдер ме? Алдымен, қай құстың дыбысы шықты? Кім нені естіді? (Тауық, әтеш, қой, ит, сиыр.) Жарайсыңдар!
- Ит қалай дыбыстайды? (Ит үреді.) Жақсы.
- Тауық қалай дыбыстайды? (Тауық қыт-қыттайды.) Жарайсыңдар!
- Сиыр қалай дыбыстайды? (Сиыр мөңірейді.) Дұрыс.
- Әтеш қалай дыбыстайды? (Әтеш шақырады.) Жарайсыңдар!
- Жылқы қалай дыбыстайды? (Жылқы кісінейді.) Жақсы!
- Қой қалай дыбыстайды? (Қой маңырайды.) Жарайсыңдар!
- Балалар, барлығын бірге қалай атаймыз? (Үй
жануарлары.) Демонстрациялық сурет: «Үй жануарлары».

- Балалар, үй жануарларынан басқа, тағы нелердің дауыстарын
естідіңдер? Демонстрациялық сурет: «Үй құстары».

Педагог өз қалауы бойынша дыбыстауға және қосуға керек дыбысты өзі таңдайды.

**2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

**Бейнеленген бөліктер мен сұрақ-жауап негізінде суреттің тұтастық түсінігін модельдеуге арналған жаттығу. «Қарлығаш - жыл құсы».**
Аудиотаспа тыңдау.

Нысан жайлы әңгімелеу.
Педагог:
- Балалар, ән айтып тұрған не екенін білесіңдер ме?
- Мынау не? (Мынау қарлығаш.) Қайталайық. Жарайсыңдар!



- Қарлығаш - жыл құсы.
- Қарлығаш - адамның қасына ұя салады.

- Жерге жақын ұшады.



- Қарлығаш жәндіктермен қоректенеді. Қарлығаш қоңыз, шегіртке, маса сияқты жәндіктерді жейді.

- Қарлығаш ағашқа емес сымдарға қонақтайды.



- Қарлығаш жайлы не білесіңдер, кім есіне сақтады?

Педагог балалардың қарапайым сөз тіркестерін тыңдайды, сөздер арасындағы логикалық байланысты түзейді.

Суретті көрсету.

Педагог шатырдың астындағы ұяда бейнеленген қарлығаштың суретін көрсетеді. Суретте алдында аталған барлық бөліктер бар.



- Жарайсыңдар! Сендер қарлығаш жайлы көп мағлұмат айтып бердіңдер, ол жайлы үлкен сурет шықты.
- Тамаша!
- Ал енді, балалар, қарлығаштың қандай екенін әнмен айтып берейік.

**Мнемокарточка негізінде еске сақтау мен есту зейініне арналған сөздік жаттығу.**
**«Қарлығаш-ау, қарлығаш!»**
Қарлығаш-ау, қарлығаш,

Қайда ұшып барасың?
Ұя салдың үйіме,

Мейірімің мол, дарасың!
Қарлығаш-ау, қарлығаш!

Жақсы хабар жаршысы,
Жерге жақын ұшасың.

Қайда ұшып барасың?
Қарлығаш-ау,
қарлығаш!

Табиғатты қорғайсың,
Төбемізде айналып,

Бұтақтарға қонбайсың!
Жаттығуды топқа бөлініп немесе жұппен жүргізуге болады.

**Ым-ишара мен музыкалық сүйемелдеу негізінде сөзді-ырғақты жаттығу.**
**«Қарлығаш-ау, қарлығаш!»**
Қарлығаш-ау, қарлығаш! (қолды артқа созу, алдыға еңкею)
Қайда ұшып барасың?
Ұя салдың үйіме (орында жартылай отыру)
Мейірімің мол, дарасың!

Қарлығаш-ау, қарлығаш! (қолды артқа созу, алдыға еңкею)
Жақсы хабар жаршысы,
Жерге жақын ұшасың (қолды артқа созу, оңға, солға еңкею)
Қайда ұшып барасың?

Қарлығаш-ау, қарлығаш! (қолды артқа созу, алдыға еңкею, солға, оңға бұрылу)
Табиғатты қорғайсың,
Төбемізде айналып, (қолды жоғары көтеріп айналдыру)
Бұтақтарға қонбайсың!

Сөздері айтылып, қимыл-қозғалысты көрсеткеннен кейін, балалар бұрылып, бір-бірінің артынан шеңбер бойымен бір бағытта жүріп, әуен ырғағымен қайталайды.

Кейін тақпақты тағы бір рет қайталап айтуға болады.

**Логикалық сәйкестендіру мен есту зейініне арналған сөздік жаттығу. «Еркелетіп ата».**
Педагог:
- Балалар, бағана нелер шулады? Үй жануарлары. Дұрыс. Қайталайық. Жарайсыңдар!
«Үй жануарлары» демонстрациялық суретін көрсету.

- Білесіңдер ме, балалар, үй жануарларының төлдерін еркелетіп атасақ, шулағанын қояды екен.
Педагог балаларға үстел үстінен әрқайсына бір суретті таңбалауыштан алуды ұсынады.
Суретті таңбалауыштар: үй жануарларының төлдері (құлын, қозы, бұзау, бота) бейнеленген.
Барлық балаларға жеткілікті болу үшін педагог аталған төлдердің көшірмелерін дайындайды.
Педагог төлді атайды, аталған төл бейнеленген таңбалауыштары бар балалар қолдарын көтереді, төлді еркелетіп атайды.
Балалардың болжалды жауаптары:
- Құлын - құлыншақ.
- Бұзау - бұзауқан.
- Қозы - қошақан.
- Бота - ботақан.
- Тамаша! Қане, балалар, қайталайықшы. (Құлыншақ, бұзауқан, қошақан, ботақан.)
Естеріңе сақтап алыңдар.
- Жарайсыңдар! Барлығын еркелетіп атадыңдар.

**Еске сақтауға арналған жаттығу. «Еске сақта».**
Педагог:
- Білесіңдер ме, балалар, адамдар қарлығаштың ұшқанына қарап, даладағы ауа-райын болжайды.
- Қарлығаш жоғары ұшса, ауа райы жақсарады.
- Ал, жер бауырлап, төмен ұшса, ауа райы бұзылады.
- Қайталаңдар, балалар, естеріңе сақтаңдар. Үйлеріңе барғанда айтып бересіңдер.

## 3. ҚОРЫТЫНДЫ

**Материалды бекіту және қорытындылау.**
Педагог:
- Балалар, бүгін қай жерге қонаққа бардық? (Ауылға.) Дұрыс.
- Неге көктемде ауыл шулы? Нелер шулайды? (Үй жануарлары, құстар.) Дұрыс. Ал егістікте не жұмыс істейді? (Трактор жұмыс істейді.) Жарайсыңдар! Бидай егу керек.
- Біз қандай жыл құсымен таныстық? (Қарлығашпен.)
- Қарлығаш не істей алады? (Ұшады. Лайдан ұя салады. Жаңбыр шақырады. Ән салады.) Жарайсыңдар!
- Қандай еркелету сөздерін білесіңдер? Балалардың жауаптары.
- Мен де сендерді еркелетіп атағым келіп тұр, балақайлар. Бүгін сендер табиғатқа, құстарға қамқор екендеріңді көрсеттіңдер, өте зерек болдыңдар. Жарайсыңдар! Сау болыңдар.

## 35. Ұйымдастырылған іс әрекет
## ҚАЗАҚ ТІЛІ

# Тақырыбы: «Гүлдер». Алыс-жақын

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты**

Балалардың ұғымындағы гүлдердің түрлері жайлы білімдерін кеңейту, олардың сыртқы ерекшеліктерімен таныстыру; нысанның орналасуын «жақын - алыс» бақылау жайлы түсініктерін дамыту; көктемгі табиғат өзгерістері туралы білімдерін нақтылау. Балаларды қазақ тілінде гүлдердің сыртқы ерекшеліктерін суреттеу кезінде түсіну мен естуді үйрету; гүлдердің атауын анықтамалық сөз тіркестерін қайталау, жұмбақ шешу арқылы еске сақтауды үйрету; суреттегі нысанның орнын, алыс немесе жақын орналасуын айтуды жаттықтыру; ойлау, еске сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту. Байқампаздыққа, әдептілікке, айналасындағы заттарға деген мұқияттылыққа тәрбиелеу.

**Сөздік жұмыс**

Сөздікке: түймедақ, меруертгүл, сәлдегүл, шегіргүл сөздерін енгізу; ақ көйлек, ақ моншақ, үлпілдек, қып-қызыл, күлгін көйлек сөз тіркестері арқылы сөздік қорларын молайту.

**Әдіс-тәсілдер**

Аудиотаспа тыңдау, таңғажайып сәт, сурет көрсету, көркемсөз, сурет бойынша сөздік жұмыс, пішінді қабылдау негізінде нысанды елестетуге арналған сөздік жұмыс, ерекшеліктерін есту арқылы нысанды елестетуге арналған сөздік жаттығу, логоырғақ, заттың жазықтықтағы орналасу дәрежесін айқындауға арналған сөздік жаттығу, материалды бекіту, қорытындылау.

**Құрал-жабдықтар**

**1. Көрнекілік материалдар.**
Көтеріңкі көңіл күйге жетелейтін әуеннің аудиожазбасы.
Хатқалта немесе хат бейнеленген демонстрациялық сурет.
Демонстрациялық сурет: үй ауласында өсіп тұрған, көктемгі гүлдер.
Демонстрациялық заттық суреттер: түймедақ, меруертгүл, сәлдегүл, қызғалдақ, шегіргүл.
Демонстрациялық сурет: «Гүлдер».
Гүлдердің көлеңке сұлбаларының демонстрациялық суреттері: түймедақ, меруертгүл, сәлдегүл, қызғалдақ, шегіргүл.
Бес жұп суретті сызба: ортасынан сызықпен бөлінген парақ, сол жақта гүлдің көлеңке, оң жақта гүл.
Көңілді, ырғақты әуен аудиожазбасы.
Бақалар шығаратын дыбыс аудиожазбасы.
Демонстрациялық сурет: тоғандағы бақа.
Ауыл аймағында алыс және жақын орналасқан түрлі жанды, жансыз табиғат нысандары бейнеленген демонстрациялық сурет.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысы**
**1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

**Жаттығу. «Кел, сәлемдесейік!»**

**Аудижазба тыңдау.**
**Таңғажайып сәт.**
Педагог балаларға хатты көрсетеді.

- Балалар, бізге біреу хат жіберіпті. Онда не жазылған екен?
- Қане, мен сендерге хатты оқып
берейін. Суретті көрсету.
Педагог көктемгі гүлдер бейнеленген суретті көрсетіп, олар жайлы тақпақ оқиды.
- Балалар, хатта ауланың суреті болды. Қараңдаршы.



**Көркемсөз.**
**«Гүлдер».**
Қызыл-жасыл гүл ектік,
Баптап, күттік, түрлеттік.
Қалмасын деп қуарып,
Апта сайын суардық.
Гүлдендіріп ауланы,
Аулада гүл
қаулады. (А.
Меңжанова)
Педагог:
- Балалар, хат ұнады ма?
- Онда нелер жайлы айтылған? Жемістер жайлы ма? Көгөністер жайлы ма?
(Гүлдер жайлы.) Дұрыс.
- Бүгін гүлдер жайлы айтамыз.

**2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

**Сурет бойынша сөздік жұмыс. «Гүлдер».**
Педагог:
- Қане, балалар, гүлдер жайлы айтайық.

- Мынау түймедақ. Түймедақта ақ көйлек.
- Түймедақта не бар?

- Мынау меруертгүл. Меруертгүлде ақ моншақтар бар.
- Меруертгүлде не бар?

- Мынау сәлдегүл. Сәлдегүлде үлпілдек көйлек бар.
- Сәлдегүлде қандай көйлек бар?

- Мынау қызғалдақ. Қызғалдақтың көйлегі қып-қызыл.
- Қызғалдақтың көйлегі қандай.

- Мынау шегіргүл. Шегіргүлдің көйлегі күлгін.
- Шегіргүлде қандай көйлек бар?
- Жарайсыңдар!
Демонстрациялық сурет: гүлдер.

- Түймедақ, меруертгүл, сәлдегүл, қызғалдақ, шегіргүл - гүлдер.
Қайталайықшы. Жарайсыңдар!

**Пішінді қабылдау негізінде нысанды елестетуге арналған сөздік жұмыс. «Қандай гүл жасырынған?»**
Педагог гүлдердің көлеңкелерін көрсетеді, балалар гүлдерді дұрыс тауып атайды.

Балалар гүлді көлеңкесінен дұрыс тапса, педагог балаларға гүлдің өзін көрсетеді.
Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: «Мен түймедақты көріп тұрмын (меруертгүл, шегіргүл, қызғалдақ, сәлдегүл)».
Ерекшеліктерін есту арқылы нысанды елестетуге арналған сөздік жаттығу.
Педагог:
- Балалар, маған қарап, мұқият тыңдаңдар. Дұрыс тапсаңдар, суретті көрсетемін. Үлпілдек гүл, сәнді гүл
Аты оның ... (сәлдегүл.)
Күлгін түсті, күлгін гүл.
Аты оның ... (шегіргүл.)

Аппақ моншақ керемет,
Аты оның ... (меруерт.)

Қып-қызыл, әдемі-ақ
Оның аты ... (қызғалдақ.)

Ақ көйлекті гулдер-ақ.
Оның аты ... (түймедақ.)
- Жарайсыңдар! Гүлдерді дұрыс ажырата аласыңдар.

**Логоырғақ. «Бақ-бақ, бақа».**
Педагог:
- Балалар, көктемде ағаштар мен гүлдер ғана емес, аңдар да ұйқыларынан оянады. Аю ғана емес, сондай-ақ, жасыл түсті тіршілік иесі де оянады. Ол не болуы мүмкін? (Бақа. )Жарайсыңдар!



- Көктем келгенде, олар қуанып, қатты дауыстап ән салады.
- Бақалар қалай ән салады? (Бақ-бақ-бақ.) Жарайсыңдар!
- Бақа сендерді өзімен бірге ән салуға шақырады.

Бақа, бақа, бақ-бақ!
Басы оның жалпақ.

Бақа, бақа, бақ-бақ!
Бізден жүрер алшақ.

Бақа, бақа, бақ-бақ!
Қарайды ол жалтақ.

Бақа, бақа, бақ-бақ!
Жап-жасыл
бақылдақ,
Ән салады бақылдап, бақ-бақ.

Педагог балаларды жаттауға ынталандыру үшін, ырғағы тақпақ сөзіне келетін әуен қосады. Балалардың дауыстары анық естілуі үшін, әуен дыбысын бәсеңдетіп қояды.

- Жарайсыңдар! Ән салғандарың тамаша болды!
- Енді, бақалардың бақылдағанын тыңдаңдар.

- Қалай болды? Бақаға біздің бақылдағанымыз ұнамайтын сияқты?
Егер балаларға ұнап, сөздерді тез жаттаса, жаттығуды бірнеше рет қайталауға болады.

**Заттың жазықтықтағы орналасу дәрежесін айқындауға арналған сөздік жаттығу. «Алыс - жақын».**
Педагог:
- Балалар, гүлдер үйдің ауласында өседі. Мынау Алан мен Дананың атасының үйі. Олардан хат келді. Қараңдаршы, балалар, олар қайда тұрады?
Педагог балалардың алдына көктемгі табиғат бейнеленген суретті қояды.

- Балалар, не көріп тұрсыңдар? Айтып беріңдерші. (Таулар, гүлдер, қойлар, үй, ит, ағаштар, жылқы, трактор.) Жарайсыңдар!
- Олар көлемі бойынша бірдей ме? (Жоқ.) Олар қандай? (Педагог ым-ишара арқылы көрсетуіне болады.) (Үлкен-кішкентай.)
- Үлкен дегеніміз - алыс, ал кішкентай дегеніміз - жақын. Қане, балалар, еске сақтайық. Жарайсыңдар! Алыс. Жақын. Тағы бір рет қайталайықшы.
- Енді, балалар, мен көрсеткішпен затты көрсетіп отырамын, ал сендер жақын немесе алыс орналасқанын айтасыңдар.
Педагог әр затты атаған сайын, көрсеткішпен нұсқап отырады. Балалар затты атап, олардың қалай орналасқанын айтады.
Мысалы: үй жақын, гүлдер алыс, жылқы алыс, таулар алыс, үй жақын, қойлар алыс, ит жақын, трактор жақын.
Егер уақыт жетіп жатса, бірнеше балаға бір сөз тіркесін қайталатуға мүмкіндік беруге болады.
- Жарайсыңдар! Мына сурет бізге әлі керек болады.

## 3. ҚОРЫТЫНДЫ

**Материалды бекіту және қорытындылау.**
Педагог:
- Балалар, бүгін біз нелер туралы айттық? (Гүлдер туралы.) Жарайсыңдар! Қандай гүлдер естеріңде қалды? (Меруертгүл, түймедақ, сәлдегүл, шегіргүл, қызғалдақ.) Тамаша!
- Ненің әнін салдық? (Бақаның әнін.) Бақа қалай дыбыстайды? (Бақ-бақ.) Балалар, бақалар қайтеді? (Бақылдайды.) Олай болса, біз не істедік? (Бақылдадық.) Иә, біз бақаның әнін айттық.
- Суреттегі заттар неге үлкен және кішкентай. (Олар жақын, алыс орналасқан.) Жарайсыңдар!
- Бізге кімнен хат келді? (Ата мен әжеден.) Дұрыс. Ал, олар қайда тұрады? Ауылда ма, қалада ма? (Ауылда.) Жарайсыңдар!
- Балалар, бүгін сендер өте зейінді, көңілді, тату болдыңдар. Сендер нағыз доссыңдар. Жарайсыңдар! Сау болыңдар.

## 36. Ұйымдастырылған іс әрекет
## ҚАЗАҚ ТІЛІ

**Тақырыбы: «Жайдары жаз келді! Жыл мезгілдері. Жаз. Кемпірқосақ түстері.**

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты**

Балалардың ұғымында жаз мезгілі мен жазғы табиғатқа тән құбылыстар, жәндіктер туралы түсініктерін кеңейту; кемпірқосақ түстерінің атауларын бекіту; жаз қызықтары жайлы білім алуларына ықпал ету. Балаларды қазақ тілінде әуен ырғағына сәйкес мәнерлеп тақпақ айтуды үйрету; өз бетінше сөз тіркестерін құрап, еркін жауап беруге жаттықтыру; «Жаз» тақырыбы бойынша көру және есту арқылы сөйлеуді қабылдау, ырғақты сезіну сезімдірін, сондай-ақ, еске сақтау, ойлау қабілеттерін, жағымды эмоцияларын, эстетикалық талғамдарын дамыту. Әдептілікке, байқампаздыққа, табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

**Сөздік жұмыс**

Сөздікке: арба, есек, бүлдірген, ара, көбелек сөздерін енгізу; «жаз» тақырыбын айқындайтын сөз тіркестері мен спектрдің жеті түсін атау арқылы сөйлеу тілдерін дамыту.

**Әдіс-тәсілдер**

Аудиотаспа тыңдау, сурет көрсету, мнемокарточкаларды сәйкестендіру негізінде сөздік жаттығу, музыкалық сүйемелдеу негізінде сөздік-ырғақты жаттығу, сурет бойынша тақпақты мәнерлеп оқу, драматизациялауға арналған сөздік жаттығу, түстерді қайталау және сәйкестендіруге арналған сөздік жаттығу, еске сақтауға арналған жаттығу, материалды бекіту, қорытындылау.

**Құрал-жабдықтар**

**1. Көрнекілік материалдар.**
Жаз мезгілі келгенін айқындайтын әуеннің аудиотаспасы. Жаздың келуін бейнелейтін демонстрациялық сурет.
Жұпты мнемокарточкалар:
- суық - ыстық;
- қар - жаңбыр;
- қар - кемпірқосақ;
- коньки тебу - өзенде шомылу;
- қармен ойнау - доппен ойнау;
- күн.

Жаздың ерекшеліктерін білдіретін суретті-карточкалар:
- күн сәулесіне қыздырынған адам;
- жаңбыр жауып тұр;
- кемпірқосақ;
- өзенде жүзу;
- доппен ойнайды;
- күн.

Есекке жегілген арба, арба үстінде балалар бейнеленген демонстрациялық сурет. Жүрген арба мен жылқы тұяғының дүбірін білдіретін ырғақты әуеннің аудиотаспасы. Шөп арасында піскен

бүлдірген бейнеленген демонстрациялық сурет. Заттық суреттер: түймедақ, ара, көбелек, бүлдірген. Кемпірқосақ бейнеленген демонстрациялық сурет.

**2. Үлестірмелі материалдар.**
Бетперделер: аралар, көбелектер, түймедақ, бүлдірген. Түймедақ пен бүлдіргеннің бетперделері жәндіктерге қарағанда екі есе артық. Жеті түстің карточкалары.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің барысы**

**1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

**Жаттығу. «Кел, сәлемдесейік!»**

**Аудиотаспа тыңдау.**
Жаз мезгілі келгенін айқындайтын көңілді, жеңіл әуен қосылады.

Суретті көрсету.
Педагог жаз мезгілі бейнеленген суретті көрсетеді.



- Балалар, мынау қандай жыл мезгілі? Мынау жаз. Қайталайықшы. Жаз мезгілі. Қайталайықшы. Жарайсыңдар!

### Мнемокарточкаларды сәйкестендіру негізінде сөздік жаттығу. «Дұрысын таңда».

Педагог:
- Жаз дегеніміз не? Қазір мен екі сөз айтамын, ал сендер біреуін таңдайсыңдар.
- Жаз - ыстық па, суық па? (Жаз - ыстық.)



- Жаз - қар ма, жаңбыр ма? (Жаз - жаңбыр.)
- Жаз - аяз немесе кемпірқосақ па? (Жаз - кемпірқосақ.)
- Жаз - коньки тебу ме немесе өзенге шомылу ма? (Жаз - өзенге шомылу.)
- Жаз - қар немесе доп лақтыру ма? (Жаз - доп лақтыру.)
- Жаз - көп күн сәулесі.



- Балалар, жаз дегеніміз - күн сәулесінің көптігі, ыстық, жаңбыр, кемпірқосақ, өзенге шомылу, доп ойнау.
- Міне, балалар, жаздың не екенін айттық.

## 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

**Музыкалық сүйемелдеуге негізделген сөзді-ырғақты жаттығу. «Көңілді арба».**
Педагог есекке жегілген екі дөңгелекті арба бейнеленген суретті көрсетеді.



- Балалар, жазда балалар сабақ оқымайды, демалады.
- Балалар, мыналардың барлығы кімдер? (Балалар.) Балалар неде отыр? Арбада отыр. Қайталаңдаршы. Ал балаларды не алып келеді? Есек. Қайталайық.
- Есек балаларды арбамен қыдыртып жүр.

Педагог балаларды ашық алаңға шақырады. Жүрген арба мен жылқы тұяғының дүбірін білдіретін ырғақты әуенді қосады.

Педагог балаларға мәнерлеп оқиды. Одан кейін барлығы бірге қосылып айтады.

Кімге ұнайды бұл әнім,
Бірге қайтала,
Арбамен жүріп келем,
Тыныш айналам.

Угай-ай, угай-ай,
Тыныш айналам!

Дөңгелегім желеді,
Есек тартып келеді,
Алыс жерге
барамын, Көңілді ән
саламын. Угай-ай,
угай-ай, Көңілді ән
саламын.
- Жарайсыңдар! Тамаша!
- Біз қайда келдік?

## Сурет бойынша өлеңді мәнерлеп оқу. «Жаз қонаққа келді».

Педагог балаларды өз орындарына шақырады.
Суретті көрсету.
Педагог жаз мезгілі бейнеленген суретті көрсетеді: шөптің арасында піскен бүлдірген.



**Көркемсөз.**
Жаз келіпті жадырап,
Қандай әсем қараса.
Мұнда әсем түймедақ,
Жайқалып тұр, тамаша,
Көбелек пен аралар.
Гүлге қонды, жарыса!

Шөп арасын қарасаң,
Бүлдірген бар қызарған.
Жасырынып жатқаны,
Көзге түспей, тәп-тәтті!

Еңкейіп кеп, ерінбей,
Теріп салам себетке.
Кіп-кішкене, моншақтай,
Әсер етер тәбетке.
( Д.Қ. Бұланбаева)

**Драматизациялауға арналған сөздік жаттығу. «Жаз қонаққа келді».** Педагог балаларға өлең мазмұнындағы нысандар бейнеленген суретті бетперделерді үлестіреді.

Жаз келіпті жадырап, (екі қолымен өзін нұсқау)
Қандай әсем қараса. (қолды екі жаққа жаю)
Мұнда әсем түймедақ, («түймедақ» - балалар ортаға шығып, қол бұлғайды)
Жайқалып тұр, тамаша,
Көбелек пен аралар. («аралар» мен «көбелектер» жәндіктерді келтіреді)
Гүлге қонды, жарыса!

Шөп арасын қарасаң,
Бүлдірген бар қызарған. («бүлдіргендер» жүгіріп шығып, беттерін ұстап, бастарын шайқайды)
Жасырынып жатқаны,
Көзге түспей, тәп-тәтті!

Еңкейіп кеп, ерінбей, (қалған балалар ортаға шығып, сұқ саусақтарын қозғалтады)
Теріп салам себетке.
Кіп-кішкене, моншақтай,
Әсер етер тәбетке.
Екінші рет шеңберде тұрып, мәнерлеп, жатқа айтуға болады.

**Түстерді қайталау мен сәйкестендіруге арналған сөздік жаттығу. «Сиқырлы кемпірқосақ».**

- Жаз - кемпірқосақ. Кемпірқосаққа қараңдаршы.
- Онда қандай түстер бар? Атайық: қызыл, тоқсары, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін. Педагог кемпірқосақтың жеті түсіне сәйкес карточкалар жиынтығын қояды.

- Мына жерде кемпірқосақтың жеті түсін айқындайтын жеті карточка жатыр.
- Әрқайсыларың киімдеріңде бар түсті осы жерден таңдап аласыңдар. Кейін орындарыңа барып отырасыңдар.

Педагог әрқайсына келіп, қандай түсті таңдағанын сұрайды. Бала киімінде бар, сәйкес түсті атайды.
Болжалды жауаптар: «Менде көк, ақ түс бар», «Менде қызыл, сары түс бар».
Түсті дұрыс атаумен қатар, спектр түсін сәйкестендіріп таңдаулары да бағаланады.
- Жарайсыңдар! Түстерді дұрыс таңдадыңдар, балалар!

**Еске сақтауға арналған жаттығу. «Мен нені есіме сақтадым?»**
- Балалар, нені естеріңе сақтадыңдар? Біз немен ойнадық? Балалардың жауаптары.
- Жарайсыңдар!

**3. ҚОРЫТЫНДЫ**

**Материалды бекіту және қорытындылау.**
Педагог:
- Балалар, біз қандай жыл мезгілі жайлы айттық? (Жаз мезгілі жайлы.) Дұрыс.
- Жазда не болады?

Балалардың жауаптары.
- Балалар жазда сабақ оқи ма? Мектепке бара ма? (Жазда демалады.)
- Жазда қандай жидек піседі? (Бүлдірген.) Жарайсыңдар!

- Қандай түстерді естеріңе сақтадыңдар? (Қызыл, тоқсары, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін.) Жарайсыңдар!
- Балалар, сендер жыл бойы зейінді болдыңдар. Қазақ тіліндегі ертегілерді, әңгімелер мен тақпақтарды естеріңе сақтадыңдар. Бір-біріңмен тату, нағыз дос болдыңдар. Балалар, сендер жылдың төрт мезгілін білесіңдер. Жазда жақсы демалатыңдарыңа сенемін. Сендерге алғыс айтамын. Сау болыңдар.

**Қазақ тілі оқытушысының күнтізбелік-тақырыптық жоспары**

Білім беру ұйымы «Ерке-Сұлу бөбекжай балабақшасы ЖШС
Топ: ересек топ «Солнышко»
Балалардың жасы: 4
Жоспардың құрылу кезеңі: 2023-2024 оқу жылы.

| № | ҰІӘ тақырыбы | ҰІӘ мақсаты | Сөйлеуді дамыту тараптары | Сөздік жұмыс | Құрал-жабдықтар | Ойын мен жаттығулар | Сағат саны | Күні |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | "Мен және менің балабақшам. Ойыншықтар". | Балаларға сәлемдесу мен қоштасу ережелері туралы түсінік беру, ересектермен және құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасаудың негізгі қағидаларымен таныстыру; өздері жайлы жалпы мәлімет беруді меңгерту; дауысты дыбыстар туралы түсініктерін қалыптастыру, ойыншықтар мен балабақша туралы білімдерін бекіту. Балаларды қазақша сөйлеуге, ересектердің сәлемдесу мен қоштасу үлгісін білдіретін сөздерді түсіну және қолдануды, өздерін атауды үйрету; сөздегі дауысты дыбыстарды дұрыс дыбыстауға жаттықтыру. | Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту. | Сөздіктеріне "сәлеметсіз бе", "сәлеметсің бе", "сау бол", "Менің атым...", "менде...бар", "сенде не бар?" сөздері мен сөз тіркестерін еңгізу; ойыншық атауларын дыбыстау оларды еркелету мәнерінде атау арқылы сөздік қорларын молайту. | Әртүрлі көңілді, ырғақты әуендер аудиотаспалары Интерактивті тақта немесе көрнекіліктерге арналған тақта, көрсеткіш. Демонстрациялық сурет: Еркежан әже мен Дана. Сәлемдесу жаттығуына арналған суретті карточкалар. Демонстрациялық сурет: балабақша. Заттық суреттер: текше, доп, қуыршақ, машина, пирамида, смартфон, қол сағат, аю, қоян. | "Кел, сәлемдесейік" жаттығуы. "Егер адам" тіл ұстарту жаттығуы. Лексикалық жаттығу. "Менің атым...". Топтау мен жалпылау бойынша әңгімелесу-тапсырмасы: "Ойыншықтар". Сөйлеу қабілетін қалыптастыруға арналған жаттығулар: "Иә, мынау ойыншық", "Жоқ. Ойнамаймыз, ойыншықтар емес". Фонетикалық ырғақ. "Ойыншықтар билейді". Сөзді түрлендіруге арналған сөздік жаттығу. "Еркелет". Диалог ойыны "Менде мынау бар". Тақпақты жаттауға арналған тапсырма. | 1 | 05.09.23 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Демонстрациялық сурет, "Ойыншықтар": құлын, бота, қозы, бұзау.<br><br>Таратпалы заттық суреттер: текше, доп, қуыршақ, машина, пирамида, смартфон, қол сағат, аю, қоян. | "Ойыншықтар"". | | |
| 2 | "Менің жанұям мен туыстарым". | Балаларға отбасы, отбасы мүшелері туралы түсінік беру; адам өміріндегі құндылықтар ретінде туыстық жақындықты білдіретін "аға", "әпке" туралы түсініктерін, отбасы, туыстық қатынас туралы түсініктерін дамыту. | Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. | Сөздіктеріне "отбасы", "туыс", "аға", "әпке" деген сөздерді еңгізу; отбасы мүшелерін білдіретін сөздердің көмегімен; "ата-бата, әже - көже", "шұлық тоқиды", "газет оқиды", "мысықпен ойнайды", "ас | Көңілді, ырғақты әуен аудиотаспасы Интерактивті тақта немесе көрнекіліктерге арналған тақта,көрсеткіш. Аланның демонстрациялық суреті. Суретті - карточкалар: балабақша; отбасы; ата; әже; әке; ана; аға; бауыры,інісі; қарындасы, сіңілі. Мнемокарточкалар: әке, ана, ата, | "Кел, сәлемдесейік" жаттығуы.<br>Сюжеттік сурет көрсету. "Отбасы".<br>Көркем сөз. "Менің жанұям".<br>Лексикалық жаттығу. "Отбасында кімдер бар?" ("сиқырлы" сақина арқылы).<br>Сергіту сәті. "Бой жазу".<br>Тіл ұстарту негізінде сөздік жаттығу "Отбасы".<br>Мнемокестеге негізделген лексикалық жаттығу. "Менің отбасым туралы..." (отбасы мүшелерінің іс-қимылдары).<br>Есте сақтауға арналған сөздік жаттығу. "Есте | 1 | 12.09.23 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | әзірлейді", "машина жүргізеді", "боксқа барады", "гитара шертеді" деген сөз тіркестерінің,сондай-ақ "Менің отбасым - менің байлығым" мақалы арқылы сөздік қорларын арттыру. | әже, аға, апай (әпке); отбасы; Демонстрациялық сурет: отбасы мүшелері спорттық киімде: қолдары белде, аяқтары иық көлемінде алшақ қойылған, бастары бір жаққа қарай бұрылған. Сергіту сәтіне арналған ырғақты әуен аудиотаспасы Мнемокарточкалар: "шұлық тоқиды", "газет оқиды", "мысықпен ойнайды", "ас әзірлейді", "машина жүргізеді", "боксқа барады", "гитара шертеді". Алты бос торкөзден тұратын көрнекі мнемокесте" Таратпалы мнемокарточка жиынтықтары: | сақта": "Менің отбасым - менің байлығым". | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | әке, ана, ата, әже, аға, әпке; "шұлық тоқиды", "газет оқиды", "мысықпен ойнайды", "ас әзірлейді", "машина жүргізеді", "боксқа барады", "гитара шертеді"; үш бос торкөзден тұратын мнемокестелер | | | |
| 3 | "Уақыт. Тәулік бөліктері. Күн тәртібі". | Балалардың тәулік бөліктері туралы білімдерін, уақыт туралы түсініктерін қалыптастыру, күн тәртібін құру қағидасын түсіндіру; "ереже", "күн тәртібі" туралы түсініктерін дамытуға ықпал ету. | Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту. | Сөздіктеріне "уақыт", "тәулік бөліктері", "таңертен", "күндіз", "кеш", "түн" - деген сөздерді енгізу; күн тәртібі бойынша істелетін әрекеттерді білдіретін сөз және сөз тіркестердің көмегімен, сондай-ақ "Уақыт - керуен | Ырғақты, көңілді әуендер аудиотаспасы. Бірнеше демонстрациялық тақта, интерактивті тақта, көрсеткіш. Демонстрациялық сурет анасы мен Дана: біреуінде кейіпкерлер көңілді,ал келесінде көңілсіз. Дананың күн тәртібін ұстанбайтыны жайындағы суреттер: | "Кел, сәлемдесейік" жаттығуы. Көркем сөзді суреттер негізінде мәнерлеп айту. Бейнеролик көрсету. Көркем сөз. "Уақыт". "Тәулік" ұғымын, жаңа сөздерді игеруге арналған сөздік жаттығу. Фонемалық ырғақты санамақ. "Таңертең, күндіз, кеш, түн". Іс-әрекетер бейнеленген суреттер негізінде лексикалық жаттығу "Күн тәртібін құрау". Дидактикалық ойын: "Күн тәртібі" (топшалардың қатысуымен). Есте сақтауға арналған | 1 | 19.09.23 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | көші" мақалы арқылы сөздік қорларын молайту. | 1. Дана төсекте ұйықтап жатыр, далада күн жарқырап сәулесін шашып тұр.<br>2. Дана көжеден бас тартып, конфет сұрайды.<br>3. Дана компьютер қарап отыр, далада кеш.<br>4. Дана ойнап жүр, далада түн.<br>5. Дананың анасы Дананы тәртіпке шақыруда.<br>Тәулік бөліктеріндегі уақыттың жылжуы туралы бейнеролик.<br>Суретті-карточкалар тәулік бөліктері: таңертең, күндіз, кеш, түн.<br>Іс-әрекет бейнеленген суреттер. | сөздік жаттығу. "Есте сақта": "Уақыт - көшкен керуен". | | |
| 4 | "Қазақстан - менің Отаным. Қазақстан | Балалардың Қазақстанның Мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін | Сөздік жұмыс. Байланысты | Сөздіктеріне "елтаңба", "әнұран" | Аудиотаспа: Қазақстан Республикасыны | "Кел, сәлемдесейік" жаттығуы. Республикасының | 1 | 26.09.23 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Республикасының мемлекеттік рәміздері". | қалыптастыру. Отан туралы түсініктерін дамыту; Қазақстан туралы өлеңмен таныстыру; кіші отан туралы түсініктерінің қалыптасуына ықпал ету. | рып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту. | сөздерін енгізу; "жазық дала", "биік таулар", "реки длинные", "көк теңіз", "ыстық шөл", "шуақты күн", "орман мен тоғай" сөз тіркестерінің көмегімен сөздік қорларын арттыру. | ң Мемлекеттік Әнұраны. Ырғақты, көңілді әуендер аудиотаспасы. Демонстрациялық сурет: Алан достарымен. Қазақстан оның рәміздері, ландшафты туралы бейнеролик. Демонстрациялық суреттер: Қазақстанның Мемлекеттік Елтаңбасы, Қазақстанның мемлекеттік Туы. Қазақстанның рәміздерінде кездесетін бейнелердің мнемокарточкалары. Қазақстанның табиғат ландшафты бойынша суреттер бөлімі: жазық дала,шыңын қар басқан таулар, биік жағалы | Мемлекеттік Әнұраны. Таңғажайып сәт. Көркем сөз. "Қазақстан - Республикам менің". Сурет бойынша әңгімелесу. Мнемокарточкалар негізінде сөздік жұмыс. "Қазақстан жайында...". Мәтінді мәнерлеп оқу. "Көрікті Қазақстан". Мәнерлеп оқуға арналған сөзді-ырғақты жаттығу "Көрікті Қазақстан". Есте сақтауға арналған сөздік жаттығу. "Есте сақта": "Өз елің - алтын бесігің". | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | өзендер, толқынды теңіз, шөл дала, аспандағы күн, орман мен тоғай, төсбелгі-үлкен жүрек. Таратпалы мнемокарточкалар: Қазақстан туындағы күн; Қазақстан туындағы бүркіт; Қазақстан туындағы ою-өрнектер; Қазақстан елтаңбасындағы пырақ; Қазақстан елтаңбасындағы шаңырақ; таңба тектес аю; таңба тектес садақ пен жебе; таңба тектес теңіздегі шағала;таңба тектес түйет | | | |
| 5 | "Күз мезгілі. Алтын күз". | Балалардың "күз" жайлы түсініктерін дамыту; "алтын күз" сөзінің мағынасын түсіндіру; "Кім? Не?" сұрақтарына жауап беретін зат есімді сөздер, "Не істейді?" сұрақтарына жауап беретін | Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Сөйлеудің грамматикалық | Сөздіктеріне "жапырақтардың түсуі", "алтын күз"; сонымен қатар "күртешелерін киді", | Баяу ырғақты аудиотаспалар. Күз туралы әңгіме құрастыру үшін мнемокарточкалар. Демонстрациялы | "Кел, сәлемдесейік" жаттығуы. Жұмбақ. "Күз". Мнемокарточкаларға негізделген сөздік жұмыс ("Күз" ұғымы). "Күз"тақырыбына мнемокесте бойынша | 1 | 03.10.23 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | етістікті сөздер жайлы негізгі түсініктерін қалыптастыру, күз мезгіліндегі табиғи құбылыстар туралы білімдерін кеңейту. | құрылымын дамыту. | "етіктерін киді", "қолшатырлардыалды", "бұлтты ауа-райы", "жаңбыр себелеп тұр", "саңырауқұлақтар жинау", "көлшіктерден секіру" сөздік тіркестері арқылы сөздік қорларын арттыру. | қ сурет "Күз келді". Күз мезгілі бейнеленген демонстрациялық сурет: балалар орман ішінде серуендеп келеді; көлшіктермен рәзеңке етікте, күртеше киіп алған, қолдарында қолшатыр мен саңырауқұлақтар салынған себет; бұлтты аспан, жаңбыр себелеп тұр; жапырақтар түсіп жатыр, орман сап-сары. Мнемокестелер. | әңгіме құрау. Фонемо-ырғақты жаттығу. "Бұлтқа". Өлеңді мәнерлеп оқу "Алтын күз". | | |
| 6 | "Көкөністер мен жемістерді жинаймыз Геометриялық пішіндер". | Балалардың "күзгі астық", "қысқы дайындық" туралы түсініктерін қалыптастыру; жемістер мен көкөністердің ерекшеліктері бойынша топтастыру туралы білімдерін пысықтау; геометриялық пішіндер мен олардың қасиеттері туралы білімдерін бекіту. | Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. | Сөздіктеріне "көкөністер", "жемістер", "астық" сөздерін енгізу; "шеңбер - дөңгелек", "сопақша - сопақ", "үшбұрыш-үшбұрышты | Гүрілі мен мотор дыбысының аудиотаспасы. Көкөністер мен жемістер тиелген ойыншық жүк көлігі немесе суреті. Көрнекіліктерге арналған тақта, көрсеткіш, интерактивті | "Кел, сәлемдесейік" жаттығуы. Көркем сөзді мәнерлеп оқу. Ойын-эстафета. "Көкөністер мен жемістер". Интеллектуалды карта негізінде сөздік жұмыс: "Жемістер мен көкөністер". Суретті-карточкалардың | 1 | 10.10.23 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ", "көкөністер бақшада өседі", "жемістер бақта өседі" сөз тіркестері арқылы сөздік қорларын молайту. | тақта . Көкөністер мен жемістердің муляждары салынған үлкен мескей. Қызыл және көк түсті көлемі бірдей екі мескей. Интеллектуалды картаның сызбасы: "Жемістер мен көкөністер". Таңбалы-карточкалар "бақша" мен "бақ" интеллектуалды картаға орналастыру үшін. Демонстрациялық сурет: "бақша", "бақ". Логоырғаққа арналған суретті-карточкалар: жемістер мен көкөністер. Ырғақты, орташа қарқынды әуендердің аудиотаспасы. | қолданылуымен логоырғақ. «Жемістер-көкөністер». Сөздік жаттығу. "Не жасырылған? Бұл не?". Грамматикалық дұрыс сөйлеуге арналған зерттеушілік негізде сөздік жаттығу. "Айналамыздағы геометриялық пішіндер". | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Демонстрациялық геометриялық пішіндер: шеңбер, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш. Суреттер мен пішіндер жұптарының сызбасы. Пішіндері геометриялық пішіндерге ұқсайтын жемістер мен көкөністердің таратпалы заттық суреттер. Таратпалы жиынтықтар: геометриялық пішіндердің моделдері. | | | |
| 7 | "Сиқырлы" бауырсақтар". Ыдыстар". | Балаларды "Сиқырлы бауырсақтар" әңгімесімен, бауырсақтың дайындалу реттілігімен таныстыру; нан туралы түсініктерін дамыту; ыдыстың жана түрлерімен олардың қолданысымен таныстыру; халық ауыз әдебиет үлгілерімен таныстыруды жалғастыр. | Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту. | Сөздіктеріне "диірмен", "ұн", "бидай", "комбайн", "дән" сөздерін енгізу және "дәнді жерге егу", "астық жинау", | Баяу ырғақты әуеннің аудиотаспасы. Демонстрациялық суреттер: Алан Мен Дананың нанның үстелге қандай жолмен келетінімен танысу. - Алан мен Дана | "Кел, сәлемдесейік" жаттығуы. Таңғажайып сәт Көркем сөзді мәнерлеп оқу. "Нандай жоқ қой асыл зат". Сюжетті тірек суреттер бойынша мәнерлеп әңгімелеу "Сиқырлы бауырсақтар". Сергіту сәті. "Астық | 1 | 17.10.23 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | "ұнды тарту", сондай-ақ "қант сауыты", "нан сауыты", "сүт құйғыш", "май сауыты", "конфет сауыты" сөз тіркестері арқылы сөздік қорларын арттыру. | Еркежан әженің алдында тұр. Үстелде піскен бауырсақтар. Орташа қарқынды әуен қосылып тұр. Әңгіме бойынша көлеңкелі иллюстрация модельдері: "Сиқырлы" бауырсақтар. Дидактикалық ойынға арналған суретті-карточкалар "Дастархан әзірлеу": қант сауыты, нан сауыты, сүт құйғыш, май сауыты, конфет салғыш, шәугім, бауырсақ салынған ыдыс. | егемін". Көлеңкелі көрнекіліктер бойынша әңгіме құрастыру. Дидактикалық ойын. "Дастархан әзірлеу". Есте сақтауға арналған сөздік жаттығу. "Есте сақта": "Ас атасы - нан". | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 8 | "Үй құстары. Жыл құстары". | Балалардың құстар жайлы, жыл мезгілдері жайлы түсініктерін кеңейту, "үй құстары" мен "жыл құстар" - деп аталудың себептерін түсіндіру; олардың ерекшеліктері жайлы түсінік беру; дауыстарын ажыратуды меңгерту. | Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту. | Сөздіктеріне "күркетауық", "үй құстары", "жыл құстары", "тырна" сөздерін еңгізу; "қытқылдайды", "қаңқылдайды", "күркілдейді", "барқылдайды", "тырна", "аққу", "қарлығаш", "көкек", "Құртақандай торғай да, өз ұясын қорғайды", "адамның жанында өмір сүреді", "жылы жаққа ұшып кетеді" сөз тіркестері арқылы сөздік қорларын арттыру. | Вальс әуендерінің аудиотаспасы. Жыл құстары дауысының аудиотаспасы: тырналар. Үй құстары дауыстарының аудиотаспасы: тауық, әтеш, күркетауық, қаз, үйрек. Үй құстарының демонстрациялық заттық суреттері: тауық, әтеш, Үй құстарының демонстрациялық сюжетті суреттері: тауық, қаз, үйрек, күркетауық, әтеш. Интерактивті тақта, көрнекіліктерге арналған тақта, көрсеткіш. Жылы жаққа ұшып бара жатқан тырналар бейнеленген демонстрациялы | "Кел, сәлемдесейік" жаттығуы. Көркем сөз, жұмбақты мәнерлеп оқу. "Үй құстары". Драматизация негізінде логоырғақ. "Не қалай дыбыстайды?". Өлеңді мәнерлеп оқу. "Жыл құстары". (А.Асылбек) Көру зейінділігіне арналған жаттығу. "Не бірінші? Не соңғы?". Есте сақтауға арналған сөздік жаттығу. "Есте сақта": "Құртақандай торғай да, өз ұясын қорғайды". | 1 | 24.10.23 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қ сурет.<br>Жыл құстарының демонстрациялық заттық суреттері: тырна, аққу, қарлығаш, көкек.<br>Құстардың орналасуы өзгертілген көрнекі нұсқасы:<br>1. Тырна, аққу, қарлығаш, көкек.<br>2. Қарлығаш, тырна, көкек, аққу.<br>3. Аққу, қарлығаш, көкек, тырна.<br>4. Көкек, қарлығаш, аққу, тырна.<br>Жиынтығы үй құстарының бетпердесі: қаз, тауық, үйрек, күркетауық, әтеш. | | | |
| 9 | "Не қалай дыбыстайды? Үй жануарлары мен төлдері. Ақырын - қатты". | Балалардың үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейту, үй жануарларының төлдерінің атауларымен таныстыру; "қатты - ақырын" қимыл- | Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланысты | Сөздіктеріне "жылқы", "бұзау", "торай", "қозы", "лақ" | Үй жануарлары туралы бейнеролик.<br>Үй жануарларының демонстрациялы | "Кел, сәлемдесейік" жаттығуы.<br>Көркем сөзді мәнерлеп оқу. "Қозы бар, құлын бар" (Қ.Мырзалиев)<br>Көру мен есту | 1 | 31.10.23 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | әрекетінің белгілері жайлы түсініктерін қалыптастыру; жыл мезгілдері туралы білімдерін пысықтау. | рып сөйлеуді дамыту. | сөздерін енгізу; "кісінейді", "мөңірейді", "маңырайды", "қорсылдайды", "адамның жанында өмір сүреді", "сүт береді", "жүн береді" сөз бен сөз тіркестері арқылы сөздік қорларын арттыру. | қ заттық суреттері: сиыр, жылқы, қой, шошқа, ешкі. Үй жануарларының төлдерірінің демонстрациялық заттық суреттері: бұзау, құлын, торай, қозы, лақ. Демонстрациялық суреттер:<br>- сиыр, қаз, жылқы, шошқа, қой, тиін, лақ;<br>- сиыр, жылқы, шошқа, қой, лақ.<br>Белгілі ретпен бейнеленген демонстрациялық көрнекіліктер:<br>- бір сызық бойымен үй жануарлары - сиыр, жылқы, қой, шошқа, ешкі;<br>- бір сызық бойымен үй жануарларының төлдері - бұзау, құлын, қозы, торай, лақ. | зейінділігіне арналған сөздік жаттығу. "Үй жануарларын ата, есіне сақта".<br>Сахналау негізінде логоырғақ "Төлдер". Фонемо-түзетушілік жаттығу. "Ақырын - қатты".<br>Сөйлем модельдеу бойынша тізбекті суреттер тірегі негізінде сөздік жаттығу: "Не береді?". | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Үй жануарлары мен төлдері жұптарының демонстрациялық бейнелері. Сөйлем құрастыруға суретті-нұсқалары. Үй жануарларының төлдерінің тақия-маскаларының таратпалы жиынтықтары: құлын, лақ, бұзау, торай, қозы. | | | |
| 10 | "Көліктер. Қала мен ауыл. Көп - аз". | Балалардың көлік түрлері, олардың ерекшеліктері мен қозғалыс ортасы туралы білімдерін кеңейту; "қала", "ауыл", сондай-ақ, "аз" и "көп" мөлшерлік ұғыдарын, "тез - баяу" әрекет белгілерін, қарт адамдарға деген құрмет пен қамқорлық түсініктерін дамыту. | Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту. | Сөздіктеріне "әуе көліктері", "жер үсті көліктері", "су жолы көліктері", "қала, ауыл" сөздері мен сөз тіркестерін еңгізу; "қалада көп", "ауылда аз", "Ата, отырыңыз.., | Интерактивті тақта, көрнекіліктерге арналған тақта, көрсеткіш. Демонстрациялық сурет: ата, Алан мен Дана. Демонстрациялық сурет тех. орта: жер, әуе, су. Көлік түрлерінің демонстрациялық заттық суреттері: жеңіл машина, мотоцикл, | "Кел, сәлемдесейік" жаттығуы. Ғажайып сәт. Тақпақты мәнерлеп оқу. Заттарды ортақ қасиеттері бойынша топтастыруға арналған сөздік жаттығу. "Жер үсті, су жолы, әуе көліктері". Ым-ишара негізінде сөзді-ырғақты жаттығу. "Қане, көрсет". Сәйкестендіру негізінде сөйлем модельдеу жаттығуы "Қалада көп, ауылда аз". | 1 | 07.11.23 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | біз қалаға тез барамыз" сөз тіркестері мен сөйлем арқылы сөздіктерін арттыру. | велосипед, автобус, ұшақ, тікұшақ, кеме, қайық.<br>Көлік түрлерін ерекшеліктері мен қозғалыс ортасына қарай, топтастыруға арналған сызбалық суреттер.<br>Ауыл мен қала бейнеленген демонстрациялық суреттер.<br>Орташа қарқынды, ырғақты әуен аудиотаспа.<br>Көлік түрлері бейнеленген таратпалы заттық-суреттер:жеңіл машина, мотоцикл, велосипед, автобус, ұшақ, тікұшақ, кеме, қайық. | Ойын-жағдайят негізінде "Біз қалаға тез жетеміз" сөйлем модельдеу жаттығуы. | | |
| 11 | "Жабайы аңдар және балалары. Жылдам-баяу". | Балалардың жабайы аңдар туралы түсініктерін кеңейту; жабайы аңдардың балаларының атауларымен | Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық | Сөздіктеріне "көжек", "жәудір", "бөлтірік", | Қала көшелері, ауыл, орман атмосферасын бейнелейтін | "Кел, сәлемдесейік" жаттығуы.<br>Көркем сөз. Жұмбақты мәнерлеп оқу | 1 | 14.11.23 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | таныстыру; "тез - баяу" қимыл-әрекеті жайлы түсініктерін қалыптастыру; ормандағы жабайы аңдардың тіршілігі жайлы білімдерін бекіту. | мәдениеті Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту. | "қонжық", "тез", "баяу" сөздерін еңгізу; "жабайы аңдар", "орманда тұрады", "түлкіде-жәудір", "аюда-қонжық", "қоянда-көжек", "қасқырда-бөлтірік" сөз тіркестері арқылы сөздік қорларын молайту ). Сөздіктеріне "үш аю", "адасып кету", "мескей", "тербелу", "ақыру", "шыңғыру"; сөздерін еңгізу. "Қонжық", "Кім менің орындығым | аудиотаспалар. Көлеңкелі суретті суреттер: қасқыр, түлкі, аю, кірпі, тиін, қоян Түрлі-түсті заттық суреттер: қасқыр, түлкі, аю, кірпі, тиін, қоян. Демонстрациялық сурет "Жабайы аңдар" (қасқыр, түлкі, аю, кірпі, тиін, қоян). Сурет-сызба: жабайы аңдар бір сызықта - қасқыр, түлкі, аю, кірпі, тиін, қоян. Сурет-сызба: жабайы аңдардың балалары бір сызықта - бөлтірік, жәудір, қонжық, кірпі, тиін, көжек. Аңдар мен төлдері жұптарының демонстрациялық суреттері. | (мномокарточкаларды қолдану). Педагог мнемокарточкалар қолданады. Көлеңкелі театр негізінде сәйкестендіруге арналған сөздік жаттығу. "Жабайы аңдар". Рөлдік атау мен ым-ишара негізінде диалогтық жаттығу: "Не қандай?". Сәйкестендіруге арналған сөзді-логикалық жаттығу. "Неде не бар?". Қимылл жаттығуы "Не қалай қимылдайды?". | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ды орнынан жылжытты? ", "Кім менің төсегіме шықты?", "ботқаны жеп қойды", "ұйықтап қалды", "өзіңді әдепті ұста" сөз тіркестері арқылы сөздік қорларын арттыру. | Жабайы аңдардың қозғалысына сәйкес тез, баяу қарқынынды әртүрлі аудиотаспалар" Балаларға арналған таратпалы тақия-маскалар жиынтығы: бөлтірік, жәудір, қонжық, кірпі, тиін, көжек. | | | |
| 12 | ""Үш аю" ертегісін оқу. Үлкен, орташа, кішкентай". | Белгілі "Үш аю" ертегісінің сюжетін еске түсіру; үш көлем жайлы "үлкен", "орташа", "кішкентай" түсініктерін бекіту; адамдардың қонақтағы әдептілік мінез-құлқы жайлы білімдерін кеңейту. | Сөздік жұмыс. Байланысты рып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту. | Сөздіктеріне "үш аю", "адасып кету", "мескей", "тербелу", "ақыру", "шыңғыру"; сөздерін енгізу. "Қонжық", "Кім менің орындығымды орнынан жылжытты? ", "Кім менің | Ертегі тақырыбын елестететін "сиқырлы" әуен аудиотаспасы. Демонстрациялық суреттер: үш мескей; үш орындық; үш төсек; үш бәтіңке. Ертегі мазмұны бойынша сюжетті суреттер бөлімі: "Үш аю". Ертегінің бірінші бөлімінің | "Кел, сәлемдесейік" жаттығуы.<br>Сурет көрсету.<br>Ертегіні мәнерлеп оқу. "Үш аю".<br>Мнемокесте негізінде диалогтық жаттығу. "Қыз үш аюдың үйінде".<br>Музыкалық-ырғақты сөздік жаттығу. "Үлкен", "орташа", "кішкентай" туралы ән".<br>Драматизациялау арқылы сюжетті тәжірибелік модельдеу бойынша сөздік жаттығу ."Үш аю өз үйлерін қалай көрді". | 1 | 21.11.23 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | төсегіме шықты?", "ботқаны жеп қойды", "ұйықтап қалды", "өзіңді әдепті ұста" сөз тіркестері арқылы сөздік қорларын арттыру. | эпизодтары бойынша мнемокестелер. Музыкалық-ырғақты жаттығуға орташа қарқынды әуен аудиотаспасы. Кейіпкерлерге арналған маска-суреттер: әке-аю, ана-аю, қонжық. | | | |
| 13 | "Қыс мезгілі. Қысқы табиғат құбылыстары". | Балалардың қыз мезгілі жайлы түсініктерін кеңейту; педагогтің артынан қайталау арқылы тақпақ сөздерін естеріне сақтауды үйрету, мнемокесте және сызбалық суреттер негізінде "қыс", "қысқы табиғат құбылыстары" туралы түсініктерін, сөйлеу мәнерін, ырғақты сезіну дағдысын қалыптастыру; "қыс" пен "жаз" мезгілдеріне байланысты антоним сөздерді дұрыс дыбыстауды жаттықтыру; есту зейіндерін, қиялдарын дамыту; сөздік шығармашылыққа қызығушылықтарын | Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланысты рып сөйлеуді дамыту. | Сөздіктеріне "әппақ", "жып-жылтыр"сөздерін еңгізу; сөздіктерін "жаз - қыс", "ыстық - суық" мағынасы қарама-қарсы сөздермен арттыру. | Баяу қарқынды әуеннің аудиотаспасы Демонстрациялық сурет: "Қыс келді". Қыс туралы тақпақтың мазмұны бойынша мнемокестелер:. | "Кел, сәлемдесейік" жаттығуы. Өлеңді мәнерлеп оқу. "Ну орманды қар жауып". (Д. Қ Бұланбаева) Тірек мнемокарточкалармен мазмұны бойынша әңгімелесу. Мнемокесте арқылы өлеңді топпен мәнерлеп қайталау. Сөзді-ырғақты жаттығу. "Ну орманда қар жауып". Сәйкестендіруге арналған сөздік жаттығу. "Жазда, қыста". | 1 | 28.11.23 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | арттыру. | | | | | | |
| 14 | "Қазақстан байлықтары. 5 дейін санау, кері санау". | Балалардың еліміздің негізгі байлықтары туралы білімдерін кеңейту; "байлықты" дұрыс атауды қолданылу аясы туралы түсініктерін нақтылау. | Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту. | Сөздіктеріне "байлық", "мұнай", "көмір", "кен" сөздерін еңгізу; сөздіктерін "Суды ішеді, құяды, суғарады", "Бидайды себеді, шабады, тартады", "Көмірді өңдіреді, жағады, жылу береді", "Мұнайды өңдіреді, бензин шығарады, пластикалық ойыншықтар жасайды", "Кенді өңдіреді, балқытады, үй, көпір тұрғызады" сөйлемдері арқылы | ҚР Мемлекеттік Әнұран аудиотаспасы. Слайд-шоуға суреттер: Қазақстан картасы, таулар, өзен, дала, орман, шөл, теңіз, Нур-Сұлтан, Бәйтерек, Ханшатыр, Ақорда. Қазақстанның байлықтарын бейнелейтін суретті-фишкалар: "су", "бидай", "көмір", "мұнай", "кен". Қазақстан туралы әңгімеге қосымша суреттер. Сөздік жұмыс үшін мнемокарточкалар. Баяу қарқынды әуеннің аудиотаспасы. Қазақстанның байлықтары | "Кел, сәлемдесейік" жаттығуы. Сурет бойынша әңгіме. "Қазақстанның бес байлығы". Пішінді фишкалар мен мнемокарточкаларға негізделген сөздік жұмыс. "Қазақстанның бес байлығы". Топшаларда немокестеге негізделген сөйлем модельдеуге арналған жаттығу. "Көрме "Қазақстан байлықтары". Есте сақтауға арналған сөздік жаттығу "5 дейін тура және кері санау". | 1 | 05.12.23 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | сөздік қорларын молайту; 5 дейін тура, кері санауға жаттықтыру. | жайлы сөйлем құрауға мнемокестелер; Тура және кері санау үшін сызба-суреттер:<br>- солдан оңға қарай қатар, Қазақстанның бес байлығы: су - бидай - көмір - мұнай - кен;<br>- екі қатар: Қазақстанның бес байлығы бейнеленген әр фишканың астында 1 ден 5 дейінгі цифрлар. Таратпалы пішінді фишкалар: "су", "бидай", "көмір", "мұнай", "кен". | | | |
